

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ**

«МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН КҮЙЛЕРІ – РУХАНИЯТ ЖАҢҒЫРУЫ»

**Республикалық әдістемелік-практикалық
конференциясының жинағы**

Астана, 2024 ж.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.8

М31

«Махамбет өлеңдері мен күйлері – руханият жаңғыруы» республикалық әдістемелік-практикалық конференциясы материалдары.

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2024 ж.247 б.

ISBN 978-601-08-4187-1

Жинақ «Махамбет өлеңдері мен күйлері – руханият жаңғыруы» республикалық әдістемелік-практикалық конференциясы материалдарын қамтиды. Жинаққа жалынды ақын Махамбет Өтемісұлының шығармаларының тәрбиелік мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарыту негізіндегі мақалалар енгізілді. Жинақ білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлеріне арналған.

Редакция алқасы:

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы

Мүшелері:

З.К.Каракеева - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы»

МКҚК, әдіскері;

Баяхметбаева Кунумбала Изтолеуовна - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскері;

С.С. Мауленов – Астана қаласының А. Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінің музыка пәні мұғалімі;

Д.Н.Тлебалганова – Б.Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;

А. Авдхалым – Б.Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі;

Н. Съезхан – Қ.Мұхамедханов атындағы №90 гимназиясының тарих пәні мұғалімі;

Г.М.Хасенова – Б.Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама 19.04.2024 ж. №1/2

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

© «Әдістемелік орталығы» МКҚК. 2024

АЛҒЫ СӨЗ

Махамбет Өтемісұлының өміршең өлеңдері, таланты мен екпінді үні, ұстанған азаматтық позициясы жағынан алғанда өз заманындағы басқа ақындармен салыстыруға келмейтін, өзге ешкімге де ұқсамайтын біртуар тұлға ретіндегі өзіне ғана тән ерекшелігі бар теңдесі жоқ ақын екендігін зерттеушілер мойындап атап өткен болатын. Оның себебі – Махамбеттің ақындық шығармашылығы, шеберлігі мен таланты өзіне дейінгі және өз заманындағы, бұрын-соңды жасаған ақын біткеннен мүлде өзге бағытта екендігінде болып отыр. «Махамбет жырларындай» деген теңеу қазірде ерлік пен елдіктің, қайсарлық пен туралықтың синониміне айналды, бұл қай кезде де заманды індеттей жайлап тұратын жалтақтық пен жағымпаздық атаулыға бар табиғатымен қарсы құбылыс еді.

Қазіргі қоғам тарапынан Махамбет әлемі өзінің қайталанбас, айшықты да анық өрнегімен, өзгемен шатастырылуы мүмкін емес дара да жалқы үнімен өз феноменін қалыптастырды. Кейде әлемдік Ұлыларды салыстырып, олардың арасынан сәйкестік пен сабақтастық іздегенде ерекше бір теңестірулер де ұшырасып жатады: атап айтқанда, тұтас түркі әлемінің тұлғасы атанған Ататүрік пен Махамбет тағдырлары ұқсас тұлғалар еді. «Ницше және Абай», «Шопенгауер мен Сұлтанмахмұт», т.б. Махамбетте, Ататүрікте өз ұлтының тұтастығымен мен тәуелсіздігін, егемендігімен өз ұлтының бодан болмауын аңсаған арда ұлдары еді. Батырлардың арманы бұл күнде орындалды. Азат қазақ елі әлемнің алпауыт елдерімен әдеби, мәдени, экономикалық, білім кеңістігінде терезесі тең тұратын мықты елге айналып келеді. Махамбеттің жалынды шығармалары тек жай ақыннан келер жеңіл іс емес, табаны берік, ұстанымы мығым, өжет те қайсар батыр ақын айтар сөз. Тарихтан білетініміздей оның жырлары тек жай бір айқайлы, мәнді ақыл үйретуші сөз күйінде қалған жоқ, ол сөздерін өзінің ерлік істерімен де сан рет дәлелдеді, оның сөзі мен ісі егіз өріліп бір жерден шықты – бұл да қоғамның қай-қайсысында болмасын сирек кездесетін жағдай екендігін тағы да мойындаған абзал. Батыр өз сөзінің бірден бір және бар мақсатын, шынында да, халық мұңы мен қайғысын шегіне жеткізе айту деп білген, өз ісінің де бірден бір мақсатын сол халықтың еркіндігі мен азаттығы жолында «қара қазан, сары баланың қамы үшін» ақтық демі біткенше күресу деп ұққан. Ол өз өмірінде басын қалай қатерге тіксе, өлеңдерінде де сондай қаһармандық жанқиярлыққа барды. Оның найзасы мен қылышы қандай өткір болса, сөзі одан да қауіпті еді.

Қазір бізге бір қолында қаруы мен екінші қолында домбырасы бар түрде елестейтін батыр ақынның құдіретті жырларын оқығанда, Махамбеттің мінезі оның жырларынан көрініп-ақ тұр деп айтуға толық негіз бар.

Хайыржанова Б.С.

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
қауымдастырылған профессоры,
педагогика ғылымдарының кандидаты**

ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БАТЫР ЖӘНЕ АҚЫН МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ҒҰМЫРНАМАСЫН ОҚЫТУ.

Шамғонов Аманкелді Шамғонұлы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
профессоры. ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар
академиясының академигі. Республикалық
Махамбет атындағы сыйлықтың иегері.

1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы бастаған Бөкей ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігін қамтыған халық-азаттық көтерілісті ұйымдастырушы және оның рухани көсемі, қазақ поэзиясындағы ерекше тұлға, ақын және композитор Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының азаттығы мен теңдігі жолында ақ найзаменде азаткер асқақ жырымен де қасық қаны қалғанша күрескен, тіпті сол жолда құрбан болған қазақ халқының ұмытылмас батыры. Махамбет жырларын оқыған адам бүгін де тебіреніп, ақынмен бірге шайқасқа кіргендей, жеңіс қуанышын, жеңіліс күйінішін бірге кешкендей болады. Махамбет жырларының қасиеті де осында.

Махамбет Өтемісұлының ғұмырнамасына байланысты тарихшы және әдебиетші ғалымдар көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мұндай зерттеулерді жүргізу қажеттіліктен туды. Өйткені, Махамбет Өтемісұлының туған жылы әр кітаптарда әртүрлі көрсетілді. Мысалы, Алматы қаласындағы «Атамұра» баспасынан 2000 жылы шыққан, ерте заманнан бүгінге дейінгі мезгілді қамтитын 5 томдық «Қазақстан тарихының» III-томында Махамбет Өтемісұлы 1802 жылы туып, 1847 жылы қайтыс болған,- деп көрсетілген. [1, с 733]. Ал, сол томның 542 бетінде ұлы ақын 1804 жылы туып, 1846 жылы қайтыс болды деп жазылған.

Өкінішке орай, ХХІ ғасырдың бастапқы жылдарына дейін шыққан 8-сыныпқа арналған кейбір “Қазақстан тарихы” оқулықтарында Махамбет Өтемісұлының туған жылын көрсетуде көптеген жаңсақтықтар болып келгенін айтқанымыз жөн.

Белгілі жазушы-махамбеттанушы Берқайыр Аманшин «Махамбеттің бабалары мен ұрпақтары» атты мақаласында «Махамбет 1804 жылы туған, 1845 жылы 41 жасында қаза тапқан»,- деп жазады. [2, 206]

Махамбеттің туған жылы туралы ерекше мәліметтер жариялаған «Шың» баспасынан 2012 жылы шыққан «Қазақстан тарихынан» ҰБТ-ға дайындық оқулық-тест болды. Осы оқулықтың III-бөлімі «Жаңа замандағы Қазақстан тарихы» деп аталады. Мұнда біздің әңгімеміздің арқауы болып отырған Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс VI-тарауға енгізілген. Міне, осы тараудағы Махамбет Өтемісұлының туған жылын көрген адам еріксіз жағасын ұстайды, не құлап қалуы да мүмкін. Өйткені, мұнда Махамбет Өтемісұлы «1803-1704 жылдары туған»,- деп жазылған. Осы жерде, бұл дүниеде Махамбеттен басқа қатарынан 2 жылда туған адам бар ма екен, деген ойға батасыз!?

Әдебиетші-ғалымдар Махамбеттің 1804 жылы туғандығын архивтік деректер арқылы дәлелдеуге тырысады. Енді соған тоқталайық. 1841 жылы 7 наурыз күні Жайық өзені бойындағы Дуанбасы деген жерде Махамбет қапылыста тұтқындалып, Гурьев қаласына әкелінеді. Гурьевте оны арбаға шынжырлап әуелі Орал қаласына, одан әрі Орынборға апарып ордонансгаузға, яғни түрмеге қамайды. Түрмеде Махамбеттің бойын өлшеп, түр-түсін, жасын, ерекше белгілерін қағазқа түсіреді. Түрмеде Махамбет 1841 жылы наурыз айында 38-ге толмауы себепті, өзін 37 жастамын,- деген. [3] (Орынбор облыстық мемлекеттік архиві, 6-қор, 10-тізім, 137-іс, 18-парақ) Осы дерекке сүйеніп, кейбір әдебиетші-зерттеушілер 1841 ден 37-ні шегеріп, Махамбет 1804 жылы туды деген қортындыға келген. Кейін, осы 1804 жыл әдебиетші, тарихшы-зерттеушілердің кітаптарына еніп, ғылыми дерекке айналған. Дейтұрғанмен, М.Өтемісұлы 1804 жылы туды деген пікір шындыққа сәйкес келмейді. Олай дейтін себебіміз архивтен Махамбеттің 1803 жылы туғандығын дәлелдейтін деректер табылды. Атап айтқанда, ҚР Орталық мемлекеттік архивтің 4 қорынан Махамбеттің өмірін, соның ішінде туған жылын дәл көрсететін құжат табылған. Бұл деректің дүниеге келу себебі мынадай. Бөкей ордасының ханы Жәңгір 1836 жылы 7 мамырда Күшік Жапаров деген қойшыны Махамбет өлтірді деген хабар таратып, Орынбор шекара комиссиясына рапорт жолдаған. Бұл рапорт генерал-губернатор В.А.Перовскийдің қолына тиеді. Осы оқиғаға байланысты тергеу комиссиясы құрылып, ол Гурьев қаласына жақын жердегі Новопокровинск батағасына орналасады. Осы жерде 1836 жылы 8 қарашада және 10 желтоқсанда Махамбет тергеушілерге былай деп жауап береді: «Менің атым Мұхаммет (Махамбет — А.Ш.) Өтемісұлы, жасым 33-те, дінім-мұсылман, татарша сауаттымын, орысшада аздап оқып, жаза аламын». Жауаптың соңына Махамбет арабша қол қойып, мөрін басқан. [4] Осылайша, егер Махамбет 1836 жылы желтоқсан айында 33 жаста болса, онда ол 1803 жылы туған болады. Осы архивтік дерекке сүйене отырып, тарихшы ғалымдар ұлы ақынның туған жылы-1803 деген тоқтамға келеді. Тарих ғылымдарының докторлары Е. Бекмаханов, М. Қозыбаев, К.Есмағамбетов, Ж. Қасымбаев, Т.Омарбеков, З.Қабылдинов, махамбеттанушы-профессор И. Кенжалиев, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, махамбеттанушы Ә.Сарай және басқа да зерттеушілер өз еңбектерінде Махамбеттің 1803 жылы туғандығы туралы деректі басшылыққа алады. Сондықтан да қанатты жыр мен қайсар үнді қару қылып, жау ордасын бұзған семсер ақын Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы сол кездегі премьер-министр И.Тасмағанбетовтың ұсынысы негізінде ЮНЕСКО-ның шешімімен 2003 жылы халықаралық дәрежеде аталып өтті.

Ендігі әңгіме Махамбет Өтемісұлының туған жері туралы. Ұлы ақынның туған жеріне байланысты зерттеушілер әртүрлі пікірлер айтады. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.Бекмаханов «Очерки теории Казахстана XIX века» деп аталатын кітабында (Алма-Ата, 1966) М.Өтемісұлы 1803 жылы Бөкей хандығында туған деп жазса, Махамбеттің бас сүйегін зерттеген антрополог-ғалым Н.Шаяхметов «Из тьмы веков» деп аталатын кітабында Е.Бекмахановтың пікірін қолдайды. Белгілі филолог-ғалым Қ.Сыдықов

«Махамбет Нарын құмында Бекетай деген жерде дүниеге келген» деп жазады. Тарихшы-ғалым, махамбеттанушы И.Кенжалиев «Исатай-Махамбет» атты кітабында (Алматы, 1991) Қ.Сыдықовтың пікірін қолдайды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халық жазушысы Әнес Сарай «Махамбет» деп аталатын кітабында былай деп жазады. «1801 жылы Өтеміс пен Жүзбатыр Калмыково тұсынан Ішкі ордаға өтіп, Самар көлі мен Жайық өзені аралығында қоныс тебеді. Ол жерде ұзындығы 80 шақырым Бекетай құмы бар еді. Бекетай құмы Өтеміс пен Жүзбатырдың жазғы жайлауы болатын. 1803 жылы Өтеміс ауылы Самар жақтан Бекетай құмына жайлауға көшіп келген кезде (сәуір-мамыр) Махамбет дүниеге келген.» [5, с 11]

Басқа да көптеген ғалымдар Махамбет Өтемісұлы Бөкей ордасында, яғни Еуропада туған деген пікір айтады.

Дейтұрғанмен, ұлы ақынның Кіші жүздің Батыс бөлігінде, яғни Азияда туғандығы туралы пікір бар екендігін де айтпауға болмайды. Мысалы, Оралдық өлкетанушы Ж.Ақбай «Радуга Ақжайық» деп аталатын кітабында «Өтеміс Құлманиязов Жүзбатырмен Жайықтың шығыс бетіне өтіп, Өлеңті өзенінің төменгі құйылысына «Азынабай-Тайпак» деген жерге келіп қоныстанады. Осы жерде 1804 жылы күзінде Махамбет дүниеге келген», — деп жазады. [6, с 157]

Сонымен бірге соңғы жылдары Махамбет Өтемісұлы қазіргі Қызылқоға ауданы жерінде туған деген пікір кең тарауда. Дейтұрғанмен, бұл әңгіме төңірегінде болашақта терең зерттеу жұмыстарын жүргізу керек деген ойдамыз.

М.Өтемісұлының ғұмырнамасына байланысты соңғы пікіріміз, ұлы ақынның қаза тапқан жері туралы. Махамбет Өтемісұлының 1846 жылы 20 қазанда Кіші жүздің батыс бөлігінде Қарой деген жерде қаза тапқандығы Атыраулықтар үшін немесе Қазақстанның батыс аймағында тұратын халық үшін ешқандай талас тудырмайтыны сөзсіз. Жылма-жыл Қаройдағы ақынның кесенесіне зиярат етіп барушылар көп-ақ. Кей жылдарда Махамбет поэзиясы күні де осы Қаройда Махамбеттің кесенесінің басында өтеді. Алайда, ұлы ақынның қаза тапқан жеріне байланысты қазақ атамыз айтқандай «бүйректен сирақ шығаратындар» да кездеседі. Мысал келтірсек, 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығына қосымша (XVIII ғасыр – XX ғасырдың басы) Алматы қаласынан 2008, 2009, 2013, 2015, 2017, 2018 және басқа да жылдарда шыққан Атластағы «Бөкей ордасындағы Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс» (1836-1838 ж.ж), «Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс» (1836-1838 ж.ж) атты карталарға көз жүгіртсеңіз тағы да жағаңызды ұстауға тура келеді. Өйткені, бұл карталарда М. Өтемісұлының қаза тапқан жері деп қазіргі Атырау облысының Кең Жылыойына қарасты Жем өзенінің Каспий теңізіне құяр сағасы көрсетілген. Бұл жердегі өкінішті жағдай сол – республикамыздағы барлық 7 сынып оқушылары біраз жылдар бойы «Қазақстан тарихы» пәнінен тек осы деректі оқып келеді. Тіпті өзіміздің Атырау өлкесінде Махамбет Өтемісұлына қатысты тарих мүлде қате оқытылуда. Бүгінгі күні оқулық авторлары қателікті түзетеміз деп уәде беруде. Ал, республикамыздың мұғалімдері мен оқушылары бұл қателік тезірек түзеледі деген сенімде.

Қорыта айтқанда, Қазақ халқының ұлттық батыры және ақыны Махамбет Өтемісұлы 1803 жылы Бөкей ордасында , яғни Еділ мен Жайық өзендері аралығындағы Бекетай құмында туып, 1846 жылы қазан айында қазіргі Атырау облысы , Индер ауданы аумағындағы Қарой деген жерде қаза тапқан. Менің авторлығыммен шыққан “Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық – азаттық көтеріліс (1836-1838ж.ж)” атты картада ұлы ақынның туған және қаза тапқан жерлері, туған және қаза тапқан жылдары дәл көрсетілген.

Қадірменді конференцияға қатысушылар, қазақтың ұлы ақыны, батыры, композиторы Махамбет Өтемісұлының ғұмырнамасына қатысты осындай мәліметтерді сіздердің назарларыңызға ұсындық.

Ғұлама ғалым, тұңғыш махамбеттанушы Халел Досмұхамедовтың Махамбет Өтемісұлына қазақ халқына таныстырған «Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» атты атақты мақаласының жарық көргеніне келесі жылы бір ғасыр толады. Содан бермен қарай Махамбеттің өмірі мен ғұмырнамасы жан-жақты зерттеліп келеді. Бүгінгі күні оның толыққанды өмірбаяны бар деуге әбден болады. Дейтұрғанмен, жоғарыда атап өткендей әлі де мектеп оқулықтарында жауынгер ақынның өмірбаянына байланысты жалған деректердің бар екенін де көрдік. Сондықтан да, «Қазақстан тарихы» оқулықтары авторларының алдындағы басты міндет – Махамбет Өтемісұлының ғұмырнамасына байланысты оқулықтарды еш қатесіз, шынайы деректермен қамтамасыз ету болып табылады дегіміз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. История Казахстана в пяти томах. Том III – Алматы, 2000.
2. Республикалық Махамбет қоры «Махамбет» кітапханасы. 14-кітап, Алматы, «Өлке» 2003.
3. Орынбор облыстық мемлекеттік архиві. 6-қор, 10-тізім, 137 іс, 18-парақ.
4. ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 4-қор, 1-тізім, 1497 іс, 186 парақ.
5. Сарай.А «Махамбет» Астана: «Фолиант» 2012
6. Ақбай.Ж «Радуга Ақжайық» Самара, 1997.

МАХАМБЕТ - ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ БОСТАНДЫҚ СЫЙЛАҒАН ТҮЛҒА

Ерболат Жұмашұлы Мұстафаев

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
«Өнертану» мамандығының қауымдастырылған профессоры,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық
университетінің профессоры.

Қазақ халқының қасиетті күй өнері – ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға, ұстаздан шәкіртке жалғасын тауып келе жатқан қайталанбас бірегей өнер. Тоғыз жолдың торабын мекен еткен ұлтымыздың мұрасы ұрпаққа рухани азық болып келеді. Қаншама тағдыр-тауқыметті басынан кешірсе де жады мықты ата-бабаларымыз бұл өнерді келешекке табыстап отырған.

Қазақтың қайталанбас күй өнері ұлт мәдениетінде ерекше орын алады. Күй тек күйшінің күйі емес, сол кезеңдегі қазақ ұлтының күйін айғақтайды. Күй арқылы қазақ ұлтының тарихын танимыз. Күйшінің ұрпаққа қалдырған аманатын арқалай отырып, біз қазақтың тұрмыс-тіршілігін, тағдыр-тауқыметін, қайғысы мен қуанышын, күйініші мен сүйінішін көре аламыз. Домбыраның шанағына тығылған ойдың барлығын күй бізге домбыра тілімен жеткізіп отыр. Қаншама ғасыр өтсе де, күйма құлақ жадымен осы өнерді атадан балаға жалғастырып отырған ұлтымыздың дарынды болғанын мойындауымыз қажет.

Қазақ халқының күй өнері ғасырдан ғасырға, атадан балаға, ұстаздан шәкіртке жалғасып келе жатқан ұлт өркениеті мен мәдениетінің бір бөлшегі болып табылады. Ұланғайыр жерді жаудан қорғап қалу үшін тек батырлық қана емес, сол батырларды жорыққа бастайтын салмақты, салиқалы сөз бен рухты қозғаушы мақам-саз, әуен, күй-ұран керек болды. Ел басына күн туған қилы кезеңдерде сол рухани күш берер ұран халықтың жігеріне жігер қосып, дер кезінде саха ерлердің намысын қайрап отырды. Жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, елім деп еңіреген ерлер ел шетіне жау келгенде, «Жер дауы қасиетті» деп халқын соңынан ерте білді. Осыншама байтақ жерді ғана емес, қайталанбас өнері мен мәдениетін де аманат етіп, қалдырып кетті.

Рухты оятатын, хас батырларға рухани күш беретін ұран-күйлерді бізге аманат етіп қалдырған күйші аталарымыздың ішінде ерекше атап өтетін күйші - Махамбет Өтемісұлы. Ол тарихта өзінің жалынды өлеңдерімен ғана емес, отты күйлерімен де қалды. Ресей империясының сорақы саясатына қарсы тұрып, елді егемендікке шақырып қана қоймай, рухты қозғайтын жырлары мен күйлер тудырып, өзі де батыр Исатай Таймановпен бірігіп, қазақ елінің тәуелсіздігі жолында басын өлімге тікті.

Франция астанасы Париж қаласындағы бір үлкен ғимараттың дәлізінде дүние жүзінің атақты пәлсапашылары мен ойшылдарының сөздері француз тіліне аударылып жазылған екен. Ол жерде тек бір ғана өлең аударылмай сол қалпы жазылған. Ол - Махамбеттің өлеңі «Арқаның қызыл изені». Қаншама аудармашылар уақытын сарп етіп тырысса да ол сөздерді аударма алмаған.

«Арқаның қызыл изені
Басы күрдек, түбі арал,
Қыдырып шалар аруана.
Кәрісі кімнің жоқ болса,
Жасы болар диуана.
Бір сынаған жаманды
Екіншілей сынама.
Тіріде сыйласпаған ағайын,
Құм құйылсын көзіңе,
Өлгенде бекер жылама!»

Астын сызып тұрып айтарымыз, қазақ - жер бетіндегі ең тілі бай, сөзге мән беретін, сөздің қадірін білетін халық. Ал, оған қоса Махамбеттің күйлеріне ден қояйық. «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Өкініш», «Қайран Нарын», «Жұмыр, Қылыш», «Жорық», «Жайық асу» және т.б. күйлері қазақ елін жорыққа бастау, тәуелсіздікке шақыру болып тұр. Ресей империясы кезінде айрылып қалған, жоғалып кеткен тарих беттерін күйлердің атауларынан тауып отырмыз. Күйші аталарымыз замананың жаршысы, болашаққа аманат қалдырушы, қазақ ұлтының тарихын айқындап, келешекке жеткізуші болып отыр. Күйші тек аспапты тартушы емес, ол – қазақ елінің туын биік ұстаушы, ұлтына жол көрсетуші, рух беруші, тәуелсіздік үшін күрескер, алып тұлға. Біз күйшіге сөз бастаушы, жол бастаушы, қол бастаушы ретінде қарауымыз қажет. Мінеки, күй — сол күйшінің ғана күйі емес, ғұндардың ғұрпын, сақтардың салтын сақтаған, қасиетті хас сақтың ұрпағы қазақтың сол өмір сүрген кезеңіндегі күйі, тұрмысы, тарихы, тағдыры.

Махамбеттей ерлердің арқасында біз Қазақ елі ұланғайыр жерді иемденіп отырмыз. Болашақ ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, Қазақ елі үшін өмірін сарп етіп, басын өлімге тіккен батырларымыздың аманатын орындау біздің басты парызымыз екенін ұмытпайық.

МАХАМБЕТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАТЫ – «ТӘУЕЛСІЗДІК», «МӘНГІЛІК ЕЛ» ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚТАРДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Қылышбаева Күлзипа Әуесқызы

Астана қаласы №5 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
«Б. Алтынсарин», «Қазақстан Республикасы
Білім беру ісінің Құрметті қызметкері»
төсбелгілерінің иегері, «Махамбеттану»
қолданбалы курс бағдарламасының авторы.

«...Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. ...Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» [2, 20.] - деп, аса тебіреніспен, сеніммен айтылған ойды басты ұстаным етіп, баяндамамның тақырыбын «Махамбет жырларының ұлттық мұраты – «Тәуелсіздік», «Мәңгілік Ел» жеке тұлғаға бағытталған сабақтардың ажырамас бөлігі» деп алдым.

Еліміз сан ғасырлар бойы тәуелсіздікті тілеп, сол үшін күресіп, азаттықты аңсады. Ел бодандықта ғұмыр кешіп, тағдыр тепкісін көп көрсе де, ой еркіндігінен тыс қалмағанымызға туған әдебиеттегі қарапайым халықтың жоғын жоқтап, ызасы мен кегін, езілген ердің еңсесін нықтап, рухын көтеріп, олардың болашаққа деген сенімін нығайтқан тұлғаларымыздың туындылары куә. Сондай тұлғаларымыздың бірі, бірегейі – Махамбет. Махамбет тұлғасы – тарихи тұлға. Тарихи тұлға – тарихтың өлшемі. Яғни ел, халық үшін маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, халық тағдырына жанашыр болған адамды халықтың өзі бағалап отырған.

Махамбет – осындай бағаға ие тұлға. Махамбет жайында айтылатын ойлар қаһармандықты, шынайы өмір белестерін тану үшін, ұлттық рухымызды әр уақытта дамыту үшін аса қажет. Әр ұлттың еңсесін көтеретін, сол ұлттың рухын оятатын өз ұлтын сүйіп, өз ұранына берілген зиялы жандарды бағалау – кейінгі ұрпақтың парызы. Махамбетті жырлау – ұлт рухын жырлау деген тебіреністі тілеуден әр ұрпақ тәлім алса, тағылымы сонда болар еді. Өзін емес, қазақтың елі мен жерінің тағдырын ойлаған бір ақын болса, ол – Махамбет. Отанын шексіз сүйген батыр болса, ол да – Махамбет. Қазақ поэзиясының шырқау шыңдарында әрі ақын, әрі батыр, әрі күйші болып өшпес із қалдырған да – Махамбет. Олай болса, Мәңгілік Қазақтың Перзенті болу үшін Махамбеттің бойындағы әрбір қасиет әрқайсымыз тәрбиелеп отырған жеке тұлғаның бойындағы бойтұмары болса, Елбасы Жолдауында көтерген болашағымызға бағдар болатын, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін Мәңгілік Ел идеясы қазақтың Мәңгілік Ғұмыры Мәңгілік Болашағын баянды етеді деп ойлаймын.

«Фарабилер мен Бейбарыстардың өсиеті де өзінде, Махамбет сынды

жолбарыстардың қасиеті бар сөзінде» [3, 76.] - деп Ұ.Есдәулет айтқандай, «Махамбеттің қасиетті сөзі» деп баға беруі әрбір жеке тұлғаға ой салуы қажет. Неге десеңіз? Біз қасиет тұтатын, тәу етер жалғыз киеміз – тәуелсіздік емес пе еді?! Сол тәуелсіздік - Махамбеттің басты арманы болып, жанын отқа да салған, суға да салған сөз иесі – ақын, іс иесі – батыр. Осы екі қасиет басына қатар қонған Махамбет – туған халқының адал перзенті. Махамбеттей батырды күш сынасып емес, қапияда қолға түсірген екіжүзділердің қолынан қаза тапқанда, тәуелсіздік үшін жанын құрбан еткен ақын «ауырды жаным, ауырды тәнім» демей, артымда қалған «елімнің», «жерімнің» тағдыры не болады?- деп аһ ұрған екен.

«Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт» деген қағидалы сөз бар. Оқушылар оқығандарын көңілге тоқи отырып, «Махамбеттей елін, жерін сүйсе, Махамбеттей ақын, батыр болса» басты арманымыздың орындалғаны емес пе ?!

Ол үшін білім алып отырған оқушы мен білім беріп отырған ұстаздың арасында қандай шығармашылық байланыс болуы қажет? Енді осы сұраққа өз іс-тәжірибем арқылы жауап берейін.

Біз, тіл мамандары, әдебиет пәнін оқытуда көркем туындыларды тек мазмұндаумен ғана шектелмей, оқушыларға бағыт-бағдар беру арқылы, бала қиялына, фантазиясына ерік беру арқылы, олардың айтқан ойына түсіністікпен қарап, ондағы ұлттық болмыс пен ұлттық құндылықтардың тақырыптық, идеялық, тәрбиелік және әлеуметтік мәнін ашып, сөз тапқырлығына талдай оқытсақ, ұтарымыз мол болмақ. Мен жоғарыда бала фантазиясы деген тәсілді айттым, бұл жөнінде ойшыл ақын, көрнекті ағартушы М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде «...Фантазиясыз адам өмірі өңсіз, түссіз бір нәрсеге айналмақ. Мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды гүлді, көрікті қыла алатын, бізді арыға аяқ басқызып, тәңірмен тілдестіретін – сол фантазия» [1, 56.] деген болатын. Олай болса, баланың шығармашылық ізденісі арқылы дарынын қалыптастыруда мұғалім өзінің фантазиясын баланың қиял-фантазиясымен ұштастыру қажет.

Осы мақсатта М.Өтемісұлының «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін талдағаннан кейін бала қиялына ерік беру қажет. Ол үшін мұғалім балаға бағыт-бағдар беруші ретінде төмендегі сұрақтарды қою керек. Махамбет жырларының ұлттық мұраты не? «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңіндегі ақын арманын өз арманың арқылы көрсет. Егер өз өмірін, күресін отты жырларына арқау етпесе, Махамбет көп батырлардың бірі болып қалар ма еді?! «Махамбетше жырласам...» деген тұжырым-балама болжам бойынша өлең шығар. Осындай іздендіру жұмыстарының нәтижесінде 9-сынып оқушысы А.Жарбосынованың «Білімде жеңіс болар ма?» атты төл шығармасы дүниеге келді.

Ұстазды тыңдап, үлгі алмай,
Білімге ынта зер салмай,
Жырларды оқып көз салмай,
Қарындаш үшкір ұшталмай,
Қағазға толқып ой жазбай,

Дәптерде жазар жер қалмай,
Жазуда қолдан күш қалмай,
Ойыннан алыс бой түзеп,
Темірдей тәртіп ұсталмай,
Күнде сабақ оқылмай,
Көкейге білім тоқылмай,
Қалың кітап жастанбай,
Өнердің жолы басталмай,
Білімде жеңіс болар ма?!

Жеке тұлғаның осындай төл шығармасының дүниеге келуі мұғалімнен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін дұрыс пайдаланып, оқушы ойлана алатын мәнді сұрақтар қоя білуінде жатыр.

«Махамбет – ұлттық тұлға, оның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп кеңірек дәріптеу керек», - деген ойлы сөзді басты ұстаным етіп, аты аңызға, өмірі өнегеге, өнері ұранға, жырлары нақылға айналып кеткен тағылымдық мәні бар өлеңдерімен артына өшпес мол мұра қалдырған, халық рухының көрінісіне айналған Махамбеттей өршіл рухты ақынның тәлімін оқушы бойына дарыту мақсатында, әрі мұғалімдерге көмекші құрал ретінде «Махамбеттану» курсының Блум таксономиясы бойынша деңгейлік сұрақ-тапсырмалар» атты оқу- әдістеме құралы мен оқыту бағдарламасын дайындадым. Бұл жұмыста Махамбеттің өлеңдеріне талдау жасалынып, оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдері көрсетілді.

Махамбеттен бастап, ойшыл-ғұлама тұлға Абайдың, жыр алыбы Жамбылдың, әлемдік деңгейдегі классик суреткер М.Әуезовтің т.б. ақын-жазушыларымыздың осындай қасиетті тұлғалардың өсиеті арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді.

Осы ойымның дәлелі ретінде М.Жұмабаевтың тағы да «Педагогика» атты еңбегінен «... Бала ертегіні жан, тәнімен тыңдайды, ертегіге шын көңілімен нанады, бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтылғанмен бірдей. Егер сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігінен қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады» [1, 58.] - деген сөзінен Махамбет шығармашылығын оқыту арқылы Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі арманы екенін, Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек екенін ұқтыра аламыз.

Ал Махамбетті жырлау – халық рухын жырлау, адам бойына ізгі қасиеттерді дамытып, алдымен өзіне-өзін сыни көзқарасын қалыптастыру, сол арқылы өзгені танып, салыстыру нәтижесінде ұлттық құндылықтарымызды бағалау. Ереуіл атқа ер салған, егеулі найза қолға алған, еңку-еңку жер шалған Махамбеттей ақынның өмірі, жырлары – қазіргі ұрпақтың да зерделік қаруы болып, тәрбиелік мәні зор, игілігіне айналуы керек.

Мен өз ойымды халыққа арналған Жолдаумен бастап едім, қорытынды ойымды да Жолдау сөзімен аяқтағалы отырмын. «Мәңгілік Ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. ... Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді». [2, 20.] Олай болса, «Азаттық.Тәуелсіздік. Мәңгілік ел.» - Махамбет жырларының ұлттық мұраты еді. Махамбеттей ақынның өмірін, жырларын оқыту арқылы – өскелең ұрпақтың бойына байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді сақтайтын ұрпақ тәрбиелейік, құрметті ұстаздар!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев. Педагогика.(баланы тәрбия қылу жолдары). – Алматы: «Рауан»1992. – 112 бет.
2. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. Астана, 2014. – 48бет.
3. Ұ.Есдәулет. Шығармалар жинағы. Алматы: Атамұра, 2004. – 182 бет.
4. К.Қылышбаева «Махамбеттану» қолданбалы курсының бағдарламасы» Астана, 2014 ж
5. К.Қылышбаева «Махамбеттану» курсының Блум таксономиясы бойынша деңгейлік сұрақ-тапсырмалары» (оқу-әдістемелік құрал). Астана, 2014 ж.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ ЖӘНЕ БАСПА БЕТІНЕ ЖАРИЯЛАНУЫ

Сүлейменова Ырысты Хасеновна

Қазақ ұлттық өнер
университетінің оқытушысы

XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, сол кезеңнің зор дүбірлі тарихи оқиғасының жалынды жаршысы, насихатшысы болған Махамбет Өтемісұлы (1804-1846) отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілістің (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы Махамбет Өтемісұлы (1804-1846) ақын, жырау болуымен қатар, күйші-композитор болғаны белгілі.

«Менің атым Махамбет», «Махамбеттің термесі», «Әй, Махамбет, жолдасым», «Махамбеттің Жәңгірге айтқаны», «Аспандағы бозторғай» сияқты терме-толғаулары бүгінде сахналардан жиі орындалады. Махамбеттің кейбір өлеңдері XX ғасыр басында, Қазан төңкерілісі алдында шыққан қазақ ақындарының жинақтарына енеді. 1908 жылы қазанда басылып шыққан «Мұрат ақынның Ғұмар қажыға айтқаны» деген жинаққа Махамбеттің 100 жолдан астам екі толғауы енген. Бұл басылымдағы өлең «Борайда-борай қар жауса» деп басталады. Бұл өлеңдер атақты Мұрат ақынның айтуы бойынша басылған. Махамбет толғауларының кейбір үзінділері 1910 жылдары Орынборда шыққан

«Шайыр» жинағында да басылған. Осы жинақта «Исатайдың әндесі Махамбет жыраудың сөзі» деген атпен ақынның «Ереуіл атқа ер салмай», «Мен, мен едім, мен едім» толғаулары берілген.

Махамбет өлеңдерінің тиянақты жиналып бастырылуы ХХ ғасырдың бірінші ширегінен бастап қолға алынып, атап айтсақ, 1925 жылы Халел Досмұхамбетұлы құрастырған «Исатай, Махамбет» кітабында, 1926 жылы Ташкентте басылған «Аламан» жинақтарында жарық көрген. М.Әуезовтің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде Махамбет шығармасына бірінші рет талдау жасалса, кейінірек Махамбеттің өмірі мен шығармашылығы жөнінде Ә.Қоңыратбаев, И.Жолдыбаевтардың еңбектерінде де біршама зерттеулер берілді, жазушы С.Мұқанов Махамбет творчествосын «XVIII-XIX ғ. әдебиет тарихының очеркінде» еңбегінде кеңінен талдады. 1939 жылы Махамбет өлеңдерінің жинағы жеке кітап болып басылды.

Енді Махамбет Өтемісұлының музыкалық мұраларының жиналуы жөнінде айтар болсақ, бүгінде Махамбеттің «Өкініш», «Жұмыр, Қылыш», «Қайран Нарын», «Жауға шапқан», «Исатайдың ақтабаны-ай», «Қиыл қырғыны», «Шілтелі терезе», «Жорық күйі», «Жайық асу», «Арысымнан айырылдым» т.б. сияқты күйлері белгілі. Махамбеттің күйлерін алғаш рет фольклорлық экспедициялар кезінде жазып алынған. Оның күйлерін Батыс Қазақстан аймақтарындағы қарт күйшілер жеткізіп кеткен. Махамбеттің күйлерін 1889 жылы туған Оразғали күйшіден 1963 жылғы экспедиция кезінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының ғылыми қызметкерлері магнит таспасына жазып алады. Сол кезде жетпіс төрт жастағы қарт күйші фольклорлық экспедиция мүшелеріне көптеген күйлер орындап берген[1].

Махамбеттің күйлерін жеткізуде ерекше атап өтетін өнерпаздың бірі – Оразғали Сүйінбеков. Экспедицияда тіркелген мәліметтерде Оразғали Сүйінбековті «Орал облысы, Чапаев ауданының Қаракөл совхозының тұрғыны» деп көрсетеді. 1963 жылғы экспедиция кезінде Оразғали Сүйінбековтен «Теңдік» (ән-күй), «Өткен күн қайта келмес», «Еңбек табысы», «Ғылым шыңына», Құрманғазының «Қуаныш», «Бекер келдім» күйлері, өз әкесі Сүйінбектің «Ақтүйғын» күйі, Боғданың «Өтті-кетті» күйі, «Кербез Ақжелең», «Айдананың Ақжелеңі», «Бозтөбе», «Есбайдың екінтіде ел іздегені», «Тіріжанның інісі Қаналыны сағынғанда тартқан күйі», «Боғданың Қара жаяуы», «Тойлы қуаныш», «Комсомол сыйлығы», «Жігер», «Алтын ту», «Сәуле», «Иіс» (ән-күй), «Ақмандайдың үнді әні» сияқты жалпы саны жиырма бес күй орындап, магнит таспасына жаздырса, осы жиырма бес күйдің ішінде Махамбеттің «Жұмыр-Қылыш», «Қайран Нарын» деген екі күйі бар. О.Сүйінбековтен алынған бұл күйлер Махамбеттің күйші-композитор екенін

танытты.

Ал «Жұмыр-Қылыш» күйін тұңғыш рет орындап, халыққа танытқан Қазақстанның халық әртісі Қаршыға Ахмедияров (1946-2010) болды. Оразғали ақсақал жеткізген күйлерден өзге Махамбеттің басқа да күйлері ел арасынан кейінірек табылды. Ол күйлерді Махамбет ақынның ғұмыр кешкен аймақтарына жеке экспедициямен барған фольклоршылар, орындаушылар тауып, жинақтады. Орындаушылар «Жұмыр, Қылышты» Исатайдан айырылып, жалғыз жортқан Махамбетті Баймағамбет сұлтанның қанды қақпанынан құтқарып қалған байбақты батырлары Жұмыр мен Қылышқа арнағанын айтса, «Қиыл қырғыны» күйі 1838 жылы Исатай мен Махамбеттің Орынбор губернаторы, полковник Гекке бастаған, оған барып қосылған Баймағамбет сұлтан әскерімен шайқасы сипатталады. Сол сияқты «Қайран, Нарын», «Шілтерлі терезе», «Жайық асу», «Жорықта», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Жұмыр қылыш», «Өкініш», «Арысымнан айырылдым» күйлері де тарихи оқиғаларды бейнелейді. Ал, «Қайран Нарын» Махамбеттің ақындық творчествосының басты арнасын айқындаған туған ел, туған елдің мүддесі мен мерейі жолындағы кескесті күрес тақырыбына арналған. Күйден «аһ» ұрған зар, қайнаған ыза, езілген мұң, серпілген арман-қиялы қатар білінеді.

Махамбеттің 11 күйі жеке жинақ болып басылып, 1982 жылы «Шашақты найза, шалқар күй» деген атпен жарық көрген [3]. Махамбеттің термесін атақты әнші Ғарифолла Құрманғалиев «Мен, мен едім, мен едім» толғауын орындап халық арасына насихаттаса, бүгінде «Әй, Махамбет, жолдасым» «Менің атым Махамбет» терме-толғаулары сахналарда жиі орындалып жүр. Махамбет термесінің алғаш нотаға түсірген Борис Григорьевич Ерзакович болды.

Б.Ерзакович ақынның Исатайдың атынан шығарылған:

«Әй, Махамбет, жолдасым,
Аш арыстан жолбарысым,
Ісімнің білдім оңбасын»,

деп басталатын толғауын нотаға түсірген[3]

Махамбеттің музыкалық мраларына алғаш рет академик Ахмет Жұбанов назар аударса, кейіннен Тмат Мерғалиев, Қаршыға Ахмедияров күйлерінің ерекшеліктеріне көңіл аударып, халық арасына насихатталуына көп еңбек сіңірген.

Түйіндеме

Бұл мақалада атақты ақын-жырау, күйші Махамбет Өтемісұлының музыкалық шығармалары жөнінде айтылады. Сонымен қатар, әдеби мұраларының жарық көруі, ел ішінен жинастырып бастырған, пікірлер айтқан ғалымдар туралы және күйлерінің жинақталып, баспа бетін көру жайында сөз етіледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Құрманғзы атындағы ҚҰК, Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының қоры.
2. Махамбет Өтемісұлы. Шашақты найза, шалқар күй (күйлері. Құрастырған Қ.Ахмедияров). – Алматы, 1982.
3. Песенная культура казахского народа = Қазақ халқының ән мәдениеті [Текст] : музыкально-историческое исследование / Б. Г. Ерзакович ; [отв. ред. А. К. Жубанов] ; Акад. наук Казахской ССР ; Ин-т лит. и искусства им. М. О. Ауэзова... – Алма-Ата [Алматы] : Наука Казахской ССР, 1966. – 401 с.4

ШЕБЕР ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ

Баяхметбаева Кунумбала Изтолеуовна

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК,
Талдау және мониторинг бөлімінің әдіскері



Мемлекет басшысы білім беру сапасын арттыруға, білім алушылар үшін қолайлы жағдай жасап, орта білім беру ұйымдарының басшы кадрлары мен педагог қызметкерлері арасында педагогикалық басқару тәжірибесін таратуға бағытталған тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатын айқындап өз жолдауында белгілегенін білеміз. Бүгінгі күні білім беру жүйесіндегі оқу-ағарту саласы өзекті мәселе екені сөзсіз. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде де аса маңызды рөл атқарады.

Астана қаласының білім беру ұйымдарында аталған мәселелерді шешу мақсатында, Әдістемелік орталықтың бөлімдерінде оқу- тәрбие саласындағы бірнеше жобалар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Соның ішіндегі «Талдау және мониторинг» бөлімінде жүзеге асырылып жатқан **«Шеберден тәлім»** жобасы 2023 жылдан бастап жоспарлы түрде педагогикалық тәжірибені жаңа форматта ұстаздарға таратып жүр.

Бұл жобаның басты ерекшелігі педагогтердің кәсіби дамуына, сонымен қатар оқыту әдістері, мақсатты бағалау, кері байланыс, инновациялық жұмыс жетістіктері екені сөзсіз. **Жобаның негізгі мақсаты:** оқыту мен тәрбиелеуде зор жетістіктерге жеткен шебер педагогтердің іс-тәжірибелерімен бөлісу. Стратегиялық даму басымдықтарымен қала, республика көлемінде іс-тәжірибелерімен бөлісер жалпы көпшілік педагогтерге берілген таңдаулы істер нәтижесі деп білеміз.

Осындай тұлғалардың бірегейі №5 гимназия директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің **«педагог-шебер»** мұғалімі **Қылышбаева Кульзипа Ауесовнаны** атауға тура келеді. Ұстаз Қазақтың қыздар педагогикалық институтын 1983 жылы бітіріген, білімі жоғары, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі, жалпы еңбек өтілі – 45 жыл. Кульзипа Әуесқызы заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, оқу мен тәрбие ісінде шешілуге тиісті мәселерді назардан тыс қалдырмайды. Сапалы білім беруде тың идеялар, білім беру саласындағы өзгерістер мен қажетті жаңалықтарды мұғалімдерге ұсынып, өзіндік пікір айту арқылы шешімін көрсетеді. Инновациялық идеяларын ортаға салып, үнемі жетілдіріп отырады.

«Көркем мәтінге лингвистикалық талдау» авторлық бағдарламасы (2020 ж.), «Махамбеттану» қолданбалы курсының авторлық бағдарламасы» (2014 ж.) мен «Махамбеттану» авторлық курсының Блум таксономиясы бойынша деңгейлік сұрақ-тапсырмалары» (2014 ж.) «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Астана қаласы

бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұсынуымен Қазақстан Республикасы мектептерінде қолдану үшін баспаға ұсынылды. Бұл сөзімізге дәлел «Қазақ тілі мен әдебиеті» сүйікті республикалық журналында Күлзипа Ауесқызының еңбектерін сілтеме ретінде (9/2017, 3/2018) 2/2019) пайдаланып көрсетеді.

Күлзипа Ауесқызы мектептен тыс қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Семей, Атырау қаласында өткен Республикалық Абай, Махамбет оқуларының әділқазылар алқасының мүшесі болды. «Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау оталығының» оқу-әдістемелік кешендерінің сараптамалық топ мүшесі. «Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту – Блум таксономиясының ұтымдылығы» атты әдістемелік-оқу құралының авторы ретінде №5 гимназия мұғалімдерінің кәсіби деңгейін арттыруда жеке тұлға құзыреттілігін дамытуда «Блум таксономиясы – оқушы құзыреттілігін дамытушы әдіс» атты шығармашылық топқа жетекшілік жасайды. Осы шығармашылық жұмыстың нәтижесінде пән мұғалімдері «Блум таксономиясы бойынша деңгейлік сұрақ-тапсырмалар» атты әдістемелік құралдар жазып іс-тәжірибелерін қорғады.

Ұжым арасында ойлы пікір айтып отыратын, оқу ісіндегі шығармашылық белсенділігімен жеке тұлға тәрбиелеумен ғана шектелмей, мұғалімдердің де шығармашылық белсенділігін арттырып, іс-тәжірибелерін дамытып, өзіндік үлесін қосып келеді. Бұл сөзімізге дәлел Астана қаласында 2018 жылы өткен «Үздік тәлімгер» байқауының жүлдегері, қалалық «педагог-шебер» мұғалімдері арасында өткен «Астана қаласының Құрметті педагогі» (2020 ж.) байқауына қатысып, «Астана қаласының Құрметті педагогі» медалімен марапатталды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасының «Тіл мектебі» авторлық бағдарлама байқауының жүлдегері (2021ж.). Ұстаздың заман талабына ілесе отырып, Он-лайн жүйесінде көрсеткен ашық сабағы – жаңалықтың жаршысы, шығармашылықтың нағыз жарқын үлгісі болды. Бұл Он-лайн жүйесі арқылы берілген сабаққа елорда мектептері мен республиканың мыңға тарта білім беру мекемелері қатысып, алғыс хаттар мен пікірлерін жолдады. Астана қаласы, Білім беруді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен (15.01.2021ж.) «Үздік авторлық бағдарлама жазуда ескеретін жағдайлар» атты аймақтық конференцияда авторлық бағдарлама жазуда өз тәжірибесімен бөліссе, «Ал, мен былай істеймін» (03.03.2021ж.) атты республикалық тікелей эфирде пікір-сұхбат арқылы жалпы іс-тәжірибесі көрсетілді. Астана қаласы, Білім беруді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен (25.05.2021ж.) «Абай кіші академиясы» жобасында «Сәулең болса кеудеңде...» атты Абай өлеңдерін шәкірті екеуі жатқа айтып, ғаламтор арқылы бейне-жазбасы таратылды.

Күлзипа Ауесқызы тек қана сабақ берумен ғана шектелмей, мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыру, әдіс-тәсілдерін жетілдіру үшін республика көлемінде іс-тәжірибесін ортаға салып, бөлісіп отырады. Ұрпақтың білім-тәрбие ісінде шешілуге тиіс инновациялық шығармашылық іс-тәжірибесін Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де өткен «Әдебиетті оқытудағы инновациялық

әдіс-тәсілдер» атты Халықаралық конференцияда, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен өткен Астана, Павлодар, Қарағанды, Петропавл, Шымкент қалаларында өткен республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, филологтар съезінде педагогикалық оқуларда «Махамбет жырларының ұлттық мұраты – «Мәңгілік Ел» жеке тұлғаға бағытталған сабақтардың ажырамас бөлігі» (2016ж.), «Қазақ әдебиетін ұлттық құндылықтарға негіздей оқыту арқылы тұлға құзыреттілігін дамыту» (2018ж.), «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында сабақ сапасын арттыру арқылы оқушы тұлғасын қалыптастыру» (2020 ж.), «Махамбет өлеңдері мен күйлері – руханият жаңғыруы» республикалық әдістемелік-практикалық конференциясында «Махамбет жырларының ұлттық мұраты – жеке тұлғаға бағытталған сабақтардың ажырамас бөлігі» (30.04.2024.), «Мағжан әлемі» республикалық фестивальдің «Қазақтың жолбасшысы – мұғалім» бағытында «М.Жұмабаев «Педагогикасы» – ұлттық тәлім-тәрбиенің рухани уызы» (18.05.2024.) атты тақырыптарда өз жұмыс тәжірибесін ортаға салды.

Ұжым арасында ойлы пікір айтып отыратын, бойына табиғат дарытқан ұстаздық ұлағатты істі абырой, басты борышым деп есептеген ұстаз оқу ісіндегі шығармашылық белсенділігі мен жас мамандар, жеке тұлға тәрбиелеудегі іс-әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары «Конституцияға 10 жыл» мерекелік медалі (2005 ж.), «Ерен еңбегі үшін» медалі (2023 ж.), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Б. Алтынсарин» төсбелгісі (2006 ж.), «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісі (2009 ж.), «Үздік педагог» медалі (2012 ж.), марапаттауларының иегері.

Педагогке деген қоғамдық сенім мен білім беру ұйымдарында оқыту мен дамытуды жақсартуға ықпал етіп, еңбек қызметі және кәсіби танылған тәжірибе алмасу іс-әрекет, зерттеу сабақтары қаншама педагогке үлгі, өнеге беретін таңдаулы тұлға келбетін көреміз.

Аталған іс-тәжірибе өз жалғасын табады. Бұл бағытта жұмысты жүйелі түрде жүргізіп, білім беру сапасын арттыруға, педагогикалық кадрлардың біліктілігін жетілдіруге, өз үлесін қосып жүрген Қылышбаева Күлзипа Ауесовна – ісімен өз әріптестерінің арасында сыйлы, қарапайымдылығымен үлгі, құрметті де ардақты ұстаз!

**1 секция. ӘДЕБИЕТТАНУ.
АЗАМАТ – ЕРДІҢ БАЛАСЫ...**

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ - РУХЫ БИІК АҚЫН

Кішібай Сағира Қабажайқызы

Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы,
Первомай ауылы, О.Шипин атындағы
мектебінің қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі

Бүгінгі ұрпағымыз алған азаттық, еліміз ие болған егемендік – халқымыздың сан ғасырлар бойғы ежелгі арманы. Оның жолында халықтың қаншама қаһарман ұлы қанын төкті, жанын қиды. Босандықтан құтылу, бостандықтың туын тігу жолындағы халықтық қозғалыстар тарихында 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісінің өзіндік орнын, мәнін жоймайтын маңызы бар. Исатай Тайманов сол көтерілістің ұйымдастырушысы болса, Махамбет Өтемісов отты жырларымен, өршіл күйлерімен Алашты ерлікке үндеген ұраншысы.

Қазақ тарихында, қазақ мемлекетінің ғұмырнамасында бүкіл ғұмырын ел азаттағы үшін жұмсап, жалын боп жанып кеткен біртуар тұлғалар аз емес. Солардың бірі еркін ойдың иесі, ақиқаттың ақ алмасы – Махамбет Өтемісұлы. Қазақ әдебиетінде соның ішінде ХІХ ғасыр поэзиясында Махамбет ақынның алатын орны ерекше қадірлі.

Махамбет – телегей теңіздей түпсіз жырау. Жырау болу үшін ол өзіне дейінгі ақын-жыраулардың өлеңін жатқа білетін, өз жанынан өлең шығаратын суырып салма арқалы ақын, ел басына күн туғанда ақыл айтар абыз, қара қылды қақ жарып турасын айтар әділ би, от ауызды, орақ тілді шешен, ел үшін еңбек етіп, қолбастаған айтулы батыр болуы керек болса, Махамбеттің басында осы қасиеттердің бәрі бар. Ол сонымен бірге жорық жаршысы, ақ алмастай өткір жырларымен халықтың рухын көтеріп, күреске бастаушы, дәулескер күйші-композитор, ән де шығарған.

Дегенмен де Махамбет поэзиясының құдіретті болу себебін жеке басынан, төңірегінен, өзі өмір сүрген дәуірден ғана емес, одан әріден іздеген абзал, өйткені ол ғасырда бір келетін қайталанбас тұлға.

М.Әуезов: «... өнер атаулының барлығында қай елде, қай түрде туса да, сол ортасының шартынан өз топырағының қалпынан туады», - (Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Қаз. Мем.көркемәдеб. Баспасы, А, 1962.26-б) дейді.

Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбетті білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, бұл оның адами болмысы мен айбалта-жырын көзге елестетіп, тілге оралтумен шектелмейді. Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет.

Махамбет аңсаған азаттыққа қол жеткізген халқымыз үшін енді ақын мұрат еткен азат ойдың биігіне ұмтылу, шынайы демократиялық қоғам орнату парызымыз. Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбетті білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, бұл оның адами болмысы мен айбалтажырын көзге елестетіп, тілге оралтумен шектелмейді. Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын таптатқан, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Махамбет ұлттық тұлға оның батырлығын ақындығын күйшілігін азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп дәріптеу керек. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек. Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың рухына басымызды иіп, еліміз үшін күрескені үшін елімізді одан әрі көркейту керек. Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

М.Өтемісов поэзиясын қарастырғанда, зертегенде оның ұлттық, халықтық тегін сырттан емес, өзіміздің төл ауыз әдебиетімізден, халықтың бай поэзиясынан іздеуіміз де сондықтан. Оған өзінен бұрынғы бір топырақта жаралып, бір өзеннен су ішкен қандастары Қамбар, Ер Тарғынның батырлығы, Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз (Шалгез), Жиёмбет, Доспамбет мұралары әсер етіп, қиялын қозғап, қияға самғатқаны анық. Ол солардың, олардан кейінгі Сырым батырдың заңды жалғасындай еді. Сондықтан да оның ішкі ойының көрінісі – жырлары қалай жасық, қалай жігерсіз, қалай отсыз, қалай мән-мағынасыз болады?!

Махамбет дана ақын. Даналық – адамның ойлау қабілеті мен әрекетінің үздік нәтижесі. Оның даналығы тек өлеңдерінен ғана емес, өмірінен де, іс-әрекетінен де байқалады. «Айтса дағы айныман көлденеңің сөзіне », - деп өзі айтқандай, ол мақсат-мүддесінен, алған бағытынан табан тайдырмады, биік зерде, зор парасат тұғырында қалды. Өйткені оның ойлағаны қара басының қамы емес, халықтың қамы, елінің болашағы.

Еліміздің, ерлеріміздің тарихи желісін пайымдасақ, ұлт-азаттық күресінің мән-мағынасы ашыла түседі.

Еліміз ғасырлар бойы өзгеге тәуелді болып, тағдыр тепіресі мен тепкісін көріп келді. Еліміз тәуелді болғанымен, азаттық аңсаған ойымыз еркіндікте еді. Еркін ой ертеңге – еркіндікке бой ұрды, бұлқыныстар тудырды. Бір толқын екінші толқынға жалғасып, дауылға, нөсерге ұласты. Қашаннан-ақ қапасты бұзып, бостандыққа шығуды армандаған ата-бабаларымыздың бұл ісі кейінгіге үлгі-өнеге болып қалды. Мысалы: Махамбет Өтемісұлы «Бағаналы терек» өлеңінің композициясы. Махамбет өлеңдерінде «Мен» сөзі жиі қолданылады. Ондағы «Меннің» мәні ерекше. Бұл өлеңдегі «Меннің» астарында мол сыр бар. Мағынасы терең. Мұндағы «Мен» – Махамбеттің бүкіл болмысы, Махамбеттің күрескерлік әлемі, Махамбеттің батыр жүрегі. Осы «Мен» арқылы оның ісі,

күрескерлігі, ерлігі, елге деген махаббаты, елдің тәуелсіздігіне деген жауапкершілігі, дұшпанына деген ыза-кегі көрінеді. Махамбет өзінің «МЕНІ» арқылы өзін кім екенін дәлелдесе, сендер өздерінің қандай екенін қадағалау. «Пазл әдісі» арқылы Махамбет туралы не білетіндіктеріңді анықтаймыз. Олай болса, интерактивті тақтаға назар аударайық. **«КІМ?»** Махамбет Өтемісұлы жалынды жыршы, батыр, ақберен ақын. **«ҚАШАН?»** 1836-1838 жылдары Исатай – Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс болды.

«КІММЕН?» Баймағанмет сұлтанмен, Жәңгірханмен және Қарауыл қожамен. **«НЕЛІКТЕН?»** қазақ халқының басына түскен бодандық патшалық ресей империясының қазақ даласына жүргізген отарлау саясатының қанқұйлы көрінісі, ел ішіндегі зұлымдық пен сатқындық үстем құрғаны жанына батты. -Енді балалар, үйге берілген тапсырманы **«Банкідегі сөздер» әдісі** арқылы сұраймын. Ол үшін алдарыңызда тұрған банкідегі қима қағаздардағы өлең жолдарын ретімен құрастыру қажет және болған соң сол өлең шумақтарын жатқа айтамыз. (**топтық жұмыс**).

Аудиодан «Бағаналы терек» өлеңін тыңдату

Топтық тапсырма:

1-топ: Өлеңнің шығу трихына шолу жасау

2-топ: Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау үшін концептуалдық кестені толтырыңдар. Топтық жүргізу тапсырмалар беру арқылы дамыту. **Жұптық тапсырма:**

1-жұп тапсырмасы: Автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазыңыз.

Шабыттарыңызды шындап, автор стилін сақтай отырып, 2-3 шумақ өлең құрастырыңыз.

- ... алғанша,
- ... алсайшы,
- ... салсайшы,
- ... үйреніп,

2-жұп тапсырмасы: «А-Я» әдісі арқылы орындалады. Оқушылар өлеңге қатысты тірек сөздерді төл әліпби ретімен сәйкестікте жазады, олар қанша әріп жаза алса, сонша жазады. Мысалы:

- А – Асыл сөз
- Ә – Әсірелеу
- Б – Бағаналы терек

3-жұп тапсырмасы:

«Егер де...» деп басталатын оқиғалар тізімін жасайды. *Мысалы: Егер де Махамбет пен Исатай Еділ-Жайық үшін шайқаспағанда, бүгінгі бейбіт өмірге қол жеткізуіміз қиын болар еді*

4-жұп тапсырмасы:

BAR аббервиатурасы бойынша жұмыс жасайды.

- В – артық
- А – қосу

R – алып тастау.

Берілген үзіндіге жаңа дизайн береді, яғни өлең мазмұнын бүгінгі күнге келтіріп өзгертеді. (Артық сөз немесе жолдарды алып тастайды, өздерінікін қосады, кейбірін мүлдем алып тастайды).

5-жүп тапсырмасы:

«Кейіпкерге хат» Махамбетке хат жазу

6-жүп тапсырмасы:

«Маған қатты ұнаған өлең жолдары» әдісі өлеңнен ұнатқан жолың «Маған қатты ұнаған өлең жолдары» деген флипчартқа жазу. Оқушылармен тапсырмалар беру арқылы жүйелі жұмыс жасау.

Махамбет Өтемісұлы – халықтың азаттығы мен теңдігі жолында қылыштың ұшымен де, азаткер, асқақ жырының күшімен де қызмет еткен қайраткер. Өзі арман еткен ақ жолда қанын төгіп, жанын пидә еткен халқымыздың біртуар арыстай ұлы, ақберен ақыны, ержүрек батыры Махамбетке қандай құрмет көрсетсек те көптік етпес еді. 2004 жылы ақынның 200 жылдығы мемлекет пен қоғам қайраткерлері, ғалымдар, ақын-жазушылардың Қараойдағы шараға белсенді қатысуымен әсерлі, мазмұнды өтті. Ақынның 220 жылдығына орай байытылса, көлемі кеңейтіле түссе, Абайы ортақ, Жамбылы ортақ қазақтың Махамбеті де ортақ екені іс жүзінде дәлелдене түссе деген тілек көпшілік назарына ұсынғандағы мақсаттың негізгі тіні. Бұған байланысты қолында билігі, қоржынында қаржысы барлар бірлесе қолдап, қоғамдаса қолға алса деген тілек бар. Бір кезде құрылды деген Махамбет қорынан да хабар-ошар жоқ болып кетті. Алдағы уақытты Махамбет өлеңдері мен күйлері – руханият жаңғыру үстінде, бүгіл әлем танып шарықтай түсетіне сенімім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Новиков В. Художественная правда и диалектика творчества.- М: Сов.писатель, 1997. - 20-21 с.
- 2.Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. 2 т. – Алматы: Жазушы, 1993. – 458 б.
- 3.Тұрбеков А. Реалистік және типтік характер. Алматы: Қазақ ССР Ғылым баспасы, 1970. – 92 б.
- 4.Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 213 б. – 464 б.
- 5.Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат. 1994. – 38 б.
- 6.Ахметов З. Махамбеттің ақындық шеберлігі. Махамбет: Елдік пен ерліктің өшпес рухы. – Атырау, 2002. – 24 б.
- 7.Қазақстан Республикасы ОММ. 4 қ., 1 т., 1974 іс, 10-12 пп.
- 8.Тасмағамбетов И. Махамбеттің жыр жебесі (алғысөз ретінде). Махамбет. Жыр-жебе. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 11 б.
- 9.Аманшин Б. Дауылпаз ақын. Махамбет. Жыр-семсер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 5 б.

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН МӘНІ

Ахметова Шолпан Кенжалықызы

Астана қаласы Қ. Мұхамедханов
атындығы №90 гиназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

Махамбет, Махамбет...
Білмеймін жел ме, сел ме,
Жырда онымен бір тұлға теңесер ме?
Әділетсіз дүниенің қабырғасын
Махамбетше сөгер жан кездесер ме?

Фариза Оңғарсынова

М. Өтемісұлы – ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің мәртебесін биіктетіп, абыройын асқақтатқан аса талантты тұлға. Ол - даланың өр мінезді перзенті, батырлық пен ақындықты, қайсар рух пен зорлыққа қарсы үн көтеріп, азаттық, бостандық, теңдік туын желбіретті, әділетсіздікке қарсы тұрған ақын-жыршы. Махамбет өлеңдерін оқудағы мақсат –өлең- жырларының әр алуан тақырыпты қамтитындығы, өлеңдеріндегі өршіл рухты, жоғары деңгейде таныту, жырларының көркемдік ерекшелігін, өзіне тән тілін, мәні мен маңызын ұғындыру болып табылады. Өлең-жырлары тәрбиелік, ойларын дамытуға - Отанын сүйуге, шыншылдыққа, адамгершілікке баулу, өзіндік ой өрбіту, қиялдау, салыстыру, ой қорыту сияқты қабілеттерін арттыруға бағытталады. Өлең-тәрбие құралы. Көне заманнан бері халықымыз тәрбие құралы ретінде ертегі, аңыздарды, батырлар жырлары мен дастандарды, өлеңдер мен терме, баталарды, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздер мен шешендік өнерді, ырым-тиым сөздерді тиімді пайдаланып, ұлттық дәстүрімізді жалғастырып отырды. Көтеріліс кезінде Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды Жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы-өршіл жырлары болды. Махамбет өлеңдерінде ұрпақ тәрбиесіне қатысты тәрбиенің сан-алуан салалары атап айтқанда, адамгершілік-имандылық, сұлулық, ел жандылық, экологиялық тәрбие туралы жан-жақты сөз болады.

Махамбет шығармаларының жастардың бойында жағымды адами қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыруда алатын орны ерекше. Жастарды елін, туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жарақты жауды тоқтатып» есі үшін құрбан болған елдің арманы жоқ, туған халқы, елі үшін кездескен қиыншылықты жеңе білуге жас ұрпақты үгіттеді. Махамбеттің:

Менің атым – Махамбет,
Жасқұстағы Жәңгір хан
Ісінен болдым құса - дерт.
Атасы өткен Айшуақ
Соны көзі көрді ғой:
Менің атам Өтеміс

Елдің қамын жеді ғой - деген жалынды отты сөздерінен аңғаруға болады.

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығуға
Қас үлектен туған катепті
Қара нар керек біздің бұл іске.

Қабырғасын қаусатып,

Біздің бүйткен бұл іске, - деп аталатын өлең жолдарында жастарды қандай ма болмасын қиындықты жеңе білуге туып өскен Отанын елін сүйуге, елжандылыққа тәрбиелеуге жас ұрпақты үндеді. Махамбет ел, халық жүрегінен мәңгілікке орын тапты. Оның жырлары елдің рухын көтеретін, ерлікке, елдікке бастайтын ұран іспетті. Сондықтан да болар халқымыз Махамбеттің есімін де, отты жырларын да қатты қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа рухани қазына ретінде аманаттап жеткізіп отырды. Махамбеттің қай өлеңін алсақ та, оның негізгі ойы— жас ұрпақты ерлікке патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелеу. Оның шығармаларындағы айтылған қағидалар көтерілген мәселелер бүгінгі педагогиканың уақыт талабына қойып отырған мәселелерімен үндесіп жатыр. Махамбет – шығармашылығы ұлттық рухпен тығыз байланысты Қазақстанның көрнекті әдебиет қайраткерлерінің бірі. Оның шығармалары қазақ мәдениетін, дәстүрі мен тарихын терең білу мен түсіндіруді, сондай-ақ ата-бабалар мұрасын сақтауға және жеткізуге деген ұмтылысты ашады.

Махамбет шығармашылығының тағы бір маңызды қасиеті – оның қазақ табиғатына жақындығы. Оның шығармаларында Қазақстан табиғатының сұлулығы мен құдіретін көрсететін дала, тау, өзен, орман бейнелері жиі кездеседі. Туған жерінің сұлулығын асқақтата отырып, оның символдық мәні мен тереңдігін шебер жеткізеді. Табиғат оның шығармаларында ұлттық рухпен үйлесімді үйлесім тудыратын ұйқас пен ырғақ кеңістігі қызметін де атқарады. Мысалы, «Нарында», «Жайықтың бойы енді су», «Еменнің суы-сары бел», т.б

Біздің анау Нарында

Бір төбелер бар еді-

Айналасы ат шаптырса жеткісіз,

Қиқулай ұшқан қырғауыл,

Күніне құлан да басып өткісіз,

Күндіз келген қонағы

Кешке үйіне кеткісіз.

Қойды мыңға толтырған

Сол Нарынның құмдары,

Түйені жүзге толтырған,-деп табиғатты көркем суреттейді.

Махамбет өлеңдерінің негізгі кейіпкерлері және досы-Исатай мен өзі. Махамбет жан қиысқан қанды көйлек досы Исатай Тайманұлының батырлық, азаматтық тұлғасын, портретін ғажап жасап шыққан. Ерлерді сипаттау ертедегі жырлардан келе жатқан дәстүр, алайда Махамбет солардан алған үлгіні одан әрі күшейтіп, өзіне дейінгі сипаттамалардан әлдеқайда асып түседі және батырға деген өз сезімі, аса берілгендік сенімі бұрын-соңды болмаған дәрежеде айтылады.

«Құландай ащы дауыстым,
Құлжадай айбар мүйіздім
Кер миығым, кербезім

Керіскедей шандозым!..», - деген ғажайып суреттерді бірінен соң бірін тоғытқанда, Исатай бейнесі керемет өсіп, биіктеп, қиялыңды арбайды.

Батырдың өлімін халық басына түскенең ауыр күн есебінде бейнелейді. «Мұнар күн» өлеңін Исатай өлімі туралы айтқан. Бұл өлеңінде ақын халық қайғысын терең тебірене сезіну арқылы өмірде болмайтын құбылыстарды болдыға балап, суреттейді. «Бұлттан шыққан шұбар күн», «буыршын мұзға тайған күн» күңірене жырлаудың белгісі. Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңінде де ақынның еліне деген сүйіспеншілігі тамаша өрнектелген. Махамбет көл қорыға қызғыштай елі үшін отқа түседі. Махамбеттің жырлары – ерліктің, өрліктің гимні, қайсарлықтың символы. Ерегескен дұшпанға қызыл сырлы жебедей қадалған Махамбет – жақсыларға еп, жамандарға көп, лапылдап тұрған өрт. Аңдамаған жалынана шарпылады. Жауырынан етін алса да жалынып, жалтақтауды білмес, қыңқ етпес табандылық ердің еріне бітеді. Халық қайғысын айтуға хан ұлынан қаймықпау да, «бас кесермін, жасырман» деп, қасқая қарап тұру кез келгеннің қолынан келе қояр ма екен? «Қызғыш құс» өлеңінде де ақынның еліне деген сүйіспеншілігі тамаша өрнектелген.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айырылып,
Жалғыздықпен болдым дос.

Махамбет өз туған халқының перзенті ретінде өз елінің болашағынан үлкен үміт күтті, елдің еркіндігін аңсады:

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім...

Махамбеттің бұл арманы бүгінде орындалды, іске асты. Бүгінде Қазақстан Республикасы – егеменді ел. Тәуелсіздік алған мерзімнің ішінде көптеген жетістіктерге қол жетті. Ұрпақ бойында ұлттық рухты, өзіне деген сенімділікті, халқына деген құрметті қалыптастыруда Махамбет өлеңдерін түсіне отырып оқытуымыз қажет. Махамбет ел, халық жүрегінен мәңгілікке орын тапты. Оның жырлары елдің рухын көтеретін, ерлікке, елдікке бастайтын ұран іспетті. Сондықтан да болар халқымыз Махамбеттің есімін де, отты жырларын да қатты қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа рухани қазына ретінде аманаттап жеткізіп отырды.

Өзге елде зерделі ақын бар ма осындай,
Салмағы әр сөзінің қорғасындай.

Көңілде өзгермейтін табы қалған, Тарихтың тасқа соққан таңбасындай,- дей келе, Махамбет бабамыздың тарихтағы ізі мәңгі өшпестей ұрпақтан - ұрпаққа айтыла берер мұра екендігі сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті.-2003.-12.09.
2. Елеукенов Ш.Замандас парасаты. Алматы.
3. Интернет желісі: Stan.kz, Bilim-all.kz, <https://www.zharar.com/>

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ЖИИ ҚОЛДАНЫЛАТЫН АФОРИЗМДЕРІ

Калмакбаева Гульназ Ернатовна

Абай облысы Жарма ауданы Қалбатау ауылы
«Маяковский атындағы орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ халқының ой-санасы Абай, ар-намысы – Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен болашаққа еңсе тіктеген ұрпақпыз. Махамбет - қазақ аруына көрік беретін қос бұрымы іспеттес, ақындық пен батырлықты бір арнаға түйістіре отырып қатар өріп ерекше дүние туғызған қайталанбас наркескен. Махамбет Өтемісұлы – тарихта батыр, әдебиетте ақын, ерлік пен елдіктің өшпес рухына айналған, бар биіктің ішіндегі қайталанбас тұлға. Әр өлеңін оқи отырып бойымызға - қайрат, кеудемізге - намыс, санамызға – рух тарайды. Әр сөзі тұнып тұрған тарих, әр оқырманына оқыған сайын ой салып жетелеп отырады. Махамбеттің алмастай асыл өлең сөзі сөз қадірін түсінген қазақ баласын қай заманда да өз тылсымына тарап, қайран қалдыруы қай кезде де өзектілігін жойған емес.

Махамбет – өр, биік, ақылды, ел дегенде ет жүрегі елжірейтін азамат сөздері мірдің оғындай өткір де мағыналы аса мықты ақын.

Ақынның өлеңдері ең алдымен, қайтпас қайсар күрескерлік рухты танытатын ерекше жанрмен жазылған, тілі жеңіл болғанымен айтар ойы, түсінігі тереңде жатыр. Оның өлеңдері жорық үстінде туып, табан асытнда кезкелген уақытта шығарып күрескер халықтың жадында сақталып, ұранына айналған. Ел қорғаған би-шешендердің сөздері, тілімізде жиі кездесетін мақал-мәтелдер сияқты Махамбет өлеңдері қаптаған қалың сарбаздарды күреске шақырып шыңлап отырған.

Махамбеттің «Дүниеде не жаман?» секілді шешендік толғауында

Жаманнан туған жақсы бар,

Адам айтса нанғысыз.

Жақсыдан туған жаман бар,

Күндердің күні болғанда

Бір аяқ асқа алғысыз,- деген жолдарда халық арасындағы «Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған, қарғадан қарға туар қарқылдаған» деген афоризммен үндес.

Махамбет өлеңдері шешен тілді ширыққан рухына орай, тілге жеңіл оралымды. Көкейде тез жатталып қалатындығы да оның нақылдық сипатында. Оның өлеңдеріндегі кейбір нақылдардың түп-төркіні ежелден бар халық

мақалдарында жатыр деуге болады. Мысалы, «Біткен іске сыншы көп, піскен асқа жеуші көп» деген халық мақалын ақын былай түрлендіреді:

*Біткен істің міні жоқ,
Бітірген ердің кемі жоқ.
Тура ажалдың емі жоқ.*

Соңғы тармақ «Ажалдың айтып келмейді» дейтін халық мақалымен де үндестік табады.

Ат үстінде күн кешкен жауынгер ақын оның қадір-қасиетін ерекше бағалаған.

Арпа жемес арғымақ,

Ақ селеу отқа зар болар, - дейтін афоризм арғымақтың ғана емес, асыл текті ақынның да тарыққан өз халін көріп, бұл көтерілістің жеңіліс тауып, ақынның серіктерімен Бекетай құмында сансырап қалған сәті еді.

Махамбеттің «Ұл туса» дейтін толғауы да афоризмге толы:

*Таудан болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Ордалыға көз салма,
Оғы қалса жоғалмас.*

Немесе:

*Асылдан болат ұл туса,
Екі жақ болып тұрғанда,
Егескен жерден шарт кетер,
Жауырыннан өтін алса да,
Жамандарға жалынбас.*

Бұл өлеңдерде халық арасындағы «Асылдан-асыл туады, жалқаудан- масыл туады», «Тереңге мені сал, биікке мені жұмса», «Ерегескен ел болмайды, есептескен дос болмайды, аңдысқан ауыл болмайды», «Ерегескен ел ешқашан береке таппайды» деген мақал-мәтілдермен үндесіп халық арасында жиі айтылады.

Махамбет Өтемісұлының өлеңдері айшықты афоризмдердің қоймасы іспеттес. Ақын афоризмдерінің өзі бастан кешкен өмір шындығынан туындағаны барлығымызға айқын. Әсіресе, оның жауынгерлік, ерлік өмірден түйген өсиет-нақылдарынан биік адамгершілік, отансүйгіштік рух танылады. Махамбет афоризмдері осы ерекшелігімен халық жадында сақталып, мәнін жоғалтқан емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіқұлова Р. Махамбет жырларындағы ерекшеліктер // Қазақ тілі мен әдебиеті 2003 № 6.
2. Боранғалиұлы Т. Қызғыш құс // Егемен Қазақстан.2003 №4
3. Жүсіп Қ. Арыстан еді-ау Исатай ...! // Егемен Қазақстан 2005 № 9
4. Махамбет. Жыр семсер. Алматы, Жазушы. 1979.

МАХАМБЕТ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ СӨЗ ҚУАТЫ

Жумабаева Гульжанат Тиышбаевна

Қостанай облысы, Рудный қаласы

Б.Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі

Әр ақын көбінесе өзі өмір сүрген кезеңнің тыныс-тіршілігін көзімен көріп, басынан өткергенін жыр етеді. Оның өлеңдері – өз өмірбаяны да іспетті. Махамбет өмір сүрген ХІХ ғасырдың бірінші жартысы қазақ тарихында қайшылығы мен қақтығысы мол кезең болатын. Сол дәуірдегі тарихи жағдай, әлеуметтік қайшылықтар, күйзеліс күшейе түсіп, Махамбеттің буырқанған ашу-кекке толы, еркіндік аңсаған поэзиясының өмірге келуіне негіз болды.

Ақын өлеңдерінің тақырыбы, мазмұны жағынан саралай қарасақ, қазіргі күнде де өз маңыздылығын еселей түскендей. Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында айтылған Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайтын ұрпақты тәрбиелеуде Махамбет жырларының маңызы зор. Отты өлеңімен рух беретін «Орай да борай қар жауса, қалыңға боран болар ма» толғауы ақын айтқан сайын ширығып, қынулы да қызулы жолдары нәсерше төгітеді. «Үйде жатқан жігітке, Төбеден тегін атақ болар ма?!» - деп жігіттерді ерлікке шақырып ұрандайды. Жас ұрпақты тәрбиелеуде басшылыққа алынған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының міндеттерінің бірі – абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу.

Осы орайда, тәрбие процесінде асқақ рухты ақынның патриотты жырларының мәйегі зор. Ақынның «Туған ұлдан не пайда, қолына найза алмаса» «Алаштың байлығынан не пайда, тарығып келген ерлерге қайыры оның болмаса?!» «Алтын тақты хандардың Хандығынан не пайда, қаріп пенен қасірге туралық ісі болмаса?!» осы тұста «не пайда?» риторикалық тіркесті қайталау арқылы өзінің өмірден түйген дидактикалық – философиялық пайымдауларын жеткізеді. Бұл риторикалық сұраумен келетін эпифоралық қайталаулар патриоттық толғауға әсер, күш беріп, ойын жаңғыртуға да, дамытуға да септігін тигізіп тұр. Ақын ел намыс- жігерін жанып, майданға, ерлікке шақырады.

Толғауда нақыл, тапқырлық шешендік сөзге жүйріктік басым. Жырларына үніле қарай отырып, «Ереуіл атқа ер салмай» «Арғымақ сені сақтадым» «Маң – маң басқан сары атан» «Жүйрік аттың белгісі» өлеңдерінде малға деген көзқарасын, жүйріктік пен күштілікті, төзімділікті аса қадірлеген этностың ұлттық психологиясын аңғарамыз. Ақын мал мен жан қасиетін бір-бірімен қабыстыра мақал үлгілес афоризмдерді шебер қолдана отырып, ерекше әсерлі жыр толғайды: «Арғымақтан туған қазанат, шабуыл салса нанғысыз» Ақын, әсіресе, өмірлік шындық пен көркем шындықты тамырластырып, маңыздылығы

мен құндылығын жинақтай, тыңдаушысына бейнелей, өрнектей, әсерлей жеткізеді: Азамат ердің баласы

Аз ұйықтар да көп жортар-

Дұшпанға кеткен ары мен

Барымтаға түскен малы бар,- деген шабытты жырлары ішкі психологиялық шабыттан туған дүниелер. (72-бет)

Махамбеттің барлық өлеңдері шындыққа негізделген реалистік өткір поэзия. Ел арасына «Сіз менен өткір пышақтан қорыққандай қорқасыз, менің пышақ екенім рас, бірақ екі жүзді емеспін» деген сөзі дәлелдей түскендей. Оның жігіттерге ақындығымен де, батылдылығымен де, үлгі- өнеге, қайрат-жігер беріп отырғандығын аңғарамыз. Ұлан –байтақ Отанын сүйіп, құмына дейін қастерлей білген патриот ақынның жырлары өскелең ұрпақ үшін үлкен тәрбие мектебі десек те болады. «Намысты адам намысы барды қадірлейді және намысы жоқты сыйламайтыны - заңдылық», -дейді Бауыржан Момышұлы. Олай болса, Махамбеттің намысты жырлары адамға ұнамауы мүмкін емес. Ақын жырлары жастар жанына патриоттық сезім ұялатып, Өз Отанын, ата-анасын сүйуге, озбырлық пен зорлыққа, арсыздық пен қорлыққа қарсы тұра білуге баулиды. «Темірқазық жастанбай, қу толағай бастанбай, ерлердің ісі бітер ме?!» деп ерлікке, өрлікке шақырады. Ата-анаға, балаға, ағайынға адал, «қарындастың қамы үшін» қолына егеулінайза алып, «қара қазақ баласын хан ұлына теңгеруді» мақсат етеді. Келешек ұрпақ қамын ойлайды. Ұрпақ қамы- болашақтың, ұлттың қам – қаракеті асқақ ақынның арманы болды. Қазіргі өскелең ұрпақты «Сөзіне берік, ісіне адал болу, халқына адал қызмет ету» ар-ұят құндылығы бойларына сіңіру мәселесі «Ел құтқарар ер едім, Жандаспай ақыры бір тынбан» ақын жырларымен үндесіп жатқандай.

Ақынның тіл орамдарына келер болсақ, құнарлы тіл, тың да дәл теңеулер нөсерлі жырға дан сайын қуат беріп, әрі көріктендіріп тұр. Айта кетсем:

Қоғалы көлдер, құм сулар 94-бет

Кімдерге қоныс болмаған?

Саздауға біткен құба тал

Кімдерге сайғақ болмаған?! – деген өлең жолдарынан ерекше ажар, мәнді мазмұн, эпитеттерді қайталамай өзінше нұсқалы түр туғызады. Ақынның:

(99-бет)Ат-жігіттің майданы.

Қылыш- жігіттің дәрмені,

Өлім- хақтың пәрмені.

Еменнің түбі- сары бал,- десе, метафоралық тіркестер өлеңнің әсерін күшейтіп, отты сөздерге айналдырып, ажарын кіргізіп, айтпақ ойының экспрессиясын арттыра түскен. Әр жолда ерлік, өршіл мінез бар.

Ел намысын қорғап, көкірегін кек кернеген дауылпаз ақынның қазақтың қара өлеңіне сыйдыру қиын еді. Сондықтан да ақын толқын атып, бірде жағалауға жетпей, бірде жетіп, енді бірде арнасынан асып, төгіліп жататын дауылды күнгі теңіздей- буын саны өлшемсіз, өз табиғатына сай тегеурінді де қуатты жыр түрін тудырды. Ол өлеңдерінде ақын стихиясының сыры, қуатты күші жатыр:

Садағына сары жебені салдырған,
Садағының кіресін
Сары алтынға малдырған. (104-бет)

Жалпы ақын өлеңдерінен, сөз саптауынан өзінің образын-өршілдігін, өжеттігін, қайсар-қайтпас жаужүректігін, елге қамқор, жауға аяусыз, сөйлер сөзге келгенде шешен, ақпа-төкпе ақын екендігін байқау қиын емес. Ол саналы ғұмырында шындық іздеп, елінің болашағы, теңдігі, тәуелсіздігі жолында күтесіп өтті. Ол өлеңді өмірдің өзінен алды. Ойынды қорытындылай келе, «Халық тағдыры- поэзиясының мәңгілік тақырыбы» болған ақын жырының арналы өзегі өскелең ұрпақ үшін ұлан-ғайыр өшпес мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Жұмалиев, С. Қирабаев «Қазақ әдебиеті» Алматы «Рауан» 1992
2. К. Мырзағалиева «Махамбет Өтемісұлы өлеңдеріндегі көркем шындық мәселесі» 2004 ж.
3. Қ.Сыдықов «Көркемдік өрнектер» Алматы «Рауан» 1992ж.

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАС ҰРПАҚҚА НАСИХАТТАУ ЖОЛДАРЫ

Болат Жанибек

Қарағанды облысы, Балқаш қаласы,
«Балақай бөбекжайы» Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі

Заман жаңарған сайын бұрынғы ақындар шығармашылығының қуаты зорая бермек. Тарих шын асылды өзі іріктеп алады, ал заманында жүлдеге ілінсе де халықтың жүрегіне жетпеген өлеңдер уақыты көшінен өзі-ақ қалып қояды. Бір ғана жырымен, бір ғана өлеңімен, тіпті бір ғана тіркесімен ел есінде қалатын ақындар да аз емес. Соның бірі де бірегейі – заманында отты жырымен ел жүрегінен орын алған адуынды ақын Махамбет Өтемісұлы.

Отаршылдыққа жан-тәнімен қарсы болған, Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің басында жүрген ақын Махамбеттің жырлары да жалынды болды. Қазақтың соңғы жырауы деп санауға болатын ақын Махамбеттің жырлары халықтың күрескерлік рухын оятты, айқасқа шақырды, дүр сілкінтті. Тәуелсіздігімізді алып, ел егемендігін айқындаған тұста арғы-бергі рухани қазынамызды толық түгендеп алсақ нұр үстіне нұр болар еді.

Махамбет – қазақтың аса көрнекті ақыны. Жыраулығымен де, батырлығымен де ел аузына ерте іліккен Махамбет жырларының тәрбиелік мәні зор. Қазіргі ұлттық рух кемшін түсіп жататын тұста Махамбет өлеңдері халықты қайсар рухта тәрбиелері анық. Махамбет жырларының әрқайсысының мәніне тереңірек үңіліп, оны бүгінгі ұрпаққа үлгі ету – біздің алдымыздағы басты мақсаттың бірі.

Махамбет өлеңдерінің тәрбиелік мәні терең зерттеуді қажет етеді. Ақынның отты жырларын жас буынға қалай үйрету қажет деген сауал туындаса, ең алдымен Махамбет шығармашылығымен өзіміз толық танысып алғанымыз жөн дегім келеді. Себебі ақын шығармашылығына кез келген адамның тісі бата бермейді. Күрделі теңеулер, архаизм сөздер, метафоралар көп кездесетін ақын жыры адамды бірде айбаттандырады, бірде қайраттандырады. Ақын жырларындағы барлық сөзді, ойды терең меңгерген соң ғана оны балалардың санасына құйған жөн.

Махамбет шығармашылығы әр алуан тақырыптарға арнағана. Оның кез келген өлеңінде бұрынғы жыраулардан қалған дидактикалық сарындар көрініс береді.

Ақынның:

Өтемістен туған он едік,

Онымыз атқа мінгенде,

Жер қайысқан қол едік, - деуінің өзі ағайын арасындағы береке-бірлікті меңзеп, досты сүйіндіріп, дұшпанын күйіндірген.

Махамбет жырлары сол заманның айнасы іспетті. Халықты көтеріліске үндеу – ақын шығармашылығының басты кредосы.

Балдағы алтын құрыш болат,

Балдағынан қанға боялмай,

Асыл туған ер жігіт,

Түсінен шошып оянбай.

Қарындасқа қанды көбік жұтқызып,

Халыққа тентек атанбай.

Үйде отырған жігітке,

Теп-тегін атақ болар ма?!, - деген өлеңді сол заман тұрғысынан емес, қазіргі заман тұрғысынан алып қарап, жігіттің басты мақсаты үйде жатпай, елі үшін қызмет ету дегенді аңғаруға болады.

Сонымен қатар ақын бұрынғы жыраулар тәрізді жақсы мен жаманды үнемі саралап, салыстырып отырады.

Жақсыменен дос болсаң,

Айрылмас күні қос болсаң,

Басыңа қиын іс түссе,

Алдыңнан шығар өбектеп,

Жаныңа не керек деп.

Жаманменен дос болсаң,

Айрылмас күні қос болсаң,

Басыңа қиын іс түссе,

Басқа кетер бөлек деп [3], - деген өлеңнен біз ақынның дидактикалық сарындағы жырларын, ондағы дос пен қасты ажырата алу туралы насихатты аңғара аламыз.

Педагогикалық тәжірибеме сүйенсем, азулы ақынның жырларын мектепте 7-10 сыныптар арасында өтуге болады дер едім. Ал сабақ ретінде немесе сынып сағаты ретінде өтудің формасы әртүрлі. Қалай болса да, өмірін қазақтың

болашағына арнаған аяулы ақынның өмірі мен шығармашылығымен танысу балаларға аса қажет дүние деген ойдамын. Махамбет жайлы деректерде оның араб, орыс, татар тілдерін тәуір меңгергені айтылады. Оның күрескерлік өмірі 1836-1838 жылдар арасында өткен Бөкей ордасындағы ұлт-азаттық көтеріліспен тығыз байланысты. Көтеріліс Жәңгір ханның және сол кездегі байлардың жерді иеленіп алып, қара халыққа жер жетпегенінен туындаған еді. Ақын қатысқан көтеріліс туралы «Қазақстан тарихы» оқулығында былай деп келтірілген: «1836—1838 жылдары Бөкей хандығында аса ірі халық-азаттық көтерілістерінің бірі болып өтті. Ол көтерілістің басты себебі жердің жетіспеушілігі еді. Мәселен, Ішкі Ордадағы 20 мыңға жуық отбасы шаруашылығы жер тапшылығынан зардап шекті. Ең жақын шұрайлы жерлердің бәрін де ірі помещиктер мен байлар өзара бөлісіп алып қойған болатын. Қатардағы қарапайым қазақтар жерді солардан жалға алып пайдаланды. Қазақ ақсүйектері орыс помещиктерінен жалға алған жерлерді өздерінің жеке қалауы бойынша қазақ ауылдарына көтеріңкі қымбат бағаға тағы да қайыра жалға беріп отырды. Сөйтіп қазақтардан әр түрлі айыппұлдар мен алым-салықты еселеп алып тұрды» [1]. Осындай себептермен Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы сияқты халықтың аяулы ұлдарының «Зар заман» деп аталған, күңіреніске толы өлеңдеріне, солар уайымдаған мәселелерді Махамбет те өз басынан кешті. Сан рет жауға қарсы шықты, сан рет халықты күресуге шақырды. Сол кезде Махамбет өзінің Исатайға, яғни көтеріліс басшысына деген айнымас көңілін, ілтипатын өлеңмен білдіріп отырды. Көтеріліс халықтың соғыс қаруларының жетілген болмағанымен, басып-жаншылса да халық арасындағы батырлардың атын өшіре алған жоқ. Қайта жыл өткен сайын ақын Махамбет пен оның досы Исатай батырдың тұлғалары зорая түскен.

Махамбет шығармаларын халыққа жеткізудің бірқатар жолдары бар. солардың біразын ұсыныс ретінде айтып кетуге болады.

1. Махамбеттің өмірі мен шығармашылығын кинофильмдер, сериалдар түсіру. Тарихи шындық толып ашылып, ақынның, батырдың нағыз шынайы бейнесін беретін сериалдар болса, халықтың сусаған көңілін басар еді. Бұл әсіресе, мектепте оқитын жас жеткіншектерге аса қажет. Ақын шығармаларын оқып, киноны көріп өткен бала ұлт руханиятына басқаша көзбен қарай алады. Бірнеше жыл бұрын Бөкей Ордасы туралы және Жәңгір хагн туралы тарихи фильм, сериал түсірілген болатын. Сондай талантты режиссерлер арқылы Махамбет шығармашылығын насихаттау тарихқа қосқан тамаша үлес болар еді.

2. Өзімнің педагогикалық тәжірибеме сүйенер болсам, Махамбет шығармашылығын сыныптан тыс сағат ретінде сыныпта өтетін едім. Қазіргі таңда біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектепте көптеген іс-шараның өтуі бастау алып жатыр. Солардың бірі ретінде ақын шығармашылығын енгізуге болады. Мысалы, өткен жылдан бері республика көлемінде «Төрт тоқсан – төрт өнер» атты ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы іске асырылуда. Сол жоба бойынша республикада әр тоқсан оқушылар үшін әртүрлі жоба болып саналады. Мысалы, сол жоба бойынша бірінші тоқсан ақындар айтысына

арналған. Тек ақындар айтысы емес, сол жоба бойынша сол тоқсанда ақындарға қатысты басқа да іс-шаралар атқарылады. Әсіресе, ақын-жазушылар шығармашылығына аса қатты мән беріледі. «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасында ұлттық құндылықтарға қатты мән берілген. «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасының тұжырымдамасында былай келтірілген: «Ұлттық құндылықтар патриоттық сезімдерден, өз халқына, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне деген мақтаныш сезімінен, өз ұлтының өкілдеріне жанашырлық сезімдерінен көрінеді және өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі ең маңызды қозғаушы күш болып табылады. Ұлттық мерекелер, халықтық салт-дәстүрлер негізінде балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты – балалардың адамгершілік тәжірибесін меңгеруі, халықтың рухани мұрасын мұра етіп қалдыру, тұлғааралық және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне жету. Мереке қарсаңында еліміздің барлық бұрыштарында, білім беру ұйымдарында "төрт тоқсан-төрт жарыс" ұлттық мәдени – ағарту жобасы (бұдан әрі - жоба) шеңберінде жаппай мерекелер, конкурстар, көрмелер, жарыстар, олимпиадалар, фестивальдар өткізіледі [2]. Осы жоба арқылы Махамбет шығармашылығы мектепте үнемі насихатталса, ақынға деген ең үлкен құрмет сол болар еді.

3. Мектепте махамбеттану сабағын факультативті сабақ ретінде өтуге болады. Үнемі ақын шығармашылығын насихаттау, ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеген тұлғаларды мектепке қонақ ретінде шақырып отыруға болады. Махамбет туралы жазылған еңбектермен танысу, туған жеріне экскурсиялық сабақтар ұйымдастырып тұру да балалардың Махамбет өлеңдерімен тәрбиелеу болып табылады.

Қорыта келгенде Махамбет шығармашылығы өлмек емес. Оны жас ұрпаққа таныту біздің басты міндетіміз болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. Алматы: Атамұра, 2008. — 352 бет
2. «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы // «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ (altynsarinroo.edu.kz)
3. Махамбет Өтемісұлы: Өлеңдері [Текст]: XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы / М.Өтемісұлы.- Алматы: Ғылым, 1985.-62-81б.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ ДӘСТҮРІ

Абдикалыкова Тұрсын Серикбаевна

Астана қаласы, №91 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Алдыңғы толқыннан кейінгі буынның үйренуі заңды құбылыс. Олар үшін аға ұрпақ өкілдерінің жеткен биігі үлкен асу, биік меже. Қолына жаңа ғана қалам ұстаған жас талапкер қазақ поэзиясының озық үлгілерінен ғана емес, әлем поэзиясынан нәр алып, жетістіктерін бойларына сіңіре білулері керек. Содан кейін барып соны ізге түсіп, өз стилін қалыптастырады. Әрине, бәрі талантқа, ізденіске байланысты. Бірі еліктеу-солықтаудан аса алмай, бірі өзінше жол тауып, жаңашылдыққа бет бұрады. Дәстүр сабақтастығын жаңашылдыққа бет бұрады. Дәстүр сабақтастығын жаңашылдық әрі қарай жалғап, ғасырлардан ғасырға ұласа бермек. Яғни, «дәстүр әрдайым жаңашылдыққа кеп тіреледі, жаңашылдық өзгеше формаға еніп дәстүрдің қайнауынан шығады да, қайталай дәстүрге айналады». /45, 52 б./. Өнердің көкжиегін кеңітіп, кең өріске бастайтын – дәстүр. «Махамбет, Абай жырлары өздерінен кейінгі талай ұрпақ ақындарға жарық шырақ болғаны аян. Ол жырлардан қазіргі қазақ ақындары да үйренеді, келер толқын да көңілге нәр, ойға азық алары кәміл» /99/.

«Өзгелерді өз алдына қойғанда өртке тиген дауылдай өлеңі» өзінен аумаған Қасым мен «күпі киген қазақтың қара өлеңіне шекпен жауып өзіне қайтарып» кеткен Мұқағали әдеи-эстетикалық сауатын бәрінен бұрын «Махамбет мектебінен» оқып ашқан» /100/, - деп академик З.Қабдолов айтқандай, Махамбет поэзиясындағы өшпес рух, сөнбес жалын, күш-қуат өзінен кейінгі ұрпақ өкілдерінің өлеңдеріне де сәулесін түсіргені анық. Мұны «Отты жырлар отты жылдарға жазылуға тиіс еді» /101/, - деп Қасым Аманжоловтың өзі де мойындап кеткендей.

Қасымның дауылды өлеңдерінде Махамбет сарыны қалайша жоқ дей аламыз. Ақын «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасында:

Қасиет күші ұлы Отанның
Қанатын бер қыран құстың.
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп.
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл, жүрек! /102/ -

деп Абдолланың аузына сөз салса, «Өзім туралы» деген өлеңінде:

Өртке тиген дауылдай өлеңімді

Қасымның өзі емес деп кім айтасың! /102, 326 б./. – деп тебіренсе, шындығында да махамбет жырларының арыны да, жалыны да сезіледі.

Махамбет те, Қасым да қазақ өлеңіне соны леп әкеліп, жаңалық еңгізген

жаңашыл да шыншыл, өрлікті, ерлікті ту етіп көтерген батыр ақындар. Екеуі мінездес, үндес, тамырлас.

«Топ шеңгелден пыр-пыр ұшты бөдене

Көз ұшында сағымданған немене?

Нұрлы өмірге Исатай мен Махамбет

Отты жырын қайта бастап келе ме?

Келсе игі еді, көрсе игі еді біздерді, /103/ -

деп жырлаған Мұқағали Мақатаевтың осы «Құм нарында» атты өлеңіндегі «Шөккен нар-нар, бура-бура» деген жолы Махамбет жырларымен үндесіп тұрғанын байқау қиын емес. Қасым «Уа, дариға – алтын бесік туған жер» /102, 321 б./ - десе, Мұқағали «Дариға, домбырамды берші маған» /103, 55 б./, - деп тебіренеді. Мұқағали шындықты сүйген, сол шындықты Махамбетше ашық айтуды армандап өткен ұрпақтың өкілі:

Жасырмай ойымды айттым талай-талай,

Қайтейін кетті бәрі қарайламай.

...Айтарын ашып айтқан абайламай,

Дариға-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!! /103, 53 б./

Мұқағали енді бірде:

Жаса, Орал, жаңа Орал, жасыл Орал,

Қара бұлт қайта келмес басыңа Орал,

Көгінен, көлкіп жатқан көлге үңілем,

Оралым – Ордам менің таныс маған,

Бораның Махамбет боп дауыстаған.

Исатай ақ семсерін, Құрман бабам

Ұрпаққа домбырасын табыстаған /103, 326/, -

десе, Махамбет дауысын қайта жаңғыртып, үні жеткенше шындықты айтып, бабалар аңсаған арманды жалғай түскен ақын ұрпақтарының бірі Мұқағали Мақатаевтың өзі еді.

Махамбет:

Мен кесекті ердің сойымын,

Кескілеспей бір басылман...

Мен бір шарға ұстаған

Қара балта едім...

Мен ақсұңқар құстың сойы едім,

Шамырқансам, тақсыр кетермін –

десе, Төлеген Айбергенов:

Мен қара төспін, қайғыдан бақыт жасаған...

Мен жарық Жермін, Жаңғырықтарға үн қосқан

Мен сірі төспін, - сызылып аққан сымдармын

Жаңғырған болат жолдарға дейін

Басталып құйттай қармақтан /104/

деп толғанады.

Бір топырақта жаралып, дауылды күнгі Каспийдің толқынын, Атыраудың

қатал табиғатын көріп өскендіктен бе, әлде «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын» атты поэмасында «Жалқы Темірқазығым Махамбет» /105/ деп өзі мойындағанындай, жырымен сусындап, бойына күш-қуат алып өскендіктен бе, Фариза Оңғарсынова жырларында да Махамбеттің дауылды үні жиі ұшырасады:

Теңіз аласапыран
Тұра қашып, көктегі жасқанды бұлт,
Күркірейді жағада тас жаңғырып.
Дауыл толқындар өршелене
Шапшиды аспанды ұрып... /105, 6 б./

Іштегі дауыл сезім, күш-қуат қазақтың қара өлеңіне сыймай, буырқанып, асып-тасып, төгіліп, шашылып, әдеттегі қалпын өзгерткен. Тасқынды сөз де, өлең қалыбы да Махамбет жырларын еске түсіреді. Деміккенге дем, әлсізге күш, мұнайғанға жәгер беріп, жаныңды баурайды. «Шығарған шындық, арды естен, зұлымдықтарды қан кешкен Махамбеттен қалған нар кескен – айбалтажырмен шапсам, деп», «әділеттің шамын ғаламға, қарамай құрсау, қамалға лаулатып солай жақсам» деп Махамбетше мақамдап, Махамбетше сөйлейді. «Серігім – жырым-жебеммен, жүрегім-желкен, жел кернеп, қарсы ағыстырса, сенге өрлеп, қагілез құттай денеммен дауылдарды құшып келем мен» деп, Махамбетше теңеу, метафораларды қарша боратады. «кеуделерді қақыратар дабылы Арыстанды-Қарабастың дауылы керегіп тұр маған бір! Қағындырар шемен болған шаңымды шаңға бөккен жанымды» /105, 288 б./ десе, Махамбеттің «Толарсақтан саз кешіп, тоқтамай тартып шығарға қас үлектен туған қатепті Қара нар керек біздің бұл іске» деген жолдары, Қасымның «Дауылы» ойға оралады: «Ышқына соққан дауылға құмартушы ем жасымда, нөсерлеп құйған жауында қызығушы ем жасынға ... Дауыл! Дауыл! Дегенге, шықтық үйден дүркіреп, аспан тұрды төбемде, алас ұрып, күркіреп... Жігіт болдым, ер жеттім. Мен дауылдың ұлымын» /102, 319-320 б./

Енді Фаризаның «Ей, құм Нарын, құм Нарын» толғауындағы мына жолдарға көз жүгіртейікші:

Қасиетті Нарын, құм Нарын,
Киелі менің құндағым...
Тұяғы таймас тарланға
Тоқтышақ тақым салғанда ...
Еділдің бойы ен тоғай –
Жайлаған біздің ел талай
Аймағым десем, кім сенер?
Егеулі найза қолға алған
Атаны көріп оқ жонған...
арманда кеткен ер үшін,
адыра қалған жер үшін
ақырып теңдік сұрарға! /106/.

Толғаудың тілі, айшықтау тәсілдері, еспе, кезекті қайталау, дыбыс үндестіктері, екпін, теңеу, метафора, жігер, таныс жолдар (қара әріптермен

терілген) Махамбет жырларына тән екені талас тудырмаса керек. «Тазарар түрім жоқ менің жанымның кірін жумай бір Махамбеттердің рухымен» дей отырып ақын Фариза ақын Махамбетше жыр нөсерін төккен.

Махамбет өскен, Махамбет жырына арқау болған Нарын құмы жайында сыр толғағанда жыраудың өз стиліне сөз саптап, оның кейбір жолдарын қайталау арқылы Фариза ақын өлең әсерін күшейте түскен. Бұл жырда Махамбет жырларының сыртқы формасы ғана емес, ішкі мән-мазмұны да сақталған. Ол – Махамбет жырларындағы ащы шындық, әлеуметтік пафос, тартыс, турашылдық, кесек мінез, халық қамын ойлау. Фариза да құм Нарынның «бәйтеректей жыңғылының жайрап» жатқанын, кейбір дүмшелердің билік құрып, адам адамға жау болып отырғанын, «адалдық жаяу ақсаңдап елсіз аралда қалғанын», «пасықтық машина мінген заманның» әділетсіздігін, «Өмірі желдің өтінде өткен Исатайға сол жерде бір белгі де қалмағанын» ақтарыла айтады. Бұл Фаризаның бір ғана өлеңіне тән құбылыс емес, жалпы Фариза жырларының да аса құндылықтарының бірі – шынайылығы, ақиқатын жеріне жеткізе, сүйектен өткізе айта білуі.

«Өзімді-өзім қайраумен, тістенумен,
Қуат сорып, ұшқын ап іштегі үннен,
Табанымнан тілінген шөңге жұлып,
Сәйгүлік – күшке мінгем» /105, 170 б./, -

деп өзі жырлағандай, намыстылығы мен жырларының буырқанған қуат-күші. «Жаны кірсіз, жас қиял – бұла халық, көрсетсем деп соларға бір ағалық» ел намысын жыртып, апа-сіңілілерінің арыр арлап, жырын жырлауы да Махамбет жырларымен үндесіп жатыр.

Әдебиетші ғалым С.Мақыпұлы Фаризаның «Алмас қылыш немесе Махамбетпен қалай кездестім» атты поэмасын талдап, таразылай келсе: «Ф.Оңғарсынова поэмасында Махамбеттің ақындық биік тұлғасы батырдың өз сөзі – толғанысы түрінде әсерлі де айшықты ашылған. Батыр ақынды оның биік болмысына, асқақ рухына сай сөйлету – толғандыру арқылы баба рухымен үндесе отырып Фариза осы тарихи тұлғаның ерекше жаратылыс – феномендік сипатын таныта алған. Поэмада Махамбеттің толғанысы арқылы өнеге қатысты көтерілген тағы бір маңызды мәселе – өнердің, ақынның қоғам, адам алдында атқаратын миссиясы. Бұл ретте Ф.Оңғарсынова Махамбетті үлгі ете отырып, өзінің де ақындық кредосын танытады» /107/, - дейді. Біз де осы пікірге қосыламыз.

Махамбет те, Қасым да, Фариза да өр мінезді, кесек сөйлейтін дауылпаз ақындар. Сондықтан да олар дауылды сүйіп, дауылды жырлайды. Бұл үш ақынның үндес, мінездес екендігіне тағы бір айғақ – Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы жайында жазған мақаласына Берқайыр Аманшин «Дауылпаз ақын» /9, 5 б./, Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығы хақында сыр толғаған Сырбай Мәуленов «Дауылды дарын иесі» /108/, «Найзағайлы қара бұлт» /83, 170 б./, - деп ат қойса, Фариза Оңғарсынованың екі томдық шығармалар жинағына жазған алғысөзін Рымғали Нұрғалиев «Мінезді жырлар» /35, 35 б./ деп атапты. Бұл атаулар тегін қойылмаған.

Махамбет «Адыра қалғыр қу Нарын» («Әй, Махамбет, жолдасым!»), «Бұл қонысқа қондырған ата-бабам оңбасын» («Қаршыға деген бір құс бар»), «Адыра қалған Нарынның» («Адыра қалған Нарынның») деп назалана айтса, Меңдекеш Сатыбалдиев:

Атырау елі,
Қалайша сені
Батыр емес деп айта алам!
..Теңіздің суын тұшытып ішіп отырған!
Атырау елі
Әмәнде жауға айылыңды әсте жимадың,
Қыршын жаныңды
«Құдай қарғаған» өлкені қорғап қинадың /109/, -
деп мақтанышпен жырына қосады.
Қорамсағыма қол салып,
Табанды жерге тіреп мен,
Көздедім сені, ата жау,
Көзіңнен емес,
Жүректен.
Жалғыз оқ жетті құртуға,
Шыбын жаныңды шыр еткен /110/
Немесе:
Жатырмысың, жампозым,
Жығылған жерің егесте –
Жастықсыз жайсыз емес пе?
Жараңды маған сыйпатпай,
Жантаю саған тыныш па
Жалаңаш жайдақ дөңесте? /110, 73 б./

десе де, Меңдекеш өлеңінен Махамбет екпіні байқалады. Махамбет өлеңдерінде кездесетін келісті кесте (дыбыс үндестігі, теңеу, метафора т.б.) де, Махамбет есімі де жиі ұшырасады. Әсіресе оның «Махамбеттің монологы» /111/ аталатын толғауы тура батыр ақынның өзі болып сөйлейді. Тоқсан алты жол өлеңде «К» әрпінің жүз он бес рет қайталануы өлеңге күш-қуат беріп, әрі көркемдігін көтере түскен. «Қызғышты қаңғыртқандарға қиямет-қайым төндіріп», «Қалғыған менің Нарыным, жалпақ жапан құм», «Қабыландай салам мен бүлік, кара шұбар қаптамалы қалың қолға қоңыраулы көк сүңгімен кеп кіріп», «Қылышымды қыршын қырандарыма қалдырып», «Қу қамыстай қаптаған жауды жапырып», «Қиқарланып қияс мүйізді құлжадай, қасарысқан жауымнан сұрадым теңдік ақырып, қалықпан құстай қанаттастарым, қайдасың, құнанша мұзға таймасын, қималы найза қайралсын», «Қақақулап шақырып» деген жолдарда, Махамбет Рухы, Махамбет мақамы, Махамбетке тән өрлік атойлап тұр.

Азаттық жолында арпалысып өткен Махамбет – бүгін Рух!

«Деміменен от үрлеп, шоқ сапырып жататын – кеудесінен бұрқ етіп ұшып шыққан жан Көнер ме, сірә, ырыққа, Көнерме сірә, құрыққа! Шыр айналған

шыбын жаным ақыры – басқа түссе бас кескен, тасқа түссе тас кескен, Кетіскенмен кетіскен, егескенмен егескен Айналды .ой Рухқа!» деп «Махамбет Рухымен сырласу» /112/ атты толғауында Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Темірхан Медетбек Махамбет Рухын сөйлетеді. Махамбет Рухы ел еңсесін көтеріп, жанға жігер, бойға қайрат берерлік өршіл Рух. Елдің қамын, азаттық таңын аңсаған жанның қолы жетпеген арман-мақсаты қашанда халық атынан сөйлеп, халықтың мұң-мұқтажын айтып өткен ақын Рухының монлогы да халықтың мұңы мен зары болып шыққан. «Көкке де сия алмай, елді ойлап егіледі, Жерді ойлап сөгіледі... Түн де құшып, күн де құшып, Қаздарменен қаз болып, Ақулармен аққу боп, Құстарменен бірге ұшады». Сөйтіп ол – рух:

Қуаныш пен шаттыққа
Толып кеткен мелдектеп
Бара жатты қызық боп
Бір күнімнен бір күнім.
Бостандық алған елімнің
Асып тұрды айбары.
Күміс болды құйылған
Қыздарымның тұлымы.
Алтын болды құбылған
Ұлдарымның айдары.

Мен Махамбет Рухы! –
Азаттығымен Елімнің
Мен осылай табыстым,
Мен осылай қауыштым! –

десе, толғауда Махамбет оптимизмі де сақталғанын аңғарамыз.

Махамбеттің өр мінезі ақын, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Иранбек Оразбев жырларында да мен мұндалайды:

Тіл кеспек жоқ!..
Тіл үшін шап басымды,
Жаным жүдеп,
Тәнімді қан тасынды.
Өгей тірлік – өтіріктің өртіне
Үйте алмаймын көнбіс кәрі-жасымды!
Жез діліңмен алтындайын жарқыра,
Күні ертең түсесің таз қалпыңа!
«Тіл кеспек жоқ»...
Тіл үшін ой көзімді,
Бассыз-көзсіз жырым жетсін халқыма /113/.

Қолына алмас қылыш ұстап, жан алып, жан беріспесе де, тілді, шындықты қару еткен ақынның осы бір шумақтарының өзінен оның ішкі әлемін, рухын, күш-қуатын, ой-мақсатын, мінезін сезінеміз. Ақынның әр сөзі мірдің оғындай, ішкі бұлқынысқа толы.

Ұлықбек Есдәулеттің «Балға» өлеңін оқып көрейікші:

Көкірегімде дүрсілдеген
Балғамды
Аллатағаладан алғам-ды,
Қара төске қарсы салғам-ды,
Жалпағынан жаншып жалғанды.
Талпынып жүріп арманға,
Темір етіктен –
Түймедей,
Темір аяқтан –
Тебен инедей қалғанда
Сынасы ұшып,
Сыр берді менің балғам да.
Қара темірден қан шығып,
Қамырдай өзі жаншылып,
Қайдағыны сезінетін,
Қайғыратын,
Езілетін болды бұл
Балғам...
Тізеліні бүгілтіп,
Мойындыны иілтіп,
Маған да жеттің сұм жалған! /114/.

Бұл өлеңді оқығанда есіңізге Махамбеттің «Мен бір шарға ұстаған қара балта едім. Шабуымды таппай кетілдім», Төлеген Айбергеновтің жоғарыда мысалға кетірген «Мен қара төспін, қайғыдан бақыт жасаған» деген жолдары түседі. Әр жолдың шиыршық атып, бұлқынып тұруы мен дыбыс үндестіктері, сонымен бірге образды сөздер мен әсірелеу(литота) тәсілін қолдануы да өлең үлгісі мен түрі де еріксізден Махамбет стилі дегізеді. Бірақ автор өзінше параллелдер жасап тың теңеу, тың көркем образ тудырып жаңаша көркемдік шешім табады. Түр мен мазмұн да бір-бірімен қабысып, ақынды діттеген мақсатына жеткізген.

Еркіндігіне жаңа қадам басқан егеменді еліміздің болашағы – балалар мен жасөспірімдер десек, бұл – олардың бойында да Махамбет Рухының бар екендігінің дәлелі.

Махамбет Рухы мәңгі өшпейді!

«Махамбеттегі ұлттық Рух ұлттық тілдің барлық болмыс-байлығын қолдана білуден туындайды... Махамбет поэзиясы пайда болған күннен бастап қазақ поэзиясына ықпал етіп келеді, оған еліктеп жазылған жырларды көптеп кездестіруге болады» /118/.

Рух – ішкі құдірет-күш, жан-дүниенің, жүйкең, намысың мен жігерің, қайтпас қайсарлығың. Жүрек түкпірінде жатқан нұрлы сәуле, сөнбес от.

Махамбет – асқан рух иесі. Сондықтан да оның өлеңдері асқак, сондықтан да оның өлеңдері жанды, сәулелі, намысты, бір сөзбен айтсақ, рухты!

Қорыта айтқанда, Махамбет жыраулар мектебінің нәрі мен әрін бойына сіңіріп, өткен үлгілерден үйренген, алған, «өзіне дейінгі қазақ поэзиясының

ғасырлар бойы қалыптасқан, шындалған, елек көзінен өткен табысын бір жерге түйіп тастап, оны әрі қарай жаңа бағытта жалғастыруға бет алған суреткер» /119/. Бұл – дәстүр сабақтастығы. Еліктеу-солықтаумен қалып қоймай, жаңашылдыққа бет бұрып, өзінше сөз саптап, өзінше ой түйіп, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған. Сөйтіп өзінен басқа ешкім айта алмайтын жаңа үлгі, жаңа бағыттағы керемет жырларын тудырған. Ақынның қай толғауын оқысаңыз да тек қана Махамбетке ғана тән өршіл рухты, тасқын-сел күш-қуатты сезінесіз. Оның әр жолы тот баспас қылыштай, өшпес өмірдің өзінен де бағалы дүниелер. Ақын өзіне дейінгі поэтикалық дәстүрді, әсіресе жыраулар тілінің бар байлығын өлеңдерінде қолдана отырып, сол өзі өмір сүрген кезеңнің өзінде қазіргі әдебиет теориясында айтылатын құбылту, айшықтау, әсерлеу, ажарлау тәсілдерін қолдана білген. Бұл өлеңдерінің күш-қуатын, бедер-көркін ерекшелендіріп, мән-мағынасын арттыра түскен. Махамбет жырларының тіл ерекшелігінің бірі де сол жыраулар толғауымен үндесіп жатуында, көне сөздерді орнымен қолдануында, жоғарыда айтқан көркемдей, әсерлеу тәсілдерінде жатыр. «Ақынның ... метафоралы, теңеулі образдары қазақ поэзиясы тілін жоғары сатыға көтерді, осындай қолданыс арқылы жаңа образдар жасауда қазақ тілінің мүмкіндігі орасан зор екендігін танытты. Оның үстіне бұл образдардың айтылмақ ойға (шығарма идеясына) дәл келіп, қиысып жатуы қазақ поэзиясында мазмұн мен түрдің үндесуі дегенге үлес қосты деп тұжырымдауға болады» /119, 183 б./. Махамбет нақтылы тақырыбы бар, өзі жыр еткен оқиғаларға қатысушы ақын. Оның жырларын жыраулар поэзиясынан оқшауландырып тұрған басты мәселе де осында. Дәстүр жаңашылдыққа, жаңашылдық қайтадан дәстүрге айналатыны белгілі. Махамбет Өтемісов жырлары да бұл күнде дәстүрге айналып, кейінгі толқынға әсер етіп, бағыт-бағдар болды. Дәлірек айтқанда, Махамбетше ой толғап, Махамбетше шындықты бетке айтатын ақындар көбейді. Көптеген талантты, батыл, қайтпас-қайсар ақындар өлеңдерінен Махамбет рухы атойлап, оның жырларының өлмегендігін аңғартады. Рухы күшті өлең осылайша ғасырдан ғасырға жалғаса бермек!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Новиков В. Художественная правда и диалектика творчества.- М: Сов.писатель, 1997. - 20-21 с.
2. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. 2 т. – Алматы: Жазушы, 1993. – 458 б.
3. Тұрбеков А. Реалистік және типтік характер. Алматы: Қазақ ССР Ғылым баспасы, 1970. – 92 б.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 213 б. – 464 б.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат. 1994. – 38 б.
6. Ахметов З. Махамбеттің ақындық шеберлігі. Махамбет: Елдік пен ерліктің өшпес рухы. – Атырау, 2002. – 24 б.
7. Қазақстан Республикасы ОММ. 4 қ., 1 т., 1974 іс, 10-12 пп.
8. Тасмағамбетов И. Махамбеттің жыр жебесі (алғысөз ретінде). Махамбет. Жыр-жебе. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 11 б.

9. Аманшин Б. Дауылпаз ақын. Махамбет. Жыр-семсер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 5 б.
10. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: Жалын, 1993, - 332 б.
11. Әбдікәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы. – Алматы, 1997. – 131 б.
12. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Жазушы, 1970. – 70 б.
13. Даль В.И. Шығармалар жинағы. VII т. – 235 б.
14. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Ана тілі, 1991. – 51 б.

ЖАҢАША ОҚУ ҮРДІСІНДЕ МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Балапашева Гулмира Бидоллаевна
 Қостанай облысы, Рудный қаласы,
 Бейімбет Майлин атындағы
 №7 мектеп-гимназиясының
 бастауыш сынып мұғалімі.

Қазақстанның батыс аймақтарын мекендеген ел өмірінде ерекше із қалдырған ұлт-азаттық көтерілістің рухани көсемі, қазақ поэзиясының классигі Махамбет Өтемісұлының өлеңдері бүгінгі күні мектебіміздің оқу мазмұнына айналды. Ақын өлеңі – қазақ халқының кегі, ызасы, намысы, жігері, қайтпас қайсарлығы, намысы мен жігерінен жаралған наркескен рухани азық. Жауынгерлік рухтағы өршіл жырлардың інжу маржанын ұрпағына мұра еткен Махамбет – ерлік пен намыстың ақыны. Махамбетті бастауыш сыныпта жас ерекшелігіне қарай тану бұл өлеңдері арқылы жүзеге асады. Өйткені, бастауыш сыныптан бастап ақын жырларын тыңдап өскен бала, өскенде елін, жерін сүйетін азамат болып шығары сөзсіз. Олай деу себебім, ақын өлеңдерін әр оқырман оқығанда оның жүрегінде елін жақсы көру сезімі оянады.

Ешқандай өлеңін тебіренбей оқи алмайсыз. Мен бастауыш сынып мұғалімі ретінде Махамбеттануда өзіме бірнеше бағыт құрып алдым. Тарқатып айтсам, бірінші қадам кітапханада ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, екінші қадам оқулықтан тыс іздену, үшінші қадам онлайн жүйесінде эссе жазып сайысқа қатысу, төртінші бағыт сынып сағаты және үйірмеде ақын өлеңдерін талдау.

Бастауыш сынып тәрбиенің алғашқы бастауы. Олай болса, бастауыш сынып оқушылары үшін Қазтуған, Доспамбет, Жалкиіз, Ақтамберді жыраулардың жалғасы Махамбет – сан ғасырлар бойғы тәуелсіздікке ұмтылған бабалар рухының нақты көрінісі деп нақты сеніммен айта аламын. Өкінішке орай бастауыш сыныпта өлеңдері аз көрініс тапқан. Сондықтан сынып сағатында сыныппен бірге кітапханаға барып, өлеңдерін бейнебаяннан тыңдатамын.

Расында, менің пайымдауымша саралап қарасам, Махамбеттің жырлары – ерліктің, өрліктің гимні, қайсарлықтың символы. Ерегескен дұшпанға қызыл сырлы жебедей қадалған Махамбет – жақсыларға еп, жамандарға көп, лапылдап тұрған өрт. Аңдамаған жалынана шарпылады. Жауырынан етін алса да

жалынып, жалтақтауды білмес, қыңқ етпес табандылық ердің еріне бітеді. Халық қайғысын айтуға хан ұлынан қаймықпау да, «бас кесермін, жасырман» деп, қасқая қарап тұру кез келгеннің қолынан келе қояр ма екен? Махамбет ел, халық жүрегінен мәңгілікке орын тапты. Оның жырлары елдің рухын көтеретін, ерлікке, елдікке бастайтын ұран іспетті. Жыл бойына мәнерлеп оқу сайысы болса, мен оқушыларыма Махамбет Өтемісұлының жалынды өлеңін айтуға бағыттаймын. Өйткені, өлеңі бастауыш сынып оқушысы үшін тілге жеңіл, көңілге қонымды деп сенімді түрде айта аламын. Сондықтан да болар халқымыз Махамбеттің есімін де, отты жырларын да қатты қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа рухани қазына ретінде аманаттап жеткізіп отырды. Махамбеттің қай өлеңін алсақ та, оның негізгі идеясы – жас ұрпақты ерлікке патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелеу. Демек, оның шығармаларындағы айтылған қағидалар көтерілген мәселелер бүгінгі педагогиканың уақыт талабына қойып отырған мәселелерімен үндесіп жатыр.

Ел билеген хандар мен билерді, қолына қару алып елін қорғаған батырларды еліне білім мен ғылымның нәрін себуде ерекше еңбек сіңірген ойшылдарды, атап айтқанда, Махамбет, Исатай, Жәңгір Ханның тарихтағы орны, еңбектері біржақты бұрмаланып бағаланды. Тек ғана соңғы жылдары тарихқа жаңа көзқарас тұрғысынан егемендігіміздің нәтижесінде Махамбет сынды алыптарымыздың еңбектерін жаңаша зерделеуге мүмкіншілік туды. Бабамыздың мұрасы көп жылдар ескерусіз келді. Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінде ұрпақ тәрбиесіне қатысты тәрбиенің сан-алуан салалары атап айтқанда, адамгершілік-имандылық, сұлулық, ел жандылық, экологиялық тәрбие туралы жан-жақты сөз болады.

Мен бұл өлеңдер мазмұнында сынып сағатында сурет салдырттым. Оқушыларым өлең мазмұнын сурет салып аша білді. Өзімнің тәжірибемде «Күн қайда?» атты өлеңінде шағын эссе жаздырттым. Ақын анасының қолын алатын күнді армандаса, оқушыларым өз аналарын құрметтеп, ана жылуын, мейірімін қосып жазып шықты. Махамбет шығармаларының жастардың бойында жағымды адами қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыруда алатын орны ерекше. XIX ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырлармен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарыны ерекше. Бастауыш сынып үшін ақын өлеңі тәрбие құралына айналды. Олай деу себебім, ақын «Қызғыш құс» өлеңінде де еліне деген сүйіспеншілігін тамаша өрнектелген. Ақын психологиялық параллелизмді шебер қолдана отырып, қызғыш пен өз дағдырын салыстырады.

Көл қорыған қызғыш құс сияқты елін қорғайды. «Ойлан. Топтас. Жұптас» деп топқа бөліп осы өлеңді талдатып тапсырма бердім. Бірінші топ табиғатты ұшқан құсты салса, екінші топ ақынды көп адамдардың ортасына орналастырыпты. Сонымен қатар «Батыр елі үшін туады, елі үшін өледі» деп нақыл сөз жазып қойыпты. Ал, үшінші топ «Венн диаграммасын» сызып құс пен ақынды салыстырып талдапты. Міне, тек оқып қоймай осындай іс-әрекет арқылы түсінік беремін. Көне заманнан бері халқымыз тәрбие құралы ретінде ертегі, аңыздарды, батырлар жырлары мен дастандарды, өлеңдер мен

терме, баталарды, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздер мен шешендік өнерді, ырым-тиым сөздерді тиімді пайдаланып, ұлттық дәстүрімізді жалғастырып отырды. Көтеріліс кезінде Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды Жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы — өршіл жырлары болды. Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, ол өз рухын жоғалтпады. Халықты көтеріліске қайта шақырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салады. Амал не, қараңғы халық ойын түсінбеді, оның өлеңінің құдіретіне бас исе де, ақын соңына ермеді. Ақын өлеңінің тәрбиелік мәні ерекше халық санасын оята түседі. Ақын өлеңдерінің тәлімдік-тағылымдық негіздері тереңде жатыр.

Махамбеттің өлеңдерінің бастан аяғына дейін жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – жастарды елін, туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жарақты жауды тоқтатып» есі үшін құрбан болған елдің арманы жоқ, туған халқы, елі үшін кездескен қиыншылықты жеңе білуге жас ұрпақты үгіттеді. Махамбеттің: Біздің бұйткен бұл іске, — деп аталатын өлең жолдарында жастарды қандай ма болмасын қиындықты жеңе білуге туып өскен Отанын елін сүйге, елжандылыққа тәрбиелеуге жас ұрпақты үндеді.

Махамбет Өтемісұлы өз туған халқының перзенті ретінде өз елінің болашағынан үлкен үміт күтті, елдің еркіндігін аңсады. Бұл күні ақынның арманы бүгінде орындалды, іске асты.

Бүгінде Қазақстан Республикасы – егеменді ел. Тәуелсіздік алған мерзімнің ішінде Президентіміздің басшылығымен біршама жетістіктерге қол жетті. Махамбеттің Исатай бейнесін көркем сомдауы, халық кегінің жолында көтеріліске шақыру болашаққа, келер ұрпаққа деген нық сенімі жыр жолдарында өте көркем берілген. Ұрпақ бойында ұлттық рухты, өзіне деген сенімділікті, халқына деген құрметті қалыптастыруда Махамбет өлеңдерін түсіне отырып оқыту қажет.

Менің бастауыш сынып мұғалімі ретінде парызым – осы тұлғаны ұрпаққа таныту, оның жырларын өшірмей мәңгілікке сіңіру. Махамбет өлеңдері барша елдік, ерлік қуатымен, көркемдік құнарымен шетел тілдеріне аударылса, әлем халықтары сүйіп оқитын қымбат шығарма, қазақтың тілін, ерлігін танытатын асыл қазына болары анық. Осы баға жетпес асылымызды оқыта отырып, бастауыштан бастап өзін тани білу үн қосу. Жыр жолдарын ұрпақ тәрбиесінде орынды қолдану – менің міндетім. Махамбет жырлары миллиондаған жас жүректерге ерлік рухын дарытып, үміт отын жағып, күш-қуат берері сөзсіз.

Махамбет бабамыздың есімін кеңінен насихаттау мақсатында мектебімізде мәнерлеп сайысы жиі ұйымдастырылып тұрады. Мақала жазу барысында Махамбет Өтемісұлының поэзиясында оқушыларды жақсы өнеге, адамгершілікке үндеген терең философиялық түйін, парасатты ой, қайсарлық пен нәзіктік аз емес деген пікірге келдім. Оны тек оқып қана қоймай бастауыш сыныпта оқыту үрдісінде оларды тәрбиелік мақсаттарға ұтымды пайдалана білу, өскелең ұрпаққа дәйектілікпен жеткізе білу – парызым деп есептеймін. Қазіргі таңда сыныбымда шәкірттерім ақынның бірнеше өлеңдерін жатқа біледі. Мен үнемі Тәуелсіздікке қосқан үлесін айтып отырамын. Онлайн

жүйесінде мәлімет іздеуге тапсырма беремін. Өйткені, бүгінгі ұрпақ болашақта ақынның жырларын біліп өссе, ертеңгі күні елі үшін ерлік жасайтын болады. Сондықтан оқулықта аз қамтамасыз етілсе, де оқулықтан тыс ізденіп ақын өлеңімен оқытып тәрбиелеу менің міндетім деп білемін. Сөз соңында ақын өлеңдері арқылы патриотизмге тәрбиелей берейік дегім келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Аңыз адам республикалық журналы 2019 ж №5 8 бет
2. Жас Алаш республикалық газеті 2019 ж №8 12 бет
3. Парасат журналы 2019 ж №5 15 бет
4. Қостанай таңы облыстық газеті 2020 ж №6 18 бет
5. Қазақ энциклопедиясы 2021 ж №5 25 бет
6. Қостанай таңы облыстық газеті 2022 ж №2 31 бет

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕУ

Смагулова Гульнар Кабдоллаевна
Астана қаласы, Қ.Мұңайтпасов атындағы
республикалық мамандандырылған
мектеп-интернет-колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

«Бүкіл ХІХ ғасыр әдебиетінде қимыл мен
күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған
өзгеше ақын болған емес»

М.Әуезов

Махамбет – тілге бай ақын. Ол қазақ тілінің асылын, нағыз шырайын тандап ала білген. Оның өлеңдерінен поэтикалық тілдердің, еліне жаны ашып, батырлар мен хандарға деген көзқарасын анық байқауға болады. Бұл жағынан алғанда Махамбетті қазақ тілінің энциклопедиясы деуге болады.

Бойына туа біткен қайсарлығы арқылы досы Исатаймен біріге отырып, тәуелсіздік туын алғаш көтерді. Елінің азаттығы үшін ақберен ақын қаһармандық қасиеттерін ұрпаққа үлгі етті, өзінің өткір тілді өршіл жырларымен оларды күреске үндеді. Күрес-Махамбет поэзиясының негізгі тақырыбы болып табылады. Ол қазақ әдебиетінің ұлы мұхитындағы өзгеше бір сырлы арал. Өзінің «Мен едім, мен едім» өлеңінде хан әскерлерінің халыққа көрсеткен қиянатын айта отырып, жасымауға, берік болуға шақырғанын көреміз. «Не деген бақытты едің келер ұрпақ!» деп 20 ғасырдағы қазақ өлеңінің хас шебері Қасым Аманжолов жырлағандай, тәу етер тәуелсіздігін алған

тұстағы қазақ жұртының ұл менен қызы бақытты. Олай дейтінім, білектің күші, найзаның ұшымен келіп, Абылай хан, Махамбеттей арынды ақындарымыз арман еткен тәуелсіз, еркін елдікке қол жеткіздік. «Еркіндік және Теңдік! Егемендік және Тәуелсіздік! Осы төрт тұтқа тұрғысынан келгенде Махамбет өз атынан емес, тұтас ұлттың атынан, өзі өмір сүрген жылдар емес, қазақ халық болып қалыптасқан сан ғасырлар деңгейінен тіл қатады!»- деп атап көрсеткен. Тарих беттерін парақтасақ, сонау дүбірлі батырлар заманынан бері ел мен жер үшін қаншама тер төгілді, қаншама адам құрбан болды. Бостандық деп аталатын асқақ арман жолында қаншама қан төгілді, қаншама батырлар мерт болды. Бұл арпалыс бір жыл, бір мезет емес талай ғасырларға созылған. Бүгінгі күні біз игілігін көріп отырған тәуелсіздікке жету үшін қаншама қиындықтардан өттік. Сонымен қатар, ең маңыздысы, орыс патшасының боданында болған хан-сұлтандарға қарсылық күресі арқылы ұлтының тәуелсіздігі үшін күресіп ұлттың ұлы ақыны екендігін жырымен дәлелдеді.

«Ұлы арман» атты өлеңінде:

Желп-желп еткен ала ту,

Жиырып алар күн қайда?

Орама мылтық, тарс ұрып,

Жауға аттанар күн қайда?

Елбең-елбең жүгірген,

Ебелек отқа семірген,

Арғымақтан туған асылды,

Баптап мінер күн қайда?

Алаштағы жақсыдан

Батасын алып дәм татып,

Түлкідейін түн қатып,

Бөрідейін жол жатып,

Жауырыныңа мұз қатып

Жалаулы найза қолға алып,

Жау тоқтатар күн қайда? – деп, ақын, қандай қиын жағдай болса да, мойымай

өз көзқарасының бір беткейлігін танытқан. Қашанда ұлт үшін күрес. Қашанда ұлт үшін майдан. Ел арасындағы келелі істерге ат салысып,

күрмеулі дауды шешуі де Махамбеттің батылдығының көрінісі.

Елестетіп байқасақ, ащы шындықты ашына патша өкіметіне жырлау,

әсіресе, жаугершілік заман сыйпатында екінің бірінің қолынан келмейді.

Махамбет болса, өз дәуірінің шындық ақыны. "Хан емессің, қасқырсың" өлеңі осы ойдың айғағы:

Хан емессің, қасқырсың,

Қас албасты басқырсың.

Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын!
Хан емессің, ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің, аярсың,
Айыр құйрық шаянсың!

Осы дүрбелең өмір дүбірінде Махамбет өлеңдерінің біршамасы көтеріліс тақырыбының аясында болды.

Халқы үшін семсерімен де, сөзімен де қайрат көрсеткен, сол жолда құрбан болып, шаһит кеткен Махамбет батыр «Мен, мен едім, мен едім» өлеңінде ақын көкке атылған найзадай тік шаншылып өз бейнесін ашады:

Боз ағаштан биік мен едім,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.

Ел құтқарар ер едім,

Махамбет өлеңдерінде «Мен» сөзі жиі қолданылады. Ондағы «Меннің» мәні ерекше. Бұл өлеңдегі «Меннің» астарында мол сыр бар. Мағынасы терең.

Мұндағы «Мен» – Махамбеттің бүкіл болмысы, Махамбеттің күрескерлік әлемі, Махамбеттің батыр жүрегі. Осы «Мен» арқылы оның ісі, күрескерлігі, ерлігі, елге деген махаббаты, елдің тәуелсіздігіне деген жауапкершілігі, дұшпанына деген ыза-кегі көрінеді.

МЕН –мақсаты анық, мұраты айқын, ойы нық болмыс.

МЕН – елін Еділдің бойы ен тоғайға қондырсам деген асыл арман иесі.

МЕН –кескілеспей басылмайтын, боз ағаштан биік батыр.

МЕН –ойшыл, дана. Елі мен жері үшін мазаланған тұлға.

МЕН – ғұмыры күйзеліспен, құсалықпен өткен жан.



2.1 «Махамбет өлеңдері мен күйлері- руханият жаңғыруы»

Өлеңін күймен жеткізген іштегі өзекті өртенген қимастықты суреттеген, "Мұнар күн" — Махамбеттің батыр өліміне арналған классикалық шығармаларының бірі. Өлең "Мұнар да, мұнар, мұнар күн" деген жолмен

басталады. Күн неге мұнар тартқан? Бойың мұздап кеткендей, "мұнар күн" бір сұмдықтың хабаршысындай, не боп қалды? "Буыршын мұздан тайған күн". Жаңағы сезімің одан әрі ұлғаяды. Табаны бұдырлы буыршын мұзға тайса, ол — жақсылық емес. Ақын осындай поэтикалық қарама-қарсы өрнектер арқылы оқушысын алға жетелейді, оны үлкен бір оқиғаға әзірлейді, көңіліне қайғы бұлтын ұялатып, өзінің негізгі ойына алып келеді.

Махамбет Исатай қазасын бүкіл ел қазасы ретінде көрсетеді. Ақынның: "Ағайынның басы еді, алтын ердің қасы еді. Исатайды өлтіріп, қырсық та шалған біздің ел", "серкесінен айырылып, сергелдең болған біздің ел" деуі де содан. Өйткені Исатай — ел басшысы. Исатай бейнесі ақын жырларында асқан көркемдікпен, шеберлікпен өрнектелген. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетте адам образын сомдауда Махамбет тамаша шеберлік танытқан. Махамбет жырларының құрылысына, көркемдік ерекшелігіне талдау. Махамбеттің жыр еткен тақырыбы ерлік, халықты ерлік қимылға үндеу. Сондықтан жайма-шуақ жәй кездегі көңіл күйін көрсетуге қолайлырақ келетін 11 буынды өлеңдерден гөрі, қимыл-әрекетті, алыс-жұлыс, жортуыл тәрізді өмір құбылыстарын суреттеуге лайықты жыр ағымы, 7-8 буын аралас келетін өлең ырғағы оған анағұрлым ыңғайлы тәрізді.

Он бір буынды өлең Махамбетте біреу-ақ. "Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай". Басқа өлеңдерінің бәрі де не 7 мен 8 буыннан, не таза 7 буын болып келеді. Махамбет өлеңдерінде (11 буынды, қара өлең ұйқасымен келетін бір-ақ өлеңін есепке алмағанда) үш түрлі ұйқасты кездестіреміз: шұбыртпалы, кезекті, ерікті ұйқастар. Ақын көбінесе шұбыртпалы ұйқаспен ерікті ұйқасты көбірек қолданады. Өйткені бұл екі ұйқастың екеуі де ақынның айтайын деген ой-пікірін дәл беруге ыңғайлы, белгілі бір заңды өлшеуге бағынған шумақты, ұйқасты өлеңдерден шеңбері тарлық етпейтінге ұқсайды.

Махамбет поэзиясының тілі – шын мәнінде халықтық тіл. Ақын өз кезіндегі қазақ халқының тіл байлығынан қажетінше ала да, оны өзінің керегіне жарата да білген. Махамбет шығармаларының тілі әрі көркем, әрі образды, әрі өткір, әрі күшті болуымен қатар, әр сөзі орынды, әр жағдайдың өзіне лайықты, соған тән болып келеді. Оның тілдерінің күштілігі, көркемдігі мазмұнға бағыныпқылығында.

Мысалы:

Мұнар да, мұнар, мұнар күн,

Бұлттан шыққан шұбар күн.

Буыршын мұзға тайған күн,

Бура атанған шөккен күн, – деген үзіндідегі "мұнар", "шұбар" деген эпитеттерді алсақ, бұл эпитеттердің батырлардың өз бастарына және ел басына түскен ауыр халдерін суреттеп беруде үлкен мәні бар. Хан мен билердің ел басына туғызған қара күнін, басқа күндерден айрықша көрсету үшін, ақын сол күннің бейнесінде оқушыларының көз алдына елестету үшін "күн" деген сөздің алдына "шұбар", "мұнар" деген эпитеттерді қолданған.

Махамбет өлеңдерінде эпитет, теңеу, әсірелеу, литота, ауыстыру мағынасында қолданылатын фигура өзара байланысты түрде де жиі ұшырайды. Бұлардың өзара байланыстары ақынның сөзге шеберлігін дәлелдейді. Бұл жағынан алып қарағанда да Махамбеттің көркем сөз ұстасы екендігінен ешкім шек келтіре алмайды.

Махамбет өлеңдерінен әдеби тәсілдерді анықтау:	
Қу толағай бастанбай, Ерлердің ісі бітер ме?	Риторикалық сұрақ
Мұнар да мұнар, мұнар күн, Бұлттан шыққан шұбар күн.	Метафора
Түн қатып жүріп түс қашпай, Тебінгі теріс тағынбай, Темірқазық жастанбай	Аллитерация
Алма мойын аруды, Ат артына салған күн.	Ассонанс

Қорытынды

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өздерің екендіктеріңді ұмытпаңдар!» Қай халықтың да қадір тұтары - өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры.

Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың рухына басымызды иіп, елімізді одан әрі көркейту керекпіз. Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы - еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия-Алматы: «Арыс» баспасы 2002 ж.
3. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж.
4. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті. -12.09. 2003
5. Қазақстан тарихы, очерктер - Алматы.1994ж

МАХАМБЕТ ЖЫРЛАРЫ-ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТИҢ ӨШПЕС РУХЫ

Жайылханова Алтынкүл Базарбайқызы
Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов атындағы
№211 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Бүкіл ХІХ ғасырдың әдебиетінде қимыл мен
күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған
өзгеше ақын болған емес»

М.О.Әуезов

Ұлтымыздың ұлы кемеңгері Абайдың: «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған»-дегеніндей, өмірі мен өнегесі халқының жадына мәңгілікке жазылып, одан ойып тұрып лайықты орнын алған әрі батыр, әрі ақын, әрі тарихи қайраткер Махамбет Өтемісұлының есімін әрқашанда ерекше құрметпен атаймыз.

Мақтан етем Махамбеттей ақынды,
Көкке өрлеткен қазақ деген атымды.
Найзасы мен өткір тілін оқ еткен,
Қайдан көрдің дәл осындай батырды.

Халық жазушысы, мемлекет қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының «Тәуелсіздік жолында қан да төгілген, жас та төгілген, денесінен бас та бөлінген. Басы бөлінгенмен ары төгілмеген-арлыларды әңгімелесек, биіктемесек аласармаймыз», - деген сөзі Махамбетке арналған болатын.

Халық арасынан шыққан Ер Махамбет елі үшін қанын төкті, жанын қиды. Махамбеттің осындай ерлігін, өрлігін халқы еш уақытта ұмытпайды. Оның еркіндікті, теңдікті аңсаған, халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған қылыштай өткір жырлары сол көтеріліс ұранындай болған. Ақынның өрлігі мен рухы өз өлеңдерінде айқын аңғарылады. «Белгілі туған ер едім», «Мен едім», «Менің атым Махамбет» деген өлеңдерінен кісіліктің, ерліктің лебі есіп тұрады.

Махамбет үздіксіз қуғын-сүргін көреді. Осындай бір сәтінде оны Баймағамбет сұлтанның алдына алып келеді. Махамбет өз бетімен келмеспін, көрмеспін деген жауының алдында отырып:

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім...
Бір қазақпен тең едім
Өздеріңдей хандардың,
Қарны жуан билердің,
Атандай даусын ақыртып,
Басын кессем деп едім,-

деуі, ақынның тағы да өрлігін, қайсарлығын, беттілігін, батырлығын дәлелдей түседі. Қазақ әдебиетінің ұлы мұхитындағы өзгеше бір сырлы арал боп тұрған Махамбет поэзиясының тақырыбы біреу-майдан. Қазақ елінің елдігі,

еркіндігі, егемендігі үшін болып жатқан майдан.

Махамбет өлеңдері жігерлі де асқақ. Жауына қарсы өзінің жалынды сөзін жай оғындай жұмсауы:

Мен-кесекті ердің сойымын,
Кескілеспей бір басылман.
Келелі қара бұлтпын
Келе жаумай ашылман
Алдыңа келіп тұрмын деп,
Ар, намысымды қашырман,-

деген сөздері батырдың беліндегі ақ семсер, алмас қылыштай қиып түсер өткір қарудан кем болмаған. Ақын жырларында жиі қайталанатын «мен» сөзі менмендік емес, ерліктің ерекше семсеріндей күнге шағылыса жарқылдайды.

Боз ағаштан биік, мен едім,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан
Ел құтқарар ер едім,
Жандаспай ақыры бір тынбан.

«Мен» сөзі әр қайталанған сайын дұшпаны қаймыға, өзі өршелене түседі.

1836 жылдың көктемінде Нарында басталған ұлт-азаттық күрес зорайып, Қиялымоладағы, Теректіқұмдағы, Тастөбедегі аты шулы қанды майданға барып ұласты. Махамбет өлеңдері-1836-38 жылдары болған ұлт-азаттық көтерілістің айнасы.

Махамбеттанушы ғалым Оңайгүл Тұржан: «Махамбет-қара өлеңмен дауыл тұрғызған ақын. Ол ақындық қуатпен дәуірді оятуға ұмтылды. Оның өлеңінің өзі-бір көтеріліс», - дейді. Айтса, айтқандай!

Нарын құмын дүр сілкіндірген Исатай-Махамбет бастаған көтеріліске, отарлық пен озбырлыққа төзбеген ел бірінен соң бірі келіп қосыла берді. Көтерілісшілер алдағы шешуші айқасқа дайындалып жатты. Махамбеттің:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Ерлердің ісі бітер ме?!-

деген айтулы жыры осындай айқас алдында туды. Махамбетте жеке бастың өмірі болмаған, өмірі өнеріне көшіп кеткен де, қасиетке айналған, жеке тіршілігінде тек қасірет қана қалған. Өзін ойламаған, өзге жайын, ел қамын ғана ойлаған. Ылғи «Ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып» жүргендегі мақсат-мүддесі- елінің ертеңі. Махамбеттің өзге сарбаздардан, тіпті Исатайдың өзінен де артықшылығы қолындағы наркескені мен тілінің найзадай өткірлігі, аузындағы ғаламат сөзінің құдіреттілігі болатын.

Исатай мен Махамбет жасағының орданы шабуға тас түйін дайындалып жатқанын естіген Жәңгір хан шұғыл айлаға көшеді де, халықтың талап-тілегін орындауға он күн мүрсат сұрайды. Ақын сауытын киіп, сайланып, дайын тұрған сәтін кейін өкінішпен «Әй, Махамбет, жолдасым» атты өлеңінде толғана тебіренеді:

Жасқұсқа барып кіргенде,

Арыстандай ақырған
Айбатыма шыдамай,
Хан баласы жылады-ай!
«Жанымды қи» деп сұрады-ай!
Мұнар да мұнар, мұнар күн.
Бұлттан шыққан шұбар күн,-

деген толғанысы жүрек наласы мен өкініштен туған. Ақын Исатайдың қазасынан кейін біраз мұңға батады, сергелдеңге түседі. Бірақ ақын ауыр мұңнан бойын тез жиып:

Құдай істі аңдаса,
Ісім жөнге келгенде,
Қамалған көп дұшпан
Әлі де болса, қойдай қылып айдармыз
Жолдастарым, мұңайма!-

деп шабыт береді.

Махамбет өлеңдері толғау түрінде келеді. Оның өлеңдерінде жыраулар поэзиясына тән дидактикалық сарын бар. «Арғымақтан туған қазанат», «Арқаның қызыл изені», «Ұл туса», «Туған ұлдан не пайда?» сияқты өлеңдерінің мазмұны нақыл сөздерден құралады.

Иә, Махамбет-қиып түсер өткірлігімен, қызу қанды жігерлігімен, нөсердей екпінімен еркіндікті аңсаған батыр. Жылдар, ғасырлар алмаса келе талай оқиға көмескі тартары заңдылық. Ал Махамбеттің ісі мен жырына ондай қауіп төнген емес, төнбейді де. Олай болатыны оның батырлығы бір жекпе-жектегі қайсарлық пен ерліктің символы. Жыр толғауы бір кезеңнің баяны емес, күллі адамзатқа тән азаттық пен теңдіктің өшпейтін ұраны. Махамбет өзгеде жоқ та, өзінде ғана бар құдіретті қасиетімен батырлар тарихында да, ақындар тарихында да, сазгерлер тарихында да жарық жұлдыздай жарқырап жанып тұратын қайталанбас дара тұлға. Оның дауылпаз жырлары әрқашан ерлікке, егемендікке шақырады. Ол-елге еркіндік тілеген, Тәңірден басқаға тәуелді болмауды аңсаған, теңдікке қол жеткізуді армандаған асыл ер.

Махамбет-иісі қазақ баласының ортақ мақтанышы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Егемен Қазақстан» газеті 2002 ж, 3 қазан
2. Кенжалиев И. Махамбет Өтемісұлы, Алматы., 1979 ж.
3. «Егемен Қазақстан» газеті, 2001 ж, 7 тамыз
4. Махамбет «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңдер жинағы, Алматы., 1974 ж

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Хайрол Аякөз

Ақмола облысы, Қоянды ауылы
№1 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Жалындаған жыр алыбы,батыр,қоғам қайраткері Махамбет Өтемісұлының қазақ халқының тағдырында атқарған рөлі зор.Ол өзінің батырлығымен халқын қорғап,ақ найзаның ұшымен жерін қорғаса,жалынды өлеңімен өскелең ұрпаққа жол көрсетті,тәрбие берді.

Биылғы оқу жылында ҚР-ның тәрбие саласы бойынша Елбасының бастауымен алдымызға келесі мақсат,міндетті қойған едік

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға,Отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

2.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық

Күтілетін нәтиже:

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

Елінің тарихын құрметтейді

Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді.

Міне, осы мақсат мүддені Махамбет Өтемісұлы өз заманында алдына қойып, елінің алдында сол мақсатына жетіп кеткен еді. Сондықтан Махамбеттің өр мінезді өлең, жырларын басшылыққа алып, тәрбие саласына жүктесек сол

мақсатқа бізде айқын қол жеткізер едік. Ақынның өмірлік ұстанымы мен жырларында, күйлерінде, барлық бастамаларында Отаншылдық, елге, жерге деген махаббат, құштарлық айқын көрініс береді.

Ақынның өлең шумақтарына бала кезден мен де ерекше назар аударып, ынтыға оқыдым, жаттадым. Жаттай жүріп, ақынның мүшайраларына орай өткізілген мәнерлеп оқу сайыстарына да қатыстым. Оның жалынды өлеңдері адамға күш жігер береді. Балаң жастық шақтан өтіп, ер жетіп, маман иесі болғанда алдымдағы шәкірттерге дұрыс жол сілтеу үшін Махамбет Өтемісұлының өлеңдері таптырмас құрал деп білемін. Әр өлеңі патриоттық сезімге, күш жігерге толы.

XXI-ғасыр интернет пен ақпаратқа толы, баланы ойын мен телефон улаған заманда ер бала тәрбиесі әлсіреп тұр деп ойлаймын. Баланы оқыта отырап, ойға жетелей білу керек. Сол тұрғыдан алғанда ұлт болашағын тәрбиелеу үшін ақынның өлеңдерін баланың санасына сіңіре білуіміз керек. Себебі: Махамбет Өтемісұлы ұлты үшін, әділеттілік үшін күреске түске түсті, аянбады. Ақынның өлеңдерін оқи отырып, көз алдыма: кескін келбетті, өткір жүзді, ашық мінезді, сөзі алмас қылшай өткір, тура айтатын, нағыз батыр, ер адамның келбеті елестейді. Заман талабына сай ер адамдардың әлсіз, мінезі жұмсақ, сөзге жақын, ұлдардың ерекектік қасиетінің азайып бара жатқанын байқауға болады. Мысалы ақынның мына өлең шумағына тоқталар болсам:

Беркініп садақ асынбай,
Біріндеп жауды қашырмай,
Білтеліге оқ салмай,
Қорамсаққа қол салмай,
Қозы жауырын оқ алмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Балдағы алтын құрыш болат
Балдағынан қанға боялмай,
Қисарысқан қарындасқа,
Қанды көбік жұтқызбай,
Халыққа тентек атанбай
Үйде жатқан жігітке

Төбеден тегін атақ болар ма?-деп ер адамдарға үндеу жолдайды. Жігіттің қандай болуы керек екендігін анық көрсетеді. Адамның рухани дамуының көрсеткіші тек қана білім, ғылым ғана емес, өнер, шешендік қасиеті деп білем.

Ал, Махамбет Өтемісұлының бір өзінің бойында сазгергерлік, білімділік, қолбасшылық, тапқырлық, көрегендік, ізденімпаздық та бар. Ол өзінің шығармашылығымен халқының жүрегін баурай білді. Халыққа кеңінен танымал: «Өкініш, Қайран Нарын, Жұмыр қылыш, Терезе» сияқты күйлері еліміздің тарихында мәңгі сақталады. Домбыра ұстаған әрбір қазақ баласы, әсіресе ер баласы осы күйлерді үйренсе нұр үстіне нұр болар еді. Рухани тұрғыдан өсіп, өз бойына күш жігер жинар еді. Махамбеттің күйлерін, өлеңдерін өскелең ұрпаққа кеңінен дәріптей білуіміз керек. Ол өз заманының көсем тұлғаларының бірі болды. Өзі өскен елінің батырлары: Қамбар, Ер

Тарғын, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиёмбет, Доспамбет жыраулардың туындыларын жатқа білетін еді. Бұл оның абыройын одан да асқақтата түсті деп ойлаймын. Дана халқымыздың «Жігітке жеті өнер де аз» деген мақалын дәлелдей түскендей, ақын бар өнерді бойына жиған тау тұлға еді.

Махамбет-ұлт азаттығы үшін күрескен тарихи тұлға, еліміздің Тәуелсіздігінің бастауын бастаған қайраткер. Бар ғұмырын өз елінің мұң мұқтажын жоқтауға арнады. Елі үшін туған дара ұлы. Міне, осындай тау тұлғаның, түсіне білген адам үшін еліне сіңірген еңбегі ерен. Кішкентай жасынан ұлдарымызға Махамбеттің жырларын, өлеңдерін жаттатсақ, шығармашылығын танытсақ, күйлерін үйретсек, әуеніне билетсек, жүректеріне титтей болсын патриоттық рухтың дәнін себеміз деп ойлаймын. Махамбетті дәріптеуді балабақшадан, мектептеп табалдырығынан бастауымыз керек. Ертең еліміздейтін ұл сонда ғана өседі. Ұрпағымызды Еуропаның мағынасыз әуені мен жат қылықты биіне еліктетпей, дұрыс жолға сала білу біздің қолымызда. Ізденген адамға Махамбеттің бір өзінде қаншама тәрбие, білім, рух бар. Рухты ұл, намысты қыздарымыз болсын десек Махамбетті оқиық!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия .- Алматы : «Аорыс» баспасы , 2022 жыл
2. Саяси түсіндірме сөздік .- Алматы , 2007ж
3. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық . Алматы: Аруна «Ltd» ЖШС 2010ж

МАХАМБЕТ ЖЫРЛАРЫ - ЕРЛІК ПЕН ЕЛЖАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Жалғасбаева Күлзира Минтаевна
Астана қаласы
«Техникалық шығармашылық
орталығы» МКҚК, әдіскер

Халқымыз ежелден елдік пен ерлікті жоғары қойып, азаттық таңы үшін күрескен шынайы перзенттерін әспеттей білген. Үкілі найза мен домбыраны қолына қатар ұстаған олар халықтың бірлігін жырлады, қанды шайқаста әскерді рухтандырды. Елі мен жері үшін ханға да қаймықпай қарсы шыққан батырлар аз болмаған. Сондай батыр һәм ақындардың соңғы тұяғы Махамбет Өтемісұлы еді. Ол Исатаймен бірге ХІХ ғасырдағы шаруалар көтерілісін бастады. Ел мен жердің теңдігін сақтауға бағытталған көтерілістің жалынды жыршысы болды. Көтеріліс кезінде Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы — өршіл жырлары болды.

Жастарға патриоттық рух беріп, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін, үстем таптың озбырлық әрекетін әшкерлейтін, оған қарсы күрес жүргізуге шақыратын Махамбеттің жырларының бала тәрбиесіндегі маңызы ерекше.

Махамбет поэзиясы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресінің көркем шежіресін, қазақ әдебиеті тарихындағы Отан қорғау, ерлік, батырлық жолындағы күрескерлер бейнесінің әдеби-көркем галереясын сомдаған ақындық шеберлігін саралау арқылы бала бойына тәрбие құндылықтарын сіңіру маңыздылығын еш жоймады.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «... Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман талабы». Бұл классик ақынымыздың шығармашылығына берілген әділ баға екені сөзсіз.

Махамбеттің ақындығымен қатар батыр, жырау, күйші болғандығы мәлім. Батыр өлеңдеріне батылдық, өткірлік тән. Ақын жырлары еңсесі түскен адамға қуат пен жігер береді, рухтандырады. Махамбет ұл болып туған жастың мақсаты: «Ереулі атқа ер салу, егеулі найза қолға алу, алты малталы ас қылып, ат үстінде күн көріп, ашаршылық шөл көріп» жүріп, жаудан кек алу, халықтың арын, жерін қорғай білу деп түсінеді.

Махамбет – қазақ халқының намысы, алмастай жасын жігері, қайтпас қайсарлығы. Жауынгерлік рухтағы өршіл жырларын ұрпағына мирас еткен ақын – ерлік пен намыстың символы. Дала абыздары болған жыраулардың ізбасары, тұяғы мен жалғасы болған Махамбет – ғасырлар бойы тәуелсіздікке ұмтылған бабалар рухының шынайы болмысы мен көрінісі. Жалынды ақын әділет пен тәуелсіздік жыршысы. Әділет пен тәуелсіздік ажырамас бірлік. Махамбет жырлары – ерлік пен қайсарлықтың, өрліктің биік үлгісі. Ақынның жалынды жырларының негізгі лейтмотиві – өскелең ұрпақты ерлікке, елмандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Оның қайсарлыққа толы жасын жырларында бүгінгі ұрпақ бойына қажетті талаптармен үндесіп жатыр.

Ақынның бүкіл өмірі мен ақындық қуаты түгелдей дерлік халық қамына жұмсалды. Махамбеттің алып жүрегі халыққа қоңыраудай күмбірлеп, тау құлатар тасқын толқындай тулап дамыл таппады. Кеудесін кернеп, халқының мұңы мен зарын толғады. Оның өлеңдері көтеріліс, тартыс, күрес үстінде туды. Махамбет ел үшін еңіреген ерді аңсаған, соған бар ақындық жүрегін арнаған. Ол «Асыл ердің баласы жауды көрсе шыдамай, көзін салар қияға», - деп бүкіл поэзиясына ерлікті ту еткен. Оның алмас қылыштай өткір, тотияйндай уыты, кекті жырлары әрқашанда халқымыз үшін баға жетпес құндылық болып саналады. Махамбет өлеңдерінде өзіндік болмысы, Қайсарлық рухы атойлап, «Мен мұңдалап» тұрады.

Махамбет жырларында ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік-имандылық, сұлулық, елжандылық, адалдық, шынайы перзенттік борыш сынды сан алуан қасиеттер мен құндылықтар жан-жақты сипатталған. Жалынды ақынның жігерлі жырлары жас буынның тәрбиесінде құнды құрал болып қала бермек.

Махамбет өлеңдерінің тәлімдік-тағылымдық негіздері тереңде жатыр. Ақынның «Күн қайда?» деген өлеңінде:

Қарт бұғыдай билерден
Ақыл сұрар күн қайда?
Бізді тапқан ананың
Асыраған ананың,
Ризалықпен жайласып

Қолын алар күн қайда? – деген өлең жолдарынан жас ұрпаққа даналар сөзіне құлақ асу, ақылына жүгінуді, ананың ақ сүтін ақтап, қадіріне жету сынды зор тәрбиені меңзейді. Бүгінде, қарттарға деген құрметтің кемуі, ата-ананың қадіріне жетпеу сынды қоғамда орын алып жатқан теріс әдептердің жиілеп кездесетіні мәлім. «Үлкенге ізет, кішіге құрмет» көрсету тәрбиесін жас буын санасына Махамбет жырлары арқылы сіңірудің ықпалы зор болмақ.

Махамбеттің жырларының өзекті тақырыбы – елін, туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жаракты жауды тоқтатып», туған елі мен жерін сақтап қалуға жас ұрпақты үгіттеді. Поэзияны ту етіп күресудің басы қазақ даласында ақын Махамбет Өтемісұлының құдіретті рухынан басталады десек, артық айтқандық емес. Махамбет поэзиясында ұрпақты жақсы өнеге, адамгершілікке үндеген терең философиялық түйін, парасатты ой, қайсарлық пен нәзіктік аз емес.

Махамбеттің тәуелсіздік рухындағы жырлары XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ішкі Бөкей ордасында болған шаруалар көтерілісі кезінде туды. Жерінен, елінен, малынан айырылған халық қолына қару алып, хан-сұлтандарға қарсы аттануға мәжбүр болды. Махамбет халықтың намысы, бостандығы, еркіндігі үшін атқа қонды. Ақын «Айныман» атты өлең жолдарында мұны айқындай түседі:

Кеткенім жоқ олжа үшін,
Кетіп едім елімнен
Жас баланың қамы үшін,- деп толғайды ақын.

Махамбет жырлары арқылы халықты ереулі атқа ер салдырап, күреске шақырған ақын ретінде көрінеді. Ол «Ереуіл атқа ер салмай» деген өлеңінде:

Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай...
Ерлердің ісі бітер ме?!-

деп ежелден келе жатқан кекті алу үшін қанша қиыншылық болса да шыдау керек екенін, күресте қажымауға, тарықпауға, табанды болуға шақырады. Ақынның ханға қарсы күресі жеке бастың мақсаты емес, жетім-жесірлер мен еңбекші халықты хан-сұлтан қорлығынан құтқару. Ақын хан мен сұлтандардың зұлымдық істері мен жауыздықтарын әшкерелей білген патриот, реалис ақын.

Бүгінде жас ұрпақты адалдық пен шынайылыққа, жемқорлыққа қарсы тәрбиелеуде ақынның елі мен жері үшін еткен ерлігі мен жалынды жырларын тәрбие құралы ретінде тиімді қолдану абзал болмақ.

Тәрбие үрдісінде ақын жырларын тәрбиелік мақсаттарға ұтымды пайдалана білу, өскелең ұрпаққа дәйектілікпен жеткізе білу – парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15 т, Алматы, 1984, 380
2. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Құр: Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов. Алматы, 1991.
3. Тұржан О. Муза мен мұң // кітапта: Адамзатқа ортақ ақын. Алматы, 2003.

ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН СОҢҒЫ ЖЫРАУ

Ғабдрахман Төлеген Сағынбекұлы
Астана қаласы, Абай Құнанбайұлы
атындағы №87 мектеп-гимназиясы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінде жыраулар поэзиясындағы жыраулар тілі тіл білімінде едәуір зерттелді. Демек, «жорық жырауы», «жыраулардың соңғы тұяғы» саналатын дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы шығармаларының лингвистикалық сипаттары аналогиялық тұрғыда қарастырылатын тұстары әлі де бар. Оның логикалық аспектісін тауып, оны зерттеу үшін оған сәйкесінше әдебиеттер қажет. Алайда бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей жырлаған өзгеше ақын болған емес. Алды да, арты да бір өзі сияқты. Жыраулардың жазған шығармаларының көркемдік тілі бүгінгі күнге дейін зерттеу нысанында өзекті болып келеді. Бұл ретте қазақ әдебиетіндегі жорық жырларына деген әдебиетсүйер қауымының, жыраулар поэзиясына сарай ақындарының көқарасын түбегейлі өзгерткен, жыраулар поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан Махамбет Өтемісұлы шығармаларының тілін зерттеу өзекті саналады.

Зерттеу әдісі мен материалы

Зерттеу әдісі ретінде, негізінен, сипаттамалы әдіс қолданылды. Зерттеу нысаны поэтикалық шумақтар болғандықтан әдеби талдау, семантикалық талдау амалдары қолданылды. Әдеби айғақтарды сипаттау үшін контекст негізге алынды.

Зерттеуге материал ретінде ақын Махамбет Өтемісұлының «Мен, мен едім, мен едім» және «Ау, қызғыш құс, қызғыш құс» өлеңдерінің мәтіні алынды.

Талқылау. Махамбет Өтемісұлының өлеңдеріне жасалған барлау жыраулар поэзиясында, соның ішінде жорық жырларының басқа түрлеріне қарағанда өзіндік тіл қолданысы бар, өзіндік психолінгвистикалық ерекшеліктері бар екенін байқатты. Ең алдымен жыраулардың халық поэзиясын жасаған, тарих толқындарын толық сипаттаған ақылман даналар екенін негізге аламыз. Сонымен қатар, жыраулардың хан ордасының жанында, ханның қасында парасатты қызметте болған қызметшілер болғандығын айтқымыз келеді. Жүсіп Баласағұндың «Құтты білік» дидактикалық поэмасын

мемлекетті басқару қағидалары мен принциптері, елге билік жүргізудің ережелері мен тәртібі, қоғам мүшелерінің мінез-құлық және әдеп-ғұрып нормалары мемлекеттің тұтастығы мен егемендігі үшін айтарлықтай маңызды нұсқаулық іспеттес құжат деп алсақ, жыраулардың пайымдау бағдары ордаға қарсы келмеген. Осы тұста Махамбеттің ұстанымы, оның қағидасы керісінше құбылысты көрсетті, негізді дәлелдеді.

Нәтижелер. Махамбет Өтемісұлының «Мен, мен едім, мен едім» өлеңіндегі ерекшеліктерді зерттегенде ақынның антоним сөздерді, эпифораларды жарыстыра қолдануы айрықша көрінеді.

Махамбет «**Мен** – мен едім, мен едім, **Мен** Нарында жүргенде!» деп алдымен халықты өзіне қаратып алу үшін шақырады. Мәселен, бұны Бұқар жыраудың «Ай, Абылай, Абылай, жеңбеген жауың қалмады-ау» немесе «Керей қайда барасың, Сырдың бойын көбелеп?» деген өлеңімен салыстыруға болады. Өлбетте, одан кейінгі жалғастырып төкпелеткені, яғни, «мен Нарында жүргенде, еңіреп жүрген ер едім, Исатайдың барында, екі тарлан бөрі едім, қай қазақтан кем едім? Бір қазақпен тең едім!» деп жырлағанында жырау ақын аз шумақта басынан өткен ғұмырдариясын сипаттап шығады. Аллитерация мен эпифораны және антонимдарды да қатар қолдану арқылы өлеңнің басы мен аяғына дейін градациялық экспрессия береді.

Мысалы, эпифора – бұл автордың тарапынан оқырманына жеткізбек қажетті бір ойына, оқиғаға ерекше назар аударып, сөз әсерін арттыру үшін қолданылған. Мысалы: *Қай қазақтан кем едім, Бір қазақпен тең едім, Ежелгі дұшпан ел болмас, Етектен кескен жең болмас.* Ал егер де өлең жолының аяғы емес, басы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырса, онда анафора болатыны ақиқат. Мысалы: *Ата дұшпан сен едің, Ата жауың мен едім.*

Антонимды айтар болсақ, бұл ретте ақын өзінің ойын өрістетуі үшін екі түрлі ұғымның, түйіннің шарпысып келуіне орай қатар алынған сөздердің қарама-қарсылық, қайшы мағынасын, көркемдік әсерлілігін күшейте түсті. Сондықтан қайшы сөздер шендестіру тәсілін тудыратын құнарлы, өнімді құрал бола алады. Мысалы: *Мен, мен едім, мен едім, Мен Нарында жүргенде, Еңіреп жүрген ер едім, Исатайдың барында, Екі тарлан бөрі едім, Қай қазақтан кем едім, Бір қазақпен тең едім. Жақсыларға еп едім, Жамандарға көп едім, Ата дұшпан сен едің, Ата жауың мен едім, Ежелгі дұшпан ел болмас, Етектен кескен жең болмас.*

Синонимдерді келістіріп қолдану үлкен шеберлікті қажет етеді. Мұндағы синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңкі бар, ұқсас мағыналы сөздер болғандықтан, олардың қолданысы шығармада ерекше орын алады. Махамбет Өтемісұлы оларды шумақтың ішіндегі бөлек бір жолда немесе бір шумақта қатар келтіріп, сөз мағынасын бірте-бірте күшейту немесе әлсірету арқылы оның экспрессиясын арттырады. Мысалы, *Хан баласы ақсүйек, Байеке, сұлтан сен болып* синонимдік қатардан ақын екіншісін алады. Себебі **ханның баласы** ол – **сұлтан**, яғни Баймағамбет сұлтан, ал **байеке** мен **сұлтанның** бұл мәтінтүзімде

қатарлас мағына береді. Сөйтіп, ақын өлеңінде **байекеге** қарағанда **сұлтанның** экспрессиясы күшті.

Ақын өлеңіндегі аллитерацияның қызметі – әдебиеттегі өте ұтымды қолданылатын тәсілдерінің бірі. Өлең құрылысында дыбыс үндестігі, бір дыбыс немесе бір сөзді («Мен, мен едім, мен едім») бірнеше қайталау, сөз ұйқасымы айрықша рөл атқарады. Жыраулар поэзиясында аллитерация тәсілі жиі кездеседі. Бұл өлеңде қаратпа сөз – есімдік және эмоционалдық интонациямен, ерекше әуенмен айтылады, сөйлеушінің көңіл күйін, моральдықты білдіреді. Олай болса, Махамбет жыраудың жырларындағы тілдік және әдеби көркемдегіш құралдар өлеңді оқып отырған оқырманға жорық заманын елестетіп, сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік тұрақсыздықты сездіртеді. Мысалы:

Өздерінде хандардың,
Қарны жуан билердің
Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып,
Басын кесем деп едім!

Махамбеттің «ханның басын алам» деп өктем құйындатуына қатысы әртүрлі сын пікірлер жазылды, көптеген бұрынғы және заманауи зерттеушілер ақынды көтерілістің рухани жетекшісі болды, жеке тұлға ретінде күрделі де қайшылықты бейне деді. Бұл жерде «бейне» сөзі тура мағынасында қолданылып отыр.

Шығыс елдер пәлсапасында «Міндетті түрде адамдардың басшысы болу керек – ізгі болсын, болмасын» деген өсиет типтес тұжырым бар. Әлбетте Махамбеттің ол жаратылысқа қатысы жоқ еді. Махамбеттің өлеңдері халықтың сөзін сөйлемей, санаспаған қанаушы билікке бой бермей, қарсы шығып, әділдікті көксеген биік рухпен бірге арманшыл романтизмге де толы. Мәселен: *Еділдің бойы ен тоғай, Ел қондырсам деп едім, Жағалай жатқан сол елге, Мал толтырсам деп, Еңсесі биік ақ орда, Еріксіз кірсем деп едім, Керегесін қиратып, Отын етсем деп едім, Туырлығын тілгілеп, Тоқым етсем деп едім, Тақта отырған хандардың, Төрде отырған ханымын, Қатын етсем деп едім, Әлдилеген баласын, Жетім етсем деп едім.*

Романтизмнің адамзат мәдениеті дамуындағы тарихи рөлі зор. Ол көптеген елдердің рухани мәдениетін гуманистік идеялармен байытты. Романтизм бағытында туған туындылардың кейіпкерлері әдетте болмыстың ырқымен келіспейтін, жақсы өмір, бақыт, азаттық үшін күресетін күшті жандар болып келетіні ешкімге беймәлім емес. Бұл ретте Махамбет бейнесі басқа жырауларға, басқа ақындарға қарағанда бөлекше асқақ болса, ақынның жалынды поэзиясы да басқа шайырларға қарағанда өзгереді. Себебі Махамбет белгілі бір дәрежеде субъективтік образға айналған.

М. Әуезов Махамбеттің әдебиет тарихындағы орнын «Бұқар жыраудан соңғы, Зар заман ақындарының басы Махамбет» деп және «Бұқар жырау заманынан келе жатқан бұрынғы әлеуметшілдік, ойшылдық сарынына Махамбет заманында ісшілдік қосылса, кейінгі ақындардың тұсында жаңа әсер сияқты болып дін мен мәдениет иісі кіре бастады» деп 1933 жылғы «Қазақ

әдебиеті» оқулығында көрсетті. Белгілі жазушы Олжас Сүлейменов батыр, ақын Махамбет Өтемісұлына «айбатты, намысшыл батыр, номад» деп пікір білдіріп, баға берді.

Қорытындылай келгенде, Махамбет Өтемісұлы мәдени тұрғыдан көшпенділер әлемінің, дәстүрлі мәдениеттің символикалық бейнесі, жыраулар поэзиясының соңғы тұяғы. Қазақ әдебиетінде әділдік үшін күресте сырттан келген жаудан бөлек, іштен шыққан дұшпандарына қарсы шығып, ғасырлар бойына қалыптасқан азаматтық-әлеуметтік дәстүрлерге өзіндік қағидалы тәуелсіз көзімен қарап, сөзін айтудан бас тартпаған, халықтың жоғын жоқтаған, төңкеріс рухын бойына сіңірген майталман, жауынгер ақын. Махамбет Өтемісұлы трагедиялық тұлға мағынасында қашан да қызығушылық тудыратыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. К.М. Мырзағалиева. Махамбеттану. Оқу құралы. – Қостанай, 2017. – 155 с.
2. Әуезов М. Махамбет Өтемісұлы // Шығ. жинағы: 20 т. – Алматы, 1984. –15-т. – 328 б.
3. Қабдолов З. Ерлік пен елдіктің өшпес рухы // Егемен Қазақстан, 7 шілде, 2001.
4. Махамбет: Ерлік пен елдіктің өшпес рухы. Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау, 2002.
5. Аманшин Б. Жыр - семсер (зерттеулер) - Алматы : "Арыс" баспасы, 2003
6. Махамбет және әдебиеттану. (зерттеулер) - Алматы : "Арыс" баспасы, 2003.
7. 16. Махамбет және тілтаным. (зерттеулер) - Алматы : "Арыс" баспасы, 2003.
8. 17. Өнердегі Махамбет бейнесі. (зерттеулер) - Алматы : "Арыс" баспасы, 2003.

АҚЫН МАХАМБЕТ ӨМІРІНІҢ КЕЙБІР СЫРЛАРЫ

Бапишева Қымбат Даулыбаевна
Астана қаласы, Қ.Мұңайтпасов
атындағы олимпиада резервінің
республикалық мамандандырылған
Мектеп-интернат-колледжі” РММ

Қазақ әдебиетінің көрнекті классигі Мұхтар Әуезов Махамбет туралы: "Шайқаста-батыр, қарым-қатынаста оның өткір сөзі орақ сияқты. Исатай – Махамбет көтерілісіндегі жалынды ақын, шешен-оның ең көрнекті мүшелерінің бірі. Махамбет қазақ ақындарының арасында ең дарындылардың бірі болып табылады, оның поэзиясы бір кездері ең жарқын, әсерлі болды, ол халықтың дауысы мен тілі болды. 19 ғасырдағы барлық әдебиеттерде, оның қаһармандық

поэзиясында Махамбет сияқты ешкім халықты езгіге қарсы күресте ашық қолдамады".

Қазақ даласына саяхат кезінде Махамбет Өтемісовпен танысқан орыс жазушысы Е. П. Ковалевский (1811 – 1868 жж.) оның ақыл-ойы, шешендігі, орыс тілін білуі, ержүрек мінезі, ашықтығын атап өтті.

Біздің бостандығымызға көптеген мыңдаған балуандардың, соның ішінде халықты патшалық пен оның қорғаушыларына қарсы күреске көтерген Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтің, қазақ батырларының жекелеген өкілдерінің өмірі арқылы қол жеткізілді.

1836-1838 жылдардағы көтерілістің негізгі қозғаушы күші Исатай мен Махамбеттің басшылығымен Бөкей Ордасында қатардағы қазақтар болды, олар соңғы сәтке дейін біріккен жазалаушы отрядтардың күшіне және Жәңгір хан қоршауына қарамастан, Исатай мен Махамбетке адалдық танытты, ал бастапқы кезеңде Исатай Тайманов отрядына қосылған би мен старшиналар, содан кейін баж сатқындық, ханның жеңілдіктерімен сауда жасауға ұмтылып, онымен қозғалыс жетекшісін айналып өту үшін келіссөздер жүргізеді. Исатай Махамбеттің адал серігі беріш руынан шыққан және старшина болған. Махамбет орыс тергеушілеріне берген 8.11.1836 жылғы айғағында оны Жәңгір хан старшина етіп тағайындағанын, бұл туралы ханның 9.06.1834 жылғы №562 ашық нұсқамасы бар екенін айтады. Махамбет Өтемісов татар және орыс тілдерін жақсы білген, ол кезде қарапайым қазақ үшін сирек кездесетін, бұл жағдай оны замандастарының көз алдында қатты көтерген. Ол көп саяхаттады – Хивада, Бұхарада болды, шебер ақын және шешен ретінде танымал болды. Оның бір кездері Хан ставкасында өмір сүргені және Жәңгір ханның сот ақыны болғандығы туралы дәлелдер бар. Қалай болғанда да, Махамбет хан отбасының құрметіне ие болды, бірақ кейін ол ханмен келіспей кетті. Бұл жағдай Жәңгір ханның Орынбор губернаторына 13.12.1837 жылғы хатында расталады, онда хан Махамбеттің бір кездері оның ұлының тәлімгері болғанын хабарлайды. Исатай мен Махамбеттің қас жауы Қарауыл Қожа кейіннен Махамбет Өтемісовтың "арам мінез" болғанын және Хивадан Орал желісі арқылы ұрлық жасады деген айыппен қалмақ бекінісінде ұсталғанын жеткізді.

Махамбеттің өзі 10.12.1836 жылғы айғақтарында 6-7 жыл бұрын оны орыс билігі тұтқындағанын және Орал шекарасынан жасырын өтті деп айыпталғанын, ол үшін шамамен 2 жыл түрмеде, қалмақ бекінісінде ұсталғанын түсіндіреді. 1831 жылы тырысқақ эпидемиясы кезінде ол түрмеден қашып, далаға жасырынып үлгерді.

Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған көтерілісті 3 негізгі кезеңге бөлуге болады.

1 кезең 1836 және 1837 бірінші жартысын қамтиды, көтерілісшілер отрядтарының қалыптасуы орын алған кезде қозғалыс күш пен үлкен ауқымға ие болады. 2 кезең-1837 жылдың екінші жартысы, көтерілісшілер Қожа Қарауыл ауылын талқандап, хан ставкасын талқандау қаупі туындады. Бірақ 1837 жылы қарашада көтерілісшілер Тас – түбе маңында жазалаушы отрядтармен шайқаста жеңіліске ұшырады. 3 кезеңде-бұл 1838 жылдың бірінші

жартысы, Кіші жүзде патшалық пен оның қорғаушыларымен жаңа жекпе-жекке отрядтар жиналған кезде. 1838 жылы шілдеде көтерілісшілер Ақбұлақ өзенінің бойындағы патша әскерлерімен шайқаста түпкілікті жеңіліске ұшырады. Бұл шайқаста Исатай батыр қаза тапты. Исатай Өлгеннен кейін Махамбет Сұлтан Қайыпқалимен бірге Хива шегінде қашып кетті. 1839 жылдың қаңтарына дейін шекара комиссиясының істерінде Махамбет туралы ешқандай мәлімет болған жоқ.

Осыдан кейін Махамбет туралы ұзақ уақыт бойы хабар болған жоқ. 1840 жылдың желтоқсанында ғана Жәңгір хан Махамбеттің 1839 жылы қазанда Бөкей ордасында пайда болғанын жеткізді. Хан Сұлтан Әділ Бөкейханов пен би Балке Құдайбергеновке батырды тауып, тұтқындауға бұйрық берді, бірақ олар мұны істей алмады. Жәңгір ханның хабарлауы нәтижесінде әскери губернатор 1841 жылы қаңтарда Орал әскерінің атаманына Махамбетті басып алу шараларын қабылдауды тапсырды. Сол жылдың 4 наурызында Сұлтан Мұртаза Өзбек-Галлиев Махамбеттің Орал – Ембі шекарасына жақын теңіз жағасындағы ауылдарда жасырынып жатқанын жеткізді. Орал әскерінің атаман әскері аталған ауылдарға Беріш руының ауылдарынан Махамбетті тапқан 40 казактан тұратын топ жіберді. Олар киіз үйді қоршап алды. Махамбет қарулы болды және берілгісі келмеді. Содан кейін казактар киіз үйге кіріп, Махамбетке қарай жүгірді. Махамбет өзін пышақпен қорғап, казак Хохловты тамағынан жарақаттады, бірақ айлалы жау алмай қоймады.

Махамбет поэзиясы 1836-1838 жылдардағы халық көтерілісімен тығыз байланысты. Ақынның идеологиясы оның халық көсемдерінің бостандығын, әділдігін жырлаған шығармаларының негізінде. Махамбет тек шешен поэтикалық шеберлігімен ғана емес, ең алдымен өзінің даналығымен және адамгершілігімен де жалпыға бірдей құрметке ие болды. Ойлар мен іс – әрекеттердегі жүйелілік пен шешімділік – ақын-балуанға тән белгілер. Жарқын тарихи тұлға, дарынды халық батыры – Махамбет Өтемісов ұрпақтар жадында мәңгілік сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тілеген А. Күйші Махамбет. URL: <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34501> (қаралды: 10.02.2024)
2. Күй аңызы: Махамбеттің күйі «Жұмыр, Қылыш» қалай туды? <https://egemen.kz/article/337389-kuy-anhyzy-makhambettinh-kuyi-zhumyr-qylysh-qalay-tudy> (қаралды: 11. 03. 2024)
3. Ұ. Зарлыққан. Қазақ күй аңыздары туралы бірер сөз. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaq-kui-anyzdary-turaly-birer-soz_23814 (қаралды: 31.03.2024)

МАХАМБЕТ – ЕРЛІК ПЕН НАМЫСТЫҢ АҚЫНЫ

Бижанова Алмагүл Ғазезқызы

Астана қаласы

Құрылыс-техникалық колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Өзектілігі: Махамбет – қазақ халқының кегі мен ызасынан, намысы мен жігерінен жаралған наркескен рухани қару.

Жауынгерлік рухтағы өршіл жырлардың інжу маржанын ұрпағына мұра еткен Махамбет – ерлік пен намыстың ақыны. Қазтуған, Доспамбет, Жалкиіз, Ақтамберді жыраулардың жалғасы Махамбет – сан ғасырлар бойғы тәуелсіздікке ұмтылған бабалар рухының нақты көрінісі.

Махамбеттің жырлары – ерліктің, өрліктің гимні, қайсарлықтың символы.

Көтеріліс кезінде Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды Жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы - өршіл жырлары болды.

Маңыздылығы: Махамбет – халқын сүйген, халық мұңын жырлаған, елім деп и еңіреген ақын. Махамбет поэзиясы өз дәуірінің, сол кездегі қанауға қарсы көтерілген шаруалар көтерілісінің айқын үні. Отанын сүйген патриот - өлеңдерін көпшілік мүддесі үшін жұмсаған, еңбекші шаруалардың жыршысы. Езуші таптың жауыздығын тайынбай әшкерелеп өткен реалист. Өмірінің ақырғы минутына дейін жақсылықты алдағы өмірінен күтіп, ұрпақтарды хан, патша, би, сұлтандарға қарсы күреске шақырып кеткен романтик. Ол – асыл сөздің кені, көркем тілдің ұстазы, ерлікке үндейтін жалынды үгітшісі. Махамбеттің өлеңдерінің бастан аяғына дейін жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – жастарды елін, туып өскен жерін қорғауға үгіттеді.

Махамбеттің:

Қабырғасын қаусатып,

Бір-бірін сөксе де,

Қабағын шытпас ер керек-

Біздің бүйткен бұл іске, - деп аталатын өлең жолдарында жастарды қандай да болмасын қиындықты жеңе білуге туып өскен Отанын елін сүюге, елжандылыққа тәрбиелеуге жас ұрпақты үндеді:

Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңінде де ақынның еліне деген сүйіспеншілігі тамаша өрнектелген. Ақын психологиялық параллелизмді шебер қолдана отырып, қызғыш пен өз тағдырын салыстырады. Махамбет көл қорыған қызғыштай елі үшін отқа түседі:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Қанатың қатты, мойның бос.

Исатайдан айырылып,

Жалғыздықпен болдым дос.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Ел қорыған мен едім
Мен де айырылдым елімнен
Көл қорыған сен едің,
Сен де айырылдың көліңнен.

Махамбет өз туған халқының перзенті ретінде өз елінің болашағынан үлкен үміт күтті, елдің еркіндігін аңсады:

Еділдің бойы ең тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім...

Махамбеттің бұл арманы бүгінде орындалды, іске асты.

Қазіргі таңда махамбеттану іліміне сүйенсек, Исатай – ел айбары, басқа қонған бақтың қайнары болса, Махамбет – арлы ана құрсағынан жаралған сардаланың сардар ері, таулары асқақ даланың мұзбалағы, Демек, Махамбет поэзиясы – намыс дабылы.

Махамбет шығармалары – бұқара өмірінің рухани – поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «Мұнар күн» жырында ол ел басына түскен ауырпалықты ашына айтты. «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «*Біртіндеп садақ асынбай*», «*Арғымақ, сені сақтадым*», «*Арғымақтың баласы*», «*Азамат ердің баласы*», «*Қара нар керек біздің бұл іске*», «*Еменнің түбі - сары бал*», «*Жалған дүние*», «*Еріскедей ер болса*», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. Өз халқын, елін, жерін сүйген нағыз ердің басты мақсаты-ел басына күн түскенде «Ереуіл атқа ер салу, егеулі найза қолға алу...» еді. Бойына туа біткен қайсарлығы арқылы досы Исатаймен біріге отырып, тәуелсіздік туын алғаш көтерді. Елінің азаттығы үшін ақберен ақын қаһармандық қасиеттерін ұрпаққа үлгі етті, өзінің өткір тілді өрен жырларымен оларды күреске үндеді. Күрес-Махамбет поэзиясының негізгі тақырыбы болып табылады. Ол қазақ әдебиетінің ұлы мұхитындағы өзгеше бір сырлы арал. Өзінің «Мұңайма» өлеңінде хан әскерлерінің халыққа көрсеткен қиянатын айта отырып, жасымауға, берік болуға шақырады.

Мәселен, Ақындар өр тұлғалы киелі сөз иесі Махамбет бабамызды былайша сипаттайды: «Елінің көкке туған өр перзенті», «Бетпе-бет ханмен қарсы қағысқанда, Оқтай бір атылмаған сөзі де жоқ», «Халқының құйған құрыш көк қалқаны!»(Тайыр Жароков, «Махамбет туралы аңыз»); «От ауызды орақтым, Жауға шапқан жарақтым», «Сен қырдағы заңғар тауымсың», «Сен бейне мұзбалақ қыран ең, Қанатыңмен тас жарып, ажалын күткен қиядан» (Қалижан Бекқожин, «Махамбет қабіріндегі тебіреніс»); «Жетем деп жауың мұратқа, сілтеді балта еменге,..Өтпеді қару бірақ та, өзіңнен туған өлеңге!»

(Қадыр Мырзалиев, «Махамбет», «Еменге біткен иір бұтақ»), «Тұлғасының өзі – жыр –шабыт!» (Фариза Оңғарсынова, «Түс немесе Махамбетпен қалай кездестім»), т.б. Махамбет сынды айбарлы Ұлт ұлының қасиетін халқында ауыз толтыра кең тыныспен айта бергің келеді. Сондай-ақ, Махамбеттану мәселелерімен бірге, ел, жер тарихына қатысты бүгінгі жаңа ұрпақты елін, жерін сүйер, отансүйгіштікке баулып, ел патриоттарын қалыптастыру қажет. «Балам дейтін жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» демекші, жас ұрпаққа білім нәрін сіңіріп, оны биікке самғатуға, елін сүйе білуге, туған жерінің игілігіне қызмет арнауға баулыр басты тұлға –ғалым-ұстаз. Бүгінгі таңда өркениетті елдер үдерісінде жас ұрпаққа әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асырып, олардың рухани байлығы мен мәдениетін, еркін ойлау қабілетін, кәсіби біліктілігі мен іскерлігін дамыту мүддесіне қызмет ету. Жарқын болашаққа көш түзеген Тәуелсіз жаңа Қазақстанның өскелең ұрпағын тәрбиелеп, білімін одан әрі жетілдіру заман талабы. Сондықанда, Махамбет сияқты жалынды ақынымыздың, оның ақындық өнеріне арқау болған заман құбылыстарын, өлең-жырларымен, жалынды ақын ретінде тарихқа осылай келгендігін паш ету. Иә, Махамбет -қиып түсер өткірлігімен, қызу қанды жігерлігімен, нөсердей екпінімен еркіндікті аңсаған батыр, арқалы ақын.. Халық жазушысы, мемлекет қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының «Тәуелсіздік жолында қан да төгілген, жас та төгілген, денесінен бас та бөлінген. Басы бөлінгенмен, ары төгілмеген, арлыларды әңгімелесек, биіктемесек аласармаймыз» деген сөзі Махамбетке арналған болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия-Алматы: «Арыс» баспасы 2002 ж.
3. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж.
4. «Махамбет» Республикалық әдеби, мәдени танымдық журналы 2022ж №9,10,11

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМИ ҚАСИЕТТЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Алиева Дидарай Бугибаевна
Дулат Бабатай атындағы
№89 мектеп-лицейінің
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі

Егемендігімізді алған жылдардан кейінгі уақыттарда Махамбет сынды алыптарымыздың еңбектерін жаңаш азерттеуге жаңа көзқараспен зерделеуге мүмкіншілік туды. Бабамыздың мұрасы көп жылдар ескерусіз келді. Махамбет өлеңдерінде ұрпақ тәрбиесіне қатысты тәрбиенің сан-алуан салалары атап

айтқанда, адамгершілік-имандылық, сұлулық, ел жандылық, экологиялық тәрбие туралы жан-жақты сөз болады. Махамбет шығармаларының жастардың бойында жағымды адами қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыруда алатын орны ерекше.

XIX ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырлармен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарыны ерекше. Көтеріліс кезінде Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды Жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы - өршіл жырлары болды. Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, ол өз рухын жоғалтпады. Халықты көтеріліске қайта шақырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салады. Амал не, қараңғы халық ойын түсінбеді, оның өлеңінің құдіретіне бас исе де, ақын соңына ермеді. Патша әскерінің қаруынан сескенген халық ақынның өлеңмен шақырған үндеуіне құлақ аспады. Жалғыздықтан күйінген ақын, өз сырын өлеңмен айта берді. Ақын өлеңінің тәрбиелік мәні ерекше халық санасын оята түседі.

Қай халықтың да қадір тұтары - өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры. Екеуі де тек халықтың ғана бойынан табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Екеуі де жұртын елдікке бастаса, қайсыбір жұмыр басты пенденің болсын өресі жетпес ерен ерлікке, кемел кісілікке бастары хақ. Екеуі де тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кемсіз пішер кемеңгер ақылдың көрінісі Ал, осы екі қас қасиет те бір басына сыйып, бағына біткен қазақ елінің асылы, ақберен ақыны-Махамбет Өтгемісұлы [1,25 б].

Азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен арыстан бабамыз Махамбет Өтемісұлының қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Рухы биік жырлары ақынның атадан туған аруақты ер екенін дәлелдей түседі. Тарихшы ғалым Тілекқабыл Боранғалиұлы өзінің «Ғасырдан тәбәрік» атты еңбегінде: «Қазақ жырының ой-санасы – Абай, ар-намысы – Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктеген әлеуетпіз. Бірі-рухани ұстазымыз, бірі-рухты ұранымыз» деп, Махамбеттің өзгеше жан екенін сөз етті. Жалынды ақын, намысшыл ержүрек жауынгер өзінің қысқа да жарық отты өмірін жан тәнімен халқына арнап, еркіндік идеясы мен әділеттілікті ұран етіп, найза ұшын, қалам құдыретін шебер ұштастырды. Махамбет көшпелілер өркениетінің осынау жарық дүниемен шарқырап тұрып қоштасқан соңғы үні. Жалына қол тигізбейтін көшпелілердің қыл сағағын тағдыр тұзағы қылқындырған сәтте асау рухы Махамбет болып тұяқ серпігендей. Қазақты ұлт ретінде даралап, тарих сахнасына шығарған көшпелілер мәдениетінің буырқанып келіп жартасты соққан ақж ал толқыны Махамбет тәрізді. Егер,

Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол *жыраулық поэзияның* көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «*Мұнар күн*» жырында ол ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «*Ереуіл атқа ер салмай*», «*Ұлы арман*», «*Жайықтың бойы көк шалғын*», «*Атадан туған ардақты ер*» жырларында

ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «*Біртіндеп садақ асынбай*», «*Арғымақ, сені сақтадым*», «*Арғымақтың баласы*», «*Азамат ердің баласы*», «*Қара нар керек біздің бұл іске*», «*Еменнің түбі - сары бал*», «*Жалған дүние*», «*Еріскедей ер болса*», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. «*Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында*» дейді ол отты жырларында. Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы Исатай батыр. «*Исатай деген ағам бар*», «*Исатай сөзі*», «*Арғымаққа оқ тиді*», «*Тарланым*», «*Соғыс*», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, **адамгершілік**, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды. Өз халқын, елін, жерін сүйген нағыз ердің басты мақсаты-ел басына күн түскенде «Ереуі атқа ер салу, егеулі найза қолға алу...» еді. Бойына туа біткен қайсарлығы арқылы досы Исатаймен біріге отырып, тәуелсіздік туын алғаш көтерді. Елінің азаттығы үшін ақберен ақын қаһармандық қасиеттерін ұрпаққа үлгі етті, өзінің өткір тілді өрен жырларымен оларды күреске үндеді. Күрес -Махамбет поэзиясының негізгі тақырыбы болып табылады. Ол қазақ әдебиетінің ұлы мұхитындағы өзгеше бір сырлы арал. Өзінің «Мұңайма» өлеңінде хан әскерлерінің халыққа көрсеткен қиянатын айта отырып, жасымауға, берік болуға шақырады.

Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын таптатқан, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Әбіш Кекілбаев Махамбет туралы жазған «Шандоз» атты еңбегінде оның «табиғаттан қалаған уақытында табыла бермейтін асылдай аса сирек кездесетін құбылыс» екендігін айта келіп: «Ондай құбылыс тек қазақ түгіл, барша адамзаттың ғұмырында да көп кездесе бермеген. Махамбет - кәдімгі он екі жілік, бір мығым жұмырбасты пенденің ертегідегідей аңызға айналуының, тек ертегіде ғана кездесетін ғажайып ерлердің қайтадан шындыққа айналуының таптырмас бір мысалы», - деп жазған еді [4,96 б].

Махамбет өлеңдерінің бір сыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Ерлікті дәріптейтін шығармаларды көп. Біз келешек ұрпаққа әрқашан патриоттық күш-қайрат беретін, өздерін жігерлендіре түсіру үшін осындай батыр аталарымыздың болғанын ұмыттырмауымыз керек. Қазіргі таңда біздің патриоттарымыздың еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық идеяға баулысын десек оларға Махамбет атамыздың өлеңдерін, шығармаларын бойларына сіңірту керек. Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Қызғыш құс» деген өлеңдері балалардың ойына қозғау салатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым. Ер Махамбеттің өршіл өлеңдері өскелең ұрпақ үшін әке қанымен, ана сүтімен бойға дарыған рух күшіндей әсер етеді. Қазақ әдебиетінің Мұхтар Әуезовтей дарабозының төл шәкірті атанған сөз зергері Зейнолла Қабдоловтың «Махамбет деген ардақты, әрі аяулы есімнің өзі – өмірдегі қасіреттің синонимі, өнердегі қасиеттің символы», -деп алдаспан жырымен ел рухын оятқан ақын туралы толғануы да сол себептен. Қазақ әдебиетінің барлық жанрларында арынды ақын, алдаспан жырдың дарабозы әрі батыр, әрі ту ұстаған қолбасшы Махамбет Өтемісұлы

туралы шығармалар аз жазылған жоқ. Сонау ақын Ығылман Шөрековтен бастап бүгінгі суреткер қаламгер Зейнолла Қабдоловқа дейінгі қалам ұстаған дарындардың барлығы бұл қасиетті тақырыпқа ат басын бұрмай өте алмаған. Бұл туындылар Махамбеттің күрделі тұлғасын көркемдік тұрғыдан жинақтауда, сол тұстағы қазақ басына түскен бодандық, патшалық Ресей империясының қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының қанқұйлы көрінісі, сонымен бірге ел ішіндегі, ағайын арасындағы зұлымдық пен сатқындық үстемдік құрған заман шындығын шынайы жеткізуде жазылған туындылар.

Қорытындылай келе, Махамбет аңсаған азаттыққа қол жеткізген халқымыз үшін енді ақын мұрат еткен азат ойдың биігіне ұмтылу, шынайы демократиялық қоғам орнату парызымыз. Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбетті білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, бұл оның адами болмысы мен айбалта-жырын көзге елестетіп, тілге оралтумен шектелмейді. Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын таптатқан, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Махамбет ұлттық тұлға оның батырлығын ақындығын күйшілігін азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп дәріптеу керек. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек. Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың рухына басымызды иіп, еліміз үшін күрескені үшін елімізді одан әрі көркейту керек. Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия-Алматы: «Арыс» баспасы 2002 ж.
2. Қазақстан тарихы. очерктер- Алматы. 1994ж
3. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж.
4. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті. -12.09. 2003
5. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк.
6. SZH.KZ сұрақ жауап сайты. www.atr.kz.

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕР

Мұхан Айгүл Сейлханқызы

Астана қаласы, Д.Қонаев
атындағы №66 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Белгілі бір халықтың көркем әдебиеті басқа халықтардың әдебиетінен, ең алдымен, өзінің образдар жүйесімен, сөз бейнелеу тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері – ұлттық характердің ең басты көрсеткіштері. Бұларсыз ешбір ұлт әдебиеті өмір сүре алмайды.

Көркем әдебиет деген ұғым образды сөз, көркем сөз деген ұғымға келіп тіреледі. Сондықтан «Өлең түр мен мазмұн бірлесе келе көркем әдебиетті туғызады. Түр мен мазмұнның бірлігінен көркем әдебиеттің шынайы табиғаты, бүкіл болмысы жасалады. Ал түрдің өзінің көріну тәсілдері, жүзеге асу жолдары, өмір сүру заңдылықтары болады. Сол түрдің көріну тәсілдерінің бірі – теңеу категориясы. Теңеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да өз бастауын осы теңеуден алады.

Теңеу барлық халықтың фольклорында да, жазба әдебиетінде де кеңінен орын алып, әдеби персонаждардың портреттерін жасауда, табиғат көріністерін суреттеуде, кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін сипаттауда, басқа да толып жатқан жай-жағдаяттарды баяндауда ұтымды стильдік тәсіл ретінде мейлінше мол қолданылады. Ал Махамбеттің өлеңдерін оқи отырып, ақынның сөздік қорындағы көркемдегіш сөз бедерінің ішінде теңеу сөздердің айрықша мол екендігіне көз жеткізуге болады.

Басқа да тілдік категориялар сияқты, теңеулердің де мазмұнына сай формасы болады. Теңеудің лингвистикалық табиғатын тану үшін, ең алдымен, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын анықтап алу қажет. Мысалы: қазақ теңеулерінің жасалу тәсілдері жөнінде академик Қажым Жұмалиев: «Теңеулердің көпшілігі зат есімге, есімше, етістікке жалғанған *-тай (-тей), -дай (-дей), -ша (-ше, және -дайын (-дейін))* жұрнақтары арқылы жасалады», - дейді.

Профессор Т.Қоңыров Қ.Жұмалиевтің пікірін қолдай келе, қазақ теңеулері жасалуының он түрлі тәсілін көрсетеді. Ғалым бұлардың теңеу жасаудағы үлес салмағы бірдей еместігіне баса назар аударып, мынадай орындар белгілейді: «Бұлардың ішіндегі ең пәрмендісі *-дай-дей; -тай-тей; -дайын-дейін; -тайын-тейін* жұрнағының көмегімен жасалатын тәсіл». Бүкіл қазақ теңеулерінің 70%-дан астамы осы тәсіл арқылы дүниеге келеді. Екінші орынды *сияқты, секілді, тәрізді* тәсілі алады. Бұларға теңеулердің 10-15%-ға жуық үлесі тиеді. Үшінші орынды *-ша, -ше* жұрнағы арқылы жасалатын тәсіл, төртінші орынды *ұқсас* сөзінің көмегімен жасалатын тәсіл, бесінші орынды *бейне* сөзі тәсілі, алтыншы орынды *-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен* жалғауы тәсілі, жетінші орынды аралас тәсіл, ал сегізінші орынды *тең* сөзі тәсілі алады. Бұл айтылған сегіз тәсіл

– қазақ тілінде теңеу жасаудың ең негізгі, ең басты тәсілдері.

Махамбет өлеңдеріндегі теңеулерге мысалдар келтірейік.

1.-дай, -дей, -тай, -тей жұрнағы – өте өнімді жұрнақ. Зат есімдерден сын есім мен үстеу тудырады.

Астына мінген ақтабан,

Ақ бөкендей ойнайды.

Қасына ерген көп әскер,

Маңыраған қойдай шулайды. (42б) Осы теңеулерде кілең даланың аң-құсын, табиғат бейнесін, стихиялық құбылысты теңеуге айналдырғаны - ақынды халықтық фольклордан нәр алған деуге негіз бар.

Махамбет өлеңдерінде нағыз айтулы Ердің образы ашылып қана қоймайды, елім дейтін ерлердің кейіптелуі айдай жарқырайды.

Бұландай ерді кескен күн. (58б)

Бұл атақты – мұнар күн, ер Исатай өлген күн. «Бұландай ер»– Исатайдың теңеуі. Махамбеттің наласы мен қастерлеуі, пір тұтуы, жоқтауы қатар тұр.

Керіскідей шандозым!

Құландай ащы дауыстым!

Құлжадай айбар мүйіздім!

Қырмызыдай ажарлым!

Хиуадай базарлым!

Теңіздей терең ақылдым, (60б)

«Қ» дауыссыз әрпінің аллитерациялық сап түзеп, қаз-қатар келуі – Исатай ерге мадақ пен жоқтаудың қабаттасуы.

Арқаның алпыс екі саласына барғанда,

Айдаһардай арбалдың (86б)

Қазақ халқының әдеби дәстүрінде айдаһар жиі айтылады. Бұл сыртқы дұшпанның мифтік бейнесі. Өйткені «арбау» сөзі тым зымиян жауды танытады. Қара күшпен жеңе алмаған жау, алдап-арбап жеңуі мүмкін.

2. -ша, -ше жұрнағы. Үстеу тудыратын бұл жұрнақ -дай,-дей жұрнағы сияқты теңеу тудыратын ең негізгі тәсілдердің бірі. Бірақ өнімділігі -дай,-дей жұрнағына қарағанда бәсеңдеу.

Жолбарысша жорыттым,

Етіне құлан тоям деп... (65б)

1. Секілді, сықылды, сияқты тәрізді шылаулары да қазақ тілінде теңеу тудыратын негізгі тәсілдердің бірі саналады.

Мінкен де мінкен, мінкен ер,

Бұл сықылды неткен ер? (84б)

Палуан жолбарыс секілді. (57б)

2. Сынды сөзі өте сирек қолданылады. «Сынды» тек зат есімдермен, әсіресе жалқы есімдермен бірге жұмсалады.

Тағы сынды ер едік,

Тағы да келдік тар жерге. (45б)

3. Тең сөзі. Лексикалық мағынасы, семантикалық мүмкіндігі бейне сөзіне жақын.

Адырнасын ала өгіздей мәңіреткен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен. (60б)

(М. Өтемісұлы, «Жыр- жебе» 1- кітап, Алматы: 2003 жыл)

Махамбет күллі жырларында ел қорғау, батырлық, ерлік, азаматтық, мәрттік, ажалға қасқая қарау, отаншылдық сияқты қасиетті ұғымдарды ұдайы жырлаған. Теңеулері түгел дерлік ер азаматтың отансүйгіш зор мұратын танытатын ірі, кесек, айбынды сөздерден тұрады. Махамбетте қара бастың қамын күйіттеу, дүниеқоңыздық, малқұмарлық, әйелжандылық, билікті байлық жолы үшін таңдау сияқты бұл фәнидің өткінші құндылықтары атымен жоқ.

Махамбеттің теңеулері көбінесе лирикалық «мен» арқылы беріледі. «Мен, мен едім, мен едім» болып басталады да, батыр әрі ақын Махамбет өзін арыстанға, құмайға, болатқа теңейді. Бірақ ол өзін Исатайдан биік қоймаған. Бір сөзбен айтқанда, Махамбет қиялдан тумаған, тарихта болған ұлт-азаттық көтеріліс көсемі Исатай Тайманұлы туралы артына ұмытылмас биік образ қалдырды. Нағыз ер, нағыз адам, елін, жерін сүйген кемел адам қандай болатынын өзінің өлеңдеріндегі Исатай тұлғасы арқылы үлгі етті. Исатайды идеал дәрежесіне көтерді. Исатай бейнесін ақын қазақ халық әдебиетіндегі теңеу сөздерімен таңбалады. Өлеңнің табиғатында Махамбеттің теңеулері қисынсыз келмейді, әр теңеуі орынды, дөп, айқын қолданылады. Ақынның көркемдік ойлау жүйесі азаттық пен ерлік ұғымына тіреліп тұрғандықтан, сөз орамдары сол табиғатын бұлжытпай ашады. Исатай батырдың портреті тұтасымен эмоциялық-экспрессивтік биік теңеу арқылы беріліп тұр.

Махамбеттің көркем теңеулерінде эстетикалық талғамы терең мағыналы сөздер арқылы айқын білінеді. Ол-дағы отан, ел мен жер, «қара қазан, сары бала» сияқты мемлекеттік мұраттарға толы болып келеді.

Махамбет есімі қазақ әдебиетінің жаңа дәуірін ашты, телегей-теңіз теңеулері арқылы қазақ өлеңін биікке көтерді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Өтемісұлы "Жыр жебе" 1 кітап, Алматы: "Өлке" баспасы 2003 ж.
2. Махамбет Өтемісұлы "Ереуіл атқа ер салмай" Алматы: "Жазушы" баспасы 1989 ж.
3. С.Негимов. "Ақын –жыраулар поэзиясы: Генезис, Стилистика, Поэтика."
4. "Махамбет энциклопедиясы" Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2002 ж.
5. Тұрағұл Қоңыров "Тұрақты теңеулер сөздігі" Алматы: "Арыс" баспасы, 2007 ж.
6. "Қазақ тіліндегі мағыналас теңеулер" Ф.Р. Ахметжанов
7. Қажым Жұмалиев. Шығармалары.

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТІЛІ

Бигожина Бакина Олжабаевна
Астана қаласы,
№ 63-мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Тарихтың алтын парақтарында өшпес із қалдырған танымал тұлғаларымыз ел есінен ешқашан да ұмытылмайды. Сондай жандардың бірі - Махамбет Өтемісұлы.

Ел басына қилы заман туғанда, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруды үйрететін, елін соңына ерте білетін еліміздің батырлары еді. Исатай бастаған күресте оның соңынан ере білген Махамбет Исатайдың нағыз қанды көйлек жолдасы еді. Халық азаттығы үшін күресте патша өкіметінің отаршылдық езгісіне Махамбеттің қилы тағдыры тұспа-тұс келді.

Патша өкіметіне қарсы тұрған Махамбет пен Исатайдың жалынды жігер намысы- Махамбеттің жорық жырларының тууына себепші болды. Біз, қазақ әдебиетінің тарихында Махамбеттің жүзге жуық өлеңдерінің барын білеміз. де болған. Сонда Махамбет әрі ақын, әрі күйші, әрі жорық жауынгері. Сегіз қырлы, бір сырлы ақынның сөзі де өзгелерден ерекше еді. Батылдығы мен ақындығы бір бойынан табылған Махамбетті асқақ рухты ақын деп бағаламасақ, біздің кім болғанымыз?

Енді Махамбеттің өлеңдеріне қысқаша талдау жасап өтсек...

«Махамбеттің Шонты биге айтқаны» деген өлеңі қазір Батыс Қазақстан облысының Чапаев поселкесінде тұратын жыршы Таутекенов Әділдің аузынан жазып алынды. Мұнда батырдың қайғысы, Жәңгірдің халыққа жайсыз болғаны, өздерінің қапыда шабылғаны, туып-өскен Нарынның қасиеттері айтылды. Бұл жырдың ішінде "Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» дейтін толғауындағы бір шумақ қайталанатын. Өйткені «Өтемістен туған он едік» дейтін шумақ-ақын өлеңдерінің беташары. Оның үстіне бұл қайталау емес, өзінше ерекшелігі, тың пікірі бар. Бұл шумақ:

«Талма тұс ауғанда,

Тай жеген арлан бірі едік»,-деп аяқталады.

Сол сияқты осы өлеңде «Адыра қалған Нарынның» деп басталатын бұрыннан белгілі өлеңнен қайталанатын жолдар, шумақтар кездеседі. Бірақ мұнда да үлкен өзгешелік, жаңалықтар бар. Мысалы, «Адыра қалған Нарында» *«Көнбегенді көндірген, Қынама пешпент кидірген.*

Ортасында Жәңгір деген ханы бар»,-дейтін жолдар «Махамбеттің Шонты биге айтқанында»:

Көнбес іске көнгізген,

Халыққа зәбір тигізген.

Ортасында Жәңгір деген ханы бар»,-делінген.

Ащы шындықты ашына айтқан, Махамбет өз дәуірінің шындық ақыны. Оған ақынның *«Хан емессің, қасқырсың»* деген өлеңі дәлел бола алады.

*Хан емессің, қасқырсың,
Қас албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап, Дұшпаның сені басқа ұрсын! Хан емессің,
ылансың,*

Қара шұбар жылансың.

Хан емессің, аянсың

Айыр құйрық шаянсың!

Ақынның «*Адыра қалған Нарын*» толғауында Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің себебін, сипатын анықтауға қажетті фактілер де кездеседі.

Махамбеттің «*Айналайын, Ақ Жайық*» толғауында:

Кер бұғыдай билерден,

Ақыл сұрар күн қайда?- деген жолдар бар. Ақынның барлық кітабында осылай жазылған да, оған «*бұғының бір түрі*» деген түсінік беріледі. Бұл қате пікір. Дұрысы-Кет бұғы. Бұғы-кісі аты. Профессор С.Аманжоловтың айтуы бойынша, қазақ шежірелерінде Кетбұғы сөзі жиі кездеседі. Ал Махамбет ақынның «Кетбұғыдай билері» дегеніне қарағанда, бұл тарихи немесе аты аңызға айналған адамдардың бірі болса керек. Нақтысын айтқанда, Махамбет өлеңдеріндегі Кетбұғы сөзі- біріншіден, Керт Бұғы емес, Кетбұғы, екіншіден бұғының бір түрі емес, адам аты.

«Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» дейтін өлеңінде:

Еділ үшін егестік, Тентер үшін тебістік,- дейтін жолдар бар. Мұндағы «*Тентер*» сөзін Дендер деп оқу керек. Дендер - Орал қаласындағы жер аты, ақын бұл атауды өзге бір өлеңінде Еділ, Сағыз, Жем деген жерлермен қатар атайды.

Ақынның «*Жалғыздық*» деген өлеңінде:

Азамат ерлер кімде жоқ- Еріккен күні қолда жоқ-

деген тармақтарды оқимыз. Мұндағы көрсетілген сөз қате жазылған. Бұл сөз «еріскен» деп оқылуы керек. Ақын өзінің толғауларында еріскен сөзін 2-3 жерде қолданған. Оған:

Еріскендей ер болса,

Соғысқандай жер болса,- деген сөздері дәлел бола алады.

Ақынның 1962 жылғы кітабының 38-бетінде:

Күн қақты ердің қасында,

Көп жүгіретін көлік бар,- деп жазылған жолдарды оқимыз. Мұндағы «*көлік*» сөзін күлік деп түзетіп оқу керек. Күлік-жүйрік ат, ал жүйрік атты ерлер мінеді және күлік-сәйгүлік, жүйрік, ұшқыр деген мағынаны білдіреді.

Сонымен қатар, Махамбет те ел,жұрт, байтақ сөздерімен қатар, «*Алаш*» сөзін де толғауларында жиі қолданады:

Алты сан алаш ат бөліп,

Тізгінін берсе қолыма,

Заулар едім бір көшке.

Алаш сөзі-қазақ поэзиясында «*ел,жұрт,халық*» деген ұғымды білдіреді. «*Арғымақтан туған қазанат*» деген өлеңде Баймағамбет сияқты дұшпанның

алдына келіп, отырғанына қарамай, бұрынғы арманды тақырыбын қайта өршітеді.

Ақынның «Мұнар күн» өлеңі Исатайдың өліміне арналған. Махамбет Исатайдың қазасын бүкіл елдің қазасы ретінде көрсетеді. Ақынның: *"Ағайынның басы еді, алтын ердің қасы еді. Исатайды өлтіріп, қырсық та шалған біздің ел", "серкесінен айырылып, сергелдең болған біздің ел"* деуі де содан. Өйткені Исатай - ел басшысы. Исатай бейнесі ақын жырларында асқан көркемдікпен, шеберлікпен өрнектелген. ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетте адам образын сомдауда Махамбет тамаша шеберлік танытқан. Сондай-ақ, Махамбет бейнесін әдебиетімізде сомдауға арналған туындылар да жетерлік.

Махамбет шығармалары-бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында елдікті сақтап қалуға шақырды.

2-секция

АЗАМАТ - ЕРДІҢ БАЛАСЫ...

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАУ, АЛЛИТЕРАЦИЯ ЖӘНЕ АССОНАНСТАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Дуисенгалиева Жанаргул Галимжановна

Астана қаласы, №9 «Зерде»

мамандандырылған лицейінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Кемел ойдың иесі Әбіш Кекілбаевша айтсақ, «табиғаттан қалаған уақытында табыла бермейтін асылдай аса сирек кездесетін құбылыс». Азаттық жолындағы арпалысының рухты поэзиясы саналатын отты өлеңдерін зерделеп қарасақ, Махамбеттің ереуіл жырларымен қазақ поэзиясының көркемдік кеңістігін жан-жақты кеңейткен ақын екендігін аңғаруға болады. «Махамбет өлеңдерінде жайдауыт, жалаң қабат, жадағай шумақтар атымен ұшыраспайды...» деп жазады дауылпаз ақынның шығармашылығы туралы З.Қабдолов. Сондай-ақ «...Махамбет өлеңі – қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ. Оның өзге тілге оңай аударылмайтыны да сондықтан» немесе «Абайға дейінгі қазақ поэзиясында бұдан асқан ақын жоқ» деп ақын поэзиясының құдыретін одан сайын асқақтата зор баға береді. Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» зерттеу

еңбегінде де Махамбет өлеңдерінен үзінді келтіре отырып, метафора, еспе қайталау қайталау сияқты көркемдік бейнелеу құралдарымен әдебиетімізді байытқанын айқындап берді [1,235].

Қайталау прозалық, поэзиялық шығармаларда сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айырықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше рет қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу үшін қолданылады [1,234].

Махамбет поэзиясында да ақындық өнерге тән айшықтаудың түрі - қайталау ерекше орын алады. Ақын өлеңдерінде кейде бүтіндей сөз, сөз тіркестері, тармақ пен өлең жолдарының қайталанып келетінін аңғаруға болады. Айтайын деген ойын тыңдаушысына әдейі назар аударту үшін әрі өлең қуатын, екпінін күшейту, әсерлі жеткізу мақсатында құбылысқа ерекше мән беріп қайталап айтады. Ақын өлеңдерінде қайталаудың түрлері көп кездеседі.

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн.
Бұлықсып жүрген мырзадан
Бұрынғы дәулет тайған күн...
...Біздің ер Исатай өлген күн,
Он сан байтақ бөлген күн... [2,208]

«Мұнар күн» - ақынның Исатай батырдың өліміне арнап шығарған элегиялық сарындағы туындысы. Батырдың өлімі Махамбетке де, халыққа да қатты батқан ауыр қаза болды. Ақын Исатай өлген күн шексіз қайғылы, қаралы, ауыр күн екенін өлеңде «күн» сөзін қайталай отырып, «шұбар», «мұнар» «буыршын мұзға тайған», «бұрынғы бақыт тайған» деген ауыр күйді, өкінішті сәтті танытатын эпитеттерді қолдану арқылы ұтымды аңғарта алған. «Күн» сөзін қайталану арқылы эпифораны шебер қолдана отырып, Исатайдай ағасынан айырылған күнді бұрын-соңды болмаған қаралы күнге балайды. Элегия-жоқтау үлгісінде шығарған өлеңіндегі «күн» сөзінің қайталануы жай ұйқас үшін емес, қол бастаған көсемен айырылған соң, халқының жағдайына деген алаңдаушылықты аңғарамыз. Бұл өлеңде ақын эпифора мен жай қайталауды қатар қолдану арқылы сөз әсерін, айтар ойды күшейте түседі. Бір тармақта «мұнар» сөзін бірнеше мәрте қайталай отырып, Исатай сынды батыр өлген күнді ашық күндегі ауаның күңгірттенгеніндей суреттейді.

Махамбет көмекші етістіктерден жасалған эпифоралық қайталауларды да («Біз бір енеден бір едік, Бір енеден екі едік. Екеуіміз жүргенде, Бір-бірімізге ес едік»), риторикалық сұраумен келетін эпифоралық қайталауларды да («Қоғалы көлдер, құм сулар, Кімдерге қоныс болмаған? Саздауға біткен құба тал, Кімдерге сайғақ болмаған?», сұрай арнау түріндегі эпифоралық қайталауларды да («Айналайын Ақ Жайық, ат салмай өтер күн қайда? Еңсесі биік боз орда, Еңкеймей кірер күн қайда?») басты назарға аударатын жайларды тыңдаушысына сезіндіру үшін ұтымды қолданып отырған.

Мен мен едім, мен едім,

Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім... [2,225]

Мұндағы «Мен» сөзінің шумақ басында қайталануы анафора жасап тұр. Айбарлы да адуынды мінезді жауынгер ақын кедір-бұдыры жоқ, төгіліп түскен, екпіні жауы түгілі тауды қопарғандай дауылды өлеңінде «мен» сөзін жиі қайталау арқылы өзінің өрлігін, асқақ рухын танытады.

Поэзиядағы дыбыс үндестігі – ассонанс пен аллитерация да аруақты батыр, алмас қылыштай өткір тілді ақынның өлең өрнегінде ерекше орын алады. Махамбет поэзиясына тән негізгі поэтикалық амал-тәсілдердің бірі дыбыстық қайталаулар болып табылады. Сөз ішіндегі болсын, тармақаралық болсын, шумақ ішіндегі түрлі позициядағы дыбыстық қайталаулардың сөз мәнерлілігін, әуезділігін, ырғақтық әуенін (музыкалылығын) профессор О.Бүркіт өз еңбектерінде орынды атап көрсетеді [3].

Аллитерацияның дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы әдеби тілді ажарлайтыны белгілі. Махамбет өлеңдерінде де ұтымды қолданылған тәсіл.

Кермиығым, кербезім,
Керіскедей шандозым!
Құландай ащы дауыстым,
Құлжадай айбар мүйіздім... [2,209]

Желпілдеген ала ту
Жиырылып ойға түскен күн.
Жез қарғылы құба арлан
Жез қарғыдан айырылып
Қорашыл төбет болған күн... [2,209]

Күн қақты ердің астында
Көп жүгіретін күлік бар.
Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар... [2,241]

Берілген өлең үзінділерінен «к», «кк», «ж» дыбыстарының қайталанып келуі өлеңге әуезділік беріп тұр. Дыбыстардың бірнеше рет қайталануы өлеңге күш-қуат беріп, әрі көркемдігін көтере түскен.

Ассонанстық қайталаулар сөзге әуезділік, өлшемдердің сәйкестілігін беріп, мәтіндерді нақты эмоционалдық қалыпта қабылдауға мүмкіндік жасайды. Бірдей дауысты дыбыстардан құралған ассонанс Махамбет ақынның айтар ойын айқындап, әсерлеп, көркемдете түседі.

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?.. [2,238]
Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алма,
Еңкейіңкі жер шалмай... [2,228]
Алайма, сұлтан, алайма,
Астыма мінген арғымақ

Аяндай түсіп марай ма?!.. [2,2]

Өлең жолдарындағы «е», «а» дауысты дыбыстарына құрылған дыбыстық қайталау шумақтардың әуездік қасиетін арттыра түскен. Өлеңді оқығанда немесе тыңдаған кезде дауысты дыбыстардың қайталанып келуі арқылы бірден құлаққа анық және жағымды естіле отырып, "а", "е" дыбыстары поэтикалық мәнге ие.

Өлеңдердегі дыбыстық қайталаулар көркем әдебиетте образ сомдауда да қызмет етеді. Мысалы, адам ашуланған кезде дауысы қатайып, қатал шығады. Махамбет Өтемісұлы елі мен жеріне ақыра теңдік сұрай жүріп, іште қайнаған ашу-ызасын дыбыстық қайталаулар арқылы білдіреді.

Еділдің бойы ен тоғай -
Ел қондырсам деп едім...
...Еңсесі биік ақ орда -
Еріксіз кірсем деп едім...
...Туырлығын тескілеп,
Тоқым етсем деп едім.
Тақта отырған хандардың
Төрде отырған ханымын
Қатын етсем деп едім... [2,225]

"Мен- мен едім, мен едім!" толғауынан автордың ассонанс пен аллитерацияны қатар қолданған эмоционалдық көңіл-күйін байқаймыз.

Қорыта айтқанда, Махамбет поэзиясында бейнелеуіш сөз өрнектерінің ішінде қайталау түрлері барынша мол. Автор қайталауларды ұйқас үшін қолдана салмаған, айтар ойы мен сезімін әсерлі жеткізуде қару етіп шеберлікпен қолданған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бүркіт О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі: Докт. дис. автореф. — Алматы, 2001. — 50 б.
2. Досмұхамедұлы Х. «Исатай-Махамбет». – Алматы, 1991.
3. Қабдолов З. «Сөз өнері». – Алматы: Санат, 2007.

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ КӨЗІ

Сайыпова Загила Мугыновна
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы,
№5 мектеп-гимназиясының
тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Махамбет – қазақ поэзиясында өршіл рухты жырларымен ерекшеленетін ақын. Сонымен қатар Махамбет шығармалары түйдек-түйдек ойларымен, төкпе толғауымен, ұйқас табиғатымен жыраулар поэзиясына ұқсайды. Заманауи білім

беру жүйесінде құндылыққа негізделген тәрбие беру мәселесінде Махамбет ақынның жырлары маңызды орын алады.

Махамбет Өтемісұлы поэзиясы арқылы біз ұрпақты адамгершілік, адалдық, достық, жауынгерлік, ерлік, әділдік, отансүйгіштік, ұлтжандылық, батылдық т.б. құндылықтарға тәрбиелей аламыз. Себебі батырлық пен ақындықты қатар алып жүрген Махамбет поэзиясының өзі өмір сүрген дәуірдің тарихи шындығын суреттеп қана қоймай, оқырманына терең ой салатын мағынасымен де өзгеше. Және Махамбет жырларында сөз егілетін құндылық ұғымын ұлттық құндылыққа жатқызуға болады. Себебі ұлттық құндылық ең алдымен ұлттық сезімнен тұрады. Ұлттық сезім дегеніміз – адам баласының бойында туғалы пайда болатын, өзге ұлттан ерекшелеп тұратын отансүйгіштік, намысшылдық, үлкенге құрмет, досқа адалдық, атамекен, ата қонысқа деген махаббат, оны қалайда қорғап қалу түсінігі. Ұлттық сезім – табиғаттың сол ұлт өкілінің бойына дарытқан қайталанбас сезімі. Олай болса, ақын шығармасындағы туған жерге сүйіспеншілік, отанды қорғау, халыққа қорған болу, әділдік пен намысшылдық мәселелері ұлттық сезімнен туындайтын ұғымдар деуге болады.

Ақын шығармаларының бір бөлігі жауынгер серігі, қолбасшысы Исатай Тайманұлына арналады. Тіпті Махамбет өлеңдері арқылы Исатайдай батырдың болмысын, табиғатын, мінезін саралауға болады десек, артық айтқандық емес. Махамбеттің бұл өлеңдерінен біз адал достықты, сенімді серіктестікті, қайраты мен өрлігі асқан ағаға деген құрметті аңғарамыз.

Исатай деген ағам бар,
Ақ кіреуке жағам бар.
Хан ұлымен қас болып,
Қара ұлымен дос болып,
Ат туады байталдан,
Айт десен - лебіз қайтарман.
Төрт-бес жылдай алысып,
Мына тұрған Иса-екем

Ханның бір тауын қайтарған, - деп жырлаған ақын Исатайдай батырдың ерлігіне «бұлардай ер енді туар ма?!» деп танданады. Осылайша танданған, өзіне үлгі тұтқан, үзеңгілес жүріп, талай жаудың бетін бірге қайтарған, қиын-қыстау шақта бір-біріне тіреу бола білген замандасының өмірден озғанын еліне келген қырсыққа теңейді:

Тайманның ұлы Исатай
Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді;
Исатайды өлтіріп,
Қырсық та шалған біздің ел!

Әрине, Махамбеттің Исатайдай батырға арнаған өлеңдері мұнымен шектелмейді. Батырлықты суреттейтін осындай өлеңдерін оқыту арқылы біз оқушыларды адал достыққа, халқы үшін аянбай тер төгуге, ұлтжандылыққа тәрбиелейміз. Сонымен қатар, қазақтың қанымен берілетін үлкенді құрметтеу,

өзіне аға санаған жанның әрбір ісін үлгі тұту түсінігі де адам бойындағы ұлттық тәрбиенің белгісін білдіреді.

Хандық дәуір әдебиетінің бір белгісі – ақын-жыраулар өз толғаулары арқылы халықтың мұңын ханға бұлтармай, тайсалмай жеткізуі. Түйдекті толғау және жалынды жырмен ханға сес көрсетіп, халыққа қарсы жасаған ісінің сұрауы бар екенін аңғартып, хан билігінің күшін басып отырған [1]. Бұл – ақын-жыраулардың әділдік үшін күресінің, басына қауіп төнсе де халқын қорғауының көрінісі. Махамбет өлеңдерінде бай-манаптар мен ханға қарсы ащы тілмен өткір жыр айтылады.

Он екі төбет, шұнақ хан,
Шабатының ел екен,
Күндейтінің мен екем.
Хан ұлына қас болу,
Қара ұлына бас болу —
Мендей ерге жөн екен!

Әділдікті ту еткен ақын бұл жолда өзінің туған ағасы сұлтан Баймағамбетті де аямайды. Оның «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деп аталатын өлеңінен біз Махамбеттің әділдікті, халық қамын туған ағасымен қарым-қатынастан жоғары қойғанын байқаймыз.

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім,
Қай қазақтан кем едім?
Бір қазақпен тең едім.
Өздеріндей хандардың,
Қарны жуан билердің,
Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көпке шақыртып,
Басын кессем деп едім.

Отансүйгіштік пен имандылықты, ерлік пен тектілікті жырлаған Махамбет Өтемісұлы елдікті, ар-намыс пен рухани тазалықты өлеңдерінің өзегі етіп алды.

Бір Аллаһқа сиынып,

Ұрандап жауға тигенде, - деп елі мен жері үшін жан аямай күресу нағыз ерлердің қасиетті борышы екендігін жырлаған ақын, өз өлеңдері мен халықтың рухын көтеріп, елдік мұрат пен ұлттық мүдде үшін жан қиярлық ерлік үлгісін көрсеткен батырларды ардақтап, ел басына күн туғанда, Жаратушыға сиынып, Отанды қорғауға шақырады.

Елін, жерін жаудан, хан мен Ресей патшалығының озбырлығынан қорғауды өмірлік мақсатына айналдырған Махамбет жаудан жеңіліп, мысы қайтып, туған жерін жау қолына беріп кейін шегінуді өлімге теңейді.

Абайламай айрылдым
Аржақтағы елімнен –

Анау Нарын деген жерімнен.

Тірі кеттім демеймін –

Кем болмады өлімнен.

Бұл өлең жолдары ақын бойындағы намысты, өкінішті білдіреді. Және осы өкінішпен өмір сүрген ол түбінде халқының еркін де азат ел болуы жолында жанын қияды. Демек, Махамбет жырлары жастарға достық, адалдық, әділдік, туған жерге сүйіспеншілік, имандылық сияқты ұлттық құндылықты насихаттайды.

Қай халықтың да қадір тұтары – өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры. Екеуі де тек халықтың ғана бойынан табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Екеуі де жұртын елдікке бастаса, қайсыбір жұмыр басты пенденің болсын өресі жетпес ерен ерлікке, кемел кісілікке бастары хақ. Екеуі де тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кемсіз пішер кемеңгер ақылдың көрінісі»[2]. Зерттеуші ғалымдар қазақ қоғамындағы ақын мен батырдың орнына, құдіретіне осылай баға береді. Бұл тұрғыдан келгенде Махамбет Өтемісұлының бойында осы екі қадірлі тұлғаның барлық қасиеті табыла білген. Бұл оның ақын ретінде де, батыр ретінде де қайталанбас ерекше тұлға болғанын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. 2006 ж.
2. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //»Қазақ әдебиеті» журналы 2003.-12.09.
3. Махамбет: Жыр семсері// Құрастырған: Қ.Өмірәлиев. Алматы, 2008 ж

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Космагамбетова Назгуль Зулъжаладиновна

Қарағанды облысы, Шет ауданы
Ақжал кенті, Ш. Батталова атындағы
ТМ/РО, бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация. Мақалада қазақ халқының батыры, ақын Махамбет Өтемісұлының шығармаларының тәрбиелік мәні туралы айтылады. Оқырманға Махамбет шығармаларында дәуір өмірінің ыстық тынысы сезіледі. Ақын ұстанымы ерекше, өйткені ол өз шығармаларында XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының қоғамдық өміріндегі барлық тереңдетілген әлеуметтік-саяси қайшылықтарды көрсетеді. Махамбет Өтемісұлы шығармашылығының орасан зор маңызы оның қазақ көркем-поэтикалық өнерінің дамуындағы жаңа кезеңді белгілеуімен айқындалады.

Кілт сөздер: ақын, поэзия, құқық, еркіндік, тәрбие, мұра.

Махамбет Өтемісұлы – хандар мен сұлтандармен тең дәрежеде сөйлескен, бейнелі буын және өткір қылышпен қарапайым адамдардың құқығын қорғаған,

ұлы даланың болашағы үшін соңғы деміне дейін күрескен ақын, ел есінде қалған батыр. Махамбеттің өмір сүрген дәуірі әдебиеттегі әлеуметтік мәселелердің тереңдеуімен, ондағы демократиялық идеялардың айқын көрінісімен сипатталатын кезең болды. Сонымен қатар, Махамбет поэзиясы қазақ әдебиетінің дамуының тарихи жағдайларына байланысты ондағы жеке шығармашылық принциптің ерекше айқын көрінісімен ерекшеленеді. Батыр өзіне тән өр рухымен қазақ поэзиясына мүлдем жаңаша мазмұн енгізді. Ол өз шығармаларының негізгі тақырыбын қысым жасаушыларға қарсы қарулы күреске шақырды [1].

Махамбет 1804 жылы Кіші жүздің беріш руының ақсақалының отбасында Бөкей ордасында дүниеге келген. М.Өтемісұлының қай жерде оқығаны және тәрбиеленгені туралы нақты ақпарат бізге жеткен жоқ. Алайда, мұрағаттық деректер бұл жан-жақты мұсылман білімін алған, орыс тілі мен грамотасын жақсы меңгерген адам болғандығын көрсетеді. Өмір бойы шындық пен халқының қамы үшін күрескен батыр болашақта қазақ даласында демократиялық ойдың дамуына өзіндік жол ашты. Махамбеттің кезінде қазақ халқы аса қиын өмір сүрді. Қазақ хандары мен бай шенеуніктері халықты езіп, ең жақсы жайылымдарды, малды таңдап алып, күн берген жоқ. Махамбет Өтемісұлы ханның қазақ халқына қалай қысым көрсетіп жатқанына байсалды қарай алмады. Халық та барлық қиыншылықтарға, кедейлік пен құқықсыздыққа ұзақ уақыт шыдай алмады. Адамдар отрядтарға бірігіп, байлардың көшпелілеріне шабуыл жасады, барлық отрядтардың басында батыл жауынгер Исатай Тайманов пен ақын Махамбет Өтемісұлы тұрды. Махамбет Өтемісов көтерілісші ақын ретінде шығармаларында халықтың өмір салтын көрсетіп, келер ұрпаққа елі мен жерін сүюді насихаттап, тәрбиелік мәні бар ауыл қалдырды. Ол өз халқын шын жүректен жақсы көрді және халықтың бостандық туралы ішкі армандарын орындау мақсатында басын бәйгеге тікті. Оның еркін өлеңдері ұрпақтарына жетіп, беріліп, олардың өмірін шабыттандырып, рухтандырды [2].

Махамбет шығармаларында гуманистік, демократиялық мұраттар поэтикалық түрде бейнеленген. Олар әлеуметтік теңдік идеяларына терең еніп, халықтың рухани күштеріне деген мызғымас сенім – бұл ақынның шығармаларын ерекше ажырататын қасиет. Батырдың пікірінше, ірі әлеуметтік сын-қатерлердің нәтижесін халық шешеді. Өлеңдердің бірінде Махамбет хан тағының мызғымастығы сағым, елес екенін ашық айтады. Егер халық күреске көтерілсе, онда тақ сөзсіз құлайтынын түсінді және айналасындағы топтасқан қауымға ойын жеткізуге тырысты. Махамбет Өтемісұлының поэтикалық стилі бұрынғы көркемдік-поэтикалық дәстүрлерден айтарлықтай ерекшеленеді. Мысалы, «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңінде қазақ поэтикасында – біртекес, бір-бірімен байланысты сөйлемдер тізбегін қамтитын кезең ретінде көрінеді. Бұл шығарманың мазмұны азаттыққа, еркіндікке үндеп, жастардың бойына патриотизмді қалыптастыруға көмектесті [3].

Жалынды ақын қатал сынақтардан өтіп, қиындықты жеңу арқылы мақсатқа жете алатынын түсініп, шығармаларында халықтық мүдделер үшін күрескердің

бейнесін көркем түрде сенімді түрде бейнелейді. Әр шығарма Махамбеттің поэтикалық стилі мен тілінің ерекше қайталанбас ерекшелігін айқын көрсетеді. Ол мазмұнның тереңдігі мен жаңалығымен, ақын шығармашылығының әлеуметтік бағытымен анықталады. Махамбет Өтемісұлының өлеңдері Исатай Тайманов бастаған 1836-1837 жылдардағы халық-азаттық көтерілісінің бүкіл тарихын көркем-поэтикалық бейнелеу және түсіну болып табылады. Ақын оның ерлігін «Арыстан еді-ау Исатай, бұл фәнидің жүзінде, арыстан одан кім өткен?!» деп суреттеп, ерлігіне тамсанады. Махамбет батыр өзінің сырласы, әрі арқа сүйер «бауырына» айналған Исатай Тайманұлын қатты құрметтеген. Елім деп шырылдаған батырлардың тілегі мен мақсаты бір жерден шығып, қазақтың болашағы үшін жанын беруге дайын болды. Жандарындағы тілеулестерінің арқасында және қайтпас мінездері үшін тарихта аттары қалған біртуар тұлғаға айналды. Шешендік өнерді де қатар алып жүрген батырлар әртүрлі жағдайға шумақ өлең шығарып рух берген [4].

Махамбет Өтемісовтің шығармашылығы – сөз бен іс-әрекеті бір жерден шыққан өр рухты шығармалар. Ақын халық поэзиясының мәнерлі құралдарының орасан зор көркемдік мүмкіндіктерін үлкен толықтықпен ашты. Қазақ халық поэзиясының ғасырлар бойғы даму процесінде қалыптасқан көркемдік принциптерді дамыта және жетілдіре отырып, ол өз шығармашылығымен ауызша поэзияны жазбаша әдебиетпен жақындастыруға ықпал етті. Бұл отандық әдебиеттің одан әрі дамуы үшін үлкен маңызға ие болды. М. Өтемісұлының шығармалары жарқын бірегейліктің мөрімен белгіленген. Махамбеттің поэтикалық шығармашылығы өзінің идеялық-көркемдік күшін сақтайды, соның арқасында ол халықтың адамгершілік және патриоттық тәрбиесіне табысты қызмет етеді. Ақынның артына қалдырған баға жетпес мұрасы жас ұрпақтың дамуы барысында өмірлік тәрбие құралы болары анық [5].

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Ахметов З. Махамбеттің ақындық шеберлігі. Махамбет: Елдік пен ерліктің өшпес рухы. – Атырау, 2002. – 24 б.
2. Сарай Ә. Исатай-Махамбет тарихы. – Алматы: Өлке, 1997. – 109 б.
3. Өмірәлиев Қ. Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі үлгілерімен байланысы. //Қазақстан мектебі №6, 1970. – 75 б.
4. Сүйіншәлі Х.Ж., Сүйіншәлі Қ.Ж. Ішкі орда және жалынды ақын Махамбет. - Алматы: «Қазақ университеті», 2002. – 57 б.
5. Ахметов З.А., Егеубаев А.Қ. Махамбет. – Алматы: «Ғылым», 2003. – 448 б.

ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСТВО МАХАМБЕТА УТЕМИСОВА

Жаналинова Данагуль Темиртасовна

Кемел Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

Махамбет Утемисов – батыр, возглавивший народ; борец, мечтавший видеть Казахстан свободным и независимым, поэт высокого духа. Родился он в 1803 году в местности Бекетай Бокейской орды (Жанибекский район Уральской области). Махамбет с детства был увлечен стихосложением. Его выдающийся поэтический талант признавали все.

Судьба отмерила батыру всего 42 года. Но мощь его личности, его поэтический дар, его пламенные кюи навсегда остались с народом, за свободу и независимость которого он без колебаний отдал жизнь.



Классик казахской литературы Мухтар Ауэзов сказал о Махамбете: «В битве – батыр, в общении его острое слово подобно серпу. Пламенный поэт, страстный оратор, в восстании Исатая – Махамбет – один из самых его выдающихся участников. Махамбет среди казахских акынов является одним из самых одаренных, его поэзия в свое время была самой яркой, захватывающей, впечатляющей, она была голосом и языком народа, выражала его чаяния и стремления. Во всей литературе XIX века, в ее героической поэзии никто, как Махамбет, открыто и страстно не поддерживал народ в его борьбе с угнетателями».

Как сообщается в многочисленных библиографических справках, отец будущего поэта Утемис входил в число влиятельных людей, близких к окружению хана Букеевской Орды Жангира. Махамбет выделялся среди своих сверстников живым умом, любознательностью и острым языком. Современники отмечали, что он основательно знал Коран и язык дипломатической переписки. Также известно, что с самого раннего детства его отличали незаурядные физические данные: он прекрасно стрелял, ездил верхом, владел холодным оружием, был первым в схватках.

Очень рано в нем стал формироваться и собственный гражданский взгляд на судьбу народа, и все свои мысли он стал перекладывать в поэтическое слово и музыкальные творения, как никто другой умел обобщить степную мудрость и заечь своими речами. Пламенные стихи и кюи Махамбета любил народ, передавал их из уст в уста.

Поэт-трибун, поэт-вдохновитель, кюйши-летописец, непревзойденный оратор, воин-освободитель. Так называл его тогда народ, такую оценку и сейчас дают потомки. Слушая стихи и кюи Махамбета, народ начинал чувствовать духовное родство с ним, видел в нем защитника и заступника, понимал, какую

заботу он проявляет о своей земле. Люди в нем души не чаяли и считали идейным наставником и предводителем.

В 1829 году Махамбет был взят под стражу за свои дерзновенные стихи и вольнолюбивые взгляды, провел 2 года в Калмыковской тюрьме, из которой совершил побег и скрылся в степи. Тогда он открыто встал на путь борьбы за свободу народа.

Как писал исследователь жизни Махамбета профессор Ерлан Арын, «казахское общество первой половины XIX века оказалось в крайне противоречивой ситуации. В степь, ломая традиционное мироустройство кочевников, вступала новая чужеродная сила. Вместе с колониальным игмом усиливалось притеснение коренного населения со стороны местных феодалов. Целыми аулами сгонялись с насиженных мест люди, бремя поборов местных феодалов удвоилось налогами царской администрации. Историческая драма, что разыгрывалась на глазах Махамбета, не могла не сказаться в душе патриота смятением и гневом».

Поэзия мужества и отваги прожгла тысячи сердец, побудив встать под знамена освободительного восстания под предводительством Исатая Тайманова и его самого. Простые и конкретные, впечатляющие и неоспоримые своей яркой метафоричностью стихи Махамбета оказывали почти такое же воздействие на восставших, как и суры Корана.

В течение 2 лет восставшие вели бои, но были разгромлены в июле 1838 года в сражении у реки Акбулак, где в неравном бою погиб Исатай. После его гибели Махамбет с небольшим отрядом прорывается через войска и направляется к Хивинскому ханству. Махамбет пытается вновь организовать повстанцев на борьбу против врагов, но это ему не удается. Он, тайно возвратившись в Букеевскую Орду, начал агитацию народа против хана и царя, однако его опять арестовали и отправили в Оренбург. Там его освободили, предупредив о недопущении участия в мятежах.

Последние годы жизни акын провел в аулах кочевников. Хан Жангир и султан Айшуаков, боясь влияния Махамбета на народ и вспышек новых мятежей, следили за поэтом и максимально ограничивали его передвижение.

Погиб легендарный Махамбет, правдолюб и поэт, прошедший через горнило испытаний и сражений, от рук наемников, до последнего сражаясь с кинжалом в руках. Дело «Об убийстве киргиза Махамбета Утемисова» хранится в архиве Оренбургской области, копия – в ЦГА РК. Расследование убийства легендарного поэта, длившееся 7 лет, так и не наказало убийц, дело было закрыто.

Захоронен Махамбет в местечке Караой, в 40 км от поселка Индерборский в Атырауской области. На месте гибели поэта в 1995 году, к 150-летию со дня рождения, был построен мазар-мавзолей. Ежегодно у мавзолея проходят литературные чтения. К 200-летию юбилею была выпущена памятная монета Казахстана номиналом 50 тенге.

В Нур-Султане работает Дворец школьников имени Махамбета Утемисова. В Атырау в 2003 году воздвигнут памятник в честь Тайманова и Утемисова. В

Уральске открыт памятник двум батырам, чьи имена в народной памяти вписаны золотыми буквами. Один из старейших вузов страны – Западно-Казахстанский государственный университет носит имя Махамбета Утемисова.

Кандидат исторических наук, доцент ЗКГУ им. М. Утемисова Альфия Байбулсинова, занимающаяся исследованием истории просвещения в казахской степи, изучала личность Махамбета Утемисова с ранее недостаточно известной стороны – его просветительской деятельности. Присутствие при дворе Жангир-хана, по ее словам, только подчеркивает его образованность и одаренность.

Альфия Сабыргалиевна отмечает, что из архивных источников Оренбурга, Астрахани, Москвы, Санкт-Петербурга, Уфы, Казани, Алматы, датированных XVIII–XIX веками, документально установлен факт владения рядовыми казахами на территории Младшего жуза, в том числе и Махамбетом, четырьмя языками, а представители знати, ханской крови говорили даже на восьми языках.

– Есть свидетельства, что первые знания Махамбет получил в медресе. Продолжил учение в Оренбурге, куда в 1824 году его, уже известного поэта, послал хан Внутренней Орды Жангир, определив наставником к своему сыну Зулкарнаю. Там Махамбет овладел русским языком и русской грамотой. Был набожным человеком, очень хорошо осведомлен в исламе. Около 5 лет он был воспитателем ханского наследника, а потом между Махамбетом и ханом Жангиром возник конфликт. Он владел татарским, персидским, арабским и русским языками. Бывал в Хиве, жил в Оренбурге. Утемисов был знаком с русским писателем и этнографом Далем, который служил чиновником по особым поручениям при Оренбургском генерал-губернаторе. Тесные отношения поддерживал Махамбет Утемисов с ученым-путешественником Карелиным, служившим во Внутренней Орде и Оренбурге, – рассказала Альфия Байбулсинова.



– Известно, что детство Махамбета и Жангир-хана прошло вместе. Жангир был всего на 2 года старше Махамбета, и позднее, взойдя на ханство, женившись, родив детей, доверял воспитание сыновей Махамбету. Это высокая степень доверия и признания образованности Махамбета. Ведь в обязанности воспитателя наследников ханского престола входило не просто обучение грамоте, языкам, но и формирование государственного мышления, – подчеркнула исследователь.

Историк отмечает, что Махамбет был человеком незаурядных знаний, прекрасно разбиравшимся в арабской письменности. Жангир-хан высоко ценил светлый ум Махамбета, которому по происхождению не суждено было обучаться в университетах, получать европейское образование. Хотя в формировании богатейшей библиотеки при ханском дворе, по сведениям многих историков, Махамбет сыграл не последнюю роль, изучая персидские, арабские рукописи и подготавливая их к изданию.

Махамбет полностью разделял взгляды хана Жангира на просвещение народа, внедрение европейской культуры и образования, развитие ислама. Но политические взгляды их разнились с непреодолимой силой, и это стало причиной разрыва. Махамбет открыто воспел свободу своего народа, став главным идеологом народного сопротивления.

Уральский кюйши Нуржан Сертеков, будучи профессиональным музыкантом, выделяет кюи и терме Махамбета, которые, по его оценке, необычайно талантливы и проникнуты неповторимой эмоцией борьбы. Он отмечает, что о Махамбете всегда говорят как о поэте и батыре, но не менее ценно для культуры его музыкальное наследие.

Долгое время было известно только несколько его кюев. О них заговорили лишь в 1958 году. Позднее Тумат Мергалиев по поручению Ахмета Жубанова снарядил экспедицию в разные регионы для сбора кюев, в том числе и в Бокейординский, Жанибекский районы Уральской области, Палласовский район России. В этой поездке в 1963 году произошла на Тайпакской земле встреча с местным кюйши Отегеном Жумашевым и был записан кюй Махамбета «Өкініш».

Позднее ученый-историк Исатай Кенжалиев нашел в регионе чабана Канаша Иманбаева, знавшего кюи Махамбета, и записал десяток сочинений. Еще один музыкант нашей области Каршыга Ахмедьяров также записал у Отегена Жумашева кюи Махамбета и выпустил книгу «Шашақ найза шалқар күй», следом Исатай Кенжалиев – «Махамбеттің күйлері». Таким образом, в двух книгах были собраны 24 произведения Махамбета, которые введены в музыкальный оборот. Сегодня они играют не только на домбре, есть и оркестровое исполнение.

– Кюи Махамбета – непростые, требуют не просто исполнительского мастерства, но и глубокого проникновения в созданные им музыкальные образы, – отмечает Нуржан Сертеков.

Махамбет для студентов вуза, носящего его имя, – героическая личность, оставившая глубокий след в истории нашей страны, истинный патриот и поэт-трибун.

– Махамбет – легендарный батыр, человек беспримерного мужества и негибимой воли. Я восхищен его силой духа. Махамбет был человеком, открыто заявлявшим о своей позиции, не боясь мнения ханов и властителей, сумевшим увлечь за собой народ, призывавшим наших предков стоять за себя, свою правду, свою землю. Я горжусь, что являюсь потомком Махамбета, – говорит Бекарыс Бейбитулы, студент факультета педагогики. – Родился там же, где Махамбет, ходил по той же земле и с детства ощущал особую принадлежность к его имени. Помню, что аксакалы, благословляя, говорили нам: «Будьте как Махамбет!» И эти слова для меня – своеобразный девиз, ведь силу духа батыра никто не смог сломить. Махамбет оставил большое творческое наследие. Мы исполняем и изучаем пламенные стихи батыра, истинного сына своей земли. Я горжусь, что получаю высшее образование в вузе имени Махамбета Утемисова.

– Его творческое наследие, изучаемое студентами нашего факультета, пропитано удивительной силой патриотизма и верности родной земле, своему народу. Он был личностью государственного масштаба, своими боевыми и поэтическими стрелами разившей врагов и покорявшей сердца сторонников. Поэзия Махамбета – чистый источник вдохновения для истинной дружбы, правды слова и поступка, нестигаемости в угоду обстоятельствам и персонам. Махамбет – личность, которая ниспослана нашему народу свыше. И сегодня, уверена, имя Махамбета – пример для подражания и воспитания поколений. Батыр, поэт, философ, дипломат, просветитель... Мощь его личности и значение для становления казахской государственности переоценить трудно. И свою задачу в будущем как педагога вижу в том, чтобы пламенные стихи Махамбета изучались детьми и зажигали в них огонь истинного гражданина и патриота.

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІ – ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Интыкпаева Бакыт Турсынхановна
Астана қаласы Қадыр Мырза Әлі атындағы
BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Ұстаз – тағдыр, ұстаз – ғұмырда: «Қолыңнан келсе, кеудеңе шырақ жандыр» – деген Ахмет Иассауи нақылын ұстаным етемін. 45 минуттан 45 минутқа жалғасып жатқан ұстаздық өмірімде халқымның асыл сөз мұраларынан сыр шертіп, құндылықтарын насихаттаудамын. Махамбет болып, «Ереуіл атқа ер салып, оның азаттық жырларының «Қызғыш құсына» айналдым. Әдебиет пәні ұстазы болған соң, халқымның қазір өмірде жоқ асыл сөз иелерін тірілтуге, даналық ойларынан дән іздеуге насихаттаудамын. Махамбет өзгеден ойы озық, өресі биік дара тұлға екенін өлеңдері арқылы қазақ әдебиеті сабағында қалай дәріптеп жүрмін? Осы ой төңірінде өз ойымды өрбітсем деп едім.

Махамбет жырлары халқымыздың рухани қазынасының баға жетпес байлығы болып саналады. Қаһарман ақынның қызыл оттай қызулы, қылыштай өткір, серпінді сөздері қалың қазақтың жүрегіне асау толқу салды, тілегіне қанат бітірді. Оның поэзиясы – қаһарлы да айбарлы, өзіне дейінгі әдебиет өкілдері шығармаларына өзіндік өр рухпен үлес қосқан поэзия. Махамбет шығармалары өскелең ұрпақты өз Отанын, туған жеріне деген сүйіспеншілікке, азаттыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарып келеді.

Әдістемелік талдау. 7-сыныпта Мұхтар Шахановтың «Нарымқұм зауалы» шығармасында «Әке үкімі» бөлімінде Махамбеттің өр тұлға, «халық адамы» екенін насихаттайды. Автор бұл шығармада Махамбетке деген құрметті жалпыадамзаттық құндылық ретінде беріп тұр. Оқушылар бұл шығарманы оқу арқылы ел үмітін ақтайтын, жас ұрпақтың бойында өз халқына, туған жерге

деген сүйіспеншілік сезімдерін тудырып, Отан қорғауға деген жалынды да жігерлі ұмтылысын арттырар, патриот болып қалыптасады.

9-сыныпта «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Бағаналы терек», «Мен, мен едім, мен едім» өлеңдері оқытылады. Махамбет шығармаларын талдау арқылы жас ұрпаққа Махамбеттің азаматтық болмысын, ағартушылық үнін, ұлттық бояуын танытуды көздейміз. Ақынның шығармаларын оқып, талдай отырып, өн бойында жатқан даналықтан ғибрат аламыз.

Мәселен, «Мен, мен едім, мен едім» өлеңін /9-сынып/ қарастырсақ. Бұл өлеңде үлкен ой жатыр.

Оқу мақсаты: Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

Тапсырма.

Көтерілген мәселе немесе болған оқиға	Көркемдік құндылық	Тарихи құндылығы	Әлем әдебиетіндегі маңызы

Дескриптор:

- Үзіндіден болған оқиғаны нақтылайды;
- Көтерілген мәселені анықтайды;
- Тарихи құндылығын талдайды;
- әлем әдебиетіндегі маңызына баға береді.

Махамбет өлеңдеріндегі құндылықтарды оқытуда 4 дағды бойынша төмендегі әдістер арқылы қарастырдым:

Тыңдалым тапсырмасы. «Ой салу» кезеңіндегі миға шабуыл сұрақтары:

– «Мен, мен едім, мен едім» деп аталу себебі неде? – Махамбет өлеңдерінің өміршеңдігіне қандай баға берер едіңдер?

Ықтимал жауап: Мұндағы «МЕН» — Махамбеттің бүкіл болмысы, Махамбеттің күрескерлік әлемі. Махамбеттің батыр жүрегі. Осы «МЕН» арқылы Махамбеттің ісі, елге деген махаббаты, елдің тәуелсіздігіне деген жаупкершілігі мен дұшпанға өшпенділігі көрініс береді.

– Өлеңнен қандай құндылықтарды бойыңа сіңірет едіңіз?

– Өлеңде автор позициясы қалай көрінеді?

2. Жұптық жұмыс.

А) ...Жақсыларға еп едім, Жамандарға көп едім → себебі...

Ә) ...Еділдің бойы ен тоғай, Ел қондырсам деп едім → ... себебі...

Б) ...Исатайдың барында екі тарлан бөрі едім → ... себебі...

Жоғарыда аталған шығармаларды оқытуда «kitapal.kz» порталының да рөлі ерекше. Аудиокітап [/kitapal.kz>book/zhetim/](http://kitapal.kz/book/zhetim/). арқылы оқушының тыңдай (тыңдалым) отырып меңгеру дағдылары қалыптасады. Әр шығарманы оқып, мазмұнына талдау жасағаннан соң, «буктрейллер», «кітап оқырмандарының конференциясы» сияқты дамыту жұмыстарын жүргізген жөн. Бұл ретте, оқушылар қысқа мазмұнға маңызды ақпаратты сыйғызып, көркем, мәнерлі мазмұндауға жаттығады.

Оқылым тапсырмасы.

- 1.Махамбет өлеңдерін жоғары пафоспен мәнерлеп оқып беріңіз.
- 2.Тобымызбен ақылдасып, Махамбет өлеңдерін салыстырып, талдайық.
- 3.Берілген мақал-мәтелдердің мағынасын ашу, жұпта талдау.

Айтылым тапсырмасы.

1.Махамбет толғауларында баяндалатын тарихи оқиғалар желісімен түсірілген көркем фильмдер топтамасын жинақтау, сыныптастарыңа әңгімелеу, көрсетіп, айтып беру, сұхбат құрастыру.

2.Махамбет өлеңдерін оқытуға қажет тапсырма түрлерін айтылым дағдысын қалыптастыруда төмендегіше жіктеуге болады.

Тапсырманың берілу формалары	
Өлеңдегі негізгі сөзге ассоциация жасату	Өлеңдегі басты тірек сөздерді табыңыз
Ұлттық тағылымдар	сөздердің мағынасын көрсетіңіз
Сәйкестендіріңіз	-өлеңде жауабы бар сұрақты табыңыз; -өлеңге сәйкес келетін ақпаратты табыңыз
Өлеңнің әр бөлігінде берілетін негізгі ойды анықтаңыз	I азатжолға тақырып таңдаңыз; II азатжолға тақырып таңдаңыз
Өлеңдегі құндылықтар	-Өлеңнің әр шумағынан құндылықтарды табыңыз. - Өз көзқарасыңызды білдіріңіз.
Өлеңді аяқтаудың нұсқасын ұсыныңыз	Өлеңнің түйінін табыңыз

Жазылым тапсырмасы.

1.Өзің қалаған туған ел, халық батырлары, тб. тақырыпта өлең жазуға талаптан.

2.«РАФТ» стратегиясы

Роль –Махамбет

Автор – оқушылар

Факт – құндылықтар

Тақырып – Еліміздің өркендеуіне Махамбет сияқты қандай үлес қосар едің?

3.«Махамбет өлеңдері – құндылықтың бастауы» тақырыбында әдеби эссе жаз.

Нәтиже. Оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруде ұсынылған тапсырмалар тиімді. Сабақтың өн бойында тұлғаның өзін-өзі, бірін-бірі оқыту әрекеті жүзеге асты. Әр тапсырмадан соң кері байланыс, бағалау жүрді. Өлеңді жоғары пафоспен мәнерлеп оқып, түпкі негізінде жатқан ақынның айтар ойын оқушылар түсініп, қазіргі өмірмен ұштастыруда белсенділік танытты. Шығармашылық тапсырмалар арқылы олардың қабілетін ашуға, сыни ойлауға жетелеуді көздедік. Ең бастысы, Махамбет Өтемісұлының өлеңдері арқылы тағылым сабағын жүргізу мұғалімнің шеберлігін де талап етеді.

Жалпы сабақ мазмұнын меңгертуге арналған әдістерді қолдану барысында оқушылар:

- өз бетінше пікір білдіруге;
- ұлттық құндылық тұрғысынан талдауға;
- есте сақтауға,
- маңызды, маңызды емес ақпараттарды ажырата білуге;
- негізгі ойды табуға;
- тақырып қоя білуге;
- сөздерді қолдана білу және мағынасын түсінуге;
- кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерді ажырата білуге машықтануы тиіс.

Сонымен қатар бала назарына ұсынылатын шығармалар мазмұны ұлттық болмысқа, қазақы құндылыққа байлануы қажет.

Қорытындылай келе, қазіргі жас ұрпақты адами қасиеттерге, ұлттық тағылымға жетелеуде ақынның шығармалары құнды. Махамбет Өтемісұлының еңбектері – тарихта, әдебиеттану ғылымында бағасы өлшеусіз еңбектер. Ақынның ұлт тарихындағы еңбегін жас ұрпаққа жеткізу толастамайды, өз іздеушілерін таба түседі дегіміз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. –Алматы, 2000ж.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.-Алматы: Аруна, 2010ж.
3. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия/ Бас редактор Ә.Нысанбаев.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998ж.
4. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық /Тұрсынғалиева С.Ч., Рыскелдиева Г.Д..Нұр-Сұлтан:«Арман-ПВ»- 2019.-272 бет
5. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Тұрсынғалиева С.Ч.,Зайкенова Р.–Астана:«Арман-ПВ» баспасы,2017. – 192 бет

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ИСАТАЙ БАТЫР БЕЙНЕСІНІҢ ЖЫРЛАНУЫ

Сейдилдаева Жанат Сансызбаевна
Қызылорда қаласы
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
№211 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Махамбет! Махамбет...
Білмеймін, жел ме, сел ме...
Жырда онымен бір тұлға теңдесер ме..
Әділетсіз дүниенің қабырғасын

Махамбет Өтемісұлы - халықтың азаттығын көксеп, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қолына қару алып ел қорғаған, ел бастаған батыр, өр рухты ақын. Бала шағынан аңшылыққа қызығып, құмартып өскен. Оның дарындылығына қара халық бас иген. Махамбет от ауызды шеберлігімен қалың жұртқа өзінің бойындағы даналығы, тапқырлығы, батырлығы мен адамгершілік қасиетінің арқасында танылған. Ол көбіне халық арасында болып жатқан келеңсіз оқиғалар мен келелі мәселелерді өз өлеңдерінің сөзіне тиек етіп отырған. Ақынның шығармаларының көпшілік бөлігі – жас ұрпақтың елін, жерін қорғауға, өмірде кездескен қиыншылыққа төтеп беруге тәрбиелеу болатын. Сонымен қатар, Махамбет шығармаларына арқау болған – ұлт- азаттық көтерілісі болатын-ды. Яғни, шаруалар қозғалысының шынайы бет – бейнесі, елдің маңдайына біткен тағдыры мен арман – мүддесі тереңінен, шынайы бейнеленген. Махамбет өлеңдерін бүгінгі күнде әдебиет теориясымен талдасақ, азаматтық лириканың ұшқынын аңғарамыз. Біршама өлеңдерінен әдебиеттегі көркемдегіш құралдарды (ауыстыру, мегзеу, әсірелеу, метафора, теңеу, алмастыру) мықты пайдаланғанын байқай аламыз.

Махамбет Өтемісұлының шығармаларына арқау болған, өлеңдерінің басты қаһарманы – Исатай Тайманұлы болды. Мұхтар Әуезов - Махамбет өлеңдеріне ірі зерттеу жұмыстарын жүргізген бірден - бір ойшыл. Ол Исатай мен Махамбеттің арасындағы адал достықты, оның тарихта белгілі бір орын алатындығын негізге ала отырып, Махамбет өлеңдеріндегі Исатай бейнесін көрсеткен.

Ұлы тұлғаның өмірінде «Тарланым», «Мінкен ер», «Тайманның ұлы Исатай», «Исатайдың сөзі», «Қызғыш құс», «Исатай деген ағам бар» секілді өлеңдерінен Исатай Тайманұлының алатын орны ерекше екенін байқауға болады. Мысалға «Исатай деген ағам бар» өлеңінен Исатайдың тек адал дос емес, сонымен қатар бауыр, ағасындай көретіндігін байқауға болады. Оны өлеңнің мына жолдарында айқын көрініс табады.

Исатай деген ағам бар,
 Ақ кіреуке жағам бар.
 Хан ұлымен қас болып,
 Қара ұлына дос болып,
 Хан үстіне барғанда,
 Шабайық ханды дегенде,
 Шапқандай ханды амал бар,
 Амал бар да хан шаппай,
 Тәңірім қылды, не амал бар.

Осы өлең жолдарында «Ақ кіреуке жағам бар » деп айтуының өзі Махамбеттің Исатайды өзінен жоғары қоятындығы, оны ақ кіреукеге теңеп айтуының өзі де осыған дәлел болып отыр. Кіреуке – сауыттың қорғаныс қасиетін қалыптастыратын, шымыршық темір сымнан бір - бірімен тоқылып

өрілетін жауынгердің киімі. Кіреуке сымнан тоқылған сұр түсті болғанымен, оны ақ түс - тазалықтың, пәктіктің белгісі ретінде көрсетуі Махамбеттің Исатайға деген ой тазалығын байқауға болады.

Ақын өз өлеңдерінде Исатай Тайманұлын бейнелеуде ең керемет теңеулерді қолданған. Оның портретінде мінезі мен ақылының сай келтіруі, басқалардан жоғары, ілгері адам ретінде қоюы, ақынның Исатайға деген терең сүйіспеншілікті, жүрегінің төрінде жылылықтың лебін көре аламыз.

Мысалы:

Тайманның ұлы Исатай

Ағайынның басы еді,

Алтын ердің қасы еді, – деген өлең жолдарынан байқауға да болады.

Махамбет Исатайды бейнелеуде әдебиеттегі көркемдеуіш құралдарды молынан пайдаланған. Соның ішінде Исатайдың алдында тұрақты эпитет «ер» сөзін қолдануы. Мысалға:

Біздей мейманасы тасқанға,

Біздің ер Исатай өлген күн!

Исатайды суреттеуде әсірелеу көркемдеуіш құралын да қолданған. Оны мына өлең жолдарынан байқауға болады.

Мысалы:

Арызым айтсам, өтер ме?

Арыстаным, көп болды-ау!

Саған да менің арманым!

Махамбеттің Исатайды «Арыстаным» деп айтуының өзі бекер емес. Арыстан- аң патшасы, аңдардың ішіндегі ең мықтысы болғандықтан өз өлең жолдары арқылы осылай бейнелеп беріп отыр. «Мінкен ер» өлеңінде Исатайды серкеге теңеп, бастаушы, қолбасшы ретінде көрсеткен.

Исатайды өлтіріп,

Серкесінен айырылып,

Сергелдең болған біздің ел!

Исатайдың дүниеден өтуі, Махамбет үшін үлкен қасірет болды. Жан жарасы жараланған, жалғыздықта қалғандай сезімде болғанын «Қызғыш құс» өлеңінен байқауға болады.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!

Қанатың қатты мойның бос.

Исатайдан айырылып,

жалғыздықпен болдым дос .

Сондай – ақ, ол азапқа салған жанын табиғатпен де байланыстыра білген.

Жібектен бауы көнеріп,

Ақсұңқар ұшқан күн болған..

Телегей теңіз шалқыған,

Қоғалы көлдер суалған.

Тізеге жетер – жетпес күн болған...

Исатайдан айырылып,

Алқалақай келген кеңесте,

Дем құрыған күн болған, - деп киелі ағаш бәйтеректің қу түбір болуы, қазалы күндердің суалуын Исатайдың өлімімен байланыстырған.

Сонымен, Махамбет тарихи тұлға Исатайдың батырлығын, ер мінезділігін, шынайы бейнесін өз шығармаларында шебер бейнелеп бере алған. Халық қамы үшін атқа мініп, қолына найза алған батырды өзінің жалынды сөздерімен сөзге тиек етіп, қалың жұртқа өз араларындағы сыйластық пен құрмет, ағалық қамқорлық пен інілік кішіпейілділікті көрсете алды.

Махамбет өлеңдерін кеңінен насихаттай отырып, жас ұрпаққа найзаның ұшымен, білектің күшімен аманат болып қалған еліне, жеріне қамқор болуға тәрбиелеу болып табылады.

Ұсыныс:

-Дарын иесі Махамбет Өтемісұлының шығармашылығын мектеп, жоғары оқу орындарында кеңінен насихаттау;

-Шығармашылығын насихаттау тек қазақ тілі мен әдебиет пәнінде ғана емес, барлық пәнге (Жаратылыстану бағытындағы) кірістіру;

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Батырлар жыры. – Т.І. – Алматы: Жазушы 1986.- 284-б.
2. Досмұхамедұлы Х. Исатай - Махамбет. Алматы, 1991.-225-б.
3. Жеті ғасыр жырлайды. - Жазушы баспасы, I том.
4. Тарихи тұлғалар. – Алматы кітап баспасы, сегізінші басылым.

ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ібікен Әйкерім Болатқызы

Астана қаласы Б.Майлин атындағы

№52 мектеп-гимназиясы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Патриотизм – отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес. Тұңғыш елбасы Н.Назарбаевтың: *«Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн»*, – деуі патриотизмге баулудың жарқын үлгісі іспетті.

Дәл бүгінгі шақта көтеріліп отырған маңызды мәселелер қатарында жастарды патриоттық сезімге баулып, өсіру өзекті саналады. Қазақстанның кез келген азаматын отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеудің орны бұрын да бөлекше болған, бүгін де маңызын жойған емес. Келешекте ел тізгінін қолға алатын жастардың барынша білімді, жан-жақты, білікті болуы қаншалықты

маңызды болса, олардың Отанына деген сүйіспеншілігінің мол болуы басты қажеттілік болса керек. Өйткені, елін, жерін сүймеген азамат Отанына адал қызмет ете алатыны күмән тудырады. Ұлтының патриоты болған адам ана тіліне бей-жай қарай алмайды. Ал өз тілінде де, өзге тілдерде де еркін сөйлейтін маман қай кезде де еліне пайда келтіре алатыны анық. Қазіргі тәуелсіздік жағдайында патриоттыққа баулу – айырықша маңызға ие мәселелердің бірі болып отырғаны да сондықтан.

«Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын,

Оның тартар азабы да соншама» -деп М.Шаханов жырлағандай Махамбеттің өлеңдері арқылы Отанын шексіз сүйуге, қиын- қыстау заманда Отанын қорғауға, шәкірттердің бойына Отан алдында жастардың жауапкершілік барысында Махамбет өлеңдерінің маңызы зор. Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, ерлік, елдік сияқты ұғымдарды Махамбет өлеңдері арқылы ер азамат бойына сіңіру қажет.

Махамбет-жалынды жауынгер, өлеңдерінің біразы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Ерлікті дәріптейтін шығармаларды көп оқу балалар психологиясына тән нәрсе. Олар мұндай шығармаларды өте тез түсінеді, тез қабылдайды. Балалар әрқашан патриоттық күш-қайрат беретін, өздерін жігерлендіре түсетін шығармалардың ішіндегі кейіпкерлерге үнемі еліктеп отырады. Мазмұны қызықты және оқушысын патриоттық идеяға баулитын шығармалар жастың үлкен, кішілігіне қарамай бәріне бірдей қызмет етеді. Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Қызғыш құс» деген өлеңдері балалардың ойына қозғау салатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым шығармалар екені анық.

Сонымен қатар балалардың жаттап алуына жеңіл, орамы күшті, әсерлі сөздер мен жанды теңеулер бар. Өлеңнің құрылыс өлшемі шағын, қысқалығы жағынан да балалар үшін ұтымды.

Махамбет өлеңдерінің балалар әдебиетіне жақын, ұғымға жеңіл тиетін тағы бір өзгешелігі-онда аллитерация мен ассонанстардың жиі кездесуі деп бағалаймыз. Мысалы: Ереуіл атқа ер салмай

Егеулі найза қолға алмай

Еңку-еңку жер шалмай

Ерлердің ісі бітер ме?

Осы өлең шумағында қайталанып айтылған сөз көңілге қандай қонымды болса, сөз басындағы жеке дыбыстардың қайталанып айтылуы да балаларға сондай әсер береді.

Жас кезінен –ақ бір беткей боп өскен өр мінезді, әділет пен еркіндік дүниесіне талпынған Махамбет Жәңгір ханның өзінен де тайсалмай, оның жауыздық әрекеттерін халық алдында әшкерелеп береді. Ханның озбырлық ниеттерін бірде қасқырға, бірде қарашұбар жыланға, кейде айыр құйрық шаянға теңеп, оның қара ниетті типтік образын жасауы да балаларды таң-тамаша қалдырады. Болашақ жастарды, ол халық игілігіне айналуға тиісті екенін де айта білген.

Махамбет өзінің үлкен, кішіге бірдей қызмет ететіні және өлеңінің балалар үшін басты қасиеті адам- өмірі туралы дұрыс ұғым беретіндігінде. Ақын өлеңдерінің балалар ұғымына жақын тағы бір пайдалы жағы – мұнда тарихи шындық, болған іс баяндалады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында өткір жырларымен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарыны ерекше болды. Еліне өлеңімен жігер берген Махамбеттің басты құралы- жалынды, өткір жырлары болатын. Осы жырлары арқылы «қолына найза алмаса, атаның жолын қумаса» деген өлең жолдары арқылы халық санасын оятуға тырысқан болатын.

Махамбеттің көпшілік жырларының басты тақырыбы-жас ұрпақты, туған елін. Туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жарақты жауды тоқтатып» әрдайым халқы, елі үшін кездескен кедергілерді, қиыншылықты жеңе білуге үгіттейді.

Махамбет өлеңдерінде халқымыздың өзіндік болмысы, қайсарлығы қазақ халқының рухын көтереді. Мысалы, "Бағаналы терек" өлеңін алсақ. Әрбір буыны мен бунағы, әрбір тармағы мен шумағы қайсарлықты айқындап көрсетеді. Исатай өлгеннен кейін, күрес арқылы жетеміз деген мақсаты орындалмай, көтеріліс жеңілген соң патша саясаты халықты бұрынғыдан бетер езіп, ел басына ауыртпалықты күшейте түсті. Ол осы өлеңі арқылы тек қана қарағайдай өз қамын ойлайтын адам дүниеге келгенше, емендей елінің қамын жасайтын, еліне көмек қолын созатын адамның өмірге келгені, өмір сүріп жүргені артық деп нық басып ащы шындықты айтады. Осы шығарма арқылы келер ұрпаққа үлгі-өнеге болсын деп жазып қалдырған. Дауылпаз ақынның осы өлеңінен халық кегін алатын, теңдікті сұрайтын ұлды армандағанын көруге болады. Бұл мына өлең шумақтарында көрсетілген:

"Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтың кегін қусайшы.
Артымыздан біздердің,
Ақырып теңдік сұрарға".

Міне, Махамбет ақынның осындай рухты, өткір жырлары мен өлеңдері халықтың рухани азығы, ұрпаққа мұра болып қалды. Және де көркем шығарманың идеясына сай кейіпкер бейнесін анықтау үшін *концептуалдық кестемен* жұмыс жүргіздім.

Өлеңнің идеясы	Кейіпкер бейнесі	Өлеңнен дәлел	Ойға түйгенім
Ақын Исатай бейнесі арқылы жастарға осындай алып тұлғалы батырлардан үлгі алуға үндейді	Исатай-халық үшін жанын қиған батыр. Жеңіліске ұшырап, бытырап кеткен елдің басын қайта біріктіретін Исатай сынды рухы биік, өр	Ханнан қырық туғанша, Қарадан бір-ақ тусайшы, Халықтың кегін қусайшы, Артымыздан біздердің, Ақыры теңдік	Ақын өлеңінен халықтың кегін қуатып, теңдікті сұрайтын ерлерге үлкен сенім, үміт артқанын көреміз

	тұлғалы, қолбасшы батыр ерлер бейнесі	сұрарға!	
--	---	----------	--

Оқушылар бұл кесте арқылы :

- өлеңнің идеясын анықтайды;
- кейіпкер бейнесін ашады;
- өлеңнен дәлел келтіреді;
- өзіндік пікірін білдіреді.

Мен Махамбеттің ерлігіне қайран қаламын. Өйткені, қалам мен қылышты өзіне серік еткен ерекше, біртуар тұлға. Махамбеттің өлеңдері адамдарға рух пен жігер береді. Әр өлеңінен қайсарлық пен ер азаматтық ерлікті көре аламыз. "Махамбет-Абайға дейінгі ақындардың ақыны, Абылайдан кейінгі батырлардың батыры, Махамбеттің есімі-өмірдегі қасіреттің символы. Махамбет өлеңі қайталанбас, құдіретті. Шығармалары тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз, басқа жер бетіндегі елдің өлең-жырында жоқ",- деп З.Қабдолов өзінің сыни пікірін айқын дәлелдеген. Бүгінгі жас ұрпаққа Махамбеттің ақындығын, батырлығын, күйшілігін айта отырып, оларды елін, Отанын сүйуге және өлке тарихын, тарихи-мәдени, табиғи құндылықтарын айта отырып, оқушының танымдық қызығушылығын, патриоттық рухын оятуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бердіғалиева Р.Ж., Жумакулова М.К. «Махамбет оқулары-7» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары
2. Исакаев Ж. Махамбет поэзиясындағы өршіл рух.
3. Интернет ресурсы: <https://bilim-all.kz/article/14209-Mahambet-Otemisulynyn-Baganaly-terek-olenin-taldau#:~:text>
4. Интернет ресурсы: <https://www.youtube.com/watch?v=Rru JsLXII0>
5. З.Қабдолов «Сөз өнері» , Алматы «Жазушы» 1983ж.
6. М.Өтемісұлы «Ереуіл атқа ер салмай», Алматы «Жазушы» 1989ж.

МАХАМБЕТ ЖЫРАУДЫҢ МҰРАЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ ТӘЛІМІ

Халмурзаева Жұпаркул Абсайтовна
Астана қаласы әкімдігінің
№43 ҚБМО ШЖҚ КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Балалар мен жастардың патриоттық санасын дамытуда халық педагогикасын кеңінен пайдалану, соның ішінде халықымыздың ақын жыраулары Асанқайғы, Шалкиіз жырау, Ақтамберді жырау, Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы шығармаларының да алатын орны ерекше.

Махамбет шығармашылығы сөз бастасақ, ол туралы мектеп қабырғасын-да оқушылармен шығармаларын талдау арқылы етене таныспыз. «Бүкіл XIX ға-сыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған өзге-ше ақын болған емес»-деп М.Әуезов айтып кеткен. Ал, Фариза Оңғарсынова:

Махамбет! Махамбет!

Білмеймін, жел ме, сел ме,

Жырда онымен бір тұлға теңдесер ме

Әділетсіз дүниенің қабырғасын,

Махамбетше сөгер жан кездесер ме... - деп толғанады.

Иә, он алты жасында Беріш руының жезтаңдай ақыны атанған Махамбетті бүгінгі ұрпақ кім деп таниды?

Махамбеттің өзі туралы жырлаған өлеңдері:

1. Мен, мен, мен едім.
2. Менің атым – Махамбет.
3. Мен – кескекті ердің сойымын.
4. Әй, Махамбет жолдасым.
5. Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны.
6. Ұлы арман.
7. Мұнар күн т.б.

Шығармаларындағы «мені» айтып тұрғандай, ақынның өзін таныстырудағы қолданатын негізгі қолданысы. «Мен, мен, мен едім» өлеңін оқып, тыңдап өлеңнің астарына үңілу, мұндағы «МЕН-нің» мағынасын ашу:

Махамбет өлеңдерінде «Мен» сөзі жиі қолданылады. Ондағы «Меннің» мәні ерекше. Бұл өлеңдегі «Меннің» астарында мол сыр бар. Мағынасы терең. Мұндағы «Мен» – Махамбеттің бүкіл болмысы, Махамбеттің күрескерлік әлемі, Махамбеттің батыр жүрегі. Осы «Мен» арқылы оның ісі, күрескерлігі, ерлігі, елге деген махаббаты, елдің тәуелсіздігіне деген жауапкершілігі, дұшпанына деген ыза-кегі көрінеді.

МЕН – мақсаты анық, мұраты айқын, ойы нық болмыс.

МЕН – елін Еділдің бойы ен тоғайға қондырсам деген асыл арман иесі.

МЕН – кескілеспей басылмайтын, боз ағаштан биік батыр.

МЕН – ойшыл, дана. Елі мен жері үшін мазаланған тұлға.

МЕН – ғұмыры күйзеліспен, құсалықпен өткен жан.

Махамбеттің асқар таудай аға тұтып, ерге тірек, халыққа көсем санаған, аруағын ардақтап өткен адамы – Исатай.

Махамбеттің Исатайға арналған өлеңдерін атау:

1. Тайманның ұлы Исатай.
2. Исатай деген ағам бар.
3. Тарланым.
4. Мінкен ер.
5. Мұнар күн.
6. Ұлы арман.
7. Біртіндеп садақ асынбай.
8. Ереуіл атқа ер салмай.

9. Арғымаққа оқ тиді.
10. Мінгені Исатайдың ақ табан-ай.
11. Исатай сөзі.
12. Арыстан одан кім өткен? т.б.

Махамбеттің Исатайды соншама дәріптеуінің негізгі түйіні — "қызғыштай болған есіл ердің" ерлігі жолдасты тастамайтындығын да ғана емес, сол ерлікті патшаға, ханға, билерге қарсы, еңбекші бұқараны жауыздардың қанды шеңгелінен босату үшін жұмсағандығында. Махамбет Исатайды халық үшін белдескен ер, батыр, ел басшысы, қамқоры етіп суреттейді. Исатай өліміне ақын қабырғасы қатты қайысады. Исатай қазасына байланысты өлеңдерінде де ақын оның бейнесін тереңдеп аша түседі.

"Мұнар күн" — Махамбеттің батыр өліміне арналған классикалық шығармаларының бірі. Өлең "Мұнар да, мұнар, мұнар күн" деген жолмен басталады. Күн неге мұнар тартқан? Бойың мұздап кеткендей, "мұнар күн" бір сұмдықтың хабаршысындай, не боп қалды? "Буыршын мұздан тайған күн". Жанағы сезімнің одан әрі ұлғаяды. Табаны бұдырлы буыршын мұзға тайса, ол — жақсылық емес. Ақын осындай поэтикалық қарама-қарсы өрнектер арқылы оқушысын алға жетелейді, оны үлкен бір оқиғаға әзірлейді, көңіліне қайғы бұлтын ұялатып, өзінің негізгі ойына алып келеді.

Махамбет Исатай қазасын бүкіл ел қазасы ретінде көрсетеді. Ақынның: "Ағайынның басы еді, алтын ердің қасы еді. Исатайды өлтіріп, қырсық та шалған біздің ел", "серкесінен айырылып, сергелдең болған біздің ел" деуі де содан. Өйткені Исатай — ел басшысы. Исатай бейнесі ақын жырларында асқан көркемдікпен, шеберлікпен өрнектелген. ХІХ ғасырдың бірінші жартысын-дағы әдебиетте адам образын сомдауда Махамбет тамаша шеберлік танытқан.

Махамбеттің жыр еткен тақырыбы ерлік, халықты ерлік қимылға үндеу.

Сондықтан жайма-шуақ жәй кездегі көңіл күйін көрсетуге қолайлырақ келетін 11 буынды өлеңдерден гөрі, қимыл-әрекетті, алыс-жұлыс, жортуыл тәрізді өмір құбылыстарын суреттеуге лайықты жыр ағымы, 7-8 буын аралас келетін өлең ырғағы оған анағұрлым ыңғайлы тәрізді.

Он бір буынды өлең Махамбетте біреу-ақ. "Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай". Басқа өлеңдерінің бәрі де не 7 мен 8 буыннан, не таза 7 буын болып келеді.

Махамбет өлеңдерінде (11 буынды, қара өлең ұйқасымен келетін бір-ақ өлеңін есепке алмағанда) үш түрлі ұйқасты кездестіреміз: шұбыртпалы, кезекті, ерікті ұйқастар. Ақын көбінесе шұбыртпалы ұйқас пен ерікті ұйқасты көбірек қолданады. Өйткені бұл екі ұйқастың екеуі де ақынның айтайын деген ой-пікірін дәл беруге ыңғайлы, белгілі бір заңды өлшеуге бағынған шумақты, ұйқасты өлеңдерден шеңбері тарлық етпейтінге ұқсайды.

Махамбет поэзиясының тілі – шын мәнінде халықтық тіл. Ақын өз кезіндегі қазақ халқының тіл байлығынан қажетінше ала да, оны өзінің керегіне жарата да білген. Махамбет шығармаларының тілі әрі көркем, әрі образды, әрі өткір, әрі күшті болуымен қатар, әр сөзі орынды, әр жағдайдың өзіне лайықты, соған тән болып келеді. Оның тілдерінің күштілігі, көркемдігі мазмұнға бағыныңқылығында. Мысалы:

*Мұнар да, мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанған шөккен күн,-*

деген үзіндідегі "мұнар", "шұбар" деген эпитеттерді алсақ, бұл эпитеттердің батырлардың өз бастарына және ел басына түскен ауыр халдерін суреттеп беруде үлкен мәні бар. Хан мен билердің ел басына туғызған қара күнін, басқа күндерден айрықша көрсету үшін, ақын сол күннің бейнесінде оқушыларының көз алдына елестету үшін "күн" деген сөздің алдына "шұбар", "мұнар" деген эпитеттерді қолданған.

Махамбет өлеңдерінде эпитет, теңеу, әсірелеу, литота, ауыстыру мағынасында қолданылатын фигура өзара байланысты түрде де жиі ұшырайды. Бұлардың өзара байланыстары ақынның сөзге шеберлігін дәлелдейді. Бұл жағынан алып қарағанда да Махамбеттің көркем сөз ұстасы екендігінен ешкім шек келтіре алмайды. Мысалы:

*Кермиығым, кербезім!
Керіскендей шандозым!
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!
Теңіздей терең ақылдым!*

Тебіренбес ауыр мінездім!- деген үзіндіде метафора, теңеу, эпитет бір-бірімен байланысып келетінін көреміз. Мұндағы образдар шебер қолданылған.

Халел Досмұхамедұлы Махамбетті «Алып ақын, домбырашы» десе, 1937 жылы Мұхтар Әуезов «Махамбет әрі батыр, әрі ақын-жырау, әрі домбырашы» деп жазған. Махамбет күйлері бүгінгі күнге дәл өзінің тағдыры секілді қиыншылықтармен жетті. Махамбет күйлерін іздеп тауып, оны ғылыми айналысқа түсірген ғалым Нәубет (Нығмет) Көшекбаев.

Махамбет Өтемісұлының өлеңдері болса жеткіншектердің патриоттық сана-сезімінің негізін қалыптастыруда жетекші рөл атқарды десе артық болмайды. Оның жырындағы:

*Толғай-толғай оқ атқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Біздің қайсар батырдың
Қабырғасын қақыратқан,
Тізгінінен кесе атқан,*

Жүрегін сөйтіп оятқан, -деген Исатайдың батырлық бейнесіне берілген суреттемесі, сондай-ақ батырдың «сегіз қырлы, бір сырлы» қасиетін сипаттайтыны мына бір:

*Кермиығым кербезім
Құландай ащы дауыстым!
Қырмызыдай ажарлым!
Теңіздей терең ақылдым!*

Керіскідей шаңдозым.

Құлжадай айбар мүйіздім!

Хиуадай базарлым.

Тебіренбес ауыр мінездім! -деген өлең шумақтары жетекшілерді патриоттық рухта тәрбиелеуге бағыттайды.

Толарсақтай саз кешіп,

Қабағын шытпас ер керек,

Тоқтамай тартып шығарға,

Біздің бұйткен бұл іске!.., - деген өлең үзіндісінде үлкен ұрысқа тек Отанын, елін сүйетіндер, ел намысын қорғауға даяр азаматтар ғана бара алады дегенді меңзейді. Махамбет жырының әрбір жолы тәрбиенің ұлттық патриотизмнің дамуында өзіндік рөл атқарады, рухани байлығын дамытады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе.

Оқу-құралы. –Алматы: «Ер – Даулет», 1994. – 172 бет.

2. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан,1994, 192 бет.

3. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. Жоғары оқу орындары

студенттеріне арналған оқу құралы. –Алматы: «Білім», 1995. 232-

4. Шөреков Н. «Исатай-Махамбет» поэмасы. - Алматы,2012.250 б.

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Карбозова Айнұр Ерденовна

Қостанай облысы, Арқалық қаласы,

Кейкі батыр атындағы

№4 жалпы білім беретін мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Махамбет – тілге шебер ақын. Ол — өзіне дейінгі ақындар шешендігін, халық даналығын игерген, тұспалдап сөз айтуға мейлінше ұста. Әрбір өлеңі оқушысының көкейіне бірден-ақ қона кетеді. Термелеп сөз қатып, өміршең жыр толғайды. Өмір, табиғат, қоғам өзгеріс-құбылыстары, табиғи заңдылықтары туралы тұспалды шумақтар туғызады. Бұндай жолдары ақынның тек жалаң үгітші емес, терең ойдың, зор парасаттың адамы екенін танытады. Асылы, Махамбет заманының озық ойлы, терең сырлы табиғи таланты болған. Оның әрбір шығармалары осы бір тұжырымымызды растайды. Халық даналығы мен ақын парасаты ұштасады.

Ермін деген жігітті,Келмейтұғын нәрсеге,

Кеңшілікте сынама.Жаныңды қинап жылама...

Немесе:

Тоқсан тарау су ақса,Жайық үшін жандастық,

Дария болар сағасы.Қиғаш үшін қырылдық,

Исатайдың барында Теңдікті, малды бермедік,
Қара қазан, сарбала Теңдіксіз малға көнбедік.
Қамы үшін қылыш сермедік.

Ақын Исатайды суреттеген толғауларында неше алуан теңеу, эпитет, метафоралар қолданады. Исатайды небір халықтың асыл сөздерімен суреттеп, батыр тұлғасын танытар айқын теңеулер табады. Мысалға ақынның «Тарланым» деген өлеңін алайық. Осы өлеңнің өзінде-ақ Исатай өз бойының барлық көрінісімен көз алдыға елестейді. Батырдың сырт тұлғасы ғана емес, ішкі сыры, қайтпас қайсар мінезі, жайдары жарқын жүзі, ақылы мен өнері, жауға деген айбары, ашуы, ел ішіндегі беделі – барлық жағынан өте сүйкімді сипатта бейнеледі.

Махамбеттің асқар таудай аға тұтып, ерге тірек, халыққа көсем санаған, аруағын ардақтап өткен адамы – Исатай.

Махамбеттің Исатайды соншама дәріптеуінің негізгі түйіні — "қызғыштай болған есіл ердің" ерлігі жолдасты тастамайтындығын да ғана емес, сол ерлікті патшаға, ханға, билерге қарсы, еңбекші бұқараны жауыздардың қанды шеңгелінен босату үшін жұмсағандығында. Махамбет Исатайды халық үшін белдескен ер, батыр, ел басшысы, қамқоры етіп суреттейді. Исатай өліміне ақын қабырғасы қатты қайысады. Исатай қазасына байланысты өлеңдерінде де ақын оның бейнесін тереңдеп аша түседі.

"Мұнар күн" — Махамбеттің батыр өліміне арналған классикалық шығармаларының бірі. Өлең "Мұнар да, мұнар, мұнар күн" деген жолмен басталады. Күн неге мұнар тартқан? Бойың мұздап кеткендей, "мұнар күн" бір сұмдықтың хабаршысындай, не боп қалды? "Буыршын мұздан тайған күн". Жаңағы сезімнің одан әрі ұлғаяды. Табаны бұдырлы буыршын мұзға тайса, ол — жақсылық емес. Ақын осындай поэтикалық қарама-қарсы өрнектер арқылы оқушысын алға жетелейді, оны үлкен бір оқиғаға әзірлейді, көңіліне қайғы бұлтын ұялатып, өзінің негізгі ойына алып келеді. Махамбет Исатай қазасын бүкіл ел қазасы ретінде көрсетеді. Ақынның: "Ағайынның басы еді, алтын ердің қасы еді. Исатайды өлтіріп, қырсық та шалған біздің ел", "серкесінен айырылып, сергелдең болған біздің ел" деуі де содан. Өйткені Исатай — ел басшысы. Исатай бейнесі ақын жырларында асқан көркемдікпен, шеберлікпен өрнектелген. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетте адам образын сомдауда Махамбет тамаша шеберлік танытқан.

Махамбет жырларының құрылысына, көркемдік ерекшелігіне талдау. Махамбеттің жыр еткен тақырыбы ерлік, халықты ерлік қимылға үндеу. Сондықтан жайма-шуақ жәй кездегі көңіл күйін көрсетуге қолайлырақ келетін 11 буынды өлеңдерден гөрі, қимыл-әрекетті, алыс-жұлыс, жортуыл тәрізді өмір құбылыстарын суреттеуге лайықты жыр ағымы, 7-8 буын аралас келетін өлең ырғағы оған анағұрлым ыңғайлы тәрізді.

Он бір буынды өлең Махамбетте біреу-ақ. "Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай". Басқа өлеңдерінің бәрі де не 7 мен 8 буыннан, не таза 7 буын болып келеді. Махамбет өлеңдерінде (11 буынды, қара өлең ұйқасымен келетін бір-ақ өлеңін есепке алмағанда) үш түрлі ұйқасты кездестіреміз: шұбыртпалы, кезекті, ерікті

ұйқастар. Ақын көбінесе шұбыртпалы ұйқас пен ерікті ұйқасты көбірек қолданады. Өйткені бұл екі ұйқастың екеуі де ақынның айтайын деген ой-пікірін дәл беруге ыңғайлы, белгілі бір заңды өлшеуге бағынған шумақты, ұйқасты өлеңдерден шеңбері тарлық етпейтінге ұқсайды.

Махамбет поэзиясының тілі – шын мәнінде халықтық тіл. Ақын өз кезіндегі қазақ халқының тіл байлығынан қажетінше ала да, оны өзінің керегіне жарата да білген. Махамбет шығармаларының тілі әрі көркем, әрі образды, әрі өткір, әрі күшті болуымен қатар, әр сөзі орынды, әр жағдайдың өзіне лайықты, соған тән болып келеді. Оның тілдерінің күштілігі, көркемдігі мазмұнға бағыныңқылығында. Мысалы:

*Мұнар да, мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,*

Бура атанған шөккен күн, – деген үзіндідегі "мұнар", "шұбар" деген эпитет-терді алсақ, бұл эпитеттердің батырлардың өз бастарына және ел басына түскен ауыр халдерін суреттеп беруде үлкен мәні бар. Хан мен билердің ел басына туғызған қара күнін, басқа күндерден айрықша көрсету үшін, ақын сол күннің бейнесінде оқушыларының көз алдына елестету үшін "күн" деген сөздің алдына "шұбар", "мұнар" деген эпитеттерді қолданған.

Махамбет өлеңдерінде эпитет, теңеу, әсірелеу, литота, ауыстыру мағынасында қолданылатын фигура өзара байланысты түрде де жиі ұшырайды. Бұлардың өзара байланыстары ақынның сөзге шеберлігін дәлелдейді. Бұл жағынан алып қарағанда да Махамбеттің көркем сөз ұстасы екендігінен ешкім шек келтіре алмайды. Мысалы:

*Кермиығым, кербезім!
Керіскендей шандозым!
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!
Теңіздей терең ақылдым!*

Тебіренбес ауыр мінездім! – деген үзіндіде метафора, теңеу, эпитет бір-бірімен байланысып келетінін көреміз. Мұндағы образдар шебер қолданылған. Халел Досмұхамедұлы Махамбетті «Алып ақын, домбырашы» десе, 1937 жылы Мұхтар Әуезов «Махамбет әрі батыр әрі ақын-жырау әрі домбырашы» деп жазған. Махамбет күйлері бүгінгі күнге дәл өзінің тағдыры секілді қиыншылықтармен жетті. Махамбет күйлерін іздеп тауып, оны ғылыми айналысқа түсірген ғалым Нәубет (Нығмет) Көшекбаев.

Махамбеттің көтеріліс басшысы, өзі аға деп ардақ тұтқан Исатай Тайманұлы туралы, оның болмыс-бітімі, батырлығы жайында айтқан толғаулары негізінен арнау, мадақ болғанымен, бұл туындыларында да Исатай абыройын көтеру арқылы көтеріліс рухын аспандата түсті, санасына еркіндік идеясын құйып, рухын көтерді:

Ат туады байталдан,

Айт десең – лебіз қайтарман.

Төрт-бес жылдай алысып,

Мына тұрған Иса-екем

Ханның бір туын қайтарған,- десе, Исатай батырдың ерлігімен бірге қара халық көтерілсе хан да тағынан таятыны айтылып тұр. Халықты жасымауға, сенімге, хан екен деп жасқаншақтамауға үндеу бар.

Махамбет жырлары жарқыл қағып, мән-мағынасы тереңдей түсті:

Атадан туған аруақты ер

Жауды көрсе, жапырар

Үдей соққан дауылдай.

Жамандарға қарасаң,

Малын көрер жанындай.

Жүйрік аттың белгісі

Тұрады құйрық – жалында-ай.

Айтып-айтпай немене,

Халық қозғалса,

Тұра алмайды хан тағында-ай.

(«Атадан туған аруақты ер») (1837)

Бұл аруақты ерлерге, қалың қолға сенгендіктен туған толғау еді. Шындығында да Ішкі Орда да Исатай, Махамбет, Үбі, Есенамандарға қарсы шығар батырлар жоқ болатын. Халықтолқып, Жәңгір сасып, «тал қармап» жатқан кезең. «Халық қозғалса, Хан тағынан таяры» анық. Сондықтан да Махамбет осылайша ұрандап, іштегі сырын жасырмай «үдей соққан дауылдай жау жасағын жапыруға» шақырды. Ал, «Арғымақтан туған қазанат» деген толғауында кімнің кім екенін ажыратып, қарадан шықса да Хан боларлық ақылы, қажыр-қайраты бар ерлер мен Хан тұқымы болса да «жарамды бір теріге алғысыз, қасына адам барғысыз» парықсыздар жөнінде айтса, онысы Жәңгір мен Исатайды салыстыру еді. Мұның түпкі тамырында - халықты Шыңғыс тұқымы ғана емес, қарадан шыққандар да басқара алады деген ой жатыр.

Ай астында бір көл бар,

Ат шаптырса жеткісіз.

Ортасында алуа, секер бар –

Татқан қулар кеткісіз.

Қарада да қара бар,

Хан ұлы басып өткісіз.

Алланың бір күні бар,

Бір жарым ай жеткісіз.

Мұндас ерлер болмаса,

Менің айтқан сөзімнің

Құлқына жаман жеткісіз. («Ай астында бір көл бар», 1837)

Бұл толғау – жоғарыда сөз болған «Арғымақтан туған қазанатпен» үндесіп жатыр. Мәнді, уайым-қайғысыз, шаттықпен өткен бір күннің – бір жарым айға тең! Тамаша айтылған! Төлеген Айбергенов те «Дәл содан бері өтті он жыл,

сағынған жанға он ғасыр» /49/ дейді. Сағынған жанға бір күн бір ғасырдай болып көрінетіні сияқты қапаста, тар қыспақта, елі езгіде жүрген адам үшін азаттықпен өткен күндерге баға жетер ме?! «Қарада да қара бар – Хан ұлы басып өткісіз» де сенімді, өйткені шырқыраған шындық! Махамбет тағы да төре тұқымдарына қыр көрсетіп, Исатайдай асыл ерге теңдес жоқ дегенді ашық айтады да, «бірақ мұнымды жамандар қайдан түсінсін, олардың құлқына қайдан жетсін» деп өлеңін түйіндейді.

Қажым Жұмалиев те: «Бұрын үстем таптың көзқарасынша жақсы жамандар қара бұқара еңбекшілерден шығады, дейтін. Бір кезде бұлай түсіну Махамбетте де болуы мүмкін, - дей келіп көтеріліс барысында Махамбеттің бұл ойдан арылып, «бұрын жақсы» деп жүргендердің ішінде, тар кезең, тайғақ кешуде жарамды бір тері құрлы құны жоқтары барлығын, «жаман» деп жүргендерінің ішінде «атасын айтса нанғысыз шын мағынасында халық ерлері барлығын білгенін» /50/ айтады.

Шындығында да Махамбеттің бұл өліңінен оның ел басқару бұқара – қара халықтың емес, тек ақсүйектердің ғана қолынан келеді деген ұғымға қарсы шығып, оның құл-талқанын шығарғанын аңғаруға болады.

Енді бірде Махамбет: (*«Біз ер едік»*)

Біз ер едік, ер едік

Ен Нарында жүргенде

Қалмаққа шатыс хандарды

Қабыландай қайранға соғып,

Етін талай жеп едік, - деп Жәңгірдің арғы аталаранының түбі шикілігін ашық айтады.

Әбілқайырдың баласы Нұралы, ал Нұралының Ырыс атты қалмақ әйелінен – Қаратай, Елтай, Шотқара, Өзбекқали, Орман атты ел аузында «Нұралының бес қалмағы» атанған бес ұл туады.

«1823 жылы, - деп жазады Біләл Аспандияров «Бөкей ордасының құрылуы және күйреуі» деп аталатын еңбегінде – Жәңгір Ішкі Бөкей Ордасының ханы деп белгіленді. Жәңгірдің Жайықтың арғы бетіндегі ағайын-туыстары болып табылатын «ақсүйектердің» белді өкілдері (Орман және басқа да Нұралиевтер) оны ақылды, білімді, әрі патша әкімшілігі алдында үлкен сенімге ие деп біле отырып, патша үкіметіне Жәңгірді Кіші Орданың ханы етіп тағайындау жөнінде ұсыныс та түсірген болатын. Бірақ, бұл патша үкіметінің сол кездегі Қазақстандағы хандық билікті жою жөніндегі саясатына сай келмеді де, белгілі «ақсүйектердің» әлгі ұсыныстары қабылданбай тасталынды» /51/.

Махамбет «Қалмаққа шатыс хандарды» деп осы жайларды мегзеп айтса керек.

Бұл ой ол кезде мүлде айтылмаған тың, өткір пікір болатын. Ол ақсүйектерге тікендей қадалды. Ақын осылай деп қалың бұқараға жар сала отырып, кімнің кім екенін түсіндіріп, олардың рухын көтереді, қолдарына қару алып, намыстарын қорғауға шақырады.

Ақын өлеңдерді ауыздан-ауызға тарап, бүкіл халық іздеп, тыңдайтын, бойларына нәр, күш-қуат, алатын рухани қазынасына, жауына сілтер ақ алмасына

айналды. Өйткені «оның поэзиясы – нағыз халықтық – реалистік поэзия. Ол – ақындық мақсатын ел мүддесімен ұштастыра білген азамат ақын» /52/. Кемсіту, тегіне тиісу Жәңгір хан жанына шаншудай қадалып, ашу-ызасын келтірсе, ереуілшілер бойына өшпес ерлік рух берді. Бұл өлеңдердің астарынан негізгі айтпағы – Хан тағынан тайса, орнына Исатай лайық дегенді ұғуға болады.

Махамбет көтерілісшілерді алмас қылыштай жырларымен ғана рухтандырып қойған жоқ, талай айқастарда жай оғындай жарқылдап, алда жүрді. Батылдығымен де, батырлығымен де, күшімен де, ісімен де оларға үлгі-өнеге көрсетіп, күш-жігер беріп, өзі ұранға айналып жеңістерге бастады.

«Елдің бәрін меңгеріп алған соң, 1837 жылы саратанның (маусымның – К.М.) ішінде Исатай үш мың қарулы әскермен, әскерге ерген сансыз елмен келіп Жасқұстағы ханның ордасын қамайды... Хан көп халық «ерттеп мінсе де» көнетін болып, Бекжанның тілін алып, Исатайдан бітім тілейді. Көптің дегенін істейтін болып, елдің бастықтарын сый жіберіп, тарту-таралғы береді. Ханның билері «ұсынған мойынды қылыш кеспес» деген мақалды ескертіп, көпті бітімге көндіреді /14, 62 б./.

Осы сәт Махамбеттің Исатай атынан айтылатын «Әй, Махамбет, жолдасым» деген толғауында көрініс тапқан:

*... Ауыр әскер қол ертіп,
Жасқұсқа барып кіргенде,
Арыстандай ақырған
Айбатыма шыдамай,
Хан баласы жылады-ай!
«Жанымды қи» деп сұрады-ай.*

Бұл тарихи шындық. Оның бір айғағы – А.Ф.Рязановтың Гекенің мәлімдемесін мысалға келтіріп: «Менің мұнда келуім әбден қажып-шаршаған, әрі үрейлене торыққан хан төңірегіне жиналғандарды сәл де болса жігерлендіргендей әсер етті. Жәңгірдің өзі менің белгілі бір пайда бере алмасам да, сол әскерсіз келгенімнің өзіне соншалықты қатты қуанып қалды. Тайманов бір мезет «Ордаға шабуыл жасаймын!» деп үрейлерін ұшырыпты...» /31, 104 б./, - деп жазуы.

Махамбет ханның қатты сасқанын «Құдайлады хан ұлы» деп «Соғыс» деген өлеңінде де айтып өтеді.

Жәңгір хан он күн ойлануға мұрсат сұрайды. Өйткені олар Орынбордан көмекке патша солдаттарының келуін күтіп отырған болатын. Ханның алдап тұрғанын сезген Махамбет:

*Хан баласы қабанды,
Қайырылып шапса, жаманды,
Хан баласы қара жыланды,
Қайта айналса, шағарды,
Шабар күнің бүгінді,*

Бүгіннен кейін қиынды, - деп хан ордасын дәл қазір шабуға шақырып, ұран салады. Исатай Махамбетті тыңдамай, «Он күн ішінде батырлықты жерден қазар деймісің» деп, ханға сұраған мұрсатын береді. Махамбет өлеңінде осы бір

сәтті Исатай атынан:

*Ақкөңіл, аңқау жүрекпен,
Беремін деп мен тұрдым.
Көк белдеуді бауырлап,
Шабамын деп, сен тұрдың.
Исатай басшы білсін деп,*

Ауыр әскер қол тұрды,- деп суреттей келе ақыры не болғанын айтады:
(1837)

*Қырық бір жасқа келгенше
Дегенім болмаса
Өзгенің тілін алмаған,
Кісі ақылы қонбаған –
Қанша айтсаң да болмадым,
Сөзіңе құлақ салмадым.
Бұрала біткен емендей
Қисық туған сорлы ағаң,
Хан сөзіне сенгенім,
Он күн срок бергенім,
Әскерімді таратып,
Он бір күнге қаратып,
Бекетай құмға келгенім.
Атаңа нәлет хан ұлы-ай!
Тілегін сұрап алғасын,
Ойланғаны болғасын
Патшаға хабар салдырып,
Патшадан солдат алдырып,
Құрсағымнан шалдырып,
Ақырында еш болды-ау*

Ел үшін еткен еңбегім!- деп Исатай ағасының мойындағанын кейінгіге сабақ ретінде елге жеткізеді.

Сондай-ақ эпостық жыр үлгісіне өте жақын бұл толғауда Исатайдың «ақ көңіл, аңқау», «өз дегені болмаса, өзгенің тілін алмаған, кісі ақылы қонбаған», «бұрала біткен емендей қисық» қарыспа бірбеткейлігі де айтылған. «Бұл тек қана әдеби портрет емес, шындықтың өзінде ол сондай адам болған. Оның мінезімен жақсы жағымен қатар, біржақтылығы да көп болыпты» /50, 316 б./ сонымен бірге мұнда Махамбеттің қызбалығы да көрініс тапқан.

Махамбет «Орданы қалай да шабу керек, Хан алдап тұр» деген сөздерін Исатай қолдамағаннан кейін ашу үстінде «Қолыңды бер де, аман бол!» деп Махамбет қош айтысады. Махамбеттің «Қоштасу» аатты өлеңі сонда шыққан:

*Маң-маң басқан сары атан
Маңыстап шығар өріске.
Бұрыңғыдай қарыштап,
Қона алмадық қонысқа,
Келе алмадық келіске.*

Мен Исатай Жәңгір ханға он күн ойлануға мұрсат беріп, оған өз талабын жазады: «Егер Сіз халықтың бабын тауып, тыныштығын сақтауға тырыссаңыз, біз де асқан разы болар едік. Кез келген жағдай халқымыздың салт-дағдысы бойынша тексеріліп, анықталып жатса, онда шағымға Сіздің де назар аударғаныңыз деп білеміз; әрине онда да орыс үкіметі араласпай, өзіңіз ғана соттайтын болсаңыз; ал егерде сот ісі орыстың дел-далдығымен жүргізілсе, онда біз де олармен ажырасып тынамыз.

Біздің өтінішімізді қабыл алып, ескі мұсылман дінінің ережесі бойынша әділ сот жасайды деп үміттенеміз. Ал мұны сыйламау – Сіздің әділдігіңіз бен Орданың хал-ақуалына деген барлық үмітімізді жоғалтудың бірден-бір жолы болып табылады» /31, 110-111 б./.

Жәңгір он күн мұрсат сұрап алған келісімінің бірде-бірін орындамайды. Патша әскері мен хан жасағы енді Истайларды ұстап, жазалауды көздеп, сондарына түседі. Қақтығыстарда екі жақтан да кісі өлімі болып тұрады. Екі жақ бір-бірін алыса алмай, ақыр соңында Исатайды ұстап берген адамға 500 сом күміс ақша, өлідей әкелсе, 250, ал өз туыстаарының бірі әкелсе, оған кешірім жасалып, ақшалай сыйлық беріледі деп басына бәйге жариялап, елге хабар беріледі.

«Әй, Махамбет, жолдасым» да, «Исатайкүмән жоқ. Ал деген ағам бар» да көтерілістің осы шарықтау шегіне жетіп тұрған кезде шыққанын филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмат Тілепов те Қажым Жұмалиевтің пікіріне сүйене отырып, екі толғаудан да мысал келтіріп «Мазмұнына қарағанда да толғаудың дәл осы тұста (автор 1837, 13 желтоқсанды айтып отыр – К.М.) айтылғандығында күмән жоқ. Ал мұндағы автордың өздерінің төрет-бес жылдан бермен қаарай «ханның тауын қайтарып», «дулығалы бас кесіп», «хан ұлымен қас болып, қара ұлына дос болып» жүргендігіне келсек, бұл көтерілістің етек алу, шарықтау кездерінен хабар беретін жайлар /32, 324 б./.

1837 жылғы 22 қарашадағы Истоминнің қуғынынан аман құтылған Исатай мен Махамбет бастаған 27 адам «Қаныш моласы» деген жерде кеңес құрады. Бұдан әрі Бөкей хандығында қалудың өзі өте қауіпті екендігі ескеріліп, көтеріліс басшылары Төменгі Жайық шебі тұсынан Кіші жүзге өту керек деген тоқтамға келеді /19, 76 б./.

Исатай осы кеңесте патша әскерінің (қазақ-орыс жасағы) қалай да жеңбей қоймайтынын, өзінің өлмей берілмейтінін айтып, серіктерін аман сақтау үшін бастарына сауға тәлендер деген тәрізді /23, 231 б./.

Сонда Махамбет: (1837)

Уа, Иса-еке, Иса-еке!

Кел, кетелік, кетелік,

Кетіп бір Жайық өтелік.

Атаның жұрты хазірет –

Басына зиярат етелік.

Біліңіз де біліңіз,

Белді байлап жүріңіз.

Ат маңдайын тура қойсақ,

Бермес пе тәңірім тілекті! - деп уайым жеген Исатай ағасын «Белді байлап жүріңіз» деп тәуекел етуге, бекем болуға шақырады. «Ат маңдайын тура

қойсаң, бермес пе тәңірім тілекті!» деп сөзімен қажыр-қайрат беріп, үміт отын сөндірмеу керектігін айтады.

Осы Қаныш моладағы кеңесте көтеріліс басшылары Жайықтан өтуге келісіп тарасқан. Мұны Махамбеттің жоғарыдағы толғауынан да аңғаруға болады. Осылайша, қуғын-сүргін басталады. Алайда, халық Исатай, Махамбеттердің қай жерде жүргендерін айтпай, қуғыншыларға теріс жол сілтеп отырған.

Көтерілісшілер бел байлаған төмендегі Жайық шебіне патша әскері күзетті күшейтіп, тіпті Исатайлар келе қалған жағдайда қырып салуға дайын тұрды. Мұны білген ереуілшілердің салы суға кетіп, тығырыққа тірелгендей болған. Сонда Махамбет:

Жайықтың бойы көк шалғын,

Күзерміз де жайлармыз.

Күлісті сынды күреңді

Күдірейтіп күнде байлармыз

Құдай істі оңдаса,

Ісім жөнге келгенде,

Қамалаған көп дұшпан

Әлі де болса, қойдай қылып айдармыз, - деп, жолдастарын үміт, сенімнен айрылмауға үндеп, олардың қайрат-жігерлерін қуатты да өткір жырымен қайрай түсті.

Садағына сары жебені салдырған,

Садағының кіресін

Сары алтынға малдырған.

Тереңнен көзін ойдырған,

Сұр жебелі оғына

Тауықтың жүнін қойдырған.

Маңдайын сары сусар бөрік басқан,

Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан.

Айғайласа белдігі байланған.

Астана жұртын айналған.

Атына тұрман болсам деп,

Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,

Атқан оғы Еділ-жайық тең өткен.

Атқанын қардай боратқан,

Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан –

Арыстан еді-ау Исатай!

Бұл фәнидің жүзінде

Арыстан одан кім өткен?!

«Махамбет өз геройын сипаттауда да өзіне дейінгі батырлық, ерлік-азаматтық жырларға тән сөз қолданысты таңдайды...» Исатай батырды сурттеуі ілгергі әдебиеттегі батырларды сурттеумен бір үлгілес. Таңдалатын сөз де, сындық сипат үшін алынған грамматикалық форма да, бұлардың синтаксистік жүйеде берілу жолы да бірдей. Қараңыз:

... Адырнасын ала өгіздей (мөңіреткен).

Атқан оғы егін тістей жер жыртқан,

Атқаны бастан өтешек,

Жеті қабат жерге кетешек. («Орақ – Мамай жыры») /70, 179 б./

Әрі әр сөзі қуатты, мағыналы, терең. Исатайдың садағы қарапайым емес, «Сары жебе салдырған, кіресін сары алтынға малдырған, көзін тереңнен ойдырған». Жебесі де ерекше «сұр, тауықтың жүнін қойдырған». Киімі де өзгеше - «маңдайын сусар бөрік басқан». Басқалардан дара – «жауырынынан күшіген жүнді оқ шанышқан» ашуға мінсе, қаһарланса нар тәуекелге бел буған – «Айғайласа белдігі байланған», елдің қамын жеген – «Атына тұрман болсам деп, жұртына құрбан болсам деп», жауына садақ кезеніп, атқан шақта «адырнасын ала өгіздей мөңіреткен» яғни, қазіргі заманғы реактивті ұшақтай керемет үн шығарып зулатқан, «атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен» (градация) Махамбет үшін Исатайдай арыстан, артық адам жоқ! Асырып айтса да сенесің. Өлеңнен бойына ерекше шабыт, күш-қуат аласың.

Қорыта келсек, Махамбет шығармаларының көркемдік сипаты жоғары дәрежеде. Сондықтан да ақын өлеңдері күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жүсіп Қ. Махамбет жырларындағы Исатай батыр бейнесі. Махамбет: Ерлік пен елдіктің өшпес рухы. – Атырау, 2002. – 50 б.
2. Кеңжалиев И. Исатай-Махамбет. – Алматы:Қазақстан,1991. – 122 б.
3. Өмірәлиев З.Қ. Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі үлгілерімен байланысы. //Қазақстан мектебі №6, 1970. – 75 б.
4. Рязанов А.Ф.Исатай Тайманов көтерілісі.–Алматы:Қазақстан,1996– 164б.
5. Сыдиықов Қ. Махамбет жинағы қалай құрастырылды. // Қазақ әдебиеті, - 1990. – 12 қазан.
6. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы: Жазушы, 1976. – 45-46 б.

МАХАМБЕТ ЕРЛІГІ МЕН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ҚҰДІРЕТІ

Джексенбаева Макпал Маратовна
Қарағанды облысы, Шет ауданы,
Ақжал кенті, Ш. Батталова атындағы
ТМ/РО, бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация. Мақалада Махамбет Өтемісұлының қазақ халқы үшін жасаған ерлігі мен өлеңдері туралы айтылады. Қазақтың көрнекті ақыны Махамбет Өтемісұлы біз үшін батыр, тарихта жарқын тұлға. Оның қазақ халқының мәдениеті мен тарихындағы, сондай-ақ әдебиеттегі рөлі орасан зор. Оның поэзиясы батылдық пен батылдыққа, бостандыққа деген шексіз ұмтылысқа толы. Махамбет Өтемісов қазақ қаһармандық поэзиясының негізін қалаушы болып саналады. Оның шығармашылығын 1836-1838 жылдардағы қазақ

халқының азаттық күресінің энциклопедиясы деп атауға болады, өйткені сол жылдары Махамбет Батыс Қазақстанда Исатай Тайманов бастаған көтеріліске белсенді қатысты.

Кілт сөздер: ақын, тарих, айтыс, үндеу, шығармашылық, тәуелсіздік.

Үстіміздегі жылы қазақтың ұлы ақыны, батыры Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толады. Бұл оқиға ЮНЕСКО-ның мерейтойлық күнтізбесіне енгізілген. Махамбеттің есімі Қазақстанның тарихи өткенімен, әдебиетімен және мәдениетімен таныс, қазақ халқының бостандықты сүйетін рухына жақын адамдарға қымбат. Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының көрнекті ұлдарының бірі, ақын, батыры. Ол 1804 жылы Бөкей Ордасының Бекетай ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Махамбеттің жастық шағы елдің батысындағы шаруа толқындары жартылай басталған кезеңде өтті. Батыр жас кезінен көптен дара шығып, өзінің өжеттігімен көзге түсіп, 16 жасында беріш руының үздік ақыны атанған. Ол бұрыннан елге аты шыққан ақындарды айтыста тізе бүктіріп, тез арада өз руының мақтанышына айналды [1].

Махамбет білімді, орыс және татар хаттарын меңгерген адам ретінде Исатай мен халықтың атынан билікке жиі үндеу жолдады. Әділ талаптарға күтілетін жауап алмай, батыл, бостандықты сүйетін ол ауылдарды аралап, халықты өз құқықтары мен бостандығы үшін қарулы күреске шақырды. Исатай мен Махамбет бастаған Бөкей Ордасындағы көтерілістің тарихы хронологиялық тұрғыдан үш кезеңге бөлінеді. 1836-1837 жылдар, көтерілісшілер отрядтарының құрылуымен байланысты болса, ал 1837 жылдың екінші жартысы мен 1838 жылдың басы-қозғалыс күш алып, алғашқы сәттілікке қол жеткізіп, алғашқы жеңілістерге ұшыраған кезең деп қарастыруға болады. Үшінші кезең, 1838 жылдың ортасы-Ақбұлақ өзенінің бойындағы патша әскерлерімен соңғы шайқас, Исатай батыр Тайманов қайтыс болған кезең [2].

Қатардағы халық жазалаушылар мен Жәңгір хан отрядының сандық және күштік артықшылығына қарамастан, Исатай мен Махамбетке адалдықтарын соңына дейін сақтап қалды, ал би, бай және старшиналар халық көтерілісінің аяқталуын тездетіп, жаумен сөз байласты. Махамбет Өтемісов Сұлтан Қайыпғалимен бірге жаңа бүлікші күштерді жұмылдыру үмітімен Хиуаға кетті. Алайда, батыр 1841 жылы наурызда ұсталып, 1846 жылы өлтірілді. Жақсы қаруланған және стратегиялық тұрғыдан дайындалған жаумен шайқаста жеңіліске ұшырап, адам шығынына қарамастан, өмірінің соңғы минуттарына дейін батылдық пен батырлықты жоғалтпаған Исатай мен Махамбеттің ерлігі тарихта мәңгіге қалды [3].

Махамбет өлеңдерінен жауынгерінің патриоттық және еркін идеялары, оның табиғатына тән бостандыққа деген құштарлықты, азаттық күресінің, Отанға деген сүйіспеншіліктің, туған халқының бақыты туралы романтикалық арманның шығармашылығына енеді. Сондықтан Махамбеттің бай рухани әлемі, шығармашылық мұрасы тарихшы ғалымдар Х. Досмұхамедов, Е. Бекмаханов, З. Алдамжар т.б. еңбектерінен табылған. Махамбет поэзиясы азаматтық үлгіде болып, оның барлық өлең жолдары өз халқына, жеріне деген

сүйіспеншілікпен тұрды. Ол әлсіздердің қорғаушысы болуға, шынайы сөзді соңғы деміне дейін сақтауға үйретті. Ақын өз шығармаларында әрқашан халық мүддесін қорғаушы болып, қазақ әдебиеті тарихында езгіге қарсы қарулы күреске шақырған батырлардың бірі болды [4].

Махамбеттің шығармашылық мұрасы ретінде жүзге жуық өлеңдерін білеміз. Шернияз, Бекет, Мұрат және Лұқпан ақындар кейінгі ұрпақ үшін Махамбеттің поэтикалық мұрасын сақтап қалды. Махамбеттің Исатай Тайманов көтерілісіне дейін, яғни ХІХ ғасырдың отызыншы жылдарының екінші жартысына дейін жазылған өлеңдері әлі белгісіз. Сол жылдардағы оқиғалар мен құбылыстар қатарында Махамбет Өтемісовтың бостандықты сүйетін байқатты. Орынбор губернаторлығының мұрағаттарында Бөкей ордасына қатысты құжаттардың арасында Махамбетке тиесілі болуы мүмкін құнды мәліметтер бар. Көптеген зерттеулер ақынның шығармашылығына арналған, оның шығармалары орыс тіліне аударылған бірнеше рет жеке жинақтарда басылып, антологияға енген. Қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік зерттеушілер Махамбеттің поэтикалық мұрасын зерттеуге маңызды үлес қоса бастады. ЮНЕСКО-ның қазақ әдебиетінің классиктерін халықаралық дәріптеу процесіне белсенді қатысуының арқасында 2003 жыл қазақтың ұлы ақыны- Махамбет Өтемісовтың шығармашылығын зерттеу мен қайта қарастыру тарихындағы ерекше кезең болды. Халық жадында Махамбет бостандық, тәуелсіздік, әділдік үшін күрескер болып мәңгі қала береді [5].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шамгонов А. Восстание под предводительством И. Тайманова и М. Утемисова и вопросы изучения его в школах. – Атырау: Учебно-методическое пособие, 2010. – 106 б.
2. Бекет К. Стихострелы Махамбета. – Атырау: Электронная книга, 2014. – 285 б.
3. Жанисова Р. Н., Махамбету – 210 лет 1804-1846 гг. – Шахтинск: Статья, 2014. – 24 б.
4. Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова. – Алма-Ата, 1991. – 154 б.
5. Кенжалиев И.Н. Махамбет Өтемісұлы. – Алматы, 1979. – 120 б.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАУДА ТУЫП ТАСЫНДА ӨСКЕН ҚҰЛАГЕРІ

Әлібекова Ардана Ардакқызы
Астана қаласы,
М. Жұмабаев атындағы
№ 65 мектебінің психологі

Ағынды менің Ақсуым,
Ақырып әлі ағасың,
Ақиланған ашумен,
Ақтарды асқар сабасын.

Тас тарпуын, шапшуын,
Қарасаң қайран қаласың, -деп Ақсу ауданында туған, тауында туып, тасында
өскен жыр құлагері Ілияс Жансүгіров
Жатпаған жыр кестесін құрап, өрмей
Бір өзі жолы кітап бір әлемдей.
Заманында өзгеден оза шапқан,
Ұрпағына Ілияс Құлагердей.
Жырлары табиғаттың таң нұры еді,
Жерім деген зор мықты бар жігері.
Ілияс Ақ тастының тасында өсіп,

«Ақсуым менің» -деп соққан ақ жүрегі. -дей келе, бүгінгі баяндағалы тұрған баяндамамыздың тақырыбы «Тауда туып, таста өскен жыр құлагері» деп аталады.

Өзімді кішігірім таныстыра кетсем «Ақсуым менің» деп жырлаған Ілияс Жансүгіровтың туған өлкесі қасиетті, киелі қаншама тұлғалар туып өскен жер Ақсудың тумасы, Астана қаласының М Жұмабаев атындағы №65 мектебінің психологы Әлібекова Ардана Ардаққызы болам.

Көпшілігіміз бүгінгі күнде қалалы жерде тұрып жүргендіктен, даламыз-дың әр қилы көріністері мен жанға шуақ беретін табиғатымыздың сұлулығын көріп сүйсіне бермейтініміз анық. Алайда анда-санда жылына бір-екі рет қана демалыс орындарына барып қайтатынымыз жақсы әсер бергенімен балалық шақтағы ауыл көріністерін, тау самалын әлі күнге дейін аңсайтынымыз белгілі. Біздің көрген ауылдың көріністері мен таудың баурайларын бүгінгі ұрпақтарымыз түсініп, сезініп білуі үшін мектеп программасына Махамбеттің ерлікке арналған біршама өлеңдерін кіргізуді ұсынар едім. Бұл балаларға анағұрлым көп пайдасын тигізетініне сенімді түрде айта аламын өйткені оған мысал мына алдарыңызда мектептің психологы болып сөйлеп тұрған мен, бала кезімнен Махамбеттің өлеңдерін жаттап талай сайыстардың жүлдегері атандым. Ерлікті жырлаған өлеңдерін оқығанда ерекше махаббатым ашылып, туған жеріме патриоттық сезім керемет екенін түсіндім. Сол жаттаған өлеңдерім өмір жолымда талай ел алдында сөз сөйлеуге, тілімнің жаттығуына, сөз саптауыма, ақындық шығармашылығымды бастауыма, туған жерімді махаббатпен сүйуге көп көмегін тигізді.

Махамбеттің біраз өлеңдері элегиялық сарынды болып келеді. Көтереіліс сәтсіз аяқталып, алға қойған мақсат та көкке ұшып, ақын көңілі жабырқайды, өзегін өрт шалып, ең жақын достары оққа ұшады. Исатайдан айырылғаннан кейінгі өлеңдері жалғыздық сарынмен үндеседі. «Мұнар күн», «Еменнің түбі – сары бал» - Махамбеттің ішкі жан сырын, қайғысын көзінен қанды жас ағыза отырып, мұңая жырлаған жырлары.

Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбетті білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, бұл оның адами болмысы мен айбалта-жырын көзге елестетіп, тілге оралтумен шектелмейді. Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де

қажет. Өйткені, арын таптатқан, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Әбіш Кекілбаев Махамбет туралы жазған «Шандоз» атты еңбегінде оның «табиғаттан қалаған уақытында табыла бермейтін асылдай аса сирек кездесетін құбылыс» екендігін айта келіп: «Ондай құбылыс тек қазақ түгіл, барша адамзаттың ғұмырында да көп кездесе бермеген. Махамбет - кәдімгі он екі жілік, бір мығым жұмырбасты пенденің ертегідегідей аңызға айналуының, тек ертегіде ғана кездесетін ғажайып ерлердің қайтадан шындыққа айналуының таптырмас бір мысалы», - деп жазған еді. Ал, Махамбеттің ақындығының ерекшелігі оның ақындығы күрескерлікке ойшылдық және философиялық сипат берді, оның үстіне Махамбет - мықты психолог ақын. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы — теңдік пен бостандық, әділдік үшін күрес, қанаушы отаршылдық жүйеге қарсылық болып келеді де әрқашан жігерлі асып-тасып жатқан асқақ рухпен көмкеріледі, оған көне дәстүр бойынша философиялық терең толғамдар, пайымдаулар сабақтасып отырады. Оның өлеңдері көтерілісшілер үшін бір жұтым ауа сияқты қызмет етті. Махамбет өлеңдерінің бір сыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Ерлікті дәріптейтін шығармаларды көп. Біз келешек ұрпаққа әрқашан патриоттық күш-қайрат беретін, өздерін жігерлендіре түсіру үшін осындай батыр аталарымыздың болғанын ұмыттырмауымыз керек. Қазіргі таңда біздің патриоттарымыздың еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық идеяға баулысын десек оларға Махамбет атамyzдың өлеңдерін, шығармаларын бойларына сіңірту керек. Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Қызғыш құс» деген өлеңдері балалардың ойына қозғау салатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым. Ер Махамбеттің өршіл өлеңдері өскелең ұрпақ үшін әке қанымен, ана сүтімен бойға дарыған рух күшіндей әсер етеді. Қазақ әдебиетінің Мұхтар Әуезовтей дарабозының төл шәкірті атанған сөз зергері З.Қабдоловтың «Махамбет деген ардақты, әрі аяулы есімнің өзі – өмірдегі қасіреттің синонимі, өнердегі қасиеттің символы», - деп алдаспан жырымен ел рухын оятқан ақын туралы толғануы да сол себептен. Махамбет ақынға арнап жазылған көптеген шығармалар бар: алдымен қазақ поэзиясындағы Ы.Шөрековтің «Исатай - Махамбет» дастаны, Ж. Молдағалиевтің «Кек», Ж.Нәжімеденовтің «Жаңғырық», Ә.Кекілбаевтың «Махамбет», М.Шахановтың «Нарынқұм трагедиясы», Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш немесе Махамбетпен қалай кездестім», М.Неталиевтің «Арыстан еді-ау Исатай» поэмалары, Қ.Бекқожиннің «Махамбет қабірінің басындағы тебіреніс» атты толғауы. Қазақ әдебиетінің барлық жанрларында арынды ақын, алдаспан жырдың дарабозы әрі батыр, әрі ту ұстаған қолбасшы Махамбет Өтемісұлы туралы шығармалар аз жазылған жоқ. Сонау ақын Ығылман Шөрековтен бастап бүгінгі суреткер қаламгер Зейнолла Қабдоловқа дейінгі қалам ұстаған дарындардың барлығы бұл қасиетті тақырыпқа ат басын бұрмай өте алмаған. Бұл туындылар Махамбеттің күрделі тұлғасын көркемдік тұрғыдан жинақтауда, сол тұстағы қазақ басына түскен бодандық, патшалық Ресей империясының қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының қанқұйлы

көрінісі, сонымен бірге ел ішіндегі, ағайын арасындағы зұлымдық пен сатқындық үстемдік құрған заман шындығын шынайы жеткізуде жазылған туындылар. Заманымыздың дүлділ композиторы ұлы Нұрғиса Тілендиевтің Махамбет атты драматизмге толы миниятюралық симфониясында өршіл ақынның текті бейнесі, қайрат жігері, отты поэзиясы асқар шеберлікпен көрсетілген.

Махамбет аңсаған азаттыққа қол жеткізген халқымыз үшін енді ақын мұрат еткен азат ойдың биігіне ұмтылу, шынайы демократиялық қоғам орнату парызымыз. Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбетті білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, бұл оның адами болмысы мен айбалтажырын көзге елестетіп, тілге оралтумен шектелмейді. Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын тапталқан, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Махамбет ұлттық тұлға оның батырлығын ақындығын күйшілігін азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп дәріптеу керек. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек. Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың рухына басымызды иіп, еліміз үшін күрескені үшін елімізді одан әрі көркейту керек. Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

Жалынды ақын, намысшыл ержүрек жауынгер өзінің қысқа да жарық отты өмірін жан тәнімен халқына арнап, еркіндік идеясы мен әділеттілікті ұран етіп, найза ұшын, қалам құдыретін шебер ұштастырды. Махамбет көшпелілер өркениетінің осынау жарық дүниемен шарқырап тұрып қоштасқан соңғы үні. Жалына қол тигізбейтін көшпелілердің қыл сағағын тағдыр тұзағы қылқындырған сәтте асау рухы Махамбет болып тұяқ серпігендей. Қазақты ұлт ретінде даралап, тарих сахнасына шығарған көшпелілер мәдениетінің буырқанып келіп жартасты соққан ақжал толқыны Махамбет тәрізді. Егер, Қазақ халқының рухани үрдісін кең аяда тарихи құбылыс ретінде елестетер болсақ, онда Көне Түркі ескерткіштерінен Қорқыт пен Асанқайғыдан бастап, Шалкиіз бен Қазтуған, Ақтамбердіге дейін жалғасып, ақыр аяғында Махамбетке келіп тірелетін жорық жырауларының бір-бірімен ғасырлар ойнауынан сабақтасқан жалынды үнін анық естуге болады. Махамбет – жорық жырауы. Сол Ұлы бабаларының дәстүрін жалғастырған, рухын сөзімен емес ерлік ісімен көрсеткен батыр-жырау. Ауыз әдебиетінің тереңінен сусындаған, өзінің бойына халықтық дәстүрді терең сіңірген Махамбет Өтемісұлы Исатай Тайманұлы бастаған халық көтерілісінде маңызды рөл атқарды, ол өзінің өлеңдері арқылы халықты патша өкіметі мен хандардың езгісіне қарсы күреске шақырды. Махамбеттің өлеңдері бостандық пен әділдікті, халық көсемдерінің батырлығын қалың халық бұқарасына паш ету мақсатында жазылды

Сөз соңында айтарым еліміздің керемет ерен ерлікті тірілте жырлаған Махамбет Өтемісұлын біз әрқашан жас ұрпаққа дәріптеп, санаға сіңдіріп, әрдайым оқытуды негізге алуымыз керек. Ұрпағымыз елімізді, жерімізді сүйіп өсуге барынша ықпал жасауымыз қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абдрахманов С. Жиырмасыншы ғасыр жырлайды: қазақ поэзиясының антологиясы. - Алматы: Раритет, 2007.- 504 б.
2. Әбдешев Б.М. Мағжан Жұмабаевтың прозасы.- Астана, 2002.- 28 б.
3. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті.- Алматы: Қазақ университеті, 2002.- 430 б.
4. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет: таңдамалы ғылыми зерттеулері.- Алматы: Жібек жолы, 2005.- 512 б.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ «ҚЫЗҒЫШ ҚҰС» ӨЛЕҢІ

Исабаева Асем Серикжанова

Астана қаласы,
№ 62 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі

Қазақ жырының ой-санасы - Абай, ар намысы –
Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің
жігерімен еңсе тіктеген әлеуметпіз. Бірі рухани
ұстазымыз, бірі рухты ұранымыз.
(Тілекқабыл Боранғалиұлы)

Туған елге деген сүйіспеншілік пен туған жерге құрметтің басты үлгісін танытқан қазақтың батыры, әрі патриот ақыны Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығын білу – біздің парызымыз.

Махамбет поэзиясы - ерліктің, өрліктің поэзиясы. Исатайдан, жерінен айырылып қалған Махамбет түңіліп, жалғыздыққа бой алдырады. Қарулы жасақтың көпшілігі тарап кетеді. Қайта қолды жинау қиынға түседі. Ол ел ішінде бой тасалап жүреді. Махамбет өмірінің соңғы айларында отбасымен бірге Қараой деген жерде мекен етеді. Осы кезде ақынның Қызғыш құс өлеңі дүниеге келеді.

Бұл арада ақының өзін - қызғышқа, Ал Жәңгірді – лашынға теңеуі тектен тек емес. Себебі: қызғыш құс – өз ұясын қызғыштай қорғайтын, адамзатқа пайдасы бар (ол жауын құртын, жәндіктерді құртады) тыныш, бұйығы тіршілік кешетін, көл маңындағы қалың шөпті мекендейтін, кішкентай, нәзік бейкүнә құс. Махамбет те халқын сүйген, сол халықтың қамын ойлаған әділдікті жақтаған жан.

Ал, лашын болса, ұшқыр қыран, қатты тегеурінді құс. Оның тездігі ұшқырлығы сонша, адамның көзі шалып үлгермей қалады. Осы тездігінен басқа қырандар да, тіпті бүркіт те қорқады екен. Лашынды Жәңгір ханға теңеуі де сондықтан. Осы өлеңде ақын бейнесін табиғаттың бір бөлшегі қызғыш құспен, қайырымсыз ханды озбыр лашын құспен салыстырады.

Шынайы дос, ағасындай болған Исатайдан айырылған кезде, қатты қайғырғандығын, қызғыш құстың көлсіз тіршілігі болмаса ақынның елсіз, туған жерсіз өмірі қиын екендігін жете түсіндіру, өлеңнің жоқтау түрінде жазылғандығы айтылады.

Махамбет – бірбеткей, айтқанынан қайтпас қайсар жан. Өйткені Махамбет Өтемісұлы турасында жазған авторлардың бірде-бірі олар жайлы теріс пікір білдірмеген. Мысалы Е.П. Ковалевский өз еңбегінде аз ғана уақыт Махамбет Өтемісовпен өткізген әңгіме барысында ол Махамбетті ақылды, әрі шешен ретінде сипаттайды. «Ол өз сөзін Құранның сөздерімен дәлелдеп, Бұқара мен Самарқанд медреселеріндегідей емес, өз түсінігі мен терең ойы арқылы жеткізді» деп жазады.

Ақын Махамбет Өтемісұлы «Қызғыш құс» өлеңі арқылы өз басындығы мұң-шерді сыртқа шығарып, сол арқылы кең тыныстап тұрғаны анық. Өлең табиғаты мен мазмұнынан ел-жер тағдыры, хан мен халық қатынасы, азамат басындағы ауыр хал, соны жеңу мен жеңілтудің сырлы сипаты да терең танылады. Ел қорғау мен көл қорудың һәм батыр мен құстың үн қосуы – тарих таңбасын, тағдыр салмағын, соған уақыттың да қатынасын кең көлемде көрсетеді.

Бұл өлеңдегі қайсар рухтың мұң-шері, көл қорыған құстың тағдыры-талай адамзат тарихынан бесенеден белгілі: хан мен халық арасын, күшті мен әлсіздің екпін-тектісін, салмақ-сырларын бүкпесіз, боямасыз алдыға жайып салады. Аспан мен жер үстіндегі аламғайып кезең-көріністер, өмір мен өлім арпалысы – мәңгілік күрестің шежіре сырын алға тартады. Өлең табиғаты ерлік-елдікті үлгі етеді, түр-мазмұны жатық, жинақы қалып түзеген. Әрбір сөз, бунақ-тармақтардағы айқындық, өткірлік, шешендік сипаттар көңіл төрінен шығады., жүректі тербейді. Демек, «Қызғыш құс» – Исатай мен Махамбет өмір сүрген кезеңнің сырлы рәмізі, жыр-жебенің жампозы Махамбеттің болмысы мен мінезін, тағдыр-талайын терең танытатын тағылымды туынды.

Ақын «Қызғыш құс» өлеңін Исатай өлген соң жазды. Көлінен айырылған құспен өзін салыстыра отырып, екеуінің басындағы жайға кінәліні іздейді. Ақынның артықшылығы сол – сары уайымға салынбай алдағы күнге сенеді. Оптимизм басым.

Қызғыш құс

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорғаны мен едім.

Мен де айрылдым елімнен;
 Көл қорғаны сен едің,
 Сен де айрылдың көліңнен.
 Аспанда ұшқан қызғыш құс!
 Сені көлден айырған -
 Лашын құстың тепкіні.
 Мені елден айырған -
 Хан Жәңгірдің екпіні.
 Айтып - айтпай немене,
 Құсарлықпен өтті ғой,
 Махамбеттің көп күні!

Қызғыш құс өлеңіне сатылай кешенді талдау.



1. Авторы - Махамбет Өтемісұлы - ақын, күйші, батыр, Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің көсемі, әрі жалынды жыршысы.

2. Тақырыбы - азаттық үшін күрескен ақынның өз тағдыры.

3. Жанр түрі- поэзия.

4. Идеясы- озбырлықты әшкерелеу, хан зұлымдығын лашын құспен салыстыра отырып, өз ойын көркем образ арқылы бейнелеген.

5. Шумақ саны-4 шумақты

6. Тармақ саны-18 тармақты

7. Бунақ саны- 2-3 бунақты

8. Буын саны- 7-8 буынды өлең

9. Ұйқас түрі: 1-қара өлең, 3-4 шалыс ұйқас, 4-ерікті ұйқас түріне құрылған.

10. Әдеби - теориялық ұғымдар - эпитет, психологиялық параллелизм.

11. Түсіндірме сөздік: құсалық- құса болғандық, қасіретке батушылық.

12. Тәрбиелік мәні - әлеуметтік өмірдің шындығына көз жіберуді үйретеді.

Азаттық пен теңдік үшін күреске шақырады.

Тарихи деректердің барлығы дерлік ақиқат. Қай халықтың болмасын өзіне тән фольклоры, яғни, халық ауыз әдебиеті бар. Біздің фольклорда Махамбет өлеңдерінің айтарлықтай орны бар. Өйткені, ақын мотиві өзгеге ұқсамайды.

Поэзияның тәсілдерін өз заманында-ақ ұтымды пайдалана білген ақын шеберлігі кім кімді болса да таңқалдырары сөзсіз.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – КҮЙШІ

Алиева Айна Капешовна

Астана қаласы

Қ.Мұңайтпасов атындағы

олимпиада резервінің республикалық

мамандандырылған мектеп-интернат колледжі

қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.

Махамбет Өтемісұлының өмірі туралы айтылғанда, әрине, ең бірінші кезекте Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісі туралы айтылады. Махамбетке қатысты зерттеулердің көбі осы тақырыптың төңірегінде өрбиді. Ал Махамбеттің бүгінгі күнге дейін жеткен мұрасы – жырлары мен күйлері туралы көп айтыла бермейді. Аталған мақаламызда Махамбет Өтемісұлының күйшілік өнері туралы баяндамақпыз.

Махамбет Өтемісұлына қатысты зерттеулердің ішінде көп айтыла, жазыла бермейтіні – батырдың балалық шағы. Демек Махамбеттің балалық шағы туралы дерек өте аз. Тек әкесінен 14 жасында жетім қалғаны жөнінде айтылады. Әнес Сарайдың «Исатай-Махамбет тарихы» кітабында күйшілік өнерді меңгеруі туралы былай жазылған: «Сол тұстың үрдісі бойынша, домбыра үйренуге де балалар ерте баулынып, 12-13 жасында күйшілік өнерге әжептәуір машыққан. Домбырашылық өнерде арнайы үйрететін мектеп болмағанымен, оның да тәжірибесі сыналып, қалыптасқан дәстүрі болды. Шәкірттер алдымен толғау жырларын, ән саздарын үйренетін де, қолдары жатыққаннан кейін «Ақжелеңдерге» түсетін. «Ақжелеңнің» 62 саласын түгел тартқандар ғана домбырашы аталатын. Осы 62 саланы түгел игермейінше, өз жаныңнан күй шығаруға болмайды деп есептейтін қағида да бар-ды» [1]. Яғни осы «Ақжелең» жанры – домбыраны меңгеру курсы, домбыра әліппесі саналған. Кей зерттеу еңбектерінде Махамбет Өтемісұлының толысқан шағында өзі де «Махамбет Ақжелең» күйін шығарған деген дерек кездеседі.

Махамбеттің күйлерінің тарихы да қызықты. «Жұмыр-Қылыш» күйі 1838 жылы Исатайдың қазасынан кейін ақын Байбақты еліне барып, сол жердің батырларымен араласады. Байбақтының Садыр және Қылыш деген екі батырымен достық қарым-қатынаста болады. Садырдың лақап аты «Жұмыр» екен. Сол елде жүргенде Махамбет алғаш рет Баймағанбет сұлтанмен кездеседі. Сұлтан Махамбетті ұстауға әрекеттенеді, бірақ Садыр мен Қылыш батырлар Махамбетті Баймағанбеттің адамдарына бермей, аман алып қалады. Кейін осы оқиғаға байланысты ақын «Жұмыр-Қылыш» деген күй шығарады [2]. Махамбеттің «Баймағанбет сұлтанға айтқаны» деген өлеңінде ақын өзінің қайсарлығы мен өр мінезін көрсетеді.

Мысалы:

Ей, тақсыр - ау, ей, тақсыр,
Бойың жетпес биікпін,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан!
Айта келген сөзім бар,

Не қылсаң да жасырман.
Шамдансам жығар асаумын,
Шамырқансам сынар болатпын,
Кәр қылар деп, «тақсыр - ау!»
Аяғыңа бас ұрман.

Бәйеке «сұлтан», ақ сүйек,
Қыларың болса қылып қал,
Күндердің күні болғанда,

Бас кесермін, жасырман! – деген ойы оның күйлерінде асқақ естіледі. Сонымен қатар Махамбеттің осы аралықта шығарған күйлерінің бірі – «Тарлан» деп аталады. Ақынның бұл күйлерін Ұ. Зарлыққан: «Күй аңыздарының құрылымына байланысты аңыздық күйлердің енді бір шоғыры – арнау күйлер. Бұл топтағы күйлердің ең басты қасиеті, күйші өзі шығарған күйді өзі қадыр тұтқан, айрықша құрметтеген адамына арнайды. Ондай арнау күйде сол адамның болмысы, табиғаты, ізгі қасиеттері менмұндалап тұрады. Мәселен, атақты батыр Махамбет Өтемісұлы өзінің Исатай бастаған үзеңгілес, тағдырлас, қанаттас қаһарман бауырларына арнап «Жұмыр- Қылыш», «Тарлан» сынды күй шығарғаны тарихтан аян», – деп арнау күйлеріне жатқызады [3].

Бүгінде Махамбеттің 20-ға жуық күйі белгілі. Алайда концерттер мен жиындарда әдетте «Жұмыр-Қылыш» пен «Өкініш» күйлері ғана орындалып жатады. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының бас ғылыми қызметкері Күнқожа Қайрулла Махамбет күйлерінің жинақталуы жөнінде былай дейді: «– Махамбет ақын бүгінгі қазаққа батыр, жорық жырауы, күйші ретінде мәлім. Оның күйлерін Батыс Қазақстан аймақтарындағы қарт күйшілер жеткізіп кеткен. Махамбеттің күйлерін 1889 жылы туған Оразғали күйшіден 1963 жылғы экспедиция кезінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының ғылыми қызметкерлері магнит таспасына жазып алады. Сол кезде жетпіс төрт жастағы қарт күйші фольклорлық экспедиция мүшелеріне көптеген күйлер орындап берген. Бүгінде Махамбеттің «Қайран Нарын», «Жауға шапқан», «Қиыл қырғыны», «Жайық асу», «Жорық күйі» сынды күйлері де белгілі. Махамбеттің күйлерін жеткізуде ерекше атап өтетін өнерпаздың бірі – Оразғали Сүйінбеков.

Экспедицияда тіркелген мәліметтерде Оразғали Сүйінбековті «Орал облысы, Чапаев ауданының Қаракөл совхозының тұрғыны» деп көрсетеді. Енді О. Сүйінбеков орындап берген күйлері туралы айтар болсақ, олардың авторлық аясы өте кең. Күйші «Теңдік» (ән-күй), «Өткен күн қайта келмес», «Еңбек табысы», «Ғылым шыңына», Құрманғазының «Қуаныш», «Бекер келдім» күйлері, өз әкесі Сүйінбектің «Ақтұйғын» күйі, Боғданың «Өтті- кетті» күйі, «Кербез Ақжелен», «Айдананың Ақжелеңі», «Бозтөбе», «Есбайдың екінтіде ел іздегені», «Тіріжанның інісі Қаналыны сағынғанда тартқан күйі»,

«Боғданың Қара жаяуы», «Тойлы қуаныш», «Комсомол сыйлығы», «Жігер», «Алтын ту», «Сәуле», «Иіс»(ән-күй), «Ақмаңдайдың үнді әні» сияқты жалпы саны жиырма бес күй жеткізді. Сонымен қатар ол «Сәуірдің сары торғайы» атты өз күйін де орындап, жаздырған. Осы жиырма бес күйдің ішінде Махамбеттің «Жұмыр-Қылыш», «Қайран Нарын» деген екі күйі бар. О. Сүйінбековтен алынған бұл күйлер Махамбеттің күйші - композитор екенін танытты. Бүгінде Махамбеттің күйлері халқымызға біршама таныс. Ал «Жұмыр-Қылыш» күйін тұңғыш рет орындап, халыққа танытқан Қазақстанның халық әртісі Қаршыға Ахмедияров (1946-2010) болды. Оразғали ақсақал жеткізген күйлерден өзге Махамбеттің басқа да күйлері ел арасынан кейінірек табылды. Ол күйлерді Махамбет ақынның ғұмыр кешкен аймақтарына жеке экспедициямен барған фольклоршылар, орындаушылар тауып, жинақтады [1].

Махамбет Өтемісұлының жырлары қандай өр, қандай мінезді болса, күйлері де сондай жалынды. Баяу, ырғақты басталатын «Қиыл қырғыны» күйінің өзі де орта тұсынан бастап өршеленіп, төгіле түседі. Тіпті «Өкініш» күйі де мұңға салмайды, қайта адамға жігер береді. Мәселен, «Тар қамау» деген өлеңінде айтылатын негізгі ой қиындықтың қандайына да шыдай алатын ерлер туралы болса:

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға
Қас үлектен туған қатепті
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,
Бір-біріндеп сөксе де
Қабағын шытпас ер керек
Біздің бүйткен бұл іске.

Өлеңдегі ойларын ақын өз күйлерінде шығарып отырған. Күйлері сабырлы басталғанымен негізгі тартыс басталғанда Махамбеттің лирикалық тұлғасындағы алапат рух пен күшке ие болады.

Махамбет күйлері дегенде Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» күйі еске түседі. Нұрғиса Тілендиев бірде өзі құрған «Отырар сазы» ансамблімен Атырауға барады. Сонда ансамбльді ертіп, Қараойға – Махамбет бабаның кесенесіне тартып кетіпті. Тақтайдай жол жоқ, қара жолдың қиындығына қарамай жетеді. Қараойға жеткен соң ансамблін құрып жібереді де, өзі мінбеде – «Махамбет» күйін тартқызады. Айдала. Көзге көрініп тұрған ауыл- ел жоқ. Тек қана батырдың кесенесі мен даланы жаңғыртқан «Махамбет».

Оркестр күйді бітірген соң жинала сала кері қайтып кетеді. Міне, Махамбет өмірі, Махамбет күйлері Нұрғиса Тілендиевтің осындай алапат күйді өмірге әкелуіне себеп болды. Тағзымды бұдан артық қалай жеткізуге болады?!

Қорыта айтқанда, Махамбет шығармашылығы бүтіндей елінің намысы мен абыройын қорғауға бағытталып, ақынның рухы мен халық тілегін көрсете алған деуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Күй аңызы: Махамбеттің күйі «Жұмыр, Қылыш» қалай туды?

<https://egemen.kz/article/337389-kuy-anhyzy-makhambettinh-kuyi-zhumyr-qylysh-qalay-tudy> (қаралды: 11.03.2024)

2.Тілеген А.Күйші Махамбет.URL:<https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34501> (қаралды: 10.02.2024)

3.Ұ.Зарлыққан. Қазақ күй аңыздары туралы біреп сөз.<https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaq-kui-anyzdary-turaly-birer-soz> 23814 (қаралды: 31.03.2024)

МАХАМБЕТТИҢ КҮЙ МҰРАСЫ МӘҢГІЛІК

Сарсембекова Лаура Жолмухаметовна

Астана қаласы,

Міржақып Дулатұлы атындағы

№68 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі.

Бүгінгі азаттығымыз ата-бабамыздың сан ғасырлар бойғы аңсаған ежелгі арманы болды. Елдің еркіндігі жолында қаншама батыр жан берді. Ресей империясының отарлауына қарсы қозғалыстар тарихында 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің мәні мен маңызы зор. Көтерілістің ұйымдастырушысы Исатай Тайманұлы пен Махамбет Өтемісұлы болды. Махамбет Өтемісұлы жырларымен жұртын ерлікке жұмылдырды. Махамбет музыкалық жанр болып табылатын қазақ халқының аспаптық пьесасы күмбірлеген күйлерімен елін еркіндікке үндеді.

Махамбеттің күйшілігін дәйектейтін оннан астам күйі бар. Бізге жеткен бұл күйлері сол заманның бет-бейнесі. Махамбеттің күйшілігіне алғаш рет академик Ахмет Жұбанов назар аударған болатын. Кейінірек Тмат Мерғалиев пен Қаршыға Ахмедияров күйлерінің үніне үнілді. Осылайша Махамбеттің күйшілігі мен күйлері кеңінен насихаттала бастады. Ал, ақынның 200 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтқали Жайымов пен «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Еркін Нұрымбетов күйлерін оркестрге өңдеп түсірген еді. Махамбеттің алдымен 11 күйі «Шашақты найза, шалқар күй» деген атпен 1982 жылы жарық көрді.

Махамбеттің әр күйінің өзінің шығу тарихы бар. Атап айтқанда, «Қиыл қырғыны» күйінде 1838 жылы Исатай мен Махамбеттің Орынбор губернаторы мен полковник Гекке бастаған және оған барып қосылған Баймағамбет сұлтан әскерімен шайқасы сипатталған. Одан әрі «Қайран, Нарын», «Шілтерлі терезе», «Жайық асу», «Жорықта», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Жұмыр қылыш», «Өкініш», «Арысымнан айырылдым», «Мен, мен едім, мен едім» деген күйлерінде әртүрлі тақырыпты көтереді. Махамбет күйді шығарушы ғана емес, әрі шебер күйші де болды. Махамбет Өтемісұлының бүгінге жеткен мұрасы оның күмбірлеген күйлері.

Бүгінгі ұрпақты Махамбеттің күйшілігі толғандыра ма деген сұрақ көкейімізде тұр. Махамбеттің күшілігіне қатысты зерттеулерге тоқталсақ, Әнес

Сарайдың «Исатай-Махамбет тарихы» кітабында күйшілік өнерді меңгеруі туралы былай деп жазылады: «Сол тұстың үрдісі бойынша, домбыра үйренуге де балалар ерте баулынып, 12-13 жасында күйшілік өнерге әжептәуір машыққан. Домбырашылық өнерде арнайы үйрететін мектеп болмағанмен, оның да тәжірибесі сыналып, қалыптасқан дәстүрі болды. Шәкірттер алдымен толғау жырларын, ән саздарын үйренетін де, қолдары жатыққаннан кейін «Ақжелеңдерге» түсетін. «Ақжелеңнің» 62 саласын түгел тартқандар ғана домбырашы аталатын. Осы 62 саланы түгел игермейінше, өз жаныңнан күй шығаруға болмайды деп есептейтін қағида да барды». Демек, «Ақжелең» жанры – домбыраны меңгеру курсы, домбыра әліппесі саналған. Ал, Махамбет толысқан шағында өзі де «Махамбет Ақжелең» күйін шығарған деген деректерде жоқ емес. Махамбеттің өмір жолына үңілсек, ол бала кезінен қызу қанды болған. Бұл ретте Махамбет жайлы алғаш жазбаша дерек қалдырушының бірі Халел Досмұхамедов «Исатай жұртты ақылмен, дәлелмен, түрлі әдіспен соңына ерткен адам болса, Махамбет көпті қыздырып, көңілін аударып ертетін болған» дейді. Бұдан әрі «Исатай ақсақалдармен, бас адамдармен ақылдасып, кеңесіп отырғанда, Махамбет айналасындағы үйлерде, ауылдарда қыдырып жүріп өлең айтып, жұртты қыздыратын еді» дейді.

Махамбеттің күйлерінің жинақталуына келсек, бүгінде 20-ға жуық күйі бар екені белгілі болып отыр. Алайда, елге көбінесе концерттер мен жиындарда жиі орындалатын «Жұмыр-Қылыш» пен «Өкініш» күйлері белгілі. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының бас ғылыми қызметкері Күнқожа Қайрулла Махамбет күйлерінің жинақталуы жөнінде былай дейді: «Махамбет ақын бүгінгі қазаққа батыр, жорық жырауы, күйші ретінде мәлім. Оның күйлерін Батыс Қазақстан аймақтарындағы қарт күйшілер жеткізіп кеткен. Махамбеттің күйлерін 1889 жылы туған Оразғали күйшіден 1963 жылғы экспедиция кезінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының ғылыми қызметкерлері магнит таспасына жазып алады. Сол кезде жетпіс төрт жастағы қарт күйші фольклорлық экспедиция мүшелеріне көптеген күйлер орындап берген» дейді. Бүгінде ел арасына танымал Махамбеттің «Қайран Нарын», «Жауға шапқан», «Қиыл қырғыны», «Жайық асу», «Жорық күйі» сынды күйлері де мәлім. Махамбеттің күйлерін халыққа жеткізуші кім дейтін болсақ, ол өнерпаз – Оразғали Сүйінбеков. Ол Махамбеттің «Жұмыр-Қылыш», «Қайран Нарын» деген екі күйінің орындаушысы. Аталған бұл күйлер Махамбеттің күйші-композитор екенін таныта түседі. Бүгінде Махамбеттің күйлері халқымызға біршама белгілі. Ал «Жұмыр-Қылыш» күйін тұңғыш рет орындап, халыққа танытқан Қазақстанның халық әртісі Қаршыға Ахмедияров болды. Махамбеттің басқа да күйлері ел арасынан кейінірек табылды. Ол күйлерді Махамбеттің өскен өлкесіне арнайы барған экспедиция құрамындағы фольклоршылар, орындаушылар тауып, жинақтаған. Махамбеттің күйлері сюжетке құрылған. Махамбеттің күйлерінің зерттелуі жөніндегі материалдар баспасөзде 1959 жылдан бастап шыға бастаған. Сол кезеңдерде зерттеушілер батырдың туған жеріне барып, көнекөз қариялардан күйлерді, олардың шығу тарихын магнитофонға жазып алған.

Сондай мақалалардың бірі «Лениншіл жас» газетінің 1979 жылғы санында шыққан екен. Осы басылымда жарық көрген «Жігерлі күйлер» атты мақалада жазылған бір күйдің шығу тарихы берілген. Одан үзінді келтірсек, «Махамбет күйлері-нің көбі белгілі бір тарихи оқиға, нақты сюжет негізінде шығарылған. Сондай күйінің бірі – «Жайық асу». Бұл күй, домбырашының айтуынша, 1836-1837 жылдардағы ішкі хандықтағы көтеріліс жеңіліп, Исатай мен Махамбет 50-ге жуық жолдасымен Жайық өзенінен Кіші жүз аумағының шығысына өткен кездегі оқиғаларға арналған. Жайықтан өту оңай болмады.

Патша әскері Жайық бойын күндіз-түні қарауылдады. Оның үстіне өзеннен Нарынға қарай 30-35 шақырым жерге дейін жағалай биік төбелерге, қырларға тосқауыл (пикеттер), барлаушылар қойылды. Ішкі хандықтан келе жатқан адам алыстан көрініп, қолға түсетін. Ауа райы да бұзылып, қар жауып, қатты аяз, боран жиілеп кетті. Қуғыншылар мен жансыздар да көбейіп, көп жолдастар Исатайды қорғаймын деп қолға түсті. Міне, осы ауыр жағдайда Исатай, Махамбет шаруалардың көмегімен көзге түспей, Жайықтан көктей өтіп, артынан қуғын патша әскері мен Баймағамбетті тапқырлықпен адастырып кетті. Күй осы бір қилы кезеңге арналған». Бұл мақалада Махамбеттің «Шілтерлі терезе» күйінің де шығу тарихы туралы айтылады. 1829 жылы Махамбет Ішкі Орда шаруаларының толқуына қатысып, бір тапсырмамен Жайық өзенінен өтіп келе жатқанда патша әскерінің қолына түседі. Әскер оны Калмыков қамалының абақтысына қамайды екен. Күйде осы туралы айтылады. Сонымен бірге «Тарланым» күйі – өзінің тұлпарына арналса, «Жорық» күйі 1836-1837 жылдардағы шаруалар көтерілісіне шығарылған. Жалпы музыкатанушылар Махамбеттің күйлерін философия-лық күй, оның ішінде жорық күйлеріне жатқызады.

Махамбеттің күмбірлеген күйлері жалынды деп айтсақ артық айтқандық емес. Баяу, ырғақты басталатын «Қиыл қырғыны» күйінің өзі де орта тұсынан бастап өршеленіп өсіп, теңіздей төгіле түседі. Тіпті «Өкініш» күйі де мұңға салмайды, қайта жігер берердей рухты болып келеді.

Қорыта келгенде, Махамбет Өтемісұлының күйлері мен күйшілігін өскелең ұраққа терең таныту аса қажет. XIX ғасырдың бірінші жартысында күмбірлеген күйлерімен азаттықтың ұраншысы болған Махамбеттің мәңгілік күй мұрасын жас ұрпаққа жеткізе отырып, күйімен ой салып, халық санасын оятуға күш салған ерекше қасиетін бүгінгі буынның бойына дарыту, өмірі мен күйлерінің келбетін аша отырып, күйлері турасында түсінік беру, ерлікке, Отанды қастерлеуге шақыру басты борыш болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ахмедияров Қ. Шашақты найза, шалқар күй. Махамбет Өтемісұлы. Алматы. Өнер. 1982.
2. Арыстанова Ш.С. Досбағанбетова А.Т. Махамбеттің күй мәдениеті. Шымкент. 2004.
3. Сарай Ә. Исатай -Махамбет тарихы. Алматы., 1997. 165 б.
4. Махамбеттің күй мұрасы. //Жас Түркістан. №9. 2003.
5. М.Өтемісұлы. I том. Алматы. «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. 2003.

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН КҮЙЛЕРІ – РУХАНИЯТ ЖАҢҒЫРУЫ

Жумабекова Алтынай Алибиевна

Астана қаласы, Р.Қошқарбаев атындағы
№44 орта мектептің информатика пәні мұғалімі

Өтемісұлы Махамбет (1804-1846) – қазақтың әйгілі ақыны, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы. Туып өскен жері Ішкі Бөкей ордасының Бекетай деп аталатын өңірі. Бұл қазіргі Орал облысының Жәнібек ауданына қарайтын жер. Шежіре дерегі бойынша он екі ата Байұлының бір бұтағы Беріш ішінде Нәдір деген кісіден Мәлі (кейбір деректе Құлмәлі, Құлманияз деп айтылады) туады. Мәлінің қазақ әйелінен Өтеміс пен Шыбынтай, қалмақ әйелінен Қобылай туған. Өтемістен он ұл, Шыбынтайдан төрт ұл, Қобылайдан үш ұл туып, Мәлі ұлдың өзінен он жеті немере сүйген адам. Бұл әулет Тайсойған құмындағы іргелі ауылдардың бірі.

Махамбет өзінің барша болмыс қасиеттерімен көшпелілер арасындағы көсем тұлғалардың бірі. Ол өзі туып өскен өңірдің Қамбар батыр, Ер Тарғын, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиёмбет, Доспамбет сияқты біртуар тұлғалардың өлмес мұраларын көкірегіне тоқып өсті. Өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, қыр сырын жетік меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар адам болған. Орыс, татар, араб тілдерін тәуір меңгерген. Мұны ол жазған хаттардан айқын аңғаруға болады.

Махамбет Ресей отаршылдығының барша ауырлық тауқыметін көзімен көріп, оның барша зорлық-зомбылығын басынан өткеріп, ғұмыр кешкен адам. Сондықтан да 1836 жылы әбден шыдамы таусылған халық теңіздей толқып көтерілгенде, осынау тегеурінді дүмпудің дем берушісі Махамбет болды. Ол Исатай батырмен бірге арыстандай ақырып, азаттық туын қолдаса көтеріп шықты. Азаттық үшін күрес Махамбеттің бүкіл өмірінің мазмұнына айналды. Ұлттың азаттығы мен халықтың әлеуметтік теңдігін Махамбет жеріне жеткізе жырлаған әйгілі ақын. Ол поэзияда қандай дара болса, күй өнерінде де сондай дара.

Махамбет көшпелілер өркениетінің осынау жарық дүниемен шарқырап тұрып қоштасқан соңғы үні. Жауына қол тигізбейтін көшпелілердің қыл сағағын тағдыр тұзағы қылқындырған сәтте асау рухы Махамбет болып тұяқ серпігендей. Қазақты ұлт ретінде даралап, тарих сахнасына шығарған көшпелілер мәдениетінің буырқанып келіп, жартасты соққан ақжал толқыны Махамбет тәрізді. Шыны да сол. Егер, қазақ халқының рухани үрдісін кең аяда тарихи құбылыс ретінде елестетер болсақ, онда Қорқыттан Асанқайғыға дейін, Асанқайғыдан Махамбетке дейін, Махамбеттен Абайға дейін, Абайдан бүгінге дейін деп төрт кезеңге бөлуге болар еді. Махамбет заманы көшпелілер рухының айының батып, күнінің тұтылған кезі. Сондықтан да, көшпелілер мәдениетіндегі эпикалық синкреттілік Махамбет болмысымен түйінделеді.

Балаларға патриоттық рух беруде Махамбет өлеңдерінің тәрбиелік мәні

Махамбет—балалар әдебиетінің өкілі емес, бірақ өлеңдерінің бір сыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Ерлікті дәріптейтін шығармаларды көп оқу балалар психологиясына тән нәрсе. Олар мұндай шығармаларды өте тез түсінеді, тез қабылдайды. Балалар әрқашан патриоттық күш-қайрат беретін өздерін, өздерін жігерлендіре түсетін шығармалардың ішіндегі кейіпкерлерге үнемі еліктеп отырады. Мазмұны қызықты және оқушысын патриоттық идеяға баулитын шығармалар жастың үлкен, кішілігіне қарамай бәрәне бірдей қызмет етеді. Біз « баланың зейіні нашар, ақылы өткір емес деп ойлаймыз, жоқ, олай емес, баланың тек тәжірибесі ғана жоқ, ал ақылы өткір қиялы жүйрік екеніне сеніңіз. Үлкен кісілердің кез-келгеніне ұғындыра алмайтын алгебраның қиын есептерін он екі жасар бала оқып үйренеді ғой...»-деген Н.Г.Чернышевскийдің қорытынды пікірі әбден орынды.

Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Қызғыш құс» деген өлеңдері балалардың ойына қозғау салатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым шығармалар. Сонымен қатар балалардың жаттап алуына жеңіл, орамы күшті, әсерлі сөздер мен жанды теңеулер бар. Өлеңнің құрылыс өлшемі шағын, қысқалығы жағынан да балалар үшін ұтымды.

Махамбет өлеңдерінің балалар әдебиетіне жақын, ұғымға жеңіл тиетін тағы бір өзгешелігі—онда литерация мен ассонастардың жиі кездесуі деп бағалаймыз.

Өткені қайталанып айтылған сөз көңілге қандай қонымды болса, сөз басындағы жеке дыбыстардың қайталанып айтылуы да балаларға сондай әсер береді.

Мысалы:

Ереуіл атқа ер салмай

Егеулі найза қолға алмай

Еңку-еңку жер шалмай

Ерлердің ісі бітер ме?

Жас кезінен –ақ бір беткей боп өскен өр мінезді, әділет пен еркіндік дүниесіне талпынған Махамбет Жәңгір ханның өзінен де тайсалмай, оның жауыздық әрекеттерін халық алдында әшкерелеп береді. Ханның озбырлық ниеттерін бірде қасқырға, бірде қарашұбар жыланға, кейде айыр құйрық шаянға теңеп, оның қара ниетті типтік образын жасауы да балаларды таң-тамаша қалдырады. Болашақ жастарды, ол халық игілігіне айналуға тиісті екенін де айта білген . Қ.Жұмалиев бұл турасында; « Жұртшылықты күреске үндеу, келешектегі игілікке сендіру -- бәрі де халық көзқарасының аодан үміт күтіп, жақсылыққа жетем деп көзденіп тұрған кездерін аңғартады» -- дейді. Махамбет өлеңдерінің біздің қазіргі жастарға рух беретін және тарихи жағдайлармен таныстыратыны осында.

Махамбет өзінің үлкен, кішіге бірдей қызмет ететіні және өлеңінің балалар үшін басты қасиеті адам- өмірі туралы дұрыс ұғым беретіндігінде. Ақын өлеңдерінің балалар ұғымына жақын тағы бір пайдалы жағы — мұнда тарихи шындық, болған іс баяндалады.

Ақынның бүкіл өмірі мен ақындық қуаты түгелдей дерлік халық қамына жұмсалды. Махамбеттің алып жүрегі халыққа атой салған қоңыраудай күмбірлеп, тау құлатар тасқын толқынындай тулап, дамыл таппады. Кеудесін кернеп, халқының мұңы мен зарын толғады. Махамбет қалың көпшілік басындағы бақытсыздықты тек қана бір құдайдың ісі деп, сол тәңірдің ғана рақымын тілеп, тағдырға бас ұруға жүгіндірген қараңғылық торына қарсы болды. Ол езілген елдің өз күшіне сенімін молайтып, жарқын болашаққа көзін жеткізуге күш салды. Еңбекші басындағы барлық ауыртпалықтың түп тамыры хан-сұлтандардың таптық езгісінде екенін танытуды көздеді. Осындай ізгі ниет ақындық зор шабытқа ұштасып, халық жүрегіндегі қайғыны серпілтер, ел еңсесін көтерер жігерлі жыр туғызды. Махамбеттің көтеріліске дейінгі өмірі мен ақындық қызметі әлі жете зерттелмей келеді. Көпшілікке мәлімі тек оның өзі қатынасқан шаруалар көтерілісі кезінде, өмірінің соңғы жылдарында айтқан өлеңдері мен толғаулары ғана. Бұған қарап, ақын таланты тек көтеріліс кезінде немесе содан кейін туа қалды деген тұжырым жасауға болмайды. Махамбеттің де басқа ақындар сияқты қалыптасу, өсу кезеңдерін басынан кешкені даусыз. Ақынның ілгергі кезінде айтқан, жас жүректің сырын шерткен терең сезімді өлеңдерінің болғаны талассыз. Тек олар жинаусыз, ұмыт қалып келеді. Кейбір қарттардың айтуы бойынша Махамбет көтеріліске дейін де айтысқа түсіп жүріпті. Бір жиында ханның белгілі ақыны Байтоқты сөзден жығып, жеңіп кетіпті. Жиылған жұрт Махамбеттің тапқырлығы мен өткірлігіне таң-тамаша қалыпты. Бұл хабар көп кешікпей хан құлағына жетіпті. Содан кейін хан Махамбетті жиі шақыртып алып, сөз тартып, ақыл салып, өзінше баулымақ болыпты. Баласы Зұлқарнайынмен бірге ұстапты. Оған: мына балама ағалық ақылыңды үйрет, қасыңда бол деп тапсырма беріпті. Кейін, өзін мақтап өлең айтқызу ниетін де көздесе керек. Бірақ Махамбет ондай тұзаққа түспей, бойын ханнан аулақ салыпты деседі. 1925 жылы Халел Досмұхамедұлы жариялаған Исатай-Махамбет атты кітаптағы пікірлер бойынша, Махамбеттің өзі де жас кезінде Жәңгірдің нөкерінде болған екен. Исатай ханға қарсы бола бастағанда-ақ Исатайға еріп кеткен. Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы; өте қызулы адам екен... - делінген.

Махамбет өлеңдері баспа бетін кейін көрді. Кейбір өлеңдері ХХ ғасыр басында, Қазан төңкерісі алдында шыққан қазақ ақындарының жинақтарына енеді. 1908 жылы Қазанда басылып шыққан Мұрат ақынның Ғұмар қажыға айтқаны деген жинаққа Махамбеттің жүз жолдан астам екі толғауы енген. Бұл басылымдағы өлең Борайда-борай қар жауса деп басталады. Беріш батырының сұлтанға айтқаны деген атпен қазір бөлек басылып жүрген бірнеше өлеңі осы жинақта біріктіріліп беріледі.

МАХАМБЕТ ЖЫРЛАРЫ – ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНАМЫЗ

Зиябекова Еркеш Даукеновна

Абай облысы, Жарма ауданы,
Бірлік ауылы, «Бірлік орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Жарқын талант, ержүрек батыр, ісімен де сөзімен де кейінгі ұрпақты таң қалдырған, қазақ әдебиеті тарихынан ерекше орын алған жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлы. Ол- халықтың азаттығы үшін алысқан, теңдігі үшін алысқан жан. Рухы биік жырлары ақынның атадан туған аруақты ер екенін дәлелдей түседі.

Махамбет тағдыры әрі қиын да, әрі сұлу тағдыр. Жүзі лапылдаған, көз жанары өңменіңнен өтетін, сөйлесе сөзі өткір әрі ыстық, өн бойы өлең мен оттан өрілгендей, жаратылысы бөлек бейне елестейді. Батырлық даңқын ақындық қуаты арттырған, сол арқылы биік белеске көтерілген бекзат болмыс иесі.

Халқымыздың мәдени мұрасының рухани қазынасының ең асыл қазыналарымыздың бірі -Махамбет жырлары. Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының семсер жырлы батыры. Махамбет сөзі - саф алтындай салмақты да түсінікті.

Қолындағы қаруымен де, асау сезім, қайсар рухқа толы жырымен де Исатай бастаған көтерілістің ұраншысы болған ақын Махамбет жауынгер жыраулардың дәстүрін жаңа деңгейге қайта жаңғыртты.

Жауынгер ақын Махамбет шығармашылығына жыраулық дәстүрдің жалғастылығы тән болғанын толғау-арман жолдарынан да кездестіреміз:

Елбең-елбең жүгірген
Ебелек отқа семірген
Арғымақтан туған асылды
Баптап мінер күн қайда?

Махамбет – халықтық тілдің қаймағын қалқып ішкен, тума талант. Оның поэзиясына талдау жасар болсақ, ақын өз өлеңдерінде бұрынғы жыраулар дәстүрінде, кейінгі жазба стилінің оралымдарын да шебер қолдана білгенін көреміз.

Дулығалы бас кескен
Ту түбінен ту алған,
Жауды көріп қуанған
Мен Өтемістің баласы
Махамбет деген батырмын.

Махамбет өлеңдерінде авторлық көзқарас өте басым.

Махамбеттің ақындық қуаты, сөз жоқ, бізге жеткен жыраудың поэзия үлгілерімен түгесіліп, қамтылмайтын өзгеше жырдың өрісін шарпыған қуат. Махамбет – жыр құдіреті. Оның алмастай өлең сөзі сөз қадірін түсінген қазақ баласын қай заманда да өз тылсымына тартып, қайран қалдырумен келеді.

Махамбет поэзиясы – аса күрделі дүние. Ақынның өткен заман шындығын, белгілі бір ортаның мәдени, саяси, әлеуметтік сипатын, ұлттық болмысын, танымын әр алуан көркем образдар арқылы таныта білген. Махамбеттің

өмірінің өзі де өлең еді. Ақынның өлеңдерінің өзі оның рухани бостандық жолында күрескен жан дүниесін, ерлік істерін, жалғыздық бастан кешкендегі астан-кестен толқыған жан-дүниесін ашып береді. Ол қазақтың өзгеше ғұмыр кешкенін, ойланғанын, өз табиғаты мен өзіне тән әдет-ғұрпы, салт-санасы, тірлігі бар екенін ұқты.

Ақынды ұғу үшін оның өлеңдерін ғана емес, өлеңге бергісіз аңызға айналған ғұмырын да білу керек. Өмірі дастанға бергісіз, өршіл жан поэзиясы соны меңзейді.

Махамбет поэзиясының тілі де ділі де өзге. Өлең жолдарына төгілген төкпе сөз кестесі, келісті өрнек тауып таңдандырады:

Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен.
Атқанын қардай боратқан,
Көк шыбығын қанда ауыздан жалатқан,
Арыстан еді-ау Исатай !
Бұл пәнидің жүзінде,
Арыстан одан кім өткен?!

Ақындық көркем ой, қуатты идея, жаңа бейнелі болмысты туғызса, жыраулық дәстүр үлгісі тілге оралып, нақыл-мәтелдік мәтіндерді өлең өрнегіне зергерлік дәлдікпен құйғандай.

Махамбет өлең боп оралған, көрінген, сезінген эстетикалық объектіні өз көзімен көріп, жан-тәнімен сезініп қозғалған ойы мен көтерілген сезімдер сырын өзінше бейнелейді.

Махамбет өлеңдерін оқыған әрбір оқушының өлеңдерінен ақынның өмірлік ұстанымын айқындайтын, оны ержүрек батыр ретінде танытатын, тыңдаушының жүрегін тебіrentетін аса құдіретті көптеген сөз қолданыстарын кездестіре алады.

Ақынның «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін оқығанда көз алдыңызға күрескер ақын бейнесі, "Мен, мен, мен едім" өлеңін оқығанда ауыздығымен алысқан «ереуіл ат» үстінде «егеулі найза» ұстап, «Жайық үшін жандасып, Еділ үшін егесіп», «қара қазан, сары баланың қамы үшін» басын өлімге тіккен жаужүрек батыр бейнесі елес беретіні сөзсіз.

Бұл Махамбеттің батырлық тұлғасын танытатын, оның жүрегінен шыққан көркем сөздің құдіреті. Ақын өмірінің мазмұны болған - еркіндік, сол еркіндікке қол жеткізу үшін болатын күрес - соғыс, сол күрестің қозғаушы күші, шайқастың ұйытқысы – батыр, сол батыр сенер құдіретті күш - туған елі мен жұрты, поэзиясының негізгі арқау өзегі болып табылады. Махамбет тағдыры да, поэзиясы да қайталанбас тарихи тұлға. Оның әдебиет пен ел тарихындағы орны сондықтан да ерекше.

Ұлы мақсат жолында арыстанша арпалысқан ұлы егестің, жойқын көтерілістің ту ұстаушысы, ұйытқысы, батырлардың тұйғыны – Махамбеттің қахармандық болмысы, қантөгіс қырғындағы ерлігі оның бүкпесіз сөйлеуі, ағынан жарылуы оның ақындық қырын танытып отырады.

Ердің ері, сөз асылын таңдай-талғай білген ерен дарын өз тұлғасын ірілендіре түсу үшін ақындық ойларын еселеп, көркейтіп отырады.

Мен бір шарға ұстаған,
Қара балта едім.
Мен-ақсұңқар құстың сойы едім...
Мен- кескекті ердің сойы едім.
Мен-қара бұлтпын.

Ұлттық поэзия тарихында мұндай поэзиялық бейнелеулер Махамбеттің жыраулық – ақындық қолтаңбасына тән өзгеше құбылыстар. Қас шебер сөздің барлық қырларын, барша мағынасын, ішкі сырларын жарқыратып көрсеткен.

Қырағы болат бүркіт тәріздес Махамбет сұңқарша саңқылдап, жауын жорғадай жапырып, жеңіске жетіп жүрген шақтарын өлеңдері арқылы тамаша суреттеген. «Соғыс» өлеңі

Түніменен түйіндік
Таң атқанша тарандық
Таң ағарып атқан соң

Төңірекке қарандық деген жолдарды «Ер Тарғын», «Қобыланды» жырларымен салыстыра мысал келтіру керек.

Махамбет жыры- көтеріліс туы. Ақын шығармаларын көтеріліс кезеңдерімен байланыстыра өрбіту оқушылардың ақын өмірі мен шығармаларын тұтас бір дүние ретінде қабылдап, тануына көмектеседі.

Қорыта айтқанда, Махамбет шығармаларын оқытудың тиімді жолдарын пайдалану арқылы өткен әрбір сабақ ел үмітін алға апарар жас ұрпақтың бойында халқына, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін тудырып, Отан қорғауға деген ұмтылысын арттырар, патриотизмге тәрбиелер басты құрал болып табылады. Батыр бабалар аңсаған азаттыққа қол жеткізген бүгінгі дәуірде әр қазақ баласының бойынан қаруы мен жырын қатар қолданған Махамбеттің ерлік қасиеті, сөзге шешендігі, екі жүзділік пен опасыздыққа қарсы тұрған айбындылығы, табандылығы оның қайталанбас тарихи тұлға екенін айшықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2003 жыл
3. «Тарихи тұлғалар» кітабы
4. Ә.Кекілбаев «Шандоз»
5. Б.Аманшин «Махамбеттің тағдыры» романы

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Жакупова Меруерт Мұхтаровна

Абай облысы, Жарма ауданы,
Бірлік ауылы, «Бірлік орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен арыстан бабамыз Махамбет Өтемісұлының қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Рухы биік жырлары ақынның, атадан туған аруақты ер екенін дәлелдей түседі. Тарихшы ғалым Тілекқабыл Боранғалиұлы өзінің «Ғасырдан тәбәрік» атты еңбегінде: «Қазақ жырының ой-санасы - Абай, ар-намысы - Махамбет. Абайды ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктетен әлеуетпіз. Бірі-рухани ұстазымыз, бірі-рухты ұранымыз» деп, Махамбеттің өзгеше жан екенін сөз етті.

Махамбет – ғасырдан - ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға.

Махамбеттің жырлары – ерліктің, өрліктің гимні, қайсарлықтың символы.

Ерегескен дұшпанға қызыл сырлы жебедей қадалған Махамбет – жақсыларға еп, жамандарға көп, лапылдап тұрған өрт. Аңдамаған жалынана шарпылады. Жауырынан етін алса да жалынып, жалтақтауды білмес, қыңқ етпес табандылық ердің еріне бітеді. Халық қайғысын айтуға хан ұлынан қаймықпау да, «бас кесермін, жасырман» деп, қасқая қарап тұру кез келгеннің қолынан келе қояр ма екен?

Махамбет ел, халық жүрегінен мәңгілікке орын тапты. Оның жырлары елдің рухын көтеретін, ерлікке, елдікке бастайтын ұран іспетті. Сондықтан да болар халқымыз Махамбеттің есімін де, отты жырларын да қатты қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа рухани қазына ретінде аманаттап жеткізіп отырды.

Махамбеттің қай өлеңін алсақ та, оның негізгі лейтмотиві – жас ұрпақты ерлікке патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелеу. Махамбет өлеңдерінде ұрпақ тәрбиесіне қатысты тәрбиенің сан-алуан салалары атап айтқанда, адамгершілік-имандылық, сұлулық, ел жандылық, экологиялық тәрбие туралы жан-жақты сөз болады. Махамбет шығармаларының жастардың бойында жағымды адами қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыруда алатын орны ерекше.

Махамбет - туған жері үшін пайдалы күреске шақырған өршіл романтик ақын. Махамбет жырларының асыл арқауы – туған жердің туын көтеру, оны талауға түсірмеу, туған жер үшін бас тігіп, найзалы күреске шығу, келешек ұрпақтарды осыған шақыру.

Жауынгер - ақын күрестің жолы ауыр, оның қиындығы көп, сондықтан сары уайымға салынып, босқа дәрменсіз болма, әлсіздікке жол берме, мақсатқа сенімді бол деп елге қорған болатын ер азаматтардың психологиялық қасиеттерін сомдап көрсеткісі келеді:

Еңку - еңку жер шалмай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,

Ат үстінде күн кормей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлты түске ұрынбай
Темірқазық жастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!-

деген жолдармен ол елің үшін қандай қиыншылыққа болса да төзе білсең ғана (күндіз - түні жортуылда жүру, аштыққа, шөлгек, ұйқыға мойымау, қабак шытпау) нағыз шын мәніндегі ер азаматсың, - деп жастарды жастарды патриоттық сезімге баулиды.

Ақын өлеңдері жолдарын қалай пайдаланса да мол қазына. Жауынгер ақынның кез келген шығармасы, жас жеткіншектерді адамгершілік жақсы қасиеттерге баулып, жаман әдеттерден жирендіру құралы іспеттес. Мысалы:

Жауда қалса жолдасы,

Мақтанады несіне ер!- деп қиын - қыстау, тар кезеңдерде жолдасын жауға қалдырып, өз басының қамын ойлап жүрген қорқақ адамдардың ұнамсыз бейне қылығын аяусыз бетіне басып, айыптайды.

Жастар кімдерді үлгі тұтуы, кімдерден ақыл - кеңес, тәлім - тәрбие алуы қажет. Олар қайткенде сапалы азамат болып шығады дейтін сұрақтар да Махамбетті көп толғандырған. Ақын бұл жерде жастарға ең алдымен елдің дана қарияларын үлгі етуден айнымайды:

Кәрісі кімнің жоқ болса,

Жасы болар дуана, - деп қарт адамдар көпті көрген, өмірден алған тәжірибесі мол аталық сөздерін жастардың бойына дарытқысы келеді. Адамды тура жолға түсіруге, имандылыққа дәріптейді.

Ақын: «Мен едім» деген өлеңінде:

Бөз ағаштан биік мен едім,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан,
Ел құтқарар, ер едім

Жандаспай ақыры бір тынбан, — деп өршілдігін жырлап көрсетеді. Ақын өлеңінің тәрбиелік мәні ерекше халық санасын оята түседі.

Ақын өлеңдерінің тәлімдік-тағылымдық негіздері тереңде жатыр. Ақынның «Күн қайда?» деген өлеңінде:

Қарт бұғыдай билерден
Ақыл сұрар күн қайда?
Бізді тапқан ананың
Асыраған ананың,
Ризалықпен жайласып

Қолын алар күн қайда? – халықымыздың халықтық педагогика негіздерін алдымызға тартады.

Махамбеттің өлеңдерінің бастан аяғына дейін жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – жастарды елін, туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жаракты жауды тоқтатып» есі үшін құрбан болған елдің арманы жоқ, туған халқы, елі үшін кездескен қиыншылықты жеңе білуге жас ұрпақты үгіттеді. Махамбеттің:

Толарсақтан саз кешіп,

Тоқтамай тартып шығуға
Қас үлектен туған катепті
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,

Біздің бұйткен бұл іске, — деп аталатын өлең жолдарында жастарды қандай ма болмасын қиындықты жеңе білуге туып өскен Отанын елін сүйуге, елжандылыққа тәрбиелеуге жас ұрпақты үндеді:

Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңінде де ақынның еліне деген сүйіспеншілігі тамаша өрнектелген. Ақын психологиялық параллелизмді шебер қолдана отырып, қызғыш пен өз дағдырын салыстырады. Махамбет көл қорыға қызғыштай елі үшін отқа түседі:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айырылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Ел қорыған мен едім
Мен де айырылдым елімнен
Көл қорыған сен едің,
Сен де айырылдың көліңнен.

Махамбет өз туған халқының перзенті ретінде өз елінің болашағынан үлкен үміт күтті, елдің еркіндігін аңсады:

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім...

Махамбеттің бұл арманы бүгінде орындалды, іске асты. Бүгінде Қазақстан Республикасы – егеменді ел. Тәуелсіздік алған мерзімнің ішінде біршама жетістіктерге қол жетті. Қазақ тілінің мың оралымдығы, қасиетін ұғындыруда ақын жырлары – ұрпақ тәрбиесінде баға жетпес байлық. Махамбеттің Исатай бейнесін көркем сомдауы, халық кегінің жолында көтеріліске шақыру болашаққа, келер ұрпаққа деген нық сенімі жыр жолдарында өте көркем берілген. Ұрпақ бойында ұлттық рухты, өзіне деген сенімділікті, халқына деген құрметті қалыптастыруда Махамбет өлеңдерін түсіне отырып оқыту қажет.

Біздің парызымыз – осы тұлғаны ұрпаққа таныту, оның жырларын өшірмей мәңгілікке сіңіру Махамбет өлеңдері барша елдік, ерлік қуатымен, көркемдік құнарымен шетел тілдеріне аударылса, әлем халықтары сүйіп оқитын қымбат шығарма, қазақтың тілін, ерлігін танытатын асыл қазына болары анық. Осы баға жетпес асылымызды оқыта отырып, жас ұрпақтың өзін тани білу үн қосу. Жыр жолдарын ұрпақ тәрбиесінде орынды қолдану – ұстаз міндеті. Махамбет жырлары миллиондаған жас жүректерге ерлік рухын дарытып, үміт отын жағып, күш-қуат берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тілекқабыл Боранғалиұлы «Ғасырдан тәбәрік» атты еңбегі Астана

«Елорда» - 2004, 112 бет

2. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. Алматы: Атамұра, 2008. — 352 бет
3. «Тарихи тұлғалар» кітабы 2011 жылы Алматы қ. «Алматыкітап» баспасы

МАХАМБЕТ – ЖОРЫҚ ЖЫРЛАРЫНЫҢ АҚЫНЫ

Жусупова Мирамкул Муратхановна

Астана қаласы

63-мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

XIX ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ өлкесінің тарихында ірі қозғалыстар болғаны бізге мәлім. Сол үлкен көтерілістің бірі-Кіші жүзде болған Исатай-Махамбет қозғалысы. Бұл ханға, (Жәңгірге) қарсы және соның артында тұрған патша үкіметіне қарсы жасалған батырлардың ереуілі болды.

Ереуіл атқа ер салмай,

Егеулі найза қолға алмай.

Еңку-еңку жер шалмай,

Ерлердің ісі бітер ме? - демекші, ел басына күн туған қиын шақтарда қолына қалам мен қаруды қатар алып, жауға қарсы тұрған ер-азаматтар аз болмаған. Солардың бірі де бірегейі- Махамбет Өтемісұлы.

Нарынның топырағында өскен Махамбет өлеңдеріндегі басты идея, негізгі ұстаным-ұлттық рух. Ал, Махамбеттің өлеңдерінде көтерілген басты мәселе: ел, жер, туған елдің намысы.

Біз, Махамбет өлеңдерінен Асан қайғы мен Бұқар жыраудың, Қазтуған мен Шалкиіздің сарынын көреміз. Ақын ретінде Махамбеттің қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы да жетерлік еді. Оның: "Арғымаққа айдай таға тақтырса", "Күмісті мылтық қолға алып", "Арғымақтан туған қазанат", "Еңіреу ұлы емшек боз", "Мен тауда ойнаған қарт марал" жыр жолдарынан бұрын-соңды кездестірмеген теңеу, алмастыру, ауыстыру, мегзеу сынды әдеби тәсілдерді кеңінен қолданғанын көре аламыз.

"Айналайын Ақ Жайық,

Ат салмай өтер күн қайда?

Еңсесі биік боз орда

Еңкеймей кірер күн қайда?

Қара бұланның терісін

Етік қылар күн қайда?

Күдеріден бау тағып,

Сауыт киер күн қайда?

Күмбір-күмбір кісінетіп,

Күренді мінер күн қайда?

Толғамалы ақ мылтық

Толғап ұстар күн қайда?
Алты құлаш ақ найза
Ұсынып шаншар күн қайда?
Садақ толы сай кез оқ
Масағынан өткізіп,
Басын қолға жеткізіп,
Созып тартар күн қайда?"

Берілген өлең жолдарынан Махамбет толғауының Ақтамберді сарынына үндескен жолдарын байқауға болады.

Ақынның «Соғыс» өлеңінде адамдардың мұңы, қайғысы, сағынышы суреттеледі. Бұл өлеңнің басты арқауы-шындық. Поэзияның тәсілдерін өз заманында-ақ ұтымды пайдалана білген ақын шеберлігі кім-кімді болса да таң қалдырары сөзсіз. Ақын өз толғауларында аллитерация, ассонанс, синекдоха, эпостық баяндауды кеңінен қолданған. Ақын өлеңдерінің жанрлық ерекшелігі осында.

Махамбет өлеңі-қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ. Халық қамын ойлап, атқа мінген азаматқа халыққа бостандық әперу де оңайға түспеді. Бостандық жолында талай қиын кезеңдер мен тайғақ өткелдер, асулар бар. Ол қиындықтардан батыл адамдар ғана өте алады. Халық үшін жанын қиятын, өз пайдасынан халық тілегін артық қоятын Махамбет патша өкіметімен соғысқан кезде Исатайдың бейнесін былай сипаттайды:

Әскер жиып аттандық,
Бекетай еді тұрағым.
Айғайлап жауға тигенде
«Ағатай беріш!» ұраным.
Исатай - басшы, мен – қосшы
Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында.
Зығырданы қайнайды,
Астына мінген ақтабан
Ақ бөкендей ойнайды.
Қасына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды.

Махамбет- халықты патшалық, хандық өкіметке қарсы қарулы көтеріліске шақырған алғашқы қазақ ақыны. Оның бейнелі де жалынды толғаулары Шалкиіз, Сыпыра, Доспамбет, Қазтуған сияқты батыр жыраулардың үлгісінде шығарылған. «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» деген өлеңдерінде үстем тап өкілдерін бет-пердесін жыртып шенесе, «Мұнар күн» өлеңінде ел басындағы ауыртпалықты күйзеле, ашына айтты. Исатай - ақынның көп өлеңдерінің басты қаһарманы. «Тайманның ұлы Исатай», «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Тарланым», т.б. өлеңдерінде Исатайдың адамгершілігі, азаматтығы, батырлығы, қайсарлығы сипатталады.

Жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып елдікті сақтап қалуға шақырды. «Мұнар күн» жырында ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған аруақты ер» жырларында ақын алдағы күндеріне зор үмітпен қараса, «Біртіндеп садақ асынбай», «Арғымақ, сені сақтадым», «Арғымақтың баласы» шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры шынайы суреттелген.

Махамбеттің тамаша қасиетінің бірі-ол досына жанын қияды және досын өзінен артық көреді. Ал, Исатайдың ерлігін айтқанда, Махамбеттің сөздері нөсер жауындай ақтарылып, ақындық қиялы шарықтап, қанаттанып кетеді. Исатай-дың өліміне қайғырып, оны жоқтағанда Махамбеттің аузындағы сөзі жүрегінің қанындай саулайды.

Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы-теңдік пен бостандық, әділдік үшін күрес, отаршылдық жүйеге қарсылық. Оның толғауларында философиялық терең толғамдар мен пайымдаулар сабақтасып отырады.

Махамбет- ұлт азаттығы үшін күрескер тарихи тұлға ретінде біздің тәуелсіздігіміздің бастау көздерінің бірі ретінде саналады. Сондай-ақ қоғам қайраткерлігімен бірге, өзінің отты, жалынды өлеңдері арқылы бар өмірін туған халқының мұңын жоқтауға арнаған ардақты ақын.

3-секция **МЕН - МЕН ЕДІМ, МЕН ЕДІМ...**

МАХАМБЕТТІҢ КҮЙІ «ЖҰМЫР ҚЫЛЫШ»

Иманмусаева Алтыншаш Сағатаевна

Ақмола облысы, Аршалы ауданы,
«Жібек жолы» ауылы,
«Аршалы» балалар музыка мектебі
домбыра сыныбының мұғалімі

Қазақ рухының ұраншысы Махамбет Өтемісұлы (1803-1846 ж.ж) қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарайтын қазіргі Жәнібек ауданында, Нарын құмының Жасқұс жерінде дүниеге келген. Махамбет бір бойына шешендік, күйшілік, батырлық қасиет қатар қонған ерекше тарихи тұлға. Өлеңдеріндегі басты идея, негізгі ұстаным-азаттық сарын, ұлттық рух.

Қазіргі таңда Махамбет күйлері кеңінен танылып, көптеген домбырашылардың репертуарына негіз болып, музыкалық мектептердің оқу бағдарламасына енгізілген.. Бүгінде Махамбеттің жиырмаға жуық күйі бар.

Бұл мақалада «Жұмыр Қылыш» күйі туралы жазылған. Сырлы да, сұлу ғұмырды қоңыр әуенді тербеп оятар күй деп білген халқымыз үшін «Жұмыр Қылыштың» орны бөлек. Бұл күйі кімді де болса қайсарлыққа, жігерлікке жетелейтін, ұрпақтан ұрпаққа жеткен ұлы туынды. Азаттыққа талпынған мың

мұраттың тоғысқан тұсы осы күй. Тамырында күй қазақтың күйге деген құштарлығы артпаса, басылмақ емес.

Түйінді сөздер: аңыз әңгіме;күйдің күдіреті;Махамбеттің музыкалық шығармашылығы; тарихи мәдени мұра.

Махамбеттің «Жұмыр Қылыш» күйі жайлы қазіргі таңда әр түрлі пікір таластар бар. Бірі «Жұмыр Қылыш» бір ғана адамның есімі, Жұмыр жауға шапқанда қылышты сілтеуі басқалардан мүлдем бөлек болады екен. Осыны білген жау еш уақытта Жұмырға қарсы келмей, дәті шыдамаған дейді. Тағы бір қасиеті батырдың мойнынан қылыш түспеген, тіпті төсекте жатқанда да қылышын асынып жатқан. Аңыз әңгімелерінде осындай қасиеттерінің негізінде Жұмыр қылыш деп атап кеткен. Ал кейбір дерек көздерінде Жұмыр Қылыш Махамбеттің қарулас серіктері. Жұмырдың шын аты Садыр делінген. 1838 ж. Исатай өлгеннен кейін жалғыз қалған Махамбет ел аралап, қайтадан күш жинамақшы болады. Ханнан кегін алу үшін Жайық бойындағы Байбақты еліне барады. Ол жақта Жұмыр және Қылыш деген батырлармен кездесіп, жолдас болады. Үш батыр Байбақты еліндегі үлкен жиынға қатысады. Сол отырыста Баймағанбет Айшуақов Махамбетті ұстауға әрекет етеді. Жұмыр мен Қылыш Махамбетті арашалап, ұстатпай топтан шығарып аман алып кеткен көрінеді. Осылайша, Махамбет жанына ерген жігіттерге разы болып, «Жұмыр Қылыш» күйін шығарды.

Махамбеттің «Жұмыр Қылыш» күйі орындаушысын сынайтын күрделі шығарма. Қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, академик, әйгілі композитор, дирижер Ахмет Қуанұлы Жұбанов бұл күйді ең алғаш жазба алып қалған. Махамбеттің музыкалық шығармашылығы ертеден зерттеліп келеді. Күйлердің нотаға түсіруші, орындаушысы, жаңа ғасырға жеткізуші композитор, дирижер Қаршыға Ахмедьяров болады. Ал қазіргі таңда «Жұмыр Қылыш» күйін Айгүл Үлкенбаева, Нұркен Әшіров, Анар Мырзаханова және т.б.күйшілері орындайды. Бұл күйді домбыра, электр гитара және скрипкааспаптарын қолданып, «Ұлытау» тобы этно-рок стиліндегі эстрадалық нұсқауда да шығарды.

Махамбет күйлері ақынның болмысындай тік, жамбыға қадалған жебедей жылдам, қайсар сарынды болып келеді.«Жұмыр Қылыш» өте күрделі формадағы күйлердің бірі.Күйдің басты өзгешелігікіші саға соль нотасында құрылған. Ал үлкен саға барлық күйдегідей ля нотасынан бастап, ре нота арақашықтығында кеңінен дамытылған. Үш бөлімі, екі такт кіріспесі бар. Негізгі тақырып, күйдің бірінші бөлімінде кіріспеге қарағанда екпіні жүрдек.Домбыраның екінші, бесінші пернелерінің аралығында, екі ішекте алма кезек ауысып отырады. Осылай жоғары төмен жүретін негізгі тақырыптың мелодиялық толқыны батырлардың тұлғасын, қимылын суреттейді.

Махамбет батыр, қазақ поэзиясының образдарын түрлендіріп, әлеуметтік мотивтерді күшейтіп, қазақ поэзиясының тарихында азаматтық лириканың шығуына себепші болды. Лирикалық әндері мен поэмаларының жанрлары сан алуан: олардың ішінде сөз-үндеу немесе жауға үндеу, жоқтау, толғау, элегиялар бар.Шығармаларында адамдардың жанды диалогының барлық бояуларын

сақтайды. Сонымен қатар, аумалы-төкпелі кезеңдегі оқиғаларды шынайы түрде қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Махамбеттің музыкалық тілі эмоционалды-экспрессивті. Бұл күйлерге терең демократиялық сипат беретін қарапайым халықтың тілі. Түрлі поэтикалық құралдар мен табиғатты суреттеу халық композиторының ойын, сезімін, басынан кешкендерін эмоционалды түрде ашуға көмектесті. Нағыз суреткер ретінде шабыт пен мұңды, қуаныш пен азапты, сенім мен үміт үнін жүректен ойып шыққан.

Махамбет музыка саласында орасан зор мұра, өшпес із қалдырды. Ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлғаны жас ұрпаққа санасына сіңетіндей етіп ақындығын, батырлығын, күйшілігін айта отырып, тарихи-мәдени, табиғи құндылықтарын, олардың танымдық қызығушылығын оятуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмедияров. Қ. Махамбеттің күйлері. -Алматы:Дайк-Пресс, 2000.- 68 б.
2. Кенжалиев И. Махамбет. – Орал, 2003. – 201 б.
3. <https://egemen.kz/article/337389-kuy-anhyzy-makhambettinh-kuyi-zhumyry-qylysh-qalay-tudy>

МАХАМБЕТ МҰРАСЫ – РУХАНИЯТ ЖАҢҒЫРУЫ

Қабдуәлиев Айдар Мирамбекұлы

Арқалық қаласы

А.Құнанбаев атындағы

мектеп-гимназиясының

музыка пәні мұғалімі

Қай халықтың да қадір тұтары - өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры. Екеуі де тек халықтың ғана бойынан табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Екеуі де жұртын елдікке бастаса, қайсыбір жұмыр басты пенденің болсын өресі жетпес ерен ерлікке, кемел кісілікке бастары хақ. Екеуі де тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кемсіз пішер кемеңгер ақылдың көрінісі. Ал, осы екі қас қасиет бір адамның басына сыйып, бағына бітсе ше... Онда таңданатын не тұр! Тек батыр бас тігер көзсіз ерлікке алдымен ақынның дәті барып, қарымдас халқына жар салса, тек ақынның асқақ шабытына лайық нар тәуекелге тек батыр ғана бел буар болса, одан жарасымды, одан ғанибет не болушы еді! Сондықтан да, ол табиғаттан қалаған уақытында табыла бермейтін асылдай аса сирек кездесетін құбылыс.

Махамбет те сол асылдың, сол сиректің бірі. Ондай құбылыс тек қазақ түгілі барша адамзаттың ғұмырында да көп кездесе бермеген. Махамбет кәдімгі он екі жілік, бір мығым жұмыр басты пенденің ертегідегідей аңызға айналуының, тек ертегіде ғана кездесетін ғажайып ерлердің қайтадан шындыққа айналуының

таптырмас бір мысалы. Бұрын кез-келген қазақ жырын жатқа білетін ақын Махамбет, атының әрбір әрпі атой салып тұрғандай естілетін батыр Махамбет кейінгі жылдары табылған бұлтартпас дәйекті деректер көрсеткендей күйші де екен. Қапелімде, қай құлаққа да таңсық естілер бұл дерекке де таң қалатындай ештеңе жоқ сияқты. Батырдың найза ұстамауы миға қандай қонбаса, ақынның домбыра ұстамауы да сондай ақылға сыймайтын нәрсе. Бірақ, бұл екеуінде ақынды да, батырды да желпіндірер халық басындағы тасқын күш, топан ашу, толағай тағдыр болғанымен, кез-келген көк найзалы батырдың қызыл сөзге суырылып тұрған ділмәр шешеннің семсерін жарқылдатып қан майданға шыға бермесі қандай ақиқат болса, қолына домбыра ұстаған кез-келген ақынның сөзді қысып, сазды сөйлетер аруақты композитор бола бермейтіні де сондай ақиқат. Ал, Махамбеттің адам таң қалатын жері де, сол бола берместің бәрін болдырта білгендігінде ғой. Алдымен Махамбет болу қиын, ал Махамбет болғасын батыр болу да, күйші болу да оп-оңай сияктанып тұратындығы да осыдан шығар.

Сол бір туар Махамбеттің қайда салсақ та саф алтындай жарқылдап, ақ алмастай қиып түсіп, шыны майдай шыжғырынды шындықпен көкірегінді өртеп түсер күдіреті неде? Батыр болса кез келген тымақты шоқпар ұстаған сотқар заманда екіленген есер болмай, еңіреген ер болуының, ақын болса – бардың алдында байпақтап, жоқтың алдында шайқақтап шыға келер өзге әріптестеріндей мақтаушы болмай, жоқтаушы болуының сыры неде? Міне, гәп қайда жатыр? Махамбеттің Махамбет болуының себебі де осында ғой. Оның тұсындағы дүркіреген көп ақынның өзі де, сөзі де халық жадынан шыққанда, оның тұсындағы күркіреген көп батыр сазбауға біткен құба талды сайғақ қып жатып алып, бүгіндері топографтардың ғана қырағы көзіне ілігер белгісіз жер төмпекке айналған кезінде ақын Махамбеттің ащы айғайы әлі күнге дейін құлағыңда саңқылдап, батыр Махамбеттің тап көз алдында көлбеңдей шауып бара жатқандай әлі күнге дейін делебеңді қоздыруының себебі де, міне, осында, Махамбеттің кімнің сөзін сөйлеп, кімнің сойылын соға білгенде ғой. Істе де, сөзде де шынайылық пен шындықтан туады. Махамбет те өзінің батырлығын, ең алдымен, өз дәуірінің шындығына тура қарауға арнады да, өз ақындығын сол көзі көріп, көңіліне түйген шындықты еш қалтқысыз, еш бұлтақсыз айта білуге салды. Сөйтіп, мезгілмен бірге өлетін өтіріктің сөзін сөйлемей, халықпен бірге қимылдап, тарихты жасайтын ақиқаттың сөзін сөйледі. Сондықтан да Махамбет халықпен бірге жасап, бірге жаңғырығып келеді. Махамбеттің Махамбеттігі де сол шындық қуғандағында. Ол сөйлеген сөз бен ол істеген істің тарихи өміршен, руханиятылы боп келетіндігі де осыдан.

Махамбет ақын мен Махамбет батырдың осы қасиеттерін біз күйші Махамбеттен, композитор Махамбеттен де анық байқағандаймыз. Егер біз Махамбет тағдырын ел кегін жоқтаған кескекті ердің ереуіл ғұмыры деп танитын болсақ, оның жырларын сол ереуіл өмірдің поэтикалық шежіресі деп білеміз. Батырдың күйлері бізге сол асқақ ақын, асқаралы азаматтың жүрек соғысы мен жүрек тынысының үнмен жазылып қалған кардиограммасындай көп жайды аңғартып, көп нәрсені түсіндіріп тұр. Мұнда да Махамбеттің сол

таныс даусы, таныс шабыты, Махамбет жүрегінің сол таныс дүрсілі. «Исатайдың Ақтабаны-ай» баяғы ереуіл атқа ер салғандардың дегені болып, тастары өрге домалап тұрған қайран дәурендерін жарқылдатып көз алдына тосса, «Шілтерлі терезе» сол өктем көңіл, өр жүректің торға түскен торғайдай бұлқынған, бірақ қиянатшыл тағдырға көнбей тайталасқан арпалыс халынан зар төккендей. Онда да тауы шағылып, таусылған мүскіннің мүсәпір жылап-сықтауы емес, намысына қыл бұрау түсіп, бұлқынған арыстың арпалысып буырқанғаны естіледі. Біз осы хал, осы әуенді Махамбеттің «Өкініш» атты күйінен де жақсы аңғарамыз. Онда қалт жіберіп, қапы соққан кісінің ызасы тепсінгенімен, «мұны неге істедім» деп өкінген өксік жоқ. Күйдің әуен бітімі оның Исатайдан айырылып, көтерілістің дағдарысқа ұшыраған тұсында туғанын аңғартқан. Бірақ сондай жер жарылып, аспан шытынаған кездегі күйші жүрегі неткен сабырлы, күйші зары неткен мәнді, неткен ұстамды! Махамбет күйінің бір бояудан ғана тұрмайтынын қапысыз таныта алатын шығармалар санатына «Жұмыр, Қылыш» пен «Қайран Нарынды» жатқызуға болады. Орындаушылар «Жұмыр, Қылышты» Исатайдан айырылып, жалғыз жортқан Махамбетті Баймағамбет сұлтанның қанды қақпанынан құтқарып қалған байбақты батырлары Жұмыр мен Қылышқа арналған деседі. Осылай болуы ғажап емес. Күйде шалт қимылды батырлыққа лайық аршынды ырғақ, адуын серпін бар. Ол күмбіррлей төгілген қоңыр сазбен ара жігі білінбей әдемі жымдасқан. Ал, «Қайран Нарын» Махамбеттің ақындық жолының басты арнасына айналдырған туған ел, туған елдің мүддесі мен мерейі жолындағы кескесті ұрыс тақырыбына арналған. Күйден «ah» ұрған зар, қайнаған ыза, езілген мұң, серпілген арман, ашылған күндей шуақты қиял қатар білінеді. Одан Махамбеттей кемеңгер азамат, кемел жанның басында бола берер тоқсан толғақ, сексен серпін, сергелдең сезімдердің кең тынысы табылады. Нарынның шағыл бұйраттарындай жонданып, бұратыла бүктеліп, кейде сүр бесіннің көк сағымына көкірегінен малынып тұрған Қараойдың қатқылындай көсіліп қоя берер шежіре күйлер азаматтық қарым, батырлық қайрат, ақындық шабыттың неден туып отырғанынан хабар бергендей. «Батыр болмақ адам-ды», - деп Махамбет өзі айтқандай, аламанды артыңа ертер ер болу да, қарымдас халқың аузына қарар ақын болу да, заманыңның батпан жүгін қара нардай қайыспай көтерер ұлы болу да, ең алдымен, сол ел қамына, оның болашағына теңселе тебіренген терең ойлы азамат болу екен.

Махамбет - көшпелілер өркениетінің осынау жарық дүниемен шырқырап қоштасқан соңғы үні. Жалына қол тигізбейтін көшпелілердің қыл сағағын тарих тұзағы қылғындырған сәтте асау рухы Махамбет болып тұяқ серіпкендей. Қазақты ұлт ретінде даралап, тарих сахнасына шығарған көшпелілер мәдениетінің буырқанып келіп жартасты соққан ақжал толқыны Махамбет сияқты. Шыны да сол. Егер, қазақ халқының рухани үрдісін кең аяда тарихи құбылыс ретінде елестетер болсақ, онда Қорқыттан Асанқайғыға дейін, Асанқайғыдан Махамбетке дейін, Махамбеттен Абайға дейін, Абайдан бүгінге дейін деп төрт кезеңге бөлуге болар еді.

Қапыда дұшпанның қақпанын басып, Қиыл өзенінің бойында Исатай бастаған есіл ерлер қырғынға ұшырағанда “Өкініш”, “Қиылдағы қырғын”

күйлерін азынатқан... Міне, осылай жалғаса береді. Себепсіз домбыраға қол созу жоқ. Күйді көңіл көтеру үшін емес, көкейдегісін жеткізу үшін тартатынын Махамбеттің өзі де жасырмайды. “Домбыра тартсам келер күй” дейді.

Махамбет қатардағы көп күйшінің бірі емес. Ол даланың қатал талабын қапысыз орындап, сарабдал сынынан сүрінбей өткен соң ғана домбыраға білек артқан. Бұған Махамбеттің “Ақжелең” күйі айғақ. Себебі “Алпыс екі тармақты Ақжелеңнің өрісін ұзартып, өресін биіктеу санаулы ғана саңлақтардың пешенесіне жазылған. Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын таптатқан, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Махамбет ұлттық тұлға оның батырлығын ақындығын күйшілігін азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп дәріптеу керек. Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың рухына басымызды иіп, еліміз үшін күрескені үшін елімізді одан әрі көркейту керек. Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем.
2. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті.-2003
3. Елеукенов Ш.Замандас парасаты. Алматы.

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН КҮЙЛЕРІ

Бейсенғали Балауса Бейсенғалиқызы

Ыбырай алтынсарин атындағы

BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің

музыка пәні мұғалімі

Аннотация. Бұл мақала ақын, күйші, композитор Махамбет Өтемісұлының шығармашылығы, нақтырақ келсек өлеңдері мен күйлері жайында айтылады. Өлеңдеріне арқау болған негізгі мәселе ұлт-азаттық идеялар мен Исатай бейнесі және күйлерінің жинақталу жолында жүргізілген жұмыстар мен бірқатар күйлерінің шығу тарихы жайында ой қозғалады. Түйінді сөздер: композитор, ұлт-азаттық идеялар, шығармашылық.

Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «Мұнар күн» жырында ол ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «Біртіндеп садақ асынбай», «Арғымақ, сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Азамат ердің баласы»,

«Қара нар керек біздің бұл іске», «Еменнің түбі - сары бал», «Жалған дүние», «Еріскедей ер болса», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. «Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында» дейді ол отты жырларында. Махамбеттің лирикалық өлеңдері, көбіне, толғау, жыр, терме үлгісінде жазылды. Әсіресе Исатайға арнаған өлеңдерінде жоқтау сарыны басым. Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы Исатай батыр. «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды. Оның «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» арнаған 106 өлеңдері патшаның жергілікті билеуші өкілдері - хан-сұлтандарға қарсы жазылған, олардың бет пердесін ашатын жырлар болды [1].

Махамбет барлық қасиетті бойына дарыған тұлға. Ол әрі батыр, әрі ақын, әрі күйші. Оның 11 күйі 1982 жылы «Шашақты найза, шалқар күй» деген атпен жарық көрді. Күні бүгінге дейін Ұлытау этно-ансамблінің орындауында Махамбеттің «Жұмыр-Қылыш» күйі әлемге танымал. Махамбеттің «Қайран Нарын», «Терезе», «Өкініш» күйлері халыққа кең танымал.

Бүгінде Махамбеттің 20-ға жуық күйі белгілі. Алайда концерттер мен жиындарда әдетте «Жұмыр-Қылыш» пен «Өкініш» күйлері тартылып жатады. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының бас ғылыми қызметкері Күнқожа Қайрулла Махамбет күйлерінің жинақталуы жөнінде былай дейді:

– Махамбет ақын бүгінгі қазаққа батыр, жорық жырауы, күйші ретінде мәлім. Оның күйлерін Батыс Қазақстан аймақтарындағы қарт күйшілер жеткізіп кеткен. Махамбеттің күйлерін 1889 жылы туған Оразғали күйшіден 1963 жылғы экспедиция кезінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының ғылыми қызметкерлері магнит таспасына жазып алады. Сол кезде жетпіс төрт жастағы қарт күйші фольклорлық экспедиция мүшелеріне көптеген күйлер орындап берген [2].

Бүгінде Махамбеттің «Қайран Нарын», «Жауға шапқан», «Қиыл қырғыны», «Жайық асу», «Жорық күйі» сынды күйлері де белгілі. Махамбеттің күйлерін жеткізуде ерекше атап өтетін өнерпаздың бірі – Оразғали Сүйінбеков.

Енді О.Сүйінбеков орындап берген күйлері туралы айтар болсақ, олардың авторлық аясы өте кең. Күйші «Теңдік» (ән-күй), «Өткен күн қайта келмес», «Еңбек табысы», «Ғылым шыңына», Құрманғазының «Қуаныш», «Бекер келдім» күйлері, өз әкесі Сүйінбектің «Ақтұйғын» күйі, Боғданың «Өтті-кетті» күйі, «Кербез Ақжелең», «Айдананың Ақжелеңі», «Бозтөбе», «Есбайдың екінтіде ел іздегені», «Тіріжанның інісі Қаналыны сағынғанда тартқан күйі», «Боғданың Қара жаяуы», «Тойлы қуаныш», «Комсомол сыйлығы», «Жігер», «Алтын ту», «Сәуле», «Иіс» (ән-күй), «Ақмаңдайдың үнді әні» сияқты жалпы саны жиырма бес күй жеткізді. Сонымен қатар ол «Сәуірдің сары торғайы» атты өз күйін де орындап, жаздырған. Осы жиырма бес күйдің ішінде Махамбеттің «Жұмыр-Қылыш», «Қайран Нарын» деген екі күйі бар.

О.Сүйінбековтен алынған бұл күйлер Махамбеттің күйші-композитор екенін танытты [3].

Бүгінде Махамбеттің күйлері халқымызға біршама таныс. Ал «Жұмыр-Қылыш» күйін тұңғыш рет орындап, халыққа танытқан Қазақстанның халық әртісі Қаршыға Ахмедияров (1946-2010) болды. Оразғали ақсақал жеткізген күйлерден өзге Махамбеттің басқа да күйлері ел арасынан кейінірек табылды. Ол күйлерді Махамбет ақынның ғұмыр кешкен аймақтарына жеке экспедициямен барған фольклоршылар, орындаушылар тауып, жинақтады [4].

Махамбеттің күйлерінің шығу тарихы жөніндегі материалдар баспасөзде 1959 жылдан көріне бастады. Сол кезеңдерде зерттеушілер батырдың туған жеріне барып, көнекөз қариялардан күйлерді, олардың шығу тарихын магнитофонға жазып алған. Сондай мақалалардың бірі «Лениншіл жас» газетінің 1979 жылғы нөмірінде бар. «Жігерлі күйлер» атты мақалада жазылған бір күйдің шығу тарихынан үзінді берелік:

«Махамбет күйлерінің көбі белгілі бір тарихи оқиға, нақты сюжет негізінде шығарылған. Сондай күйінің бірі – «Жайық асу». Бұл күй, домбырашының айтуынша, 1836-1837 жылдардағы ішкі хандықтағы көтеріліс жеңіліп, Исатай мен Махамбет 50-ге жуық жолдасымен Жайық өзенінен Кіші жүз аумағының шығысына өткен кездегі оқиғаларға арналған. Жайықтан өту оңай болмады. Патша әскері Жайық бойын күндіз-түні қарауылдады. Оның үстіне өзеннен Нарынға қарай 30-35 шақырым жерге дейін жағалай биік төбелерге, қырларға тосқауыл (пикеттер), барлаушылар қойылды. Ішкі хандықтан келе жатқан адам алыстан көрініп, қолға түсетін. Ауа райы да бұзылып, қар жауып, қатты аяз, боран жиілеп кетті. Қуғыншылар мен жансыздар да көбейіп, көп жолдастар Исатайды қорғаймын деп қолға түсті. Міне, осы ауыр жағдайда Исатай, Махамбет шаруалардың көмегімен көзге түспей, Жайықтан көктей өтіп, артынан қуғын патша әскері мен Баймағамбетті тапқырлықпен адастырып кетті. Күй осы бір қилы кезеңге арналған [5].

1829 жылы Махамбет Ішкі Орда шаруаларының толқуына қатысып, бір тапсырмамен Жайық өзенінен өтіп келе жатқанда патша әскерінің қолына түседі. Әскер оны Қалмыков қамалының абақтысына қамайды. Күй осы туралы дейді. Сонымен бірге «Тарланым» күйі – өзінің тұлпарына, «Жорық» күйі 1836-1837 жылдардағы шаруалар көтерілісіне арнап шығарғаны жазылады. Жалпы музыкатанушылар Махамбеттің күйлерін философиялық күй, оның ішінде жорық күйлеріне жатқызады [6].

Жұмыр-Қылыш күйінің шығу тарихына көз жүгіртетін болсақ, 1838 жылы Исатай өлгеннен кейін жалғыз қалған Махамбет тағы да күш жинап, ханнан кегін алу үшін Жайық бойындағы Байбақты еліне барады. Байбақтының Жұмыр (шын аты Садыр) және Қылыш деген батырларымен кездесіп, жолдас болады. Махамбеттің «Жұмыр, Қылыш» күйі сол кезеңде шыққан. Осылай жасырын жүрген Махамбет, жанында Жұмыр мен Қылыш бар, Байбақты елінің бір ауылында төрелермен отырған Баймағанбет Айшуақовтың үстінен шығады. Міне осы жерде Махамбет пен Баймағанбет сұлтан бірінші рет кездеседі. Баймағамбет Махамбетті ұстауға әрекет жасайды. Ал Махамбеттің жанындағы Жұмыр, Қылыш батырлар Махамбетті арашалап, ұстатпай топтан шығарып

аман әкетеді. Осы оқиғаға байланысты Махамбет жанына ерген жігіттерге разы олып, «Жұмыр, Қылыш» атты күй шығарыпты [7].

Махамбеттің жырлары қандай өр, қандай мінезді болса, күйлері де сондай жалынды. Баяу, ырғақты басталатын «Қиыл қырғыны» күйінің өзі де орта тұсынан бастап өршеленіп, төгіле түседі. Тіпті «Өкініш» күйі де мұңға салмайды, қайта жігер берердей рухты. Махамбет күйлері дегенде Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» күйі еске түседі. Нұрғиса Тілендиев бірде өзі құрған «Отырар сазы» ансамблімен Атырауға барады. Сонда ансамбльді ертіп, Қараойға – Махамбет бабаның кесенесіне тартып кетіпті. Тақтайдай жол жоқ, қара жолдың қиындығына қарамай жетеді. Қараойға жеткен соң ансамблін құрып жібереді де, өзі мінбеде – «Махамбет» күйін тартқызады. Айдала. Көзге көрініп тұрған ауыл-ел жоқ. Тек қана батырдың кесенесі мен даланы жаңғыртқан «Махамбет». Оркестр күйді бітірген соң жинала сала кері қайтып кетеді [8]. Міне, Махамбет өмірі, Махамбет күйлері Нұрғиса Тілендиевтің осындай алапат күйді өмірге әкелуіне сеп болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асылан Тіленген, Күйші Махамбет, «Ақ желкен» журналы, №11, 2023
2. Әбдіғазизұлы Б. Махамбет жырының мәңгілік болмысы. Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы және қазақ әдебиеті мәселелері. Ғылыми жинақ. – Алматы: Абай атындағы Алматы университеті, 2003.
3. Күй аңызы: Махамбеттің күйі «Жұмыр, Қылыш» қалай туды? [Электронды ресурс]. – <https://egemen.kz/> - [Қаралған мерзімі 21.04.2024г.]
4. Күмісбаев Ө. Шығыс пен Батыстың ортасында Махамбет. Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы және қазақ әдебиеті мәселелері. Ғылыми жинақ. – Алматы: Абай атындағы Алматы университеті, 2003.
5. Махамбеттану (библиографиялық көрсеткіш) - Алматы : "Арыс" баспасы, 2003.
6. Махамбеттану (таңдамалы зерттеулер) - Алматы : "Арыс" баспасы, 2003.
7. Махамбет: Ерлік пен елдіктің өшпес рухы. Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау, 2002.
8. Өнердегі Махамбет бейнесі. (зерттеулер) - Алматы : "Арыс" баспасы, 2003.

МАХАМБЕТ КҮЙЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мырзагалиева Нурсая Абдикаримовна

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

А.Құнанбаев атындағы

мектеп гимназиясының

музыка пәні мұғалімі

Аңдатпа: Күй халқымыздың бай мұрасының бірі. Халық тарихын, тыныс-тіршілігін күй арқылы суреттеген, жеткізген тұлғалардың білі ол – Махамбет. Махамбет Өтемісұлының күйлері өте ерекше. Себебі оның тарихы сан қилы. Махамбет күйлерінде еліміздің тарихы, көрген қиыншылығы, батырлардың бет бейнесі, айқас, жауынгерлік, батырлық сипатталған. Сонымен қатар бұл күйдердің қазақ музыкасындағы ерекшеліктері де өте көп.

Махамбет Өтемісұлы (1804-1846) Қазақ халқының XIX ғасырдағы ең көрнекті ақындарының бірі Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарайтын Бекетай құмы деген жерде туып, 1846 жылы қазан айының ішінде жалынды ақын жау қолынан қапыда қаза табады. Махамбет жас шағында Жәңгір ханның қолында болады, бірақ туысынан өр мінез, өжет Махамбет хан сарайында әділетсіздік пен теңсіздіктің куәсі ролінде ұзақ тұра алмайды, көп кешікпей өзі шыққан халықтың арасына оралады[5].

Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Махамбет бабамыздың күйлерімен бізге жеткен, тайға таңба басқандай ақиқатты «Шашақты найза, шалқар күй» жинағында белгілі жазушы Ә.Кекілбаев: «Батырдың найза ұстамауы қалай басқа қонбаса, ақынның домбыра ұстамауы да ақылға сыймайтын нәрсе. Мынау жеті күй бізге сол асқақ ақын, асқаралы азаматтың жүрек соғысы мен жүрек тынысының үнімен жазылып қалған кардиограммасындай көп жайды аңғартып, көп нәрсені түсіндіріп тұр. Мұнда да Махамбеттің сол таныс дауысы, таныс шабыты, Махамбет жүрегінің таныс дүрсілі» - деп М.Ысмағұлов, Н.Көшекбаев, И.Кенжалиев тапқан күйлерге жоғары баға бере дәлелдеді. Жинақ және күй табақ шықаннан бері «Жұмыр-Қылыш», «Қайран, Нарын», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Шілтерлі терезе», «Өкініш», «Қиыл қырғыны», «Жайық асу» атты күйлері[4].

Махамбеттің күйлері бір деректерде 17, кейбір деректер 20-ның үстінде дейді. Махамбет күйлері таралуының кенжелеу қалуына қысқа да қилы өмірімен қатар оның шығармашылығын ашықтан-ашық ешкім орындай алмаған, тыйым салынған, қорқытып, үркітіп баққан, күйлерінің атын өзгертіп орындаған.

Махамбеттің күйшілік өнерін халыққа жария етуде көп еңбек сіңірген қазақтың Әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің ұстазы, үлкен зерттеуші ғалым Нәумет Көшекбаев. Ол – бала кезінен әкесі Қарестен күйшілікті мұра еткен, 1937 жылы 15 жасында Орал қаласында өткен өнерпаздар көрмесінде атақты Дина, Хауен күйшілер алдынан бата алған, Қанаш Иманбаевты Қазақ

радиосына алып келіп, Махамбет күйлерін жаздырады. Хабарды сол жылдары радиода қызмет еткен белгілі зерттеуші, жураналист Қойшығұл Жылқышиев жүргізген. Хабарға Қ.Иманбаевпен бірге күйші Қ.Ахмедияров, әнші Қ.Дүйсемалиевтер қатысады. Осы кездесу қақында Қ.Жылқышиевтың «Махамбеттің мұрагері», Н.Жүнісбаевтың «Махамбеттің күйі» мақалалары жарық көрді[1].

Күй дегеніміз қолдан қолға, құлақтан құлаққа көшіп жеткен жәдігер. Әр үйренушінің қабілеті әр түрлі, қол қимылы әр басқа, жүрек сезімі, көкірек көзі, өскен ортасы тағысын тағы тізе беруге болады.

Сондықтан Махамбет шығармашылығының тақырыптық сипаты – оның тарихи күрес жолы. Бостандық, жер тұтастығы, атамекен, арнау, тұлғалау, үстем тапқа тұралата тойтарыс беру. Осындай еңселі, терең де тегеурінді тақырыптарда күй тасқынның кемерінен асуы, оның өміршеңдігі, күйшінің айтар оймен алған бағытына байланысты болса, күй мазмұнындағы тақырып пен идеяның ашылуы оның сюжетіне байланысты. Махамбет сюжеті қым-қуыт ұрыс даласындағы шайқас, тартыстың шиеленісуі, тойтарыстар мен тосылулар. Күйді образды өрнектеуде – баһадүр батыр Исатайдың ерлігі, жауынгерлігі, егеулі найза – егескен ер, еркіндік, асқақ арман, өкініш сезімдерін сілемдеп сөйлете сомдайды. Жақсыны жайнатып, ханның қарін құртып, байдың бәсіресін, берекесін қашырып бейнелейді. Өлең-жырларының бір сөзі зіл батпан зеңбірек оғындай болса, осы қасиетті жыр-толғау сазына, күй әуезіне де бере білген. Махамбет күйлері тегеурінді, мазмұны мәнерлі, кесек, шоқтығы биік туындылар. Махамбет күйлерінің ырғақ жүйесі жинақы, шашау шығып босаңситын тұсы жоқ. Жайбарақат, жайсаң басып, саусақ суытып, шуақтауға оның уақыты да, күй тақырыбы да, межеге алған оқиғасы да көтермейді.

Бұл азаттықтың ақ таңын аңсаған күрес жолы. Ал, екпіні өрекіген өршіл, дамыл таппай алға ұмтылады. Назалы – «Өкініш», «Тарланым», «Арысымнан айырылдым» күйлерінің өзінде де әуездегі ішкі күрсіністі шымыр қағыс, қарқынды екпінмен көмкеріп, күйге жасымайтын жігер, қаймықпайтын қаһарлы болмыс сомдаған. Ездік, боркемік боздауық әуезден, солғын саздан алшақ дүниелер. Бұл сорға біткен сорандай бозандықтан құтқарып тұрған тағы бір құдірет – қағыс жүйесі. Қағыстары өте күрделі – күңіріне көскен күйдің де, кескінді кесек көсем күйдің де, лықып тола тасыған толғау күйдің де кілтін ашады.

Осындай ұлы үрдістер Махамбеттен кейінгі халық күйшілеріне бағаналы бағыт болды. Махамбет күйлеріндегі әуез, әрі, Дәулеткерей, Құрманғазы, Абыл, Дина т.б. композиторлар шығармаларында қылаң береді, күй күймесінің ізі бар, күй сұрлеуінің сызы бар. Бұл пікірді музыка мамандары дәлелдеген.

Махамбет бабамыздың қолымыздағы ақиқаты айдай анық 11 күйі сап алтындай баға жетпес мол қазына. Біз Махамбетті алдымен жаужүрек батыр, ақберен ақын деп білеміз. Оның ақындық мұрасын негізінен жорық жылдарында жазған өлеңдері, бұл мұра халқымыздың өлеңді айтылған жерде тез жаттап қалатын дара қасиетінің арқасында ұрпақтан ұрпаққа жалғасты. Махамбет өр ақын ғана емес, күйші де болған. Оған бәрінен бұрын күй-мұрасы, «Әй, Шонты би» деп аталатын өлең жолдары да бұлтартпас дәлел бола алады.

«Әй, Шонты би, Шонты би,
Домбыра тартсам келер күй...» деген өлең жолдары оның күй шығаратынын айғақтап тұр. Ал мына өлең жолдарына құлақ түріп қараңызшы.

«Домбыра тартып жырласам,
Жақыслар маған қылар сый». Демек ол өзінің мақамымен, сазымен жыр айтқан, не ән айтқан. Бұл да бір Махамбет ақын талантының түгел жетпеген жұмбақ жағы десек қателесе қоймаспыз[2]

Махамбет күйлерінің халқына қайта оралуының тарихы да ерекше. Өткен ғасырдың елуінші жылдардың аяғында Махамбет күйлері табылғанда Махамбетті батыр әрі ақын ретінде білетін көпшілік талант жалқы болмаса керек деп елең ете түссе, іштерінде оған тосырқай қарағандар да болды. Өйткені, күйшілік өнері ақындығындай емес, кезінде тасада қалып қойды. Оның өзіндік объективтік себептері болды. Біріншіден, көтеріліс жеңіліс тапқан соң патша өкіметі және хан, сұлтандар тарапынан оған қатысы барларды қудалау, яғни репрессия жасау орын алды. Оған Махамбеттің «көзінен тізіп жіберді-ау, Орынбор деген қалаға-ай» деген өлең жолдары дәлел, демек оның күйлерін тұстастары Боғда, Арыстан тәрізді жұрт алдында батылы жетіпорындайтын домбырашылар сирек болды. Екіншіден, өзі қуғындалып жүргенде шығарған күйлерін шәкірттеріне дұрыстап үйретер мұршасы да болмады, тартқан күйлерін естіген жерде құмай құлақ домбырашылар ғана іліп алып қалды. Үшіншіден әу бастан күйшілік мектеп қалыптасқан, туып-өскен ортасы қасиетті Нарыннан қол үзуі. Төртіншіден, оның күйлерін революцияға дейін заман ағымына орай атын өзгертіп не басқа автордың күйі деп тартудың орын алуы. Міне, осы жәйттердің байыбына бармай, Махамбет күйлері ел ішінен алғаш табылған кезде «ол күйші ме еді?» деген сұрақтар туындағаны сөзсіз еді. Бұл өткен ғасырдың сонау отызыншы жылдарының ішінде атақты музыка зерттеушісі Б.Г.Ерзаковичтің Махамбет мақамдарын тапқанын да, Ахмет Жұбановтың Махамбет күйшілігі туралы айтқанын да, 1958 жылы Алматыға келген күйші Оразғали Сүйінбековтің Махамбет күйлерін орындауында да, тарих ғылымының кандидаты Н.Көшекбаев пен белгілі өнер зерттеушісі М.Ысмағұловтың ел арасындағы домбырашылардан ұнтаспаға жазып алған мұрасын да елемеушілік болатын, әйтпесе Махамбеттің тарих қойнауынан табылған күйшілік мұрасы кезінде ұнтаспаға жазыла ұзақ жылдар бойы шаң басқан мұрағатта сақталып жатар ма еді[3].

Музыкалық тұрғыдан Махамбеттің күйлері әлі зерттеле қойған жоқ. Сондықтан да оын жан-жақты зерттеу жұмыстары қолға алынуы керек. Ең алдымен бұл бағыттағы зерттеу күйдің барлық нұсқаларын салыстыра отырып жүргізілуі қажет, яғни ол ырғақ, қағыс, интонациялық құрылыс, жанрлық және стильдік ерекшеліктері тұрғысынан зерделенуіне міндетті. Махамбеттің қолда бар күйлеріне зер салып қарасақ, олардың орындалуындағы техникалық қиындықты байқау қиын емес, бірқатар күйлеріндегі терме нақыштарының кездесуі оның жырымен байланысты екендігін аңғартады. Сонымен бірге күйлерінде қазіргі музыканың әсері байқалады. Мұның өзі бір-бірін толықтырып, күйдің толыққанды болуына әсерін тигізеді. Ұстаз ретінде қазақтың күй мұрасының түрлілігін оқушыларға ұғындыруымыз керек.

Махамбет күйлерін оқыту арқылы оқушыларды елін,жерін сүюге бағыттай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жамағат Темірғалиев. Қазақ оркестрін аспаптандыру (оқу құралы). Алматы: «Әуен», 2010.
2. Исатай Кенжәлиев. Махамбеттің күйлері. Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2006.
3. Махамбет Өтемісұлы. Шашақты найза шалқар күй. Күйлерді нотаға түсіріп, жинақты құрастырған Қаршымбай Ахмедияров. Алматы: «Өнер», 1982
4. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2021
5. Шапағатов.С.Б “Махамбет шығармашылығы”/Алматы 2020/мақала

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мұханбетжан Әйгерім Әлібиқызы

Астана қаласы

«Тәттімбет» атындағы

№1 өнер мектебі МКҚК,

прима-қобыз сыныбының оқытушысы

Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы, Ішкі Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданының Нарын құмының Жасқұс деген жерінде дүниеге келді, 1846 жылы 20 қазан, Қараой өңірі, қазіргі Атырау облысының Индер ауданында дүниеден өтті) — қазақтың әйгілі жырауы, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі, және сол көтерілістің жалынды жыршысы. Оның қазақ хандығының соңғы жырауы деп айтуға болады.

Ақынның шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесін көрсетеді. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «Мұнар күн» жырында ол ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты.

Мұнар да мұнар, мұнар күн,

Бұлттан шыққан шұбар күн,

Буыршын мұзға тайған күн,

Бура атанға шөккен күн,- деген ақынның осы өлеңің еске түсірсек өлеңінің басында халықтың жағдайын ауыр бұлыңғыр бұлт басқан аспанға теңеп отыр. Осылайша Исатайдың өлімін жеткізіп, енді не болатыны бұлыңғыр деп мұнар күнге теңеген.

«Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, келешекке зор сеніммен қарады. «Біртіндеп садақ

асынбай», «Арғымақ, сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Азамат ердің баласы», «Қара нар керек біздің бұл іске», «Еменнің түбі - сары бал», «Жалған дүние», «Еріскедей ер болса», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. Махамбет ақының өлеңдерінде басты қаһарманы Исатай батыр. «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, батылдық, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды. Оның «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» арнаған өлеңдері патшаның жергілікті билеуші өкілдері хан-сұлтандарға қарсы жазылған, олардың бет пердесін ашатын, шындыққа ой салатын жырлар болды.

Махамбеттің өлеңдеріндегі басты идея, азаттық, ұлттық рух ұстанымы. Махамбет өлеңдерін кәзіргі әдебиет теориясымен талдап қарайтын болсақ, азаматтық лириканың сарынын байқаймыз. Ел қиыншылығы мен жер дауы мәселелерінің шешімін де осы өлеңдерден табамыз. Өз заманындағы халықтың басына төнген қиындығына көз жұма қарай алмаған, ер рухты батырдың өлеңдерінде әділдік үшін күрес, намыс пен ерліктен тұрады. Сонымен қатар, жыраулар поэзиясынан қалған ұшқынды да Махамбет өлеңдерінен көре аламыз. Махамбет өлеңдері Қазтуған мен Шалкиіз сарынының жалғасы тәрізді, Асан мен Бұқардың да мотивтерін де кездестіре аламыз. Ақын Махамбеттің өлең құрылымына, қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы жетерлік. "Арғымаққа айдай таға қақтырса", "Күмісті мылтық қолға алып", "Арғымақтан туған қазанат", "Еңіреу ұлы емшек боз", "Мен тауда ойнаған қарт марал" жыр жолдарынан бұрын-соңды кездестірмеген теңеу, алмастыру тәрізді әдеби тәсілдерді кеңінен қолданғанын көре аламыз.

Махамбет өлеңдері оқиганың көрінісін шебер ұста сияқты суреттеуімен де ерекше орын алады. Соғыстың бейнесін сол ортаға тап болғандай етіп, ерекше көңіл-күймен сезіндіре білу де – Махамбеттің басты шеберлігі. Ақынның өлең жолдарында кездесетін қазақы иірімдер және пайдаланылған теңеулер үлгісі бүгінгі таңда қазақ тілі қорында көнерген сөздердің қаншалықты көп екенін дәлелдеп отыр. Оның жазған өлеңдері азаматтық лирикаға қарағанда саяси үгіттік лирикаға ұқсайды. Қазақ ауыз әдебиетінде Махамбет өлеңдерінің айырмашылығының бірі лириканың ерекшелігін әр өлеңде әр түрлі жолмен көрсетеді. Бір өлеңінде арнау арқылы берсе, келесі өлеңі зарлай арнау арқылы жазылған. "Жалғыздық" немесе "Қайда бар" өлеңдерін оқитын болсақ риторикалық сұрау немесе "Тарланым", "Мұңайма" өлеңдерін оқу арқылы философиялық байламдарды оңай аңғара аламыз.

Кәзіргі таңда оқушының бойына батылдық, шыңшылдық, еліне деген махаббат, жанашырлық, жігерлік, зеректік, іздемпаздық, т.б. осы сияқты қасиеттерді сіңіру үшін бізге Махамбет атамыздың өлеңдерін тәрбие сабақтарына қосуға болады. Жас ұрпақтың жүрегіне өлеңді заманауи жанрларға сала отырып, сан түрлі мәнерде тыңдатуға болады. Тәрбие тал бесіктен ата-анадан басталады, алайда отбасы жеткілікті бере алмай жатқан тәрбиені мұғалім өзінің зеректігімен, ақылымен, парасатымен оқушыға үлгі көрсетіп,

бағдар бере алады. Балаға жалпы өлең жолдарын дұрысынан қазіргі тілмен жеткізіп, оқушыға ең алдымен тәрбиенің маңыздылығын айту. Тәртіппен тәрбие бар жерде біліммен болашақ бар. Көкірегі ояу жастарды тәрбиелеу ол әр адамның парызы. Елім деп өткен батыр бабамыздың, батыр ұрпақтары әр қашанда ақылымен білімі ұштасқан ел болады деп сенемін.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ЖАЛЫНДЫ КҮЙЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ҰРПАҚҚА БЕРЕР ТАҒЫЛЫМЫ

Дарменшеев Ержан Амандыкович
Қарағанды облысы, Теміртау қаласы
№2 Балалар музыка мектебі КМҚК,
домбыра сыныбының оқытушысы

Домбыра мұнша шешен болдың неге,
Күй толған көкірегің шежіре ме?
Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің,
Саусағым тиіп кетсе ішегіңе.

Қасым Аманжолов

Домбыра - қазақ халық аспаптарының ішіндегі ең елеулісі. Өнші, жыршыларға қостаушы болып халықтың мұңын, қуанышын суреттейтін, ата-бабамыздың тарихын жырлайтын, ұрпақтан-ұрпаққа халық мұрасын жалғап келе жатқан аспап - домбыра. Дана халқымыздың бесік жырлары мен әсем әні, күмбірлеген күй өнері тал бесіктен насихатталып, қазіргі күнге дейін өміршең болып келеді. Халық күйшілері қасиетті домбыра арқылы өз заманының бейнесін, халықтың тұрмыс-тіршілігін, арманын, мұңын, күресін, қуанышын қазақ даласындағы сұлу табиғат құбылыстарын суреттейтін лирикалық, романтикалық, эпикалық, философиялық күйлерімен көрсете білді. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен әр кезде байланыста болатын күй өнері дәуір өткен сайын өркендеп, қанатын жайып келе жатыр. Халқымыздың қайталанбас асыл қазынасы болып есептелетін күйлер мындап саналады. Бұрынғы кезде күйді жазба дәстүріне түсірмей, қолдан-қолға үйреніп оны хаттамаса да, бүгінгі күнге дейін сырын жоғалтпай, қайта әрлене түсіп, ата-бабадан келешек ұрпаққа мұра болып келеді. Музыка өнерінің әсіресе күй өнерінің өміршең болуы, қазақ музыкасының зерттеушісі, композитор, дирижер, академик А.Қ.Жұбановтың қазақ музыкасының ғылыми түрде қомақты үлесі мен ерен еңбегі себеп болды.[2]

Өзекті мәселе ақын, батыр, күйші Махамбет Өтемісұлының күйлері мен жыр дастандары. Кез-келген өлең жырларында жалынды рухтың, қайсар мінездің, адам баласының тәні мен жанының азат екенін, еркіндіктің құны асқақ екені – күй жырларында тамаша бейнеленген. Батырдың қару мен қаламы жанына серік еткен домбырасымен күйлеріде тағылымы мол өлең-жырлары да қазіргі күнге бізге азық. Бәрімізге белгілі тарих тоғысында, Махамбеттің кез-келген

күйлері ырғағы жағынан жалынды, оттай ыстық жүрдек орындалады. Күйлердің құрылымдық жағынан алып қарасаңыз, бас буынынан басталып, орта буынды орындап, кіші сағаның орындалуын ойнап, үлкен сағамен қорытындыланады. Күйдің тарихы болмаса, күйдің мазмұнын, негізгі тақырыбын, орындаушылық әсемдігін жеткізу қиын жұмыс іспеттес. Кез-келген күйші қауымға белгілі күйшінің оң қолындағы қағысы ол күйдің негізгі тілі. Осы орайда, Махамбеттің күйлерінің барлығы жаугершілік заманда дүниеге келген туындылар болғандықтан, мінез жағынан ауыр, салмақты орындаушылық байқалады. Махамбеттің шоқтығы биік күйлері «Қиыл Қырғыны», «Жұмыр Қылыш», «Қайран нарын», «Жауға шапқан», «Исатайдың ақтабаны-ай», «Шілтелі терезе», «Жорық күйі» атына заты сай күйлердің атауының өзінде үлкен мән-мағына жатқаны көрінеді.[3]

Мәселен, «Қиыл Қырғыны» күйінің шығу тарихы 1838 жылы Исатай мен Махамбеттің Орынбор губернаторы, полковник Гекке бастаған, оған барып қосылған Баймағамбет сұлтанның әскерімен шайқасы сипатталады.

«Жұмыр Қылыш» күйінің де шығу тарихы тамыры терең, 1838 жылы Исатай өлгеннен соң, жалғыз қалған Махамбет тағы да күш жинап, ханнан кегін алу үшін Жайық бойындағы Байбақты еліне барады. Байбақты елінің Жұмыр шын аты (Садыр) және Қылыш деген батырларымен кездесіп, жолдас болады. Махамбеттің Жұмыр Қылыш күйі сол кезеңде дүниеге келеді. Осылай жасырын жүрген Махамбетпен жанында жүрген Жұмыр және Қылыш деген жігіттермен Байбақты елінің бір ауылында төрелермен отырған Баймағанбет Айшуақовтың үстінен шығады. Осы кездесуде Баймағанбет Махамбетпен кездесіп, оны ұстауға әрекет жасайды. Махамбеттің жанындағы Жұмыр, Қылыш батырлар Махамбетті арашалап, ұстатпай топтан шығарып аман әкетеді. Осы оқиғаға байланысты Махамбет жанына ерген жігіттерге риза болып, «Жұмыр, Қылыш» күйін шығарыпты.[4]

Рухы асқақ батыр бабамыздың күйлері ұрандатылып, шалқып төгіліп ойнау арқылы, жалынды от ауызды орақ тілді ержігіттің бейнесімен шынайы кейіп бейнелейді. Ата бабамыздың ақ білектің күші мен ақ найзаның ұшымен қиын қыстау заманды бастан өткеріп, келер ұрпаққа мол мұра қалдыра отырып, тәлім тәрбие, салт-дәстүр, мәдениет, әдет-ғұрыпымыздың қаймағы бұзылмай көркем әдеби түріменде, халық күйлері мен халық әндері арқылы сақтап қалғаны үлкен олжа. Қазіргі жас буын жеткіншектеріміздің өнер білімге құштарлығы күн санап артып келеді, осы сәтте халық күйлерін орындаушы, халық әндерін нақышына келтіре орындайтын аға буын өкілдерінің шеберліктері мен жеткізу мәнері орасан зор еңбек. Қазіргі заман талабына сай, ән-күйлердің түп-нұсқасы мемлекеттің алтын қорында сақталып, түрлі әлеуметтік желілер арқылы, музыкалық чарттардың көмегімен аудио және видео нұсқаларына қарай, тындай отыра дәстүрлі ән, күй орындаушылық өнерін кеңінен насхатталатыны сөзсіз. Қазіргі білім беру үрдісінде, негізгі, орта білім ордасы мен қосымша білім беру ұйымдарының сабақ берудегі сабақтастығы орасан зор, оған дәлел 5-6 сынып оқушы буындарын алып қарасақ, 5-6 сынып орта және негізгі білім алу ұйымдарында оқушылардың бағдарламалық қоржындарында, дәстүрлі ән, дәстүрлі күй өнері жайлы

ақпарат бар. Ал енді сол білімді алған оқушы қосымша білім беру ұйымына келіп, дәстүрлі ән дәстүрлі күй өнеріне қызығушылықпен ынта жігермен халық күйлері мен әндерінің тамыр тарихын тереңінен зерделей алады. Осы тұста, Қазақ елінің күйшілік мектептері мен әншілік мектептерінің айырмашылығын біліп танып өскен ұрпақ өз өнерінің құрметті бағалаушысы болары анық. Махамбет Өтемісұлының жалынды жырлары мен ырғағы құрылымдық жағынан бай күйлері, өскелең ұрпаққа күш-жігер, өзіне деген сенімділікті, қайсар мінез бен табандылықты насихат етеді.

Махамбет бабамыздың күй жырлары ырғақты, жалынды болып келеді, еңселі жас буынның күш-қайратын жігерін ояту мақсатында Махамбет бабамыздың өмірбаяны мен шығармашылығы кеңінен насихатталып таралуы жемісті жұмыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасым Аманжолов «Домбыра »
2. Ахмет Жұбанов «Ғасырлар пернесі» «Жазушы» баспасы Алматы 1975
3. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия.—Алматы:«Арыс» баспасы, 2002 ж
4. <https://egemen.kz/article/337389-kuy-anhyzy-makhambettinh-kuyi-zhumyry-qylysh-qalay-tudy>

МУЗЫКА САБАҒЫ ЖӘНЕ МАХАМБЕТ БЕЙНЕСІ

Таукелова Динара Алимбековна
Қостанай облысы, Арқалық қаласы,
А.Байтұрсынұлы атындағы бастауыш
гимназиясының музыка пәні мұғалімі

Мақсаты:

Махамбет бейнесі арқылы оқушылардың патриоттық, рухани құндылықтарын арттыру

Міндеті:

- Ақын өлеңдері арқылы бейнесін таныту
 - Тыңдаушылық, орындаушылық қабілетін ,музыкалық сауаттылығын дамыту
 - Қазақ музыкасын құрметтейтін, халқымыздың асыл мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін білімді азамат тәрбиелеу
- М. ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ЕЛ АРАСЫНДА ТАНЫЛЫП, ТАРИХҚА ЕНУІ**
- Халықтың азаттығын көкसेген күрескерлігі
 - Отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті ұйымдастырушысы
 - Үнемі өз жасақтарының алдында жүруі
 - Ел бастаған батырлығы
 - Бала кезінен мұсылманша білім алғандығы
 - Даналығымен даңққа бөленушілігімен енді

- Өр рухты ақындығы
 - Күйші композитор
- Ақпараттық технологияларды пайдалану
- Интерактивтік тақтамен жұмыс
 - Мультимедиалық көрініс
 - Техникалық құралдар

«Үнтаспа» әдісі

- Ү – үндесу
- Н- нота сауаттылығы
- Т – тыңдалым
- А – айтылым
- С – сурет салу
- П – пайымдау
- А – аспапта ойнау

«Үнтаспа» әдісі

- ✓ Музыка сабағында
- ✓ Домбыра үйірмесінде
- ✓ Сыныптан тыс іс-шараларда

Тақырыбы: Жалынды ақын – күйшілер

Оқыту мақсаттары:

3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтау және салыстыру

3.1.1.2 - музыкалық шығармаларды интонация, әуен арқылы танып ажырату

Сабақ мақсаты:

Тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтайды және салыстырады

музыкалық шығармаларды интонация, әуен арқылы танып ажыратады.

Ү - Күй тартамыз күмбірлі

Ән айтамыз көңілді

Би билейміз ырғақты

Біз бастаймыз сабақты



А - Өз ойларын, сезімдерін, алған әсерлерін айту

С - Шығарма бойынша сурет салу

П - Шығарма бойынша салған суретін пайымдау (ойын дәлелдеу)

А - Аспапта ойнау

Махамбет бейнесі : ақындық, батырлық, күйшілік, өр мінезді, даналық, елжандылық

Домбыра үйірмесінде – Осы әдіс тәсілімді домбыра үйірмесінде де қолданамын. Сонымен қатар республикалық ұлттық домбыра күні

қарсаңында , біздің қаламызда кең көлемде іс-шаралар өткізілуде. Бұл іс-шарада қала және ауыл мектептері арасынан 2000 домбырашылар қатысады. Сол 2000 домбырашылардың қатарында менің шәкірттерімнен 50 –оқушы қатысады. Бұл іс-шараға халық күйлері, жерлес сазгер-күйшілеріміздің және т.б күйлер үйретілуде..

Сыныптан тыс іс-шаралар

«Үнтаспа» әдіс-тәсіл арқылы сыныптан тыс іс-шараларда да қолданамын. Онда Махамбеттің жас ұрпақтарына арналған «Ұлы дала ұрпағы» атты патриоттық ән байқауы өткізіліп оқушылар мадақтамалармен Махамбет бейнесі бейнеленген медальдармен марапатталды.

Қортыныдылай келе Әр заманның өзіне лайық, өзгеден ойы озық, өресі биік дара тұлғаларының болатындығы бізге тарихтан белгілі..Соның ішінде бүгінгі өткізіліп отырған семинарымыздың тақырыбындағы Махамбеттің сан қырлы жағынан танылып жатқаны бәрімізге мәлім.Ендеше Махамбет жырлары халқымыздың рухани қазынасының баға жетпес байлығы болып саналады. Махамбет шығармалары өскелең ұрпақты өз Отанын, туған жеріне деген сүйіспеншілікке, азаттыққа тәрбиелеуде үлкен роль атқарып келеді Мен осылайша музыка сабағымда Махамбеттің күйшілік дарындылығын өз шәкірттеріме жеткізе отырып, патриоттық сезімдерін оқушы бойына дарыту басты мақсатым..

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қадыр Жүсіп .Махамбеттану мәселелері .Алматы.Асем-систем
2. Майтанов Б.Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті – 2003-12.09.
3. Елеукенов Ш. Замандас парасаты.Алматы
4. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Токжанов Т., Махамбетова Ж. Музыка 3 – сынып, Алматы «Атамұра» 2018

МАХАМБЕТ КҮЙЛЕРІНЕ ШОЛУ

Аслан Төлеу Аманкелдіұлы

Қарағанды облысы, Теміртау қаласы,
№2 Балалар музыка мектебі КМҚК,
Дәстүрлі ән сыныбының оқытушысы

Андатпа: Мақалада, Махамбет Өтемісұлының қазақ музыкалық мәдениетін дамытуға қосқан үлесі, әсіресе қазақ күйі, аспаптық музыканың дәстүрлі түрі қарастырылады. Оның музыкалық дарындылығынан басқа, өлеңдері ұлттық бірегейлік пен туған жерге деген сүйіспеншілікті бейнелейтін дарынды ақын ретінде де көрінгені атап өтіледі. Осылайша, Махамбет Өтемісұлы біздің алдымызда мұрасы өнер саласында да, патриоттық қызметте де ұрпақты шабыттандыратын әмбебеп тұлға ретінде көрінеді.



Кілт сөздер: күй, Махамбет, батыр, ақын, мәдениет. Махамбет Өтемісұлы (1803-1846) – қазақ халық музыкасының көрнекті композиторы және күйші орындаушы, оның шығармашылығы Қазақ елінің музыкалық мәдениетінің дамуына айтарлықтай әсер етті. Махамбет Өтемісұлының аспаптық музыканың дәстүрлі түрі – қазақ күй өнеріне қосқан үлесі музыкатанушылар үшін де, мәдениеттанушылар үшін де қызығушылық тудыратын тақырыптардың бірі. Ол дарынды композитор, оның күйлері терең мағынасымен, жоғары көркемдік деңгейімен ерекшеленеді және ұлттық музыкалық мәдениеттің жарқын үлгісі болып табылады. Махамбет Өтемісұлы – өзінің музыкадағы керемет шеберлігімен қатар өзін дарынды ақын және батыр ретінде көрсетті. Осы мақала аясында тоқталып кетпеуге мүмкін емес. Оның жан-жақты дарындылығы мен өнер мен мәдениетке деген жан-жақты қызығушылығы оның шығармашылығына қосымша тереңдік пен байлық әкелді. Махамбет Өтемісұлы өз өлеңдерінде ұлттық болмысты, туған жерге деген сүйіспеншілікті, халқына деген мақтаныш сезімін білдірді. Оның поэтикалық шығармаларында қазақ мәдениеті мен салт-дәстүріне тән терең сезімдер мен ойлар бейнеленген. Белгілі әдебиеттанушы Зәки Ахметов өзінің «Махамбет – қазақ поэзиясының классигі» атты мақаласында «Махамбет Өтемісұлы қазақ поэзиясының классигі. Ол даналық пен керемет дарындылықтан қуат алған ақындық өнерімен де, жанқиярлық күреске толы өмірімен де елдің рухын асқақтата көтерген алып тұлға» [1, 3], – деп айтып кеткен екен. Ал, батыр ретінде Махамбет тарихта да өз ізін қалдырды. Бізге белгілі «Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің» маңызы зор¹¹. Олардың жетістіктері мен жеңістері туралы тарихшы ғалымдардың айтқаны жөн болар.

Махамбеттің шығармашылық жағына оралатын болсақ, ол өз күйлерінде ұлттық мотивтерге, аңыздар мен эпостарға жиі жүгініп, музыка арқылы терең эмоциялар мен ұлттық рухты жеткізді. Оның күйлерінде өзіндік орындау стилімен және тән әуенді шешімдерімен ерекшеленеді, бұл оларды танымал және есте қаларлық етеді. Махамбеттің қазіргі таңда бізге белгілі 11 күйі бар. Олардың ішінде, «Жұмыр, Қылыш», «Қайран, Нарын», «Өкініш», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Жауға шапқан», «Жайық асу», «Шілтерлі терезе», «Қиыл қырғыны» т.с.с., танымал күйлерін білеміз. Бұл күйлерді белгілі домбырашы, күйші Қаршыға Ахмедияров орындап, нотаға түсірген болатын. К.Сахарбаева «Күй – Қаршыға» атты мақаласында «Осыншама күйшілердің орындаған күйлерінің үн таспаға емес, он саусағымен айна қатесіз домбыра пернесіне халықтың аузымен, Ақаң сөзімен айтсақ сіргелеп қондырған Қаршыға Ахмедиярұлы өз замандастарының ішінде орындаушылық шеберлік биігін дара құшып жүрген дәулескер күйші. Көпшілік домбырашыларда кездесетін репертуарлық кемшіндік, болмаса шығысты шығындырып, батысқа батылы

жетпеу, арқаны ардақтай ойнап, оңтүстігі олқы түсіп жататын бір жақтылық жат. Репертуарындағы барлық аймақтың күйін нәшіне келтіріп орындайды. Сол күйдің мазмұны мен аймағын, композитордың ойын, саусақ аралық, қағыстық ерекшеліктерімен орындағанда: “Сол тарландардың құдды өздері келіп қалғандай әсер аласыз” деп күй әуезіне елтіген қауымның ризашылық сөзін естіп те жүрміз» [2, 8], – деген екен. Осы орайда, Махамбеттің танымал күйіне тоқталып кетсек, өйткені Қ.Ахмедияров бұл күйді халыққа жеткізген болатын. Бізге белгілі Махамбеттің «Жұмыр, Қылыш» күйінің шығу тарихын барлығымызда білеміз, және де қазіргі таңда «Ұлытау» тобының орындауында әйгілі трек бар. Күй «Ұлытау» тобының электро аспаптардың және де скрипканың орындауында өзінің түпнұсқасынан алшақтайды ма? Әлде жігерлілігін жоғалтпайды ма? Заман дамығанмен де электро домбыраны қабылдау әлі күнге дейін даулы мәселе болып қалады. Бірақ, біздің ойымызша олар бұл күйді ерекше мақтанышпен ұсынады, дәстүрлі музыкалық тақырыптар мен атмосфераны ерекше орындауымен жеткізеді. Бұл күй «Ұлытаудың» концерттік фишкасы ретінде де қарастыруға болады.

Қорытындылай келе, күй өнері, Қазақстан мәдениетінің, сондай-ақ Орталық Азияның басқа да түркі халықтарының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл өнер арқылы халықтың салт-дәстүрінің байлығы мен тереңдігін, тарихы мен руханиятын домбыра үні мен күйлер арқылы жеткізеді. Махамбет Өтемісұлы осы күй өнерінде өз ізін қалдырды, оның дамуы мен танымал болуына маңызды үлес қосты. Оның еңбектері болашақ ұрпақ үшін оның бірегейлігі мен байлығын сақтай отырып, Қазақ музыка мәдениетін шабыттандырады және дәріптейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Махамбет – қазақ поэзиясының классигі // Университет. – 2002. – №1. – Б.1-3.
2. Сахарбаева К. Күй – Қаршыға, Табыну. Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – Б.5-20.

МАХАМБЕТТІҢ МОНОЛОГЫ

Каримова Айнагүл Әділбекқызы

Астана қаласы

№73 мектеп-лицейінің

музыка пәні мұғалімі

Махамбет Өтемісұлы — қазақ халқының азаттығы, теңдігі жолында, ақ найзасымен, азаткер асқақ жырымен, қасық қаны қалғанша күрескен, тіпті сол жолда құрбан болған әрі батыр, әрі, ақын, әрі күйші. Дауылпаз, ақын туралы тарихи, әдеби зерттеулер том-том болып жарық көрді, деректі фильмдер-де түсірілді. Ақиық ақын, ақберен батыр, күйші — сазгер Махамбет Өтемісұлы туралы ғылыми зерттеулер әлі-де жалғаса береді. Азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен арыстан бабамыз Махамбет Өтемісұлының қазақ

тарихынан алар орны ерекше. Рухы биік жырлары ақынның атадан туған аруақты ер екенін дәлелдей түскендей. Тарихшы ғалым Тілекқабыл Боранғалиұлы өзінің «Ғасырдан тәбәрік» атты еңбегінде: «Қазақ жырының ой-санасы-Абай, ар-намысы-Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктеген әлеуетпіз. Бірі-рухани ұстазымыз, бірі-рухты ұранымыз» деп, Махамбеттің өзгеше жан екенін сөз етті.

Махамбет-ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға.

Жасын жырдың шамшырағы сөнді деп,
Махамбетті айтпау керек өлді деп
Жүрегінде оты жанып намыстың
Жанарында арман жатты мөлдіреп....

Жас ұрпақтың санасында жаңғырып,
Жасын жырым тыңдағанды таң қылып.
Өсер ұлым, азат елім барында,
Ажал мені жеңе алмайды мәңгілік!

Жырымды оқып жай отынан жаралған,
Ізгі ұрпағы әр сөзінен нәр алған.
Қайсар елдің келбетіне сүйсініп,
Махамбетпін мәңгілікке оралған!

Уақыт-ұстаз, ала білсең дәрісін,
Сол арқылы тарихты жұрт танысын!
Күміс қыннан суырылған қылыштай.
Тот баспасын қайсар ұлдың намысын!

Ер мен езді ажыратып ісінен,
Тағдырымның уын ерте ішіп ем,
Ей, жас ұрпақ келсе бүгін тілдескің,
Ізде мені жырларымның ішінен!

Сұңқардай боп тұғырында түлеген,
Сатқындарды жырмен сынап, мінегем.
Отаршылдың өшірем деп ошағын,
Мен еліме азат өмір тілегем!

Құт-мекенге айналдырып қонысын,
Жоқ-жітікке соза алсам деп қол ұшын.
Өкінбеймін ерте кетсем өмірден,
Басымды да берген едім сол үшін!

Ешбір бөгет болмай шыңға өрлесен,

Біздер көрген сергелденді көрме, сен.
Жығылмасын қасиетті көк туың,
Сенің арқаң енді ешқашан өлмесем!

Ертеңіне алаңдайтын текті ұлдың,
Азат елім, болашаққа бет бұрдың.
Ақ Жайықтың ақыны едім, өзіңе,
Алты Алаштың ардағы боп кеп тұрмын!

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ

Акажанова Ардак Кажигельдиновна

Семей қаласы, Абай облысы,
№1 балалар музыка мектебі КМҚК,
домбыра сыныбының оқытушысы

«... Махамбет бұрынғы, соңғы
қазақ ақындарының ішіндегі ең бір
күштісі деп саналуға тиіс. Махамбет
жырлары өз заманындағы ең қанды, ең
әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз
арман талабы»

М.О.Әуезов

Махамбет Өтемісұлы (1803-1846) – Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің көсемі әрі жалынды жыршысы, халқының азаттығын көксеген күрескер, ел бастаған батыр, қазақтың өр рухты ақыны.

Махамбет балалар әдебиетінің өкілі болмаса да, кейбір өлеңдері балалар мен ересектерге ортақ мұраны құрайды. Ерлікті дәріптейтін шығармаларды көп оқу – бала психологиясының ерекше әсер етеді. Олар бұл нәрселерді тез түсінеді және еркін қабылдайды. Балалар шығармалардағы кейіпкерлерге еліктеу арқылы әрқашан патриоттық күш пен батылдықты бойларына сіңіреді. Қызықты мазмұнды шығармалар, оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін оятатын шығармалар — жас ерекшелікке қарамастан бір мақсатқа қызмет етеді. Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Адамның ісі бітер ме?», «Ыстық құс» т.б. Балалардың жүрегін елжіретіп, елге деген сүйіспеншілікті оятып, шындыққа, жақсылыққа баулимыз. Сондай-ақ ол балалардың есте сақтауы оңай және өлеңдердің мазмұнында айқын ұқсас, күшті, әсерлі сөздер бар. Қай Махамбет жырын тандасақ та, оның негізгі тақырыбы жас ұрпақты ерлікке, елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Сондықтан оның шығармаларында айтылған қағидалар педагогиканың бүгінгі күнгі проблемаларымен үйлеседі. Махамбет поэзиясында бала тәрбиесіне, әсіресе,

адамгершілікке, әсемдікке, ұлттық өміршендікке, экологиялық тәрбиеге байланысты түрлі тәрбиелік салалар туралы жан-жақты туындылары бар. Махамбет шығармаларының жастардың бойында адами жағымды қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыруда алар орны ерекше. Махамбет жырының басынан аяғына дейін жырланған негізгі тақырыбы – туған жерді қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жарақты жауды тоқтатып», Отан үшін жанын пид етіп, қарулыны бөгеуге тумен найза тіккен жас ұрпақтың бейнесі. Ел басына түскен қиыншылықты жеңе білуге жас ұрпақты үгіттеді. Біздің парызымыз – осы тұлғаны ұрпаққа таныту, оның жырларын өшірмей мәңгілікке сіңіру. Махамбет өлеңдері барша елдік, ерлік қуатымен, көркемдік құнарымен шетел тілдеріне аударылса, әлем халықтары сүйіп оқитын қымбат шығарма, қазақтың тілін, ерлігін танытатын асыл қазына болары анық. Осы баға жетпес асылымызды оқыта отырып, жас ұрпақтың өзін тани білуіне үн қосу. Жыр жолдарын ұрпақ тәрбиесінде орынды қолдану – ұстаз міндеті. Махамбет жырлары миллиондаған жас жүректерге ерлік рухын дарытып, үміт отын жағып, күшқуат берері сөзсіз. Жастар тәрбиесінде маңызы зор патриоттық, отансүйгіштік, рухты оятуға, олардың бойында қайсар мінезді қалыптастыруға, әділеттілікке, өзге де жаңашыл көзқарастардың дамуына қызмет етеді. Махамбет шығармашылығы – халық өмірінің рухани поэтикалық тарихы және шаруа қозғалысының адал бейнесі. Жырау ақындық өнерімен дүниені байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын насихаттап, елді құтқаруға шақырды. «Мұнар күн» әнінде ел басына түскен қиындықтарды ашық айтты. Ақын «Ұлы арман», «Жазым – жасыл жайлау», «Бабадан туған адал адам» атты өлеңдерінде болашаққа үмітпен, үлкен сеніммен қараған. «Ақырын иілме», «Арғымақтың ұлы», «Ол үшін қара нар керек», «Емен түбіндегі сары бұзау», «Қате дүние», «Адамға Ерлік», т.б. Оның шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, елінің тағдыры мен арманы терең, шынайы суреттелген. «Халық көшсе, хан таққа отыра алмайды» дейді ол өзінің отты жырында. Ақын поэмасының басты кейіпкері Исатай Тайманұлы. Олардың қатарында «Исатай деген ағам бар», «Исатайдың сөзі», «Арғымақ атылды» және «Таланым». Оның өлеңдерінде Исатай батырдың шығармашылық тұлғасы, адамгершілігі, қайсарлығы мен шығармашылығы жан-жақты суреттеледі. Ақын дәстүрлі үлгілер негізінде поэзияның түрі мен мазмұнын байытып, дамытты. Лирика негізінен толғау, жыр, терме түрлерінде жазылды. Жоқтау оның Исатайға арналған поэзиясында басым. Шығармалары сатираның, элегия мен монологтың қалыптасуына, қазақ поэтикалық жанрларын ұстануға, стильдің даралануына, поэтикалық тіл құралдарының молайуына және философиялық тереңдіктің жасалуына ықпал етті. Халық мақалмәтелдеріне негізделген философиялық ой-өрісі, жігерлі батырлар поэзиясы, жауынгерлік рухты асқақ поэзиясы оның шығармашылығын биік деңгейге көтерді. Махамбет поэзиясы заман шындығын бейнелеп, бүлік айнасына айналып қана қоймай, ұлы рух пен болашаққа сенімнің қайталанбас үлгісін көрсетті. Бір қызығы, ақын өлеңдерінде орыс, араб, парсы сөздері жиі кездеседі, көлік тай тілінде жазылған. Жыраулар поэзиясының дәстүрін тамаша дамытып, қазақ поэзиясының сипатын жаңартты. Махамбет ақындығымен қатар, өнерпаз күйші

де болған. Оның 11 әні 1982 жылы «Шахақ ныза, шалқар күй» деген атпен жарық көрді. Ақын поэзиясының халық арасына таралуына С.Жарылғапұлы, Қуан, Қобыланды, Құбала, Лұқпан, Мұрат, Ығылмандар ақындар көп еңбек сіңірді. Алғаш рет 1908 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Мұрат Ақын Ғұмар қажы Оглина баяндады» атты жинақта 100-ден астам жолды қамтитын екі Махамбет шумақ бар. Махамбет тарихынан үзінділер Ғ.Мұштақтың редакторлығымен шығарылған «Шайыр немесе қазақ ақындарының негізгі шығармалары» жинағына енді. 1939 жылы Қ.Жұмалиев ақынның өлеңдер жинағын шығарды. 2003 жылы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО аясында кеңінен аталып өтіп, төрт томдық жинағы жарық көрді. Махамбет Өтемісұлының шығармалары тәрбиелік мәнін өлең жолдарынан-ақ байқауға болады. Олардың әсері түрлі факторларға байланысты: оның дамуы, оқыту әдістері, оқушылардың туындыларды қабылдауына байланысты. Бірақ, Махамбет Өтемісұлының іске асыруы бойынша басқа мәндері де қарастырылады, міндетті тілдік, этикалық, қоғамдық, және тәуелсіздік мәндері сМахамбет Өтемісұлының шығармаларының ішінде ең өзектісі Исатай Тайманұлы туралы шығарма – «Тарланым» атты туындысын талқылайық. Бұл өлеңде ұлтжандылық, патриоттық сезімдерін ояту, досқа адал, қамқор болуға тәрбиелеу дәріптеледі.

Қорытындылай келе, дауылпаз ақынның асқақ рухты отты жырлары ешкімді бей-жай қалдырмайды. Махамбет поэзиясы – қазақ әдебиетінің қайталанбас құдіреті. Оның өжет өлеңдері аттың үстінде, түйенің қомында шығарылған. Жырларымен жолдастарына қайрат, жігер беріп қайраттандыратын, езілгеннің еңсесін тіктейтін аруақты ақын Махамбет поэзиясына осылайша баға беруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк.
2. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж
3. Ахметов З.А., Егеубаев А.Қ. Махамбет. – Алматы: «Ғылым», 2003ж.

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Балабеков Тұрлыбек Шакарович

Астана қаласы

Кемел Ақышев атындағы

№69 мектеп-гимназиясының

бастауыш сынып мұғалімі

Андатпа. Баяндамада азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен батыр, жалынды ақын, намысшыл ержүрек жауынгер, өмірін жан тәнімен халқына арнап, еркіндік идеясы мен әділеттілікті ұран етіп, найза ұшын, қалам құдіретін шебер ұштастырған Махамбет Өтемісұлының шығармаларына тәрбиелік

туралы сипат беріледі.

Тірек сөздер: Махамбет Өтемісұлы, Ереуіл атқа ер салмай. Ұлы арман.

Қай халықтың да қадір тұтары - өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры. Екеуі де тек халықтың ғана бойынан табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Екеуі де жұртын елдікке бастаса, қайсыбір жұмыр басты пенденің болсын өресі жетпес ерен ерлікке, кемел кісілікке бастары хақ. Екеуі де тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кемсіз пішер кемеңгер ақылдың көрінісі [1,25 б]. Ал, осы екі қас қасиет те бір басына сыйып, бағына біткен қазақ елінің асылы, ақберен ақыны-Махамбет Өтемісұлы.

Жалынды ақын, намысшыл ержүрек жауынгер өзінің қысқа да жарық отты өмірін жан тәнімен халқына арнап, еркіндік идеясы мен әділеттілікті ұран етіп, найза ұшын, қалам құдыретін шебер ұштастырды. Махамбет көшпелілер өркениетінің осынау жарық дүниемен шарқырап тұрып қоштасқан соңғы үні. Жалына қол тигізбейтін көшпелілердің қыл сағағын тағдыр тұзағы қылқиндырған сәтте асау рухы Махамбет болып тұяқ серпігендей. Қазақты ұлт ретінде даралап, тарих сахнасына шығарған көшпелілер мәдениетінің буырқанып келіп жартасты соққан ақжал толқыны Махамбет тәріді.

Махамбет – жорық жырауы. Ұлы бабаларының дәстүрін жалғастырған, рухын сөзімен емес ерлік ісімен көрсеткен батыр-жырау. Ауыз әдебиетінің тереңінен сусындаған, өзінің бойына халықтық дәстүрді терең сіңірген Махамбет Өтемісұлы Исатай Тайманұлы бастаған халық көтерілісінде маңызды рөл атқарды, ол өзінің өлеңдері арқылы халықты патша өкіметі мен хандардың езгісіне қарсы күреске шақырды. Махамбеттің өлеңдері бостандық пен әділдікті, халық көсемдерінің батырлығын қалың халық бұқарасына паш ету мақсатында жазылды.

Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға

Махамбет Өтемісұлы Қазақ халқының ХІХ ғасырдағы ең көрнекті ақындарының бірі Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарайтын Бекетай құмы деген жерде дүниеге келеді.

Өтемістің он баласы болып, Махамбет Бекмағамбеттен кейінгі екінші бала болады. Жас кезінде хан ордасында тәрбиеленген ақын кейін бөлектеніп кетеді. Халықты, қарашаны қолдаған Махамбет 1829 жылы түрмеге қамалады.

1836 жылы 14 көкекте Исатай мен Жәңгір кездеседі. Ханның қайын атасы Қарауылқожаның ауылын шауып алады.

1837 жылы 2 қарашада хан ордасына қайта аттанады. 1838 жылы 12 шілдеде орыс әскерімен шайқаста, Исатай қаза табады. Ары қарай Махамбет ақынның азапты күндері туады. Орынбор түрмесіне қамалады.

1846 жылы өз үйінде қастандықпен қаза табады. Бейіті Атырау облысы, Махамбет ауданы, Қараой деген жерде.

Ақынның өлеңдері ерлікке, өрлікке арналады. Не үшін соғысып жүргенін айтады. Ел қандай болу керек деген сауалдарға жауап іздейді. Азаматтың міндетін көрсетеді. Осыған ұқсас «Беркініп садақ асынбай ...» деп басталатын

өлеңі де бар. Алғашқыда ерлер ісі жорық пен оның қиындығына шыдау туралы болса, соңғыда жауын жеңу, ерлікпен қасқая соғысу ерлер ісі деп толғайды.

Ел билеген хандар мен билерді, қолына қару алып елін қорғаған батырларды еліне білім мен ғылымның нәрін себуде ерекше еңбек сіңірген ойшылдарды, атап айтқанда, Махамбет, Исатай, Жәңгір Ханның тарихтағы орны, еңбектері біржақты бұрмаланып бағаланыды. Махамбет өлеңдерінде ұрпақ тәрбиесіне қатысты тәрбиенің сан-алуан салалары атап айтқанда, адамгершілік-имандылық, сұлулық, ел жандылық, экологиялық тәрбие туралы жан-жақты сөз болады. Махамбет шығармаларының жастардың бойында жағымды адами қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыруда алатын орны ерекше.

XIX ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырлармен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарыны ерекше. Көтеріліс кезінде Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды Жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы - өршіл жырлары болды. Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, ол өз рухын жоғалтпады. Халықты көтеріліске қайта шақырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салады.

Ақын өлеңінің тәрбиелік мәні ерекше халық санасын оята түседі. Ақын өлеңдерінің тәлімдік-тағылымдық негіздері тереңде жатыр. Махамбеттің өлеңдерінің бастан аяғына дейін жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – жастарды елін, туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жаракты жауды тоқтатып» есі үшін құрбан болған елдің арманы жоқ, туған халқы, елі үшін кездескен қиыншылықты жеңе білуге жас ұрпақты үгіттеді. Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі.

«Мұнар күн» жырында ол ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «Біртіндеп садақ асынбай», «Арғымақ, сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Азамат ердің баласы», «Қара нар керек біздің бұл іске», «Еменнің түбі - сары бал», «Жалған дүние», «Еріскедей ер болса», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. «Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында» дейді ол отты жырларында.

Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы Исатай батыр. «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс», деген сияқты өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды.

Махамбеттің «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» арнаған 106 өлеңдері патшаның жергілікті билеуші өкілдері-хан-сұлтандарға қарсы жазылған, олардың бет пердесін ашатын жырлар болды. Ақын өлеңдерін дәстүрлі үлгіге негіздей отырып, түр, мазмұн жағынан байыта, жетілдіре түсті.

Махамбеттің лирикалық өлеңдері, көбіне, толғау, жыр, терме үлгісінде жазылды. Исатайға арнаған өлеңдерінде жоқтау сарыны басым. Махамбет

шығармашылығы қазақ поэзиясы жанларының қалыптасуына (сатира, элегия, монолог, арнау), стилінің дараланып, поэтикалық тіл құралдарының артуына, философиялық тереңдіктің орнығуына үлес қосты.

Халық нақылына құрылған философиялық толғаулары мен жігерге толы ерлік жырлары, жауынгер рухты биік өлеңдері ақын шығармашылығын жоғары деңгейге көтерді. Махамбет жырлары дәуір шындығын бейнелеп, көтеріліс айнасы болып қана қойған жоқ, асқақ рух пен болашаққа деген сенімнің ерекше үлгісін көрсетті оған дәлел «Мұңайма», «Желп-желп еткен ала ту», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Ұл туса», «Толарсақтан саз кешіп» - деген жырлары.

Өзінің «Мұңайма» өлеңінде хан әскерлерінің халыққа көрсеткен қиянатын айта отырып, жасымауға, берік болуға шақырады.

Ақ жұмыртқа сары уыз
Әлпештеп қолдан өсірген
Туған ұлдан не пайда-
Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір ақ тусайшы
Халықтың кегін қусайшы
Артымыздан біздердің
Ақырып теңдік сұрарға...

Міне, Махамбет ақынның осындай рухты, алмастай өткір жырлары халық санасына сахара тұрмысының мәңгілік алауындай шуақ беріп, жігерлендіреді, намысын оятады.

Махамбет үшін көшпелілердің дәстүрлі мәдениеті, өнері, талғам-танымы өмір сүрудің тәсілі еді. Ол әбден орныға шыңдалған далалық демократияны жан-тәнімен қорғап, сол жолдан ауытқымай дүниеден өтті. Мұның өзі түптеп келгенде, халықтың біртұтас тағдыры үшін, ұлттың біртұтас арман-аңсары үшін күрес болатын. Отаршылдық ұлттың тұтастығына іріткі салып, таптық жіктің ұрығын септі. Бұл дегеніміз, мүлде жат өмір салттың, бөтен системаның бел ала бастауы еді. Махамбет ірілігі осынау системалық өктемдікке қасқайып қарсы тұруында. Мұның бұлтартпас айғақтары Махамбет жырларының өн бойында тұнып тұр. Махамбет жырларының құдіреттілігі арман-аңсарының заманалық кесектігінде. Махамбет халық басындағы бақ пен сордың жалқылық мысалына жұбанбайды, заман дүмпуі тудырған ірі ағымдардың аққарасын саралап толғанады. Бұл ретте, оның санасы сергек, танымы терең, мақсаты айқын. Ұлттың азаттығы мен халықтың әлеуметтік теңдігін Махамбеттен терең жырлаған, Дәстүрлі талғамымызда хас өнердің бойына сұлулық пен шындық тең бітіп, қоржынын аудармауы керек. Махамбетте мұның екеуі де кәміл. Ол сонысымен көшпелілер мәдениетінің аса тегеурінді соңғы тұяғы ретінде мойын бұрғызады. Махамбет өзінің рухы асқақ жырларын жыршылығы тасып шығармаған. Оның бойындағы буырқанған аста-төк өнер күрес жолындағы ең оңтай қаруы болған.

Қорытынды. Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға.

Махамбеттің ақындығының ерекшелігі оның ақындығы күрескерлікке ойшылдық және философиялық сипат берді, оның үстіне Махамбет - мықты

психолог ақын. Ер Махамбеттің өршіл өлеңдері өскелең ұрпақ үшін әке қанымен, ана сүтімен бойға дарыған рух күшіндей әсер етеді. Қазақ әдебиетінің Мұхтар Әуезовтей дарабозының төл шәкірті атанған сөз зергері Зейнолла Қабдоловтың «Махамбет деген ардақты, әрі аяулы есімнің өзі – өмірдегі қасіреттің синонимі, өнердегі қасиеттің символы», -деп алдаспан жырымен ел рухын оятқан ақын туралы толғануы да сол себептен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем.
2. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті.-2003.-12.09.
3. Елеукенов Ш.Замандас парасаты. Алматы.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ КҮЙЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Махметова Мариям Сайлауовна

Астана қаласы

М.Мақатаев атындағы

№74 мектеп-гимназиясының

Музыка пәні мұғалімі

Махамбеттің күйлерінің көбі белгілі бір тарихи және өзінің басынан өткен оқиғаларынан туындаған. Мысалы, «Жұмыр-Қылыш» күйі 1838 жылы Исатайдың қазасынан кейін ақын Байбақты еліне барып, сол жердің батырларымен араласады. Байбақтының Садыр және Қылыш деген екі батырымен достық қарым-қатынаста болады. Садырдың лақап аты «Жұмыр» екен. Сол елде жүргенде Махамбет алғаш рет Баймағанбет сұлтанмен кездеседі. Сұлтан Махамбетті ұстауға әрекеттенеді, бірақ Садыр мен Қылыш батырлар Махамбетті Баймағанбеттің адамдарына бермей, аман алып қалады. Кейін осы оқиғаға байланысты ақын «Жұмыр-Қылыш» деген күй шығарады [2].

Сонымен қатар Махамбеттің осы аралаықта шығарған күйлерінің бірі – «Тарлан» деп аталады. Ақынның бұл күйлерін Ұ. Зарыққан: «Күй аңыздарының құрылымына байланысты аңыздық күйлердің енді бір шоғыры – арнау күйлер. Бұл топтағы күйлердің ең басты қасиеті, күйші өзі шығарған күйді өзі қадыр тұтқан, айрықша құрметтеген адамына арнайды. Ондай арнау күйде сол адамның болмысы, табиғаты, ізгі қасиеттері менмұндалап тұрады. Мәселен, атақты батыр Махамбет Өтемісұлы өзінің Исатай бастаған үзеңгілес, тағдырлас, қанаттас қаһарман бауырларына арнап «Жұмыр-Қылыш», «Тарлан» сынды күй шығарғаны тарихтан аян», – деп арнау күйлеріне жатқызады [3].

Бүгінде Махамбеттің 20-ға жуық күйі белгілі. Алайда концерттер мен жиындарда әдетте «Жұмыр-Қылыш» пен «Өкініш» күйлері ғана орындалып жатады. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының бас ғылыми қызметкері Күнқожа Қайрулла Махамбет күйлерінің жинақталуы жөнінде былай дейді: «– Махамбет ақын

бүгінгі қазаққа батыр, жорық жырауы, күйші ретінде мәлім. Оның күйлерін Батыс Қазақстан аймақтарындағы қарт күйшілер жеткізіп кеткен. Махамбеттің күйлерін 1889 жылы туған Оразғали күйшіден 1963 жылғы экспедиция кезінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының ғылыми қызметкерлері магнит таспасына жазып алады. Сол кезде жетпіс төрт жастағы қарт күйші фольклорлық экспедиция мүшелеріне көптеген күйлер орындап берген. Бүгінде Махамбеттің «Қайран Нарын», «Жауға шапқан», «Қиыл қырғыны», «Жайық асу», «Жорық күйі» сынды күйлері де белгілі. Махамбеттің күйлерін жеткізуде ерекше атап өтетін өнерпаздың бірі – Оразғали Сүйінбеков. Экспедицияда тіркелген мәліметтерде Оразғали Сүйінбековті «Орал облысы, Чапаев ауданының Қаракөл совхозының тұрғыны» деп көрсетеді. Енді О. Сүйінбеков орындап берген күйлері туралы айтар болсақ, олардың авторлық аясы өте кең. Күйші «Тендік» (ән-күй), «Өткен күн қайта келмес», «Еңбек табысы», «Ғылым шыңына», Құрманғазының «Қуаныш», «Бекер келдім» күйлері, өз әкесі Сүйінбектің «Ақтұйғын» күйі, Боғданың «Өтті-кетті» күйі, «Кербез Ақжелен», «Айдананың Ақжелені», «Бозтөбе», «Есбайдың екінтінде ел іздегені», «Тіріжанның інісі Қаналыны сағынғанда тартқан күйі», «Боғданың Қара жаяуы», «Тойлы қуаныш», «Комсомол сыйлығы», «Жігер», «Алтын ту», «Сәуле», «Иіс» (ән-күй), «Ақмаңдайдың үнді әні» сияқты жалпы саны жиырма бес күй жеткізді. Сонымен қатар ол «Сәуірдің сары торғайы» атты өз күйін де орындап, жаздырған. Осы жиырма бес күйдің ішінде Махамбеттің «Жұмыр-Қылыш», «Қайран Нарын» деген екі күйі бар. О.Сүйінбековтен алынған бұл күйлер Махамбеттің күйші-композитор екенін танытты. Бүгінде Махамбеттің күйлері халқымызға біршама таныс. Ал «Жұмыр-Қылыш» күйін тұңғыш рет орындап, халыққа танытқан Қазақстанның халық әртісі Қаршыға Ахмедияров (1946-2010) болды. Оразғали ақсақал жеткізген күйлерден өзге Махамбеттің басқа да күйлері ел арасынан кейінірек табылды. Ол күйлерді Махамбет ақынның ғұмыр кешкен аймақтарына жеке экспедициямен барған фольклоршылар, орындаушылар тауып, жинақтады [1].

Махамбет Өтемісұлының жырлары қандай өр, қандай мінезді болса, күйлері де сондай жалынды. Баяу, ырғақты басталатын «Қиыл қырғыны» күйінің өзі де орта тұсынан бастап өршеленіп, төгіле түседі. Тіпті «Өкініш» күйі де мұңға салмайды, қайта адамға жігер береді.

Өлендегі ойларын ақын өз күйлерінде шығарып отырған. Күйлері сабырлы басталғанымен негізгі тартыс басталғанда Махамбеттің лирикалық тұлғасындағы алапат рух пен күшке ие болады.

Махамбет күйлері дегенде Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» күйі еске түседі. Нұрғиса Тілендиев бірде өзі құрған «Отырар сазы» ансамблімен Атырауға барады. Сонда ансамбльді ертіп, Қараойға – Махамбет бабаның кесенесіне тартып кетіпті. Тақтайдай жол жоқ, қара жолдың қиындығына қарамай жетеді. Қараойға жеткен соң ансамблін құрып жібереді де, өзі мінбеде – «Махамбет» күйін тартқызады. Айдала. Көзге көрініп тұрған ауыл-ел жоқ. Тек қана батырдың кесенесі мен даланы жаңғыртқан «Махамбет». Оркестр күйді бітірген соң жинала сала кері қайтып кетеді. Міне, Махамбет өмірі,

Махамбет күйлері Нұрғиса Тілендиевтің осындай алапат күйді өмірге әкелуіне себеп болды. Тағзымды бұдан артық қалай жеткізуге болады?!

Қорыта айтқанда, Махамбет шығармашылығы бүтіндей елінің намысы мен абыройын қорғауға бағытталып, ақынның рухы мен халық тілегін көрсете алған деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тілеген А. Күйші Махамбет. URL: <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34501> (қаралды: 10.02.2024)
2. Күй аңызы: Махамбеттің күйі «Жұмыр, Қылыш» қалай туды? <https://egemen.kz/article/337389-kuy-anhyzy-makhambettinh-kuyi-zhumyr-qylysh-qalay-tudy> (қаралды: 11. 03. 2024)
3. Ұ. Зарыққан. Қазақ күй аңыздары туралы бірер сөз. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaq-kui-anyzdary-turaly-birer-soz_23814 (қаралды: 31.03.2024)

МУЗЫКА САБАҒЫНДА МАХАМБЕТТІҢ КҮЙЛЕРІ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ РУХТА ЖІГЕРЛЕНДІРУ

Мауленов Сакен Сейтович

Астана қаласы,

А.Байтұрсынұлы атындағы

№48 мектеп-лицейінің

музыка пәні мұғалімі

“Спорт – адамның тәнін тәрбиелесе, музыка – адамның жанын тәрбиелейді” – деп, Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз музыка өнерінің тәрбие саласындағы орнын ерекше мән беріп айтып кеткен болатын.

Антикалық философ Платонның пікірі бойынша, мемлекеттің күштілігі, құдіреттілігі – ондағы айтылатын ән ырғағы мен оның музыкалық ладына тікелей байланысты. Платон – мемлекеттегі адамгершілік әдепті, адамаралық қатынасты бұзудың ең сұрқия жолы – әдепті, арлы музыкадан ауытқыту деп есептеді. Дарақы әуен мен ырғақтарды тыңдау арқылы адамдардың ішкі жан дүниесінде дарақылық, бұзақылық, азғындық орнығып бастау алады.

Әл-Фараби музыканың адам өмірімен тығыз байланысына үлкен мән бере отырып, музыканың адам жанын сауықтырудағы шипалық қызметін оның адам тәрбиесіндегі, қоғамдағы рөлін, әсерінің күштілігін, адам жанының сезім түйсігінде үлкен тебіреніс туғызушы күш екенін, сезімталдық қасиетін күшейтуге және сол арқылы басқа да ғылымдарды игеруге, түсінуге мүмкіншілік туғыза алатын үлкен тәрбиелік маңызын, мәнін бағалап, педагогикалық ғылымға жатқызды.

Әбу-Насыр әл-Фарабидің ерекше мән берген нәрселерінің бірі – музыканың шығу тегі, оның адам өмірінде алатын орны, әсері сияқты жайттар.

Ғалымның пікірі бойынша музыка – табиғаты терең, жан-жақты сыры, әсері бар құбылыс. Оның ерекше атап көрсеткен ойы музыкалық әуеннің адам бойында үлкен эмоциялық тебіреніс күш туғыза алатын құдіретті күш екендігі және оны әртүрлі мақсатта, адам баласының жанын сауықтыруда немесе адам тәрбиесінде халыққа басшылық жасап, меңгеруде үлкен маңызды құрал бола алатындығы.

Музыканың адамға қаншалықты ықпалды екені жайында В.А.Сухомлинский, «Музыка – ойдың құдіретті көзі. Музыкалық тәрбиесіз ақыл-ойды толыққанды дамыту мүмкін емес» дейді. Мектепте музыкамен сүйемелденіп отыратын сабақтан тыс іс шаралар бірінен кейін бірі қайнап жатуы керек екенін айтқан болатын.

Музыканың осындай құдіретін арғы ата-бабаларымыз Аттиланың (Еділ патша) заманда-ақ тәрбие құралы ретінде қолдана білгені жөнінде А.Сейдімбек «Текті өнердің тарихнамасы» атты көлемді мақаласында айтып өтті. Тіпті қазақтың «тоғыз тарау» атты күйлер тізбегін де сол Аттила дәуірінен тарқатады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы,
«Жақсылар өтіп кетті бұрын бізден,
Біз адастық жақсылар салған ізден.
Біреуге өкпе қылу дұрыс емес,

Не берсе, берді құдай пейілімізден», деп ғасырлар сүзгісінен сұрыпталып жеткен сара жолдан адасып қалғанымызды тілге тиек ете отырып, соның зардабын көріп жатқанымызды да ескертеді. Сондай адасудың бірі ұлттық дәстүрлі музыкалық өнерімізді кем тұтынуымыз. Жыр, терме, күйлермізде ұлттық дүниетанымды, бірегейлікті қалпына келтіретін қуат бар. Оған ешкімнің таласы жоқ шығар.

А.Сейдімбектің – «Егер әрбір жеке әріптің дыбыс екені рас болса, сол дыбыстардың бірігуі арқылы сөздердің туындайтыны рас болса, әрбір сөздің ойға, санаға, зердеге (мысль, сознание, разум) ұласып жататыны рас болса, адамды адам еткен дыбыс деп тұжырым жасауға негіз мол. Мұның өзі музыканың да этникалық тілінің болатынын аңғартады», - деген тұжырымы дәстүрлі музыкалық өнеріміздің құнының қандай екенін айқындап отырғандай.

Бұл тұжырымдардың бәрін жіпке тізіп отыруымыздың себебі, баланың ішкі жан дүниесі сыртқы ақпаратты түгелдей дерлік өзіне сіңіре беретін шағы 11, 12 жасқа дейінгі кезеңіндегі мектептегі музыкалық тәрбиенің барысында дәстүрлі музыкалық өнерімізді ұлттық рухты жігерлендірудің құралы ретінде пайдалануды жүзеге асыру жөнінде өз тәжірибемізбен, ойымызбен бөлісу еді. Мектептегі музыкалық тәрбиенің негізгісі – музыка сабағы. Біз 6 сыныптың музыка сабағындағы «Дәстүрлі күйшілік өнер» деген тақырыпты өткен кезде, Махамбеттің күйлерінің ішіндегі ең танымалы, «Жұмырқылышты» тыңдаттық. Әрбір нәрсенің өзінің жаратылу мақсаты бар. Мысалы, күнделікті қолданып жүрген карандаш – жазу, сызу, бейнелеу үшін жаратылды. Бірақ оны қолданушы өзінің пейілі, ниетіне қарай одан да басқа мақсаттарда қолдана береді. Сол сияқты музыканың негізгі жаратылу мақсаты Әл Фараби айтқандай, адам жанының сезім түйсігінде үлкен тебіреніс туғызушы, сезімталдық

қасиетін күшейтуші және сол арқылы басқа да ғылымдарды игеруге, түсінуге мүмкіншілік туғызушы құдіретті күш екенін ескере отырып оқушылардың ұлттық рухын күшейтіп, жігерлендіруге тырыстық.

Қазақтың дәстүрлі күйшілік өнеріндегі ықылым замандардан қалыптасқан дәстүр, тартылатын күйдің шығу тарихын майын тамыза әсерлі етіп әңгімелеп тыңдаушының көңіл-күйін күйді қабылдауға дайындау. «Жұмырқылыш» деген атауды естігенде күйдің шығу тарихын білмейтін адамның көзіне қылыштың сарт-сұрт еткен дауысы мен қиян-кескі соғыс елестейтіні белгілі. Ал бұл күйдің шығу тарихы төмендегідей.

«1838 жылы Исатай өлгеннен кейін жалғыз қалған Махамбет тағы да күш жинап, ханнан кегін алу үшін Жайық бойындағы Байбақты еліне барады. Байбақтының Жұмыр (шын аты Садыр) және Қылыш деген батырларымен кездесіп, жолдас болады. Махамбеттің "Жұмыр, Қылыш" күйі сол кезеңде шыққан. Осылай жасырын жүрген Махамбет, жанында Жұмыр мен Қылыш бар, Байбақты елінің бір ауылында төрелермен отырған Баймағнбет Айшуақовтың үстінен шығады. Міне осы жерде Махамбет пен Баймағанбет сұлтан бірінші рет кездеседі. Баймағамбет Махамбетті ұстауға әрекет жасайды. Ал Махамбеттің жанындағы Жұмыр, Қылыш батырлар Махамбетті арашалап, ұстатпай топтан шығарып аман әкетеді. Осы оқиғаға байланысты Махамбет жанына ерген жігіттерге разы болып, "Жұмыр, Қылыш" атты күй шығарыпты».

Бұл жерде де жанталас, арпалыс, қақтығыс. Бұл арпалыс сертке беріктік, досқа адалдық, ержүректіліктің көрінісі. Оқушыларға күйді тыңдатпас бұрын оның шығу тарихын сол кезеңдегі саяси құбылыстармен байланыстыра отырып әңгімелеп берген кезде оқушылардың күйді тыңдап қабылдауы өзгеше болды. Әуелі Қаршыға Ахмедияровтың яғни жеке домбыраның ғана орындауында тыңдатып олардың алған әсері туралы әңгіме болды. Одан кейін «Ұлытау» тобының орындауында тыңдаттық. Балалар күйден алған әсерімен бөліскен кезде, күйдің әуенінен батырлық, шалт қимыл, аттың шабысы, қайраттылық, жігерлілікті сезінгендерін айтты. Ия бұл күйді тыңдаған кезде кім болса да осы сезімдерге бой алдырады. Себебі күйдің өзі сондай сезімнен туған еді. Біз күйді тыңдату барысында Махамбеттің кім екені туралы балалардан сұрап Махамбеттің өр рухынан нәр алуына жағдай жасауға тырыстық.

Жас өспірім балаларға ұлы адамдардың шығармаларын құрғақ жаттатқанша олардың рухымен суару керек дейді. Балалар рухы асқақ Махамбеттің күйінен нәр алып, жігерленіп сабақты аяқтадық.

Адамның ішкен-жегені дұрыс болмай асқазаны ауырып қалып жатса, оны тазартып алуға арналған дәрі-дәрмектердің түрі көп. Ал, көзбен көріп, құлақпен естігенің, сезінгенің дұрыс болмай жаман ақпараттан адамдығыңа нұқсан келіп жатса оны тазартатын дәрі жоқ. Жақсы да жаман да адамның санасында жазылып қала береді. Және ол сен күтпеген кезде көлбеңдеп алдыңа келе береді. Сондықтан да балаларды бүкіл саналы ғұмырын елдің елдігіне, ұрпақтың болашағына, жердің тұтастығына арнаған халқымыздың қайсар рухты тұлғаларының өнегелі істерімен жігерлендіріп отыруымыз қажет деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Трактаты о музыкае и поэзии. – Алматы: Ғылым, 1993.
2. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. Алматы: Әл-Фараби, 1995.
3. Доман. Г. Гармоничное развитие ребенка.// <https://lib.pravmir.ru/library/book/2440>
4. Сейдімбеков А. Қазақтың күй өнері. Астана, Күлтегін: 2002.
5. Топбаш О.Н. Иманнан ихсанға тасаввуф. Алматы, Хикмет: 2014.

МАХАМБЕТ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ

Ережепова Ұлбосын Сағымбекқызы

Астана қаласы,

Сырбай Мәуленов атындағы

№37 мектеп-лицейінің

музыка пәні мұғалімі

Махамбет Өтемісұлы – қазақ тарихында беделді орын алатын дарын иесі, қоғам қайраткері көрнекті ақын, ойшыл, бостандық пен еркіндікті сүйген тұлғалардың бірі. Ақындық өнерімен ғана емес, сонымен қатар рухани қасиеттерімен бірге көпшілікке танымал болып, дарындылығына жұртшылық бас иген. Ол XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген, бірақ оның мұрасы бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала береді. Шығармашылығының негізін қазақ тілінде орындаған. Халықтың жүрегін елжіреткен, кемеңгерлігіне тәнті ететін мыңдаған поэтикалық шығармалары бар.

Ұлттық рух – әр мәдениетте сақталуы және дәріптелуі тиіс құнды құбылыс. Қазақ ұлттық рухының жарқын өкілдерінің бірі – Махамбет Өтемісұлы. Оның шығармаларында асқақ пен күш-қуатқа толы қазақ жерінің нағыз жанын сезінуге болады.

Түйінді сөздер: ұлттық рух; Махамбеттің шығармашылығы; тарихи мұра;

өр рухты Махамбет; отты жырлар;

1804 жылы Ішкі Бөкей Ордасындағы Бекетай ауданында дүниеге келіп, 1846 жылы қазіргі Атырау облысы, Қараорай өңірі, Индер ауданында дүниеден озған. Ол тәжірибелі ақындарды оңай жеңіп, жастайынан Ұлы даланың белгілі ақын-жырауларының шығармаларын бойына сіңіріп, білімге құштарлығын көрсетіп, орыс тілімен қатар татар, араб тілдерін меңгерген. [1,246 б]. Махамбеттің рухты жырларын зерттегенде оның ерлік, адамдық қасиеттері көзге айрықша түседі. Бұл туралы ел аузында аңыз әңгімелер өте көп.

Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге,

Мал толтырсам деп едім, – өлеңі еркіндік идеясын толық бейнелейді. Махамбет Өтемісұлының өлеңдері арқылы ұлттық құндылықтар, салт-

дәстүрлер, әдет-ғұрыптар еніп, ұғынылады. Оның өлеңдерінде еңбек, Отанға деген сүйіспеншілік, қазақ халқының ұлылығы туралы жырлар да бар. Оны кейінгі ұрпаққа өлмес мұра етіп қалдырды.

Махамбет өлеңдерінде «Мен» сөзі көп қолданылады. Қазаққа жігер, рух, шабыт, ақыл беретін өлеңдерінің бірі:

Мен - мен едім, мен едім!

Мен Нарында жүргенде

Еңіреген ер едім.

Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім.

Қай қазақтан кем едім?

Бір қазақпен тең едім.

Қазақ жауынгерлерінің тарихи жеңістері мен ерліктерін мақтанышпен дәріптейді. Халықты патшалық, хандық өкіметке қарсы қарулы көтеріліске шақырған алғашқы ақыны. Махамбет тәуелсіздік үшін, шетелдік отаршыл күштердің интервенциясына қарсы күреске белсене қатысқан. Демек, Махамбет Өтемісұлының ұлттық рух оятатын шығармашылығы қазақ мәдениеті үшін нағыз қазына. Отаншылдық өлеңдерінде ұлттық болмыстың қалыптасуына негіз болатын ұлттық мұраттар мен құндылықтар қамтылған. Телегей теңіздей көп жырлары мен өлеңдері адамдарды қуантады, шабыттандырады, туған жерге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін оятады. Махамбеттің шығармашылық мұрасында барлығы жүзге жуық өлеңдері бар. Оларды ақынның өзі қағазға түсірмеген. Мұны кейінірек оның ізбасарлары қолға алды, соның арқасында Өтемісұлының тірі сөзі күні бүгінге дейін сақталған.

Ұлттық рух жырларының негізгілерін санағанда: "Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны", "Тарланым", "Желп-желп еткен ала ту", "Атадан туған аруақты ер", "Арғымаққа оқ тиді", "Қаршыға деген бір құс бар" "Қызғыш құс", "Мұнар күн", және т.б. Сонымен қатар, Махамбет күйші ретінде де танымал болды. Батырдың "Қайран нарын", "Жұмыр, Қылыш", "Окініш", "Жорық", "Ақжелен", және, т.б. шығармалары кеңінен танымал.

Тарихта ақын мен жауынгердің бейнесін ашатын ғылыми зерттеу еңбектер жеткілікті. Академик зерттеушілердің айтуынша, 1836-1838 ж.ж. Бөкей Ордасы қазақтарының патшаға қарсы көтерілісі болған. Ол кезде қазақ халқының тұрмысы ерекше ауыр еді. Оны қазақ хандары мен байлары қыспаққа алып, патша жіберген орыс шенеуніктері ең жақсы жайылым мен малды тартып алды. Қарттар мен жастар бостандық, әділдік үшін күреске шықты. Исатай батыр көтерілістің басшысы, ал Махамбет бабамыз өзінің отты өлеңдерімен көтерісшілерге рух беріп отырған. Көтеріліс барысында әртүрлі өткен шайқастар болған. Соның бірі халық-азаттық Тастөбе және Ақбұлақ көтерілісі болды. Көтерілістің басты себебі, бірінші салықтың көбеюі, екінші жер мәселесі еді.

Қарап тұрсақ, әр жерден

Жау бір өрттей қайнайды,

Қайнағанмен қоймайды -

Мылтығын қардай боратып,

*Жетіп келді қамалға -
Қамалды бұзып аларға.
Әскердің алды бөгелді,
Қырдан ойға төгілді,
Орыс добын үш атты...
Доптың үні шыққанда,
Сонда батыр жөнелді.
Жөнелмей батыр негілсын? -
Ерсары менен Қалдыбай -
Екі арыстан тең өлді...*

Бұл Махамбет бабамыздың соғыс өлеңінде көтерісшілермен орыс казактарының жазалаушы отрядтың қарулардың теңсіздігін, тең емес екендігін көруге болады. Яғни, бұл көтерілістің жеңілуіне бірден бір себептердің бірі.

Махамбет Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішіндегі жұртшылық құрметтеп танытқан, азаттық көкसेген үні бүгінгі күнге анық естілген мәңгілік ақын. Өзі жасаған дәуірді тұтас тұлғасымен көрсеткен үлкен суретші, болашақ ұрпаққа үлгі-өнегесі мол классик. [2,4 б].

Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қоғамдық қызметі қазақ халқының тарихындағы қиын кезеңдермен тұспа-тұс келетін қиындықтармен қатар жүрді. Ол өз заманының шындығын - қанаушы таптың зұлымдығын, халықтың ауыр халін жырлаған ақын. Біз мұны оның жарқын, жалынды өлеңдерінен айқын көреміз. Көтерілісші ақын Отанға деген сүйіспеншіліктің үлгісіне айналып, қазақ халқының ерлік қасиеттерін бейнеледі.

Ол халқын шын жүректен сүйген, азаттық туралы халықтың ішкі арманын шабыттана жырлаған. Оның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп дәріптеу керек. Бостандық сүйгіш өлеңдері ұрпаққа жалғасып, оларға рух беріп шабыттандыратын, болады. [3].

Ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлғаны ешкашан жадымыздан шығармауымыз керек. Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың, өлеңдерін бұдан да көрі толық жинап, жұртшылыққа кеңінен таныстыра түсу-алдағы күннің міндеті. Рухына басымызды иіп, елімізді одан әрі көркейту-бізге парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова. Шахматов В.Ф. – Алма-Ата, 1946. – 255 с.
2. Махамбет Өтемісұлы өлеңдері. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы Алматы-1951 ж.
3. <https://sputnik.kz/20230624/makhambet-otemisuly-turaly-qyzyqty-dereker-36336806.html>

МАХАМБЕТТІҢ КҮЙШІЛІК ҚЫРЫ.

Әлімбаев Нұрсұлтан Бауыржанұлы

Астана қаласы,

М.Әуезов атындағы

№86 мектеп -гимназиясының

музыка пәні мұғалімі

Күй тарихы қызық қой. Күйді тыңдағанымыз болмаса қалай шыққаны мен мәнін аса біле бермейміз. 1838 жылы Исатай өлгеннен кейін жалғыз қалған Махамбет тағы да күш жинап, ханнан кегін алу үшін Жайық бойындағы Байбақты еліне барады. Байбақтының Жұмыр (шын аты Садыр) және Қылыш деген батырларымен кездесіп, жолдас болады. Махамбеттің «Жұмыр, Қылыш» күйі сол кезеңде шыққан. Осылай жасырын жүрген Махамбет, жанында Жұмыр мен Қылыш бар, Байбақты елінің бір ауылында төрелермен отырған Баймағанбет Айшуақовтың үстінен шығады. Міне осы жерде Махамбет пен Баймағанбет сұлтан бірінші рет кездеседі. Баймағанбет Махамбетті ұстауға әрекет жасайды. Ал Махамбеттің жанындағы Жұмыр, Қылыш батырлар Махамбетті арашалап, ұстатпай топтан шығарып аман әкетеді. Осы оқиғаға байланысты Махамбет жанына ерген жігіттерге разы болып, «Жұмыр, Қылыш» атты күй шығарыпты. Қару мен қаламға қоса домбыраны өміріне серік еткен Махамбеттің осы күндері оннан астам күйі белгілі. Оның күйшілігіне алғаш рет академик Ахмет Жұбанов назар аударды. Кейіннен Тмат Мерғалиев, Қаршыға Ахмедияров күйлерінің ерекшеліктеріне үңіліп, насихаттады. Жаңа ғасыр басында, батырдың 200 жылдығы қарсаңында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтқали Жайымов пен «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Еркін Нұрымбетов күйлерін оркестрге өңдеп түсірді.

Әр күйдің өзінің шығу тарихы бар. Мәселен, «Қиыл қырғыны» күйі 1838 жылы Исатай мен Махамбеттің Орынбор губернаторы, полковник Гекке бастаған, оған барып қосылған Баймағанбет сұлтан әскерімен шайқасы сипатталады. Сол сияқты «Қайран, Нарын», «Шілтерлі терезе», «Жайық асу», «Жорықта», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Жұмыр қылыш», «Өкініш», «Арысымнан айырылдым», «Мен, мен едім, мен едім» күйлері әртүрлі сезімге толы болады. Құрманғазының «Кішкентай» күйі де Исатай мен Махамбет көтерілісіне арналғаны белгілі. **Махамбет Өтемісұлының өмірі туралы айтылғанда, әлбетте, алдымен Бөкей ордасы шаруаларының көтерілісі туралы айтылады. Батырға қатысты зерттеулердің көбі осы тақырыптың төңірегінде. Ал оның бүгінге жеткен мұрасы – жырлары мен күйлері. Ендеше, жас оқырмандарымызға Махамбеттің күйшілігі туралы баяндамақпыз. «Ақжелен» – күй әліппесі.**

Махамбетке қатысты зерттеулердің ішінде табылмайтыны – батырдың балалық шағы. Дерек өте аз. Негізінен әкесінен 14 жасында жетім қалғаны жөнінде айтылады. Әнес Сарайдың «Исатай-Махамбет тарихы» кітабында күйшілік өнерді меңгеруі туралы былай дейді: «Сол тұстың үрдісі бойынша, домбыра үйренуге де балалар ерте баулынып, 12-13 жасында күйшілік өнерге

әжептәуір машыққан. Домбырашылық өнерде арнайы үйрететін мектеп болмағанмен, оның да тәжірибесі сыналып, қалыптасқан дәстүрі болды. Шәкірттер алдымен толғау жырларын, ән саздарын үйренетін де, қолдары жатыққаннан кейін «Ақжелеңдерге» түсетін. «Ақжелеңнің» 62 саласын түгел тартқандар ғана домбырашы аталатын. Осы 62 саланы түгел игермейінше, өз жаныңнан күй шығаруға болмайды деп есептейтін қағида да бар-ды». Яғни «Ақжелең» жанры – домбыраны меңгеру курсы, домбыра әліппесі саналған. Кейбір зерттеулерде Махамбет толысқан шағында өзі де «Махамбет Ақжелең» күйін шығарған деген дерек бар. Махамбет жас кезінен-ақ өте қызу адам болған дейді зерттеулерде. Оған дау бар ма?! Махамбет туралы алғаш жазбаша дерек қалдырушының бірі Халел Досмұхамедов Исатай жұртты ақылмен, дәлелмен, түрлі әдіспен соңына ерткен адам болса, Махамбет көпті қыздырып, көңілін аударып ертетін болған дейді. Исатай ақсақалдармен, бас адамдармен ақылдасып, кеңесіп отырғанда, Махамбет айналасындағы үйлерде, ауылдарда қыдырып жүріп өлең айтып, жұртты қыздыратын еді дейді.

Махамбеттің осы қызба қуаты оның өлеңдері мен шығарған күйлерінде де тұнып тұр. Оның күйлерін тыңдағанда жігерленіп, бойыңа күш-қуат құйылатыны айқын. Кез-келген туынды автордың ішкі жан-дүниесімен, бітім-болмысымен біртұтас болып келеді. Турасын айтқанда суреткер өзінің ішіндегі болмысын өзінің туындылары арқылы ғана сыртқа шығарады. Сол арқылы басқаларға әсер етеді.

Біз музыка сабағында балаларға Махамбеттің күйін тындатып, сол күйдің желісімен топтық тапсырма ретінде әңгіме құрау, сурет салуды ұсындық. Қиялы ұшқыр балалар қызықты, шытырман оқиғалы әңгіме құра алды. Суретке құмар балалар Махамбеттің жігерлі бейнесін салуға тырысты. Мұндағы біздің көздеген мақсатымыз балаларды әңгіме мен суретке баулу емес, Махамбеттің рухымен рухтандыру, дәстүрлі өнерімізге баулу еді.

Махамбеттің әсіресе «Жұмыр, Қылыш» күйін балалар ықыласпен тыңдайды. Күйді жеке домбыраның орындауында, ұлт аспаптық оркестрінің орындауында және этно рок стильінде тындатып, балалардың қалай әсерленгенін сұрағанда олар сезінгендерін, елестеткендерін айтқанша асығады.

Махамбеттің күйлерін, өлеңдерін сабақта қолдану, жаһандану үдерісі алқымнан алып тұрған кезеңде ауадай қажет деп санаймыз. Махамбеттің жүрегінен жарып шыққан туындылары ұлттық рухтың, ұлттық бірегейліктің азығы іспетті деп айтсақ артық айтқандық болмас деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ өнерінің энциклопедиясы. *Өнер баспасы. 74-79 беттер.*
2. Ақжелкен журналы. *№ 11 саны*

4- секция
ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ...

**ЖАС ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДЕ
МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ИДЕАЛ БОЛАРЛЫҚ ТҰЛҒА**

Ануар Бурлен

Қостанай облысы, Федоров ауданы,
Ыбырай Алтынсарин атындағы
мектептің тарих пәні мұғалімі

XX ғасырдың ортасынан бастап Еуропада «Біреуді идеал тұту керек пе өзі?» деген талқы басталды. Мұны көбінде еркіндігін өз рақатына қолданғысы келетін либералдар көп талқыға салды. Еркіндігін ештеңеге айрбастағысы келмейтіндер қазірде табылады. Олардың уәжі мынандай: «Біреуді идеал тұтуды қою керек. Қазір қоғамды арамза саясаткерлер мен екіжүзді діншілдер әулие-әмбилеріміздің қанатты сөздерін жаттап алып елді адастыруда».

Австриялық психолог, философ Виктор Франкл бұған қарсы мынандай аргумент келтірді :«Қоғам ешқашан идеалсыз болған емес. Тіпті арам пиғылдың өзін идеал адамның шапанында жүзеге асырасың. Сол себепті нағыз идеалдарды насихаттау тоқтамау керек». Осы орайда қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген өлең шумақтарынан да идеалдың адам өміріндегі маңыздылығын аңғаруға болады.

Ал бүгінгі өскелең ұрпақ, еліміздің болашағы- кімдерді идеал тұтып жүр? Тілі енді шыққан ұлдарымыз өрмекші адам мен бэтменды, ал жасөспірім ер балалардың бәрі Месси мен Роналдуды идеал тұтып жүргені анық. Бір қарағанда бұл да бір жақсы құбылыс сияқты. Бірақ қоғам өскелең ұрпақты қандай, кімнің диалогиясында тәрбиелеп жатыр? Бұл кейіпкерлер қай тілде сөйлейді? Біздің балаларымызға қандай ұлттық, адами құндылық сіңіріп жатыр? деген сұрақтардың легіне берілетін жауапты да бағамдап отырмыз. Сондықтан ұлттық болмыс пен ұлттық тәрбиеден асқан мектеп жоқ.

Халықтың азаттығын көксеген күрескер, қол бастаған батыр, ер рухты ақын Махамбет Өтемісұлының өмір жолы мен шығармалары ұлттық болмыс пен ұлттық тәрбиеге толық негізделген деуге болады. Яғни, әр қазақ баласына жан-жақты идеал болатын тұлға. Махамбет тек от ауызды сөз шебері ретінде ғана ел құрметіне бөленген жоқ, сонымен бірге, өзінің батырлығы, даналығы мен адамгершілігі арқасында да даңққа бөленді.

Махамбет ел, халық жүрегінен мәңгілікке орын тапты. Олай болса бүгінгінің ұрпағы да, Махамбетпен етене танысып, үлгі алуы керек. Демек, оның шығармаларындағы айтылған қағидалар, көтерілген мәселелер бүгінгі педагогиканың уақыт талабына қойып отырған мәселелерімен үндесіп жатыр. Ғылымда адамның ішіндегі адами әлем деген ұғым бар. Махамбет Өтемісұлының әлемі өз шығармаларымен астасып жатыр. Махамбеттің өлеңдерінің бастан аяғына дейін жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – жастарды

елін, туып-өскен жерін қорғау үшін жалаулы найза қолға алып, туған халқы, елі үшін кездескен қиыншылықты жеңе білуге шақыру. Махамбет өз өлеңдерінде адамды қандай да болмасын қиындықты жеңе білуге, туып-өскен Отанын, елін сүйуге, елжандылыққа үндейді. Мысалы, «Қызғыш құс» атты өлеңінде еліне деген сүйіспеншілігі тамаша өрнектелген. Махамбет көл қорыған қызғыштай елі үшін отқа түседі. Көтеріліс кезінде де Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, серіктерін жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы – өршіл жырлары болды. Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, ол өз рухын жоғалтпады. Халықты көтеріліске қайта шақырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш жұмсады. Бұндай табандылық пен елжандылық қазіргі қоғамның теңселіп тұрған, мешеулеп бара жатқан ұлттық тәрбиесіне, рең берері анық.

Махамбет ақын мен Махамбет батырдың осы қасиеттерін біз күйші - Махамбеттен де, композитор Махамбеттен де анық байқаймыз. Егер біз Махамбет тағдырын ел кегін жоқтаған ердің ереуіл ғұмыры деп танытын болсақ, оның жырларын сол ереуіл өмірдің поэтикалық шежіресі деп білеміз. Жеті күй, яғни «Жайық асу», «Қайран Нарын», «Жауға шапқан», «Жұмыр қылыш», «Өкініш», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Шілтерлі терезе» бізге сол асқақ ақын, асқаралы азаматтың жүрек соғысы мен жүрек тынысының үнмен - жазылып қалған кардиограммасындай көп жайды аңғартып, көп нәрсені түсіндіріп тұр. Міне, поэзияның шебері Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының азаттығы, теңдігі жолында ақ найзасымен, азаткер асқақ жырымен, қасық қаны қалғанша күрескен, тіпті сол жолда құрбан болған батыр ақын. Ол ерлікті, өрлікті өзі ғана жасамай, бүкіл поэзиясына ту етті, оны кейінгі ұрпаққа өлмес мұра ғып қалдырды.

Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Қызғыш құс» деген өлеңдері балалардың ойына қозғаусалатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым шығармалар. Сонымен қатар балалардың жаттап алуына жеңіл, орамы күшті, әсерлі сөздер мен жанды теңеулер бар. Өлеңнің құрылыс өлшемі шағын, қысқалығы жағынан да балалар үшін ұтымды.

Мыс: Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Ерлердің ісі бітер ме?

Жас кезінен – ақ бірбеткей боп өскен өр мінезді, әділет пен еркіндік дүниесіне талпынған Махамбет өзінің үлкен, кішіге бірдей қызмет ететіні және өлеңінің балалар үшін басты қасиеті адам- өмірі туралы дұрыс ұғым беретіндігінде. Ақын өлеңдерінің балалар ұғымына жақын тағы бір пайдалы жағы – мұнда тарихи шындық, шынай кейіпкерлер, болған іс баяндалады.

Сондықтан ұрпағымызды болған - болмағаны белгісіз ертегі кейіпкерлеріне емес, ұлты мен ұстанымы басқа өзгенің батырларына емес, ұлтымыздың ұлы, намысы, байрағы, батыры, ақыны, басына қонған бағы – Махамбетке еліктету жолын ойластырайық.

Осы орайда менің үнемі сабақта қолданатын бірнеше тиімді әдіс-тәсілдерім бар. Мысалы «Есімдер тарихы» бұл менің авторлық әдісім. Тарих пәнінде есімдер өте жиі кездесетін болғандықтан оқушылар білімді оңай және тиімді игеру және кейіпкердің тарихи жолына баға бере отырып, кейіпкер мен өзінің ұқсас мінез-құлықтарын анықтап, жазды. Ұқсас мінез-құлықтарына мысал келтіре отырып, аталмыш кейіпкерді үлгі тұтып, өз идеалына айналыдыруы әбден мүмкін. Келесі «Кейіпкерге хат» әдісі нағыз тарихи кейіпкер мен оқушыны тілдестіреді, өзара сырластырады. «Кейіпкерге хат» әдісі - 5-сынып оқушыларының ең жақсы көретін әдісі. «Томери», «Шырақ», «Александр Македонскийға», «Мөде шаньюйге» жазған хаттары арқылы оқушылар хат жазу ережесін үйреніп, ойын жинақтап қағаз бетіне түсіріп, кейіпкерге сұрақ қойып, кейіпкерді шебер мадақтап немесе ісінің дұрыс емес екенін айтулары арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, ойларын анық жеткізу, өзіндік көзқарастарының қалыптасу дағдылары мен қатар үлгі боларлық мінез-құлықтарын бойына дарытады.

«Ментальді карта». Оқушылар берілген ақпаратты қолдана отырып, Томирис патшайым мен Кирге мінездеме береді. Ол үшін оқушыларға мынандай дескрипторлар ұсындым: Томирис пен Кирдің тұлғалық қасиеттеріне баға бере алады; Оқушы өзінің бойындағы қандай жағымды және жағымсыз қасиеттері Томирис пен Кирдің тұлғалық қасиеттеріне сай келетінін анықтайды. Оқушы бұл тапсырманы орындағанда әлбетте ең бірінші жағымды қасиеттерін өз бойынан іздеп кейіпкермен сәйкестендіреді. Сәйкес келген жақсы қасиеттерін ары қарай дамытуын сұрап, оқушыны мадақтау керек. Бұл оқушының сенімділігін арттырып, өз кейіпкеріне еліктеуге жол ашады.

«Реалистік образ»-жасау әдісі. Тарихи кейіпкердің образына үңіле отырып, жүрген жолы мен тарихтағы орнына баға беріп, тұлғасын сипаттау, портретін жасау, шығармаларындағы сөзі мен айтқысы келген ойына үңілу, іс-әрекетін үлгі ету арқылы реалистік образды жасайды. Сол арқылы бүгінгі қоғамдағы ұқсас тұлғалардың рөлін, отбасындағы орнын, ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын көрсетеді.

Махамбет Өтемісұлының әр өлеңі, шығармасында сомдаған әр кейіпкері үлгі боларлық тұлға болса, ақынның өзі ер азаматқа тән «сегіз қырлы бір сырлы» қасиетімен нағыз идеал боларлық тұлға! Ұлдарымызды ұлықты, қыздарымызды қылықты етер нағыз идеал тұлғаларды насихаттау жолдарын жаңғыртайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Арыс, 2003. – 280 бет.
2. Қаипбаева А.Т. Махамбет Өтемісұлы – ұлт азаттығы жолындағы күрескер тарихи тұлға // Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының «e-history.kz» ғылыми журналы. – № 4(24). – 2020. – Алматы.
3. Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы. 12-14 беттер / Жумақұлова Мергул Канатовна
4. Өтемісұлы М7 «Жыр жебе» / М. Өтемісұлы. – Алматы: Өлке, 2012. – 128 бет.

ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ» ТАРИХИ ҚОЙЫЛЫМЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

(«Ұлы Дала мұрагері» тарихи қойылымдар курсы)

Карбоз Нағашыберген Ерденұлы

Астана қаласы, М.Дулатұлы
атындағы №68 мектеп-гимназиясының
тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер,
ҚР білім беру ісінің үздігі

Елді елдікке, ынтымаққа, бірлікке бастаған және сол жолда жанын сала күрескен ерлерді туғызған - заман. Тарихтың терең-терең қатпарларына көз жүгіртер болсақ, елдің есі мен санасында ұзақ сақталған небір орасан оқиғалар мен ел тәуелсіздігі жолында күрескен тау тұлғаларды көреміз. Осындай әйгілі тұлғаларымыз арқылы ел тарихын зерделеу – қазақтың таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Сондықтан, оқушыларымыз өз кезегінде ел тарихы мен артына өшпес із қалдырған алып тұлғаларымызды тарихи қойылымдар арқылы сахналап өнеге алуы тиіс. Бұл ретте оқушылардың рухани кемелденуі мен мәдени өсуіне ықпал етуді көздеген «Ұлы Дала мұрагері» 10 сыныпқа арналған тарихи қойылымдар курсының маңызы жоғары.

Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі ел тарихын оқытуда жаңашыл бағыт болып табылады. Бағдарламалық курс 2018-2021 жылдары М.Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясында «Ұлы Дала мұрагері» тәжірбиелік алаңы, республиканың үш облысының мектептерінде элективті курс ретінде апробациядан өтті. Бүгінгі таңда бағдарламалық курсқа қатысты бірнеше республикалық, қалалық мақалалар мен сабақ әзірлемелері жарық көрді. Авторлық бағдарлама «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық байқауында қорғалып 2 дәрежелі дипломмен марапатталды, республика көлемінде таратуға ұсынылды. Сонымен қатар, курсқа қатысқан мектеп оқушылары бірнеше конкурстардың жеңіпазы атанды. Республикалық «Жас Махамбетшілер» байқауында Гран-приге ие болды.

Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі білім беру жүйесінде аналогтардың болмауы, өз кезегінде ел тарихы мен артына өшпес із қалдырған алып тұлғаларымызды тарихи қойылымдар арқылы тарихи білімдер мен ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда теңдесі жоқ бағдарламалық курс болып табылады. Курстың ауқымы өзара пәндік байланыстармен бүкіл мектепті қамтиды. Қалалық, республикалық деңгейде тарихи қойылымдар шеруін ұйымдастыруға болады.

«Ұлы Дала мұрагері» тарихи қойылымдар курсының мақсаты: жас ұрпақтың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу.

Бағдарламаны жүзеге асыруда инновациялық технологиялар қолдану көзделген. Курс барысында оқушылар қазақ тарихының алтын қазығы, ұйытқысы болған ұлы тұлғаларды тарихи қойылымдар арқылы жетік білетін

болады.

Курс барысында оқушылар мына төмендегі тарихи қойылымдарды сахналайды:

- *«Алтын адам» туралы аңыз*
- *Қарахан мен Айша бибі*
- *Тәуке ханның «Жеті Жарғысы»*
- *Төле бидің Қарлығаш би атануы*
- *Төле бидің Сабалаққа (Абылайханға) бата беруі*
- *«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама жылдары»*
- *Ордабасы жиыны*
- ***«Ереуіл атқа ер салмай»***
- *Алашорда аманаты*
- *«Бірі-Күн, бірі -Шолпан, бірі-Айым»*
- *Сталин мен Рысқұловтың кездесуі*
- *«Отырдым тар қапаста күнді санап»*
- *«Мұзда жанған алау»*
- *«Алаш туы астында...»*

Жаһандану заманында ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ бойына сіңіріп сапалы білім, саналы тәрбие беруде аянбай еңбек етуіміз керек. Осы ретте, курстың ерекшелігі тарихи қойылымдардың сценарийін оқушылар өздері жазады. Төменде ***«Ереуіл атқа ер салмай»*** тарихи қойылымының сценарийі беріліп отыр.

«Ереуіл атқа ер салмай»

Жоспар:

I бөлім: «Ер Махамбет» (кіріспе сөз)

II бөлім: «Ереуіл атқа ер салмай» тарихи сахналық қойылым

III бөлім: Қорыту

I бөлім: «Ер Махамбет»

Кіріспе сөз: Қазақ рухының ұраншысы Махамбет Өтемісұлы 1803 жылы Ішкі Бөкей Ордасында, қазіргі Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Махамбет бір бойына шешендік, күйшілік, батырлық қасиет қатар қонған ерекше тағдыр иесі. Жастық шағын Жәңгір ханның жанында өткізседе әділетсіздік атаулыға жаны қас Махамбет ақырында хан сарайын емес, қарашаның қамын жейді. Патша өкіметінің озбыр саясатымен хан сұлтандардың ашкөздігіне наразылық барысында Махамбет замандасы Исатай Тайманұлымен тізе қосты. 1836-1838 жылдары Исатай бастап, Махамбет қолдаған шаруалар көтерілісіне 2000 дай адам қатысты. Ел басына күн туғанда ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алған ерлердің ісі Махамбет поэзиясында айрықша көрініс тапты. Ақынның жалынды жырлары ұлтының ұранына айналып жауынгерлердің намысын жаныды. Үзенгілесі Исатайдан айырылған Махамбет Бөкей Ордасында қолға түсіп, Орынбор түрмесінде отырып шығады. Сонда да ақын рухын сындыра алмаған патша өкіметі оның басына мың сом тігеді. 1846 жылы Махамбет қастандықпен өлтіріледі.

II бөлім: «Ереуіл атқа ер салмай» тарихи сахналық қойылым

Қатысушылар :

-Махамбет – Қазақ батыры
-Жәңгір хан – Бөкей ордасының ханы
Хан Ордасын қорғаушылар

Оқиға ХІХ ғасырдың І жартысында өтеді. Хан ордасы. Үстел басында Жәңгір хан отырады. Жан-жағында хан жақтастары.

Жәңгір хан(ойлы, үстел басында отырады. Махамбетті шақырады)

- Ау, Махамбет! Арамызда шыққан от ауызды, орақ тілді ақын емессің бе?

Жырла мені мақтап мына жұртқа.

Махамбет(үстел басына жайғасады)

- Айтсам айтармын хан Жәңгір, жұртқа жасаған ісінді. Қарапайым халықтың ақысын жеп, табаныңа таптамадың ба мына жұртты?

Хан емессің қасқырсың,

Қас албасты басқырсың.

Достарың келіп табалап,

Дұшпаның келіп басқа ұрсын!

Хан емессің ылаңсың,

Қара жұбар жылансың

Хан емессің аярсың,

Айыр құйрық шаянсың.

Жәңгір хан: - Тоқтат! Жетеді енді. Алып кетіндер! Зынданға тастандар!

Махамбет(зынданда отырады. төменде берілген өлең жолдарын айтады.

Зынданнан қашып шығады.)

Исатай деген ағам бар,

Ақ кіреуке жағам бар.

Хан ұлымен қас болып,

Қара ұлымен дос болып,

Хан үстіне барғанда,

Шабайық ханды дегенде,

Шапқандай ханды амал бар, -

Амал барда хан шапмай,

Тәңірім қылды – не амал бар?!

Ат туады байталдан,

Айт десең – лебіз қайтарман.

Төрт-бес жылдай алысып,

Мына тұрған Иса-екем

Ханның бір тауын қайтарған.

Ат туар ма шұбардай,

Ер туар ма бұлардай,

Дулығалы бас кесіп,

Дұшпанының қанына

Ақ алмасын суармай?!

Хан күзетшісі:- Уа, ханием хабарым бар, Махамбет түрмеден қашты.

Жәңгір хан: - Махамбетті қолға түсіріндер!

Күй орындалып тұрады. Ортаға Махамбет шығады.

Махамбет:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айырылып.
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорғаны мен едім.
Мен де айрылдым елімнен.
Көл қорғаны сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Аспанда ұшқан қызғыш құс!
Сені көлден айырған -
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған -
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып - айтпай немене,
Құсарлықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні!

ІІІ бөлім: Қорыту

Елана («Көш керуен» күйі орындалып тұрады)

Ақылы асқан Ер Махамбет бұл дүниеден өтер кезінде «Қазақтың ұраны-бірлік» деп көзін жұмған екен. Ия, содан бері екі ғасыр уақыт өтсе де бұл өсиет қазақ халқының әлі де көкейкесті, саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани мәселелерді шешуде Қазақстанның күн тәртібінде тұрған мәселе. Ел тәуелсіздігі үшін жан аямай тер төгіп, қасық қаны қалғанша күрескен батыр бабамыз Ер Махамбеттің қазақ халқына сіңірген еңбегі, атқарған қызметі өлшеусіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек, «Елтұтқа» ел тарихының әйгілі тұлғалары, Алматы 2007ж.
2. Т.Жұртбай, «Дулыға-1, Дулыға-2», Алматы «Жалын» 1994ж.
3. «Қазақстан тарихы» 5 томдық жинақ.
4. «Аңыз адам» журналы, барлық сандары.

МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ КАК СИМВОЛ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ БОРЬБЫ КАЗАХОВ: ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Умарканова Майра Уразкановна
Учитель истории,
ГКП на ПХВ «школа-гимназия
№14» акимата г.Астана

История Казахстана в период национально-освободительных движений –

это летопись созидания и духовной силы, борьбы и стойкости казахского народа.

Описывать события, которые имели место более сто пятидесяти лет тому назад, осмысливать историю, а тем более обращаться к историческим фактам, сложившимся в исторической науке в рассматриваемый период (конец XIX–начало XXвека), на самом деле сложно, но необходимо.

События той эпохи не утратили своей актуальности и сейчас, поскольку из исторической логики произошедших событий того времени мы пытаемся восстановить хронологию истории современного Казахстана, которые привели к образованию независимости.

Определяя критерии оценки национально-освободительных движений и восстаний большинство историков сошлись в едином мнении о влиянии трех факторов:

1. Соответствия движения национальной идее.
2. Четкости целей движения, являющегося оппозицией государственной власти.
3. Руководству национально-освободительным движением наиболее яркими лидерами, обладающих качествами стратега, дипломата и воина - полководца [1. с.79] .

Такими качествами обладал в полной мере М. Утемисов. Он являлся значимой фигурой в истории Казахстана в период национально-освободительного движения 1836-1838 гг.

Рассмотрим роль М.Утемисова в контексте исторических событий и его символического значения для казахского народа.

Важным сюжетом линии деятельности Махамбета Утемисова являлось стремление казахского народа к национальному пробуждению. Осознавая национальную самобытность и идентичность своей нации он активно начал выступать против колониального овладения со стороны российского империализма. Смелость, решимость и преданность Утемисова идеалам свободы и независимости вдохновляли многих казахов бороться за свои права и свободы. Он был не только вождём, военачальником, руководителем, но и глашатаем и его идеологом. Именно защита народных интересов и борьба за них сформировали личность Махамбета, прежде всего, в качестве общественно-политического деятеля, субъекта исторического развития. Весь вовлеченный в дело освобождения нации, все свои помыслы, деяния, талант и даже жизнь он отдал во имя этой высокой цели. Только с этих позиций и нужно понимать, знать и оценивать феномен Махамбета.

Махамбет Утемисов как и другие лидеры национально-освободительных движений был сторонником установления степной демократии.

Идеи демократизма Махамбета былинапрямую связаны с идеями о равенстве. Люди, по Махамбету, равны между собой, как по природе, так и по общественным отношениям. «Белая кость», «чернь» и другие разделения не свойственны людям ни по рождению, ни по существованию.

Известно, что в своих стихах он не только восхвалял саму идею национально-освободительного движения, но и гневно высказывался против

тех, кто угождал имперской власти.

Вот, например, выдержки из его поэзии:

«Кто не стер стремями ноги
Кто не слился с копьём на коне,
Кто не все еще вызнал дороги
И потник не изъездил вконец.
Кто так долго не жил у родного порога
Чтоб его не узнали ни мать, ни отец
Кто не знал день и ночь непокая
Кто не бредил едой и водой,
Кто не спал, расстеливши в степи
Лишь потник под собою,
С Полярной звездой
Тот еще не мужчина
Не воин, тот еще не герой»

Поэтическое наследие М.Утемисова было велико – около 100 произведений, вот почему его заслуженно признали символом культурной самобытности. Первая книга произведений М. Утемисова была подготовлена и выпущена в печать в 1925 году видным ученым, общественным деятелем Халелом Досмухамедовым. Последний всегда изучал наследие М.Утемисова и по крупице в течение всей своей жизни собирал исторические артефакты и поэтические произведения. До выхода книги в 1924 году Х. Досмухамедов опубликовал в номере журнала «Сауле» небольшую статью «Казахские батыры: Исатай, Махамбет». В этой статье он сделал обзор народных восстаний против царского правительства. Это наследие стало предметом обсуждения прошедшей в 2023 году в Атырауской области научно-практической конференции «История и духовная преемственность», где был поднят вопрос об утерянном наследии М. Утемисова и Х.Досмухамедова[2].

В период советской историографии позиции представителей казахской интеллигенции и лидеров антифеодальных восстаний расценивались как предательство своему народу[3]. Находились и те, кто пытался принизить роль и значение революционных настроев казахского народа. Например, И.Ерофеева и Б. Жанаева в труде «История Букеевского ханства» оценили восстание Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова как «протестное движение», а самих лидеров защитниками «отжившего уклада жизни», борцами против «неизбежного грядущего»[4].

Нам известно, что восстание И.Тайманова и М.Утемисова не носило эпизодический характер, а стало этапом целой национально-освободительной революции. На наш взгляд, любое историческое явление подчинено общим закономерностям. Малые ли это или большие национально-освободительные движения они в той или иной мере послужили символом независимости будущего государства.

В современной истории Казахстана М. Утемисов продолжает оставаться

символом национальной идентичности и борьбы за свободу. Его имя и достижения используются как источник вдохновения для нового поколения казахского народа, стремящегося к сохранению своей культуры и исторического наследия.

Махамбет Утемисов стал не только исторической фигурой, но и символом национально-освободительной борьбы казахов, который продолжает вдохновлять в стремлении к свободе, независимости и сохранению культурного наследия.

Список использованных источников:

1. Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С. Современная история Казахстана / Под общей ред. Б.Г. Аягана – Алматы- Раритет.- 2010.- 432 с.
2. Об утерянном наследии Халела Досмухамедова// <https://www.astanatv.kz/ru/news/100430>
3. Макалаков Т.Ж., Касимова С.С., Тлеугабылова К.С. Историография национально-освободительных движений в Казахстане в XVIII – начале XX вв. в трудах представителей казахской интеллигенции // Научное обозрение. Реферативный журнал. – 2017. – № 1. – С. 22-26
4. Жанаев Б.Т., Иночкин В.А. История Букеевского ханства, 1801-1852 гг: сборник документов и материалов. Дайк –пресс 2002, 1118 с.

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Шакирова Гульназия Еркемрзаевна

Ақмола облысы

Қоянды ауылы

№1 орта мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі

Ұлттық бірегейлік мәселесін Махамбет Өтемісов шығармашылығында қазақ халқының мәдениетіне, дәстүрлері мен тарихына деген терең құрмет байқалады. Оның шығармалары қазақ ұлтының рухын бейнелейді, оқырмандар мен көрермендерге өздерінің ұлттық ерекшеліктерін жақсы түсінуге және бағалауға көмектеседі. Құндылықтар мен морал- Өтемісов шығармаларында әділеттілік, мейірімділік, адалдық және ынтымақтастық сияқты маңызды құндылықтар жиі қозғалады. Ол өзінің әңгімелері мен өлеңдері арқылы оқырмандарды жақсы істерге және дұрыс өмірлік таңдауларға шақырады.

Патриотизм және Отанға деген сүйіспеншілік: Өтемісовтың еңбектерінде патриотизм мен Туған жерге деген сүйіспеншілік мотиві жиі байқалады. Ол отандастарын өз елінің табиғатына, тарихына және мәдени мұрасына ұқыпты қарауға шақыра отырып, Отан бейнесін көтереді.

Этика және адамгершілік: өз еңбектерінде Өтемісов оқырмандарға олардың моральдық санасы мен эмпатиясын дамытуға көмектесетін күрделі жағдайлар

мен дилеммаларды қоя отырып, адамгершілік пен этика туралы сұрақтар туғызады.

Білім беру және өзін-өзі жетілдіру: Өтемісовтың көптеген шығармаларында оқырман тұлғасының дамуына ықпал ететін білім беру компоненті бар. Ол өзін-өзі дамытуға, білімге ұмтылуға және үнемі жетілдіруге шабыттандырады.

Жалпы, Махамбет Өтемісовтың шығармалары жас ұрпақты тәрбиелеуде, олардың дүниетанымы мен құндылық бағдарларын қалыптастыруда, сондай-ақ қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Толеранттылық және айырмашылықтарды құрметтеу: Өтемісов шығармашылығында толеранттылық және айырмашылықтарды құрметтеу тақырыбы байқалады. Ол әртүрлі мәдениеттердің, халықтардың және діндердің бейбіт қатар өмір сүруінің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл оқырмандардың басқа мәдениеттер мен дүниетанымдарға ашықтығын қалыптастыруға көмектеседі, мәдениетаралық диалог пен ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

Эмоционалды даму: Өтемісовтың шығармаларында терең эмоционалды әсер бар. Ол оқырмандарға қуаныш пен қуаныштан бастап қайғы мен жанашырлыққа дейін көптеген сезімдерді ояту үшін тіл мен бейнені шебер қолданады. Бұл эмоционалды интеллектті дамытуға көмектеседі және басқаларға эмпатия мен эмпатияны қалыптастыруға көмектеседі.

Тарихи жарықтандыру: Өтемісовтың көптеген шығармалары тарихи оқиғалар мен тұлғаларды жарықтандырады, халықтың тарихи жадын сақтауға және беруге үлес қосады. Бұл оқырмандарға өз елінің тарихын, оның дәстүрлері мен құндылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, бұл олардың мәдени тұқым қуалаушылық мақтанышын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сыни ойлауды дамыту: Өтемісов шығармашылығында рефлексия тудыратын және сыни ойлауды ынталандыратын Әлеуметтік және саяси мәселелер жиі қозғалады. Ол өз шығармалары арқылы оқырмандарды жағдайларды өз бетінше талдауға, өз пікірлерін тұжырымдауға және қоғамдық өмірге қатысуға шақырады.

Осылайша, Махамбет Өтемісовтың шығармалары көркем шедеврлер ғана емес, сонымен қатар оқушылардың эстетикалық, этикалық және зияткерлік әлеуетін дамытуға ықпал ете отырып, тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Нарынның топырағында өскен Махамбет өлеңдеріндегі басты идея, негізгі ұстаным – азаттық сарын, ұлттық рух. Өз заманындағы халықтың басынан кешкен қиындығына шыдамаған өр рухты батырдың өлеңдерінде өрілген дүние де намыс пен рухтан тұрады. Махамбет өлеңдерін бүгінгі әдебиеттің теориясымен талдайтын болсақ, азаматтық лириканың сарынын бірден аңғарамыз.

Махамбеттің өлімі оның XX ғасыр әдебиетіндегі бейнесі.

Билік Махамбетпен не істеу керектігін ұзақ уақыт білмеді, өйткені оны өлім жазасына кесу қазақтар арасында тәртіпсіздік тудыруы мүмкін деп қорқады. Бірақ олар ойлаған кезде Махамбет жасырынып үлгерді. Бұл 1841 жылы болды. Тағы 5 жыл бойы ол бақыланады, оны қалыптастыруға тырысады, содан кейін Махамбетті аяқтау туралы бұйрық берілді. Содан кейін дала

бойынша келіссөздер жүргізу үшін Махамбетке делегация жіберіледі деген қауесет тарады. Қазақ үшін қонақтар-қасиетті. 20 адам келді. Олар: араздықты ұмытайық, Жәңгір хан қайтыс болды, сұлтаннар сені кешіреді. Махамбет қонақтарды киіз үйге шақырды. Ол шабуыл күткен жоқ. Қонақтардың кісі өлтіруді жоспарлап жатқанын көргенде, кеш болды. Ол күресті, бірақ күштер тең болмады, ал қан құйып құлаған кезде оның басын қылышпен кесіп тастады. Махамбетті өлтіру кезінде кибиткада оның екі әйелі Ултуған мен Типан болды, олар кісі өлтірудің болғанын көрді және бұл туралы шекара комиссиясы қылмыстың ізімен жүргізген тергеу кезінде айтты. 1846 жылы 4 қарашада таңертең Баймағамбет шатырына үш адам кірді. Олар қызыл барқытпен жабылған науаны алып жүрді. Науада Баймағамбет жауының басын көрді. Махамбет өлтірілгеннен кейін Баймағамбет Санкт-Петербургке барды дейді. Патша оған қолын созып, генералдарға көтерді. Бірақ сұлтан үйге оралмады. Жігіттер оны Махамбет пен Исатай алғашқы жеңіске жеткен жерлерге өзенге батырды.

Жақсылық пен жамандық туралы ойлағанда, біз көбінесе зұлымдық күштірек деп ойлаймыз, бұл жолы ол жеңіске жетті, батырлар қайтыс болды. Бірақ көбінесе зұлымдық жасайтындар өз өмірлерін бір қадам ғана есептейді. ИЯ Баймағамбет Махамбетті өлтірді, бірақ бұл оған бақыт пен даңқ әкелмеді. Яғни, Даңқ алды. Бірақ қайсысы? Ал Махамбет батыр ретінде қайтыс болды және батыр ретінде есінде.

Өкініштен маған қандай жеңілдік бар?

Бұрынғы уақытта не жылау керек?

Мен серіктестердің соңғысымын

Өліммен өзі күресуі керек.

Бір қызығы, 70-ші жылдардың ортасында ең танымал кеңес ақындары-Олжас Сүлейменов пен Андрей Вознесенский Махамбеттің поэзиясына жақын болды. Бастапқыда Сүлейменов Вознесенскийге бүлікші ақын Махамбет Өтемісовтің өлеңдерін орыс тіліне аударуды ұсынды, бірақ ол өзінің аудармасына соншалықты көп үлес қосты, бұл "Махамбетті Оқу"өзіндік циклі болды. Цикл төрт тармақтан тұрады-жебелер, дала әдет-ғұрпы бойынша, әлемнің төрт жағына жіберілді. Міне, олардың атаулары: "қара түйелер", екінші жебе" артта қалған аққу", үшінші Жебе" жалбарыну "немесе" ақын әні "және төртінші Жебе"Бостандық". Цикл Махамбет көтерілісінің қатал кезеңінде "ай дәуірінен" ақынның батырылуымен басталды.

Қорытындылай келе, Махамбет Өтемісовтың шығармалары Елеулі тәрбиелік әлеуеті бар құнды әдеби және мәдени мұрагер болып табылады. Ол өз шығармалары арқылы оқырмандарды мейірімділікке, әділеттілікке, патриотизмге және төзімділікке шабыттандырады, оларға құндылық белгілерін қалыптастыруға және эмоционалды, интеллектуалды және адамгершілік әлеуетін дамытуға көмектеседі. Өтемісов қазақ мәдениетінің сұлулығы мен тереңдігін көрсетіп қана қоймай, оқырмандардың қоғамдық пікірталасқа және өзін-өзі дамытуға белсенді қатысуына ықпал ете отырып, маңызды әлеуметтік және философиялық мәселелерді көтереді. Оның шығармашылығы Қазақстанның мәдени мұрасының байлығына жарық түсіріп, ұлттық

бірегейлікті терең түсіну мен құрметтеуді қалыптастыруға үлес қоса отырып, өзекті және шабыттандырушы болып қала береді. Қорытындылай келе, Махамбет Өтемісовтың шығармалары Елеулі тәрбиелік әлеуеті бар құнды әдеби және мәдени мұрагер болып табылады. Ол өз шығармалары арқылы оқырмандарды мейірімділікке, әділеттілікке, патриотизмге және төзімділікке шабыттандырады, оларға құндылық белгілерін қалыптастыруға және эмоционалды, интеллектуалды және адамгершілік әлеуетін дамытуға көмектеседі. Өтемісов қазақ мәдениетінің сұлулығы мен тереңдігін көрсетіп қана қоймай, оқырмандардың қоғамдық пікірталасқа және өзін-өзі дамытуға белсенді қатысуына ықпал ете отырып, маңызды әлеуметтік және философиялық мәселелерді көтереді. Оның шығармашылығы Қазақстанның мәдени мұрасының байлығына жарық түсіріп, ұлттық бірегейлікті терең түсіну мен құрметтеуді қалыптастыруға үлес қоса отырып, өзекті және шабыттандырушы болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ шежіресі. 2 том. Орта жүз-жан арыс, Теңізбай Үсенбаев,. Дата обращения: 24 ноября 2018. Архивировано из оригинала 25 ноября 2018 года.
2. Оковы // Казахское ханство. — Алматы: Аруна, 2011. — ISBN 9965-26-170-9.
3. Звезда и смерть Махамбета Утемисова. Дата обращения: 24 октября 2011. Архивировано из оригинала 13 апреля 2016 года.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН АҚЫНДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Кульбаева Толганай Абдыкалыковна

Астана қаласы

М.Мақатаев атындағы

№74 мектеп-лицейінің

тарих пәні мұғалімі

Мен - мен едім, мен едім!
Мен Нарында жүргенде
Еңіреген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Қай қазақтан кем едім?
Бір қазақпен тең едім.
Өздеріндей хандардың,
Қарны жуан билердің
Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып,
Сұлтанын суға сұлатып,
Ханшасын қақпа алдында жылатып,
Ернін еттей тесісіп,

Кеңірдегін кесісіп,
Жыраға басын түсіріп,
Жылғадан қанын ағызып,
Басын кессем деп едім!

Махамбет Өтемісұлы -- 1804 жылы, Ішкі Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданының Нарын құмының Жасқұс деген жерінде дүниеге келген. 1846 жылы 20 қазанда, Қараой өңірінде, (қазіргі Атырау облысының Индер ауданында) — қазақтың әйгілі жырауы, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836–1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы қаскүнемдердің қолынан қапылыста мерт болған. Оны Қазақ хандығының соңғы жырауы деп тануға болады.

Махамбет -- Байұлы ішіндегі Беріш руының Жайық бұтағынан. Нәдір деген кісіден Мәлі (кейбір деректе Құлмәлі, Құлманияз деп айтылады) туады. Мәлінің қазақ әйелінен Өтеміс пен Шыбынтай, қалмақ әйелінен Қобылай туған. Өтемістен - он ұл, Шыбынтайдан - төрт ұл, Қобылайдан - үш ұл туып, Мәлі ұлдың өзінен он жеті немере сүйген адам. Бұл әулет Тайсойған құмындағы іргелі ауылдардың бірі. Атасы Құлмәлі, әкесі Өтеміс те өз заманында айтулы тұлғалары болған, Құлмәлінің тұқымынан би де, шешен де шыққан.

Махамбет өзінің барша болмыс қасиеттерімен ерекшеленген тұлға. Көшпелілердің көсемдерінің бірі. Ол өзі туып өскен өңірдің Қамбар батыр, Ер Тарғын, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиёмбет, Доспамбет сияқты біртуар тұлғаларының өлмес мұраларын көкірегіне тоқып өсті. Өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, қыр сырын жетік меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар адам болған. Орыс, татар, араб тілдерін тәуір меңгерген. Мұны ол жазған хаттардан айқын аңғаруға болады.

1836–1838 жылы Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісінің жалынды жыршысы, қозғалысты ұйымдастырушылардың бірі болды.

Махамбет -- Жәңгір ханның қудалауымен екі жыл түрмеде отырып, 1831 жылы қашып шыққан. Саналы өмірін патша өкіметінің отарлық саясатын жүзеге асырушы хан-сұлтандарға қарсы кекті жырлар толғайды, халықты күреске шақырады.

Көтеріліс жеңіліспен аяқталғаннан кейін Жем, Жайық, Маңғыстау, Хиуа елдерін сағалайды, жасақ жинап, көтерілісті жаңадан жандандыруға күш салады. Жыраудың бұл ниеті нәтижесіз болды. Бөкей ордасында қолға түсіп, Орынбор түрмесіне қамалады. Тұтқыннан босағаннан кейінгі өмірін Кіші жүздің батыс бөлігіндегі ел ішінде өткізеді. Бірақ, Жәңгір хан өлген соң аға сұлтан болған Баймағамбет Айшуақұлының жалдамалыларының қолынан қапылыста қаза тапты.

Махамбет — халықты патшалық, хандық өкіметке қарсы қарулы көтеріліске шақырған алғашқы қазақ ақыны. Оның бейнелі де жалынды негізінен Шалкиіз, Сыпыра, Доспамбет, Қазтуған сияқты батыр жыраулардың үлгісінде шығарылған көтеріліс туралы толғаулар. «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» деген өлеңдерінде үстем тап өкілдерін бет-пердесін жыртып шенесе, «Мұнар күн» өлеңінде ел басындағы ауыртпалықты күйзеле, ашына айтты.

Исатай — ақынның кеп өлеңдерінің басты қаһарман. «Тайманның ұлы Исатай», «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Тарланым», т.б. өлеңдерінде Исатайдың адамгершілігі, азаматтығы, батырлығы, қайсарлығы сипатталады.

Ақынның жырлау стилі ерекше. Қуатты сөзі айтылуымен, жазылуымен ерекшеленеді. Махамбет жыраулық поэзия дәстүрін шебер дамыта отырып, қазақ өлеңінің табиғатын жаңартты. Махамбет шебер күйші де болған, оның 11 күйі «Шашақты найза, шалқар күй» деген атпен жарық көрді (1982). Ақын өлеңдерінің халық арасына тарауына Ш.Жарылғапұлы, Қуан ақын, кішкене Кобыланды, Қубала, Лұқпан, Мұрат, Ығылмандар әсер еткен. Алғаш «Мұрат ақынның Тұмар қажы оғлына айтқаны» деген жинақта (Қазан, 1908) Махамбеттің 100 жолдан астам екі толғауы басылды. Ғ.Мүштак құрастырған «Шайыр яки қазақ ақындарының басты шығармалары» жинағында (Орынбор, 1911) Махамбет толғауынан үзінділер берілді. 1939 ж. Қ.Жұмалиев Махамбет өлеңдерінің жинағын шығарды. Ақынның 200 жылдық мерейтойы аталып өтіп (2003), 4 томдық жинағы жарық көрді.

Ақын халық бұқарасының зор күшіне сенеді. Егер ел болып бірігіп, әділетсіз хандарға қарсы шықса, ханды тақтан тайдыратынына күмән келтірмейді. Махамбет халықтың ханнан көрген жәбір жапасын жырға қосып айтады.

Махамбет қазақ әдебиетіне, оның жыраулық поэзиясына ерекше жаңалықтар әкелді. Кейін ұлы ақынның үлгісін Батыс Қазақстанды мекендеген ақындардың көпшілігі пайдаланды, үйренді.

Жас буынның Махамбеттен үйренері өте көп.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазаш әдебиетінің тарихы. Алматы, 1994.
2. Қазақтар. Тарихи тұлғалар. II том, Алматы, 1998.
3. XIX ғасырдағы қазақ ақындары. Алматы, 1988.
4. Сүйіншалиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. Алматы, 1992.
5. Бес ғасыр жырлайды. Т. 1. Алматы., 1989.

ИСАТАЙ МЕН МАХАМБЕТ – ӨЛШЕУСІЗ ЕРЛІКТІҢ СИМВОЛЫ

Нургазин Оралгазы Ергазинович

Астана қаласы

Мәшһүр Жүсіп атындағы

№57 орта мектептің

тарих пәні мұғалімі.

Тәуелсіздік - ежелден еркіндікті серік етіп, ешкімнің бұйрығынсыз азат өмір сүруді ту еткен қасиетті бабаларымыздың келер ұрпағына сақтаған қасиетті мұрасы. Елбасымыз өзінің «Тәуелсіздік белестері» атты еңбегінде: «Біздің халқымыз тарихтың қатпар - қатпар қыртыстарына тамырын терең жіберген қиын да қызықты тағдыр кешті. Ол негізінен тәуелсіздік жолындағы

күрестен өтті. Бүгінгі Қазақстанның алдына уақыт қойып отырған міндеттердің ауқымымен артар жауапкершілік жүгін әлгіндей оқиғалардың таңбалы тарихи тізбегін, ата - бабаларының жүздеген ұрпақтарының жанын жай таптырмаған азапты ізденістерін ескермей тұрып бағалау да, бағамдау да қиын» - деп атап көрсетті. Демек, қазақ халқы үшін тәуелсіздік қана емес, тәуелсіздік жолында бар өмірін сарп еткен, ел бостандығы мен еркіндігі жолындағы күрескерлер батылдығы сүйсінуге лайық. XIX ғасырдың 20 - 30 - жылдарындағы көтерілісшілер өлкеде езушілерге қарсы күрес туын жоғары сатыға көтеріп, әлеуметтік бостандық жолындағы күрес эстафетасын жаңа ұрпақтарға ұстатты.[7]

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы – ұлт тәуелсіздігі жолындағы күресте ақберен батыр – сардарлығын, күрескерлігін көрсетті. Ұлт - азаттық көтеріліс кезінде білектің қуат күшін, жүректің жалын - нұрын, намыстың найзағайын ерекше екпін - серпінмен жарқырата танытты. Ішкі Орда шаруаларының ұлт - азаттық қозғалысында ел жадында қалып, даңқ тұғырына көтерілген Исатай сарбаздарымен бірге Махамбетте «Толарсақтан саз кешіп», «Күмісті мылтық қолға алып» тәңір салған тағдырға, қиын - қыстау кезеңге, кезеңнен жауға тап болған еді. Бұратана деп бүйірден түртіп, ішке екпіндеп енген, қалың көпті құлдық құрсауына мықтап матамақшы саясатқа табан тіреген – Ресей империясының отаршылдық саясатын жүзеге асырушы патша өкіметінің әскерлері, Жайық казактары, жергілікті феодалдардың езгі – тепкісі тым қатал да тегеурінді - тін. Ел – жерді жат - жұрттықтардың екпін - тепкісінен, бұғаулық құрсауынан азат ету әрбір жұмыр басқа, әсіресе, ұлт ұраншылары Исатай - Махамбет үшін ар - намысты таптау, ақыл - парасатты тұсау, екі көзді бір - біріне жау санау, әрі қиянат – қасіретпен пара - пар еді. Ұлт - азаттық күресіне Исатай - Махамбет және оның мұраттас серіктестері жанын жалау етіп, жүректің, көңілдің қалауымен белсенді түрде қатысты. Ұлт ұраншылары – «Егеулі найза қолға алып», «Толарсақтан саз кешіп», «Ежелден табан андысқан» ата дұшпанға қарсы азаттық күресіне шықты. Өйткені: азаттық, тәуелсіздік жолындағы жорық – әділетті күрес, ер - жер тағдырына қатысты қасиетті де киелі, сауапты іс болатын. Исатай - Махамбет көтерілісі азаттық, теңдік, тәуелсіздік сынды ұлттық мұрат пен халықтық асқақ арманның биік рухын жан - жақты көрсетті.[5]

Халық қозғалса хан тағында тұра алмайтынын да айқын аңғартты. Қазақ сахарасында, әсіресе Ақбұлақтағы айқас, Қиялы моладағы, Теректі құмдағы, Тастөбедегі ұрыс - тартыстар, Қараойдағы қанды оқиғалар – XIX ғасырдың 30 - жылдарындағы Ресейдің отаршылдық езгісіне, елді басқару жүйесіндегі әлімжеттік, өктем де озбыр көзқарас - пиғылдарына бірден - бір қарсылық ұлт - азаттық күресі болып табылады. Жаумен шайқасуға даяр болуды, осы жолда небір қиыншылықтар болатынын, бірақ қиналмай, шаршап - шалдықпай нәтижелі іске, жеңіске жету мүмкін еместігін ескертеді, нендей ауыртпалық болса да шыдау керектігін, үлкен мақсат жолында жан тыныштығын ойламай, «ереулі атқа ер салып, егеулі найза қолға алып... түн қатып жүру» керектігін айтады. Осындай жүрісте «атақты ермен бірге өлсе, жігіттің болмас арманы!»- деп халықты қайраттандырды. Нәтижесінде көптің кегін қайтарды, өздері

азаттық күресінде ұлт мұраты жолында мерт болды.

Махамбет ақынның он бестей шығармасы көтеріліс барысында туған. Ақынның қолма - қол шығарып, халық алдында айтқан өлең – толғаулары сарбаздардың көңіл - күйіне, рухына ғаламат әсер етіп, олардың жігерін қайраған, намысын қозғаған, ерлік сезімін оятқан.[6]

Исатай мен Махамбет – нағыз жауынгер, ақын, ержүрек батыр. Олар өте батыл болуымен бірге барынша тәуекелшіл. Осы қасиеттерімен көне түркілік өмірдің, түркілік мінездің ерекшеліктерін еске түсіреді. Қандай жағдай болса да ат үстінде жүретін, әп - сәтте дұшпанмен шайқасқа дайын тұратын, алған бетінен қайтпайтын, өштессе өлгенше қоймайтын, қай кезде де өзін еркін ұстайтын түркі азаматының келбетін көрсеткен. Ежелгі дәуірдегі қаталдық та, қатыгездік те, бір беткейлікте, көзсіз батылдық та қазақ қоғамында жаңа түрде көрінген. Түрік тайпаларының ерлігінен Күлтегін мен Білге қаған жазбалары, бұл көтеріліс туралы Махамбет жырлары шындықты көрсетер айғақ болып қалған. Халық аузындағы Исатай - Махамбет күресі туралы әңгімелерден көптеген олардың ерлік қасиеттерін байқаймыз. Исатайдың соңынан халықты ертетін, жаудан жанын аямайтын, жауласа қолдың алдында, қашса артында қалу қасиеттері жастарға халқы мен Отанын қорғауда үлгі боларын байқаймыз. Көптің арызын айтамын деп айып тартуы, халықты аяп, қан төкпеймін деп, Орданы қамағанда алданып қалуын, Жайықтан өтерде орысты қамап тұрып, барлық күшін, жолдастарын аман - есен өткізген соң ғана өтуін нағыз ерен ерлік деп бағалап, батырлардың қадірін ұрпаққа дәріптеу үлкен парыз.

Кіші жүздегі Исатай мен Махамбеттің жігерлігі мен алғырлығы арқасында ұйымдастырған азаттық үшін күрес жеңіледі. Алайда, бұқара халық өз азаттығы үшін күрескен ерлерді есінде мәңгі сақтап қалды.

Олардың ерлігін Ресейдің прогресшіл көзқарастағы саналы азаматтары да жоғары бағалады. Исатай туралы тұңғыш мақала жазған Н. Совичев былай деген: «Тып - тыныш тұрған әлемде, қап - қара тұнық аспанда кейде жарқырап, зулап жан - жағына отын шашып, жұртты таң қалдырып келе жатқан метеорды көресіз. Тап осы метеор сияқты жарқын бейнелі, абзал, терең ақыл - ойдың иесі халық қамын ойлаған қажырлы батыр – Исатай». Осы көтерілістің тарихын алғаш зерттеген совет тарихшысы А. Ф. Рязанов Исатай қызметін жоғары бағалап, «Исатай батырдың есімі – халықты азат етуші күрескер революционер ретінде қазақ халқының ұлттық ерлерінің қатарына қойылуы керек», - деп жазды. А. Ф. Рязанов Исатайды қазақтың ұлттық батыры деп орынды атаған. Көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басынан өткен ауыр әрі қауіпті оқиғаларға мойымай асқан қайсарлық көрсетіп, жауларымен өмірінің ақырына дейін алысқандығын жазған.

Исатай мен Махамбет туралы С. Досмуханбетов еңбегінде көтерілістің пайдасы мен зиянын көрсеткен. Пайдасына қазақтар өз алдына ел екенін білдірді, ұлт сезімін қозғады, қазақтың бірігуіне себеп болды, халыққа патша өкіметін танытты, хан, сұлтандардың дұшпандығын көрсетті, үлгі алған батырлар, Исатай мен Махамбет жеткіншектерін көбейтті деп жазған. Ал зияны елді бытыратуы мен жеңілістен кейін халықты жазалауын айтқан. Сонымен бірге, көтеріліс патша өкіметіне көп тәжірибе бергендігін жазады. Яғни, патша

өкіметінің қазақты езгіде ұстай алмайтындығына көзін жеткізген. [8]

Сол кезеңде шаруалар көтерілісінің жеңіске жетуі қиын еді. Ал Исатай мен Махамбет еңбегінің тарихи маңызы неше бір қиындық пен азапқа қарамастан азаттық үшін ұлы дүбірді ұйымдастырып, езілген халықтың өз бостандығын тек қарудың күшімен, күреспен ғана жеңіп алуға болатындығына көзін жеткізіп, сенімді арттыра түсуінде болды. Бұл күрес пен арман қалың жұрт санасында ерекше орын алып, болашақ күреске жігерлендірді.

Қазақ кедейлерінің көсемі Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының есімі – халық есінде. Атырау облысында Исатай, Махамбет атында аудан бар. Исатай ауданының орталығы Аққыстауда батыр ескерткіші орнатылған. Атырау қаласында мұражайы жұмыс жасайды, қала көшелеріне, орта мектептерге есімі берілген. «Мінгені Исатайдың Ақтабан - ай» атты деректі фильм түсірілген. И. Тайманұлының 200 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып өтті. Ақтөбе облысы Қобда ауданында Исатай мен баласы Оспанға шайқас болған жерде ескерткіш қойылған.

Исатай мен Махамбет – халқы үшін қасірет шеккен күрескер, едікке де, есерлікке де жаны қас өлшеусіз ерліктің символы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кенжалиев И. Исатай-Махамбет. А., 1991
2. Досмұхамедов Х. Исатай-Махамбет. А. 1991
3. Сарай Ә. Исатай — Махамбет тарихы. - А. 1997
4. Махамбет кітапханасы. 20 томдық. - Алматы: «Өлке» баспасы. 2003–2004
5. Махамбет әлемі. 20 томдық. Алматы: «Арыс» баспасы. 2003–2004
6. Исатай батыр. Алматы. «Арыс» баспасы. 2004
7. Махамбет батыр. Алматы. «Арыс» баспасы. 2004
8. Есмағамбетов К. «Азат рухтын күрескері». Алматы, 2003
9. Бердіғожин Л. Исатай мен Махамбет — халық көтерілісінің сардарлары, Алматы «Өлке баспасы» 2011
10. Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр - 1914 жыл). Алматы: «Мектеп» баспасы, 2004. 21 бет

МАХАМБЕТ-ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ЖАРШЫСЫ

Қаракеева Ұлман Құрманбекқызы

Қызылорда қаласы

№211 А. Байтұрсынов атындағы

орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Бүгінгі ұрпағымыз алған азаттық, еліміз ие болған егемендік-халқымыздың сан ғасырлар бойғы ежелгі арманы. Тәуелсіздік жолында қаншама азаматтарымыз қанын төкті, жанын қиды. Бодандықтан құтылу, бостандықтың туын тігу жолындағы халықтық қозғалыстар тарихында 1836-1838 жылдардағы

ұлт-азаттық көтерілісінің қазақ тарихында мәнін жоймайтын маңызы бар. Исатай Тайманов сол көтерілістің ұйымдастырушысы болса, Махамбет Өтемісұлы өршіл де отты жыр-толғаулары арқылы бұқара халықтың тәуелсіздік жолындағы күресінің айбынды қаруына айналған ұраншысы болған. Ақын өлеңдері қазақ халқын жігерлендіріп, ерлікке шақырды. Оның өткір сөздері алмас қылыштың жүзінен кем түскен жоқ.

Өтемістің ұлы Махамбет батырдың атасы Құлмәлі әрі би, әрі батыр, суырып салма шешен болса, әкесі Өтеміс те Бөкей дәуіріндегі беделді билердің қатарында саналған. Махамбет өз жырларында:

Өтемістен туған он едік -
Онымыз атқа мінгенде,
Жер қайысқан қол едік!
Біз ер едік, ер едік,
Ен Нарында жүргенде
Талма талтүс шағында
Тай жеген тарлан бөрі едік...- деген мәлеметтері де Өтемістен он ұрпақ тарағандығынан хабар береді. Осы он ұлдың Бекмұхамбет, Қожахмет, Сүлеймен, Қасен, Есмайыл, Досмайыл, Ыбырайым халықтың басына күн туған шақта азаттық қозғалысының белді қатысушыларының қатарынан табылған.

Осындай текті ұрпақтан тараған Махамбет те он жасынан өлең шығарып, турашылдығымен, аузын ашса отты жыр ақтарылар ақберен ақындығымен, ерен ержүректілігімен ерекшеленген.

Әлеуметтік теңсіздікке төзбей, халықты теңдікке, өз билігін өзі алуға үндеп, көпті маңына топтастыра отырып, күреске шақырған дарынды қасиет иесі ретінде Махамбет бүкіл қазақтың ардақ тұтар арқалы да аруақты, айбынды да азатшыл арысына айналды. Бала кезінен әрі мұсылманша, әрі орысша оқып, зердесін кеңейткен тұлға. Махамбеттің бойындағы осы асыл қасиеттерді көре білген Жәңгір хан оны өз баласы Зұлқарнайынға 1824-1828 жылдар аралығында тәрбиеші, әрі сарай ақыны ретінде пайдаланғысы келді. Бірақ ақын хан сарайында ұзақ тұра алмай, қан жылаған халықтың ауыр тұрмысын жоқтап, Исатай Таймановтың қатарынан біржолата орын алады.

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға,
Қас үлектен туған қатепті
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,
Бір-біріндеп сөксе де
Қабағын шытпас ер керек
Біздің бүйткен бұл іске,-деп тәуелсіздік жолындағы өрелі істерге бастама болатын ерлер керек екенін, өзінің де әділет жолына бір жола бет бұрғандығын көрсетеді.

Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс-тәуелсіздіктің басы еді, әділет үшін майданның алғашқы қадамы еді, ұлт бостандығының тұңғыш бой көтеруі еді.

Махамбет Өтемісұлының өмір тарихында 1836-1838 жылдардағы ұлт-

азаттық көтерілістің алатын орны ерекше. Сипаты жағынан патшаның отарлық саясатына қарсы бағытталған көтерілістің қозғаушы күші патшаның және Жәңгір ханның саясатына көңілі толмаған шаруалар, халықтың мүддесін жоғары қойған старшындар, билер болды.

Тәуелсіздіктің ұлы ақыны – Махамбет Өтемісұлы екені даусыз. Хан-сұлтандарға билерге ашынып айтқан әрбір жырының астарында әділет жатыр, әділеттің аржағында бостандық басын биікке көтерген, бостандықтың аржағында тәуелсіздік еңсесін көтеріп, ел-халқының алдында шамшырақ жұлдыздай, бағыт берер темірқазықтай жарқырай жанады.

«Туған ұлдан не пайда?» өлеңінде ақын барша келер ұрпаққа үн тастайды. Түрлі сұрақтар қою арқылы, болашақтың жас ұрпағына, жас жеткіншектерге үлгі болар ұғымды жеткізеді, аманат етіп:

Ақ жұмыртқа, сары уыз,
Әлпештеп қолда өсірген,
Туған ұлдан не пайда?
Қолына найза алмаса,
Атаның жолын қумаса,
Алаштың байлығынан не пайда?
Құланнан басқа ел таппай,
Қонарына жер таппай,
Маңқиған сары даладан,
Екіндіде құлаған,
Тарылып келген ерлерге,
Қайыры оның болмаса?..

деп түйеді. Толғамалы ақ мылтық толғап ұстар күнге ұмтылған ақын елін, жұртын, ұлтын ұлттық тәуелсіздікке үндейді.

Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтың кегін қусайшы,
Артымыздан біздердің,
Ақырып теңдік сұрарға! –

дейді, күрескер ақын. Теңдік алу – бақытқа жету жолы екенін ұғынған ақын. Сол үшін жанын пида етуге бар. Жанын сол жолда пида етті де!

Махамбет Өтемісұлының тәуелсіздік жолындағы күресін, елді тәуелсіздікке үндеген жалынды жырларын келешек ұрпақтың бойына сіңіріп отыруымыз қажет. Осыған орай мен сіздерге 7 сыныпқа өткізген сабағымды ұсынғым келеді.

7 сыныпта Қазақстан тарихы пәні бойынша «1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі» тақырыбы бар.

Оқу мақсаттары: 7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау

7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

Сабақ барысында ұйымдастыру жұмыстары жүргізілгеннен кейін, зерттеу мен талдау тапсырмаларын беремін.

1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс «Ақпаратты талдайық» Топтар мәтінде берілген ақпаратты Бөкей Ордасындағы әлеуметтік топтардың өкілі ретінде

талдайды. Әр топ өз тақырыптарына қатысты мәтін мазмұнын оқып, мәселені талдап, зерттейді. Төрт топтың жұмысы бағаланады, олардың жасаған тұжырымдарына комментарий беріледі/ (Мәтінді оқу үшін әр топқа 8 минут, игерген ақпараттарын жариялау үшін 5 минут беріледі)

I-топ. «Шаруалар» Көтеріліс себептері 1. Көтерілістің кезеңдерін және оның хронологиялық шеңберін анықтаңыз; 2. Көтеріліс болған аумақты картадан көрсетіңіз; 3. Көтерілістің себептерін атаңыз; 4. Қандай әлеуметтік топтың мүддесінің тапталғаны көз жеткізіңіз.

II- топ. «Старшындар» Көтерілістің басталуы, алғашқы кезеңі 1. Көтерілістің басталуына түрткі болған оқиғаны атап, сипаттаңыз; 2. Көтерілістің сипаты мен мақсатын анықтаңыз; 3. Тарихи оқиға тұсындағы тұлғаларды атаңыз, осы оқиғада ол тұлға қаншалықты маңызды екенін түсіндіріңіз; 4. Көтерілістің барысындағы басты оқиғаларды талдаңыз.

III- топ. «Сұлтандар» Көтерілістің шешуші кезеңі 1. Көтерілістің үдеуі қандай өзгерістерге әкелгенін анықтаңыз; 2. Көтерілісті басуға жіберілген жазалау отрядтарының басшыларын анықтаңыз; 3. Көтерілістің негізгі ошақтарын, шайқас болған жерлерді картадан көрсетіңіз; 4. Көтерілісшілер мен хан жасақтары, жазалаушылар арасындағы болған шайқасты әңгімелеңіз

IV- топ. «Жазалаушылар» Көтеріліс нәтижесі 1. Көтерілістің нәтижелерін анықтаңыз; 2. Көтерілістің жеңілу себептерін атаңыз; 3. Көтерілісшілердің түпкі мақсаты неге орындалмағанын түсіндіріңіз; 4. Көтеріліс барысындағы басты тұлғалардың тағдыры туралы әңгімелеңіз; 5. Көтерілістің тарихи маңызын бағалаңыз.

Бағалау критерийі: Сыни ойлау мен талдау –1836-38жж Бөкей Ордасындағы көтерілістің себепін, мақсатын, барысын, нәтижесі мен тарихи маңызын талдайды;

Интерпретация. Мұғалімоқушылардың жаңа білімді қаншалықты игергенін және күтілетін нәтижеге қаншалықты жеткенін анықтау үшін «Ұлт-азаттық көтеріліс басшылары И. Тайманов пен М. Өтемісұлының тәуелсіздік жолындағы күресіне қандай баға берер едіңіз?» деген проблемалық сұрақ қойғаны жөн. Оқушылардан жауап алғаннан кейін Махамбеттің қалың қазақ елін тәуелсіздікке шақырған өршіл рухты өлеңдері жайлы зерттеп келуге үйге тапсырма беріледі. Үйге тапсырма: «Махамбет жырларындағы-тәуелсіздік» тақырыбында 90-100 сөзден тұратын эссе жазып келу деп тапсырма беремін.

Қорытындылай келе, ғасырлар, жылдар алмаса келе талай оқиға көмескі тартары заңдылық. Ал Махамбеттің ісі мен жырларына ондай қауіп төнбек емес. Оның өлең ағыны-өмірдің өзіндей тоқтаусыз. Ақынның жыр-толғауы бір кезеңнің баяны ғана емес, күллі адамзатқа тән азаттық пен теңдіктің өшпейтін ұраны. Махамбет сонысымен мәңгілік. Махамбет Өтемісұлының әр өлеңі, шығармасында сомдаған әр кейіпкері үлгі боларлық тұлға болса, ақынның өзі ер азаматқа тән «сегіз қырлы бір сырлы» қасиетімен нағыз идеал боларлық тұлға! Ұлдарымызды ұлықты, қыздарымызды қылықты етер нағыз идеал тұлғаларды насихаттау жолдарын жаңғыртайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан газеті Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты Алмаз
Мырзахмет мақаласы
2. Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет – Алматы, 1991, 121 б.
3. Әнес Сарай «Екі тарлан
4. Ә.Кекілбаев «Шандоз»

МАХАМБЕТТІҢ КҮЙ ӘЛЕМІ

Зікірияева Гүлнәр Жарболқызы

Астана қаласы,

Қ. Мұңайтпасов атындағы

республикалық мектеп-интернат

колледжінің тарих пәні мұғалімі

Махамбет Өтемісұлының өмірі туралы айтылғанда, әлбетте, алдымен Бөкей ордасы шаруаларының көтерілісі туралы айтылады. Батырға қатысты зерттеулердің көбі осы тақырыптың төңірегінде. Қай халықтың да қадір тұтары – өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры. Екеуі де тек халықтың ғана бойынан табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Екеуі де жұртын елдікке бастаса, қайсыбір жұмыр басты пенденің болсын өресі жетпес ерен ерлікке, кемел кісілікке бастары анық. Екеуі де тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кемсіз пішер кемеңгер ақылдың көрінісі. Тек батыр бас тігер көзсіз ерлікке алдымен ақынның дәті барып, қарымдас халқына жар салса, тек ақынның асқақ шабытына лайық нар тәуекелге тек батыр ғана белбуар болса, одан жарасымды, одан ғанибет не болушы еді! Сондықтан да, ол – табиғаттан қалаған уақытында табыла бермейтін асылдай аса сирек кездесетін құбылыс. Ал оның бүгінге жеткен мұрасы – жырлары мен күйлері.

Ал Махамбеттің адам таң қалатын жері де, сол бола берместің бәрін болдырта білгендігінде ғой. Алдымен Махамбет болу қиын, ал Махамбет болғасын батыр болу да, ақын болу да, күйші болу да оп-оңай сияқтанып тұратындығы да осыдан шығар. Сол біртуар Махамбеттің қайда салсақ та саф алтындай жарқылдап, ақ алмастай қиып түсіп, шыны майдай шыжғырынды көкірегінді өртеп түсер құдіреті неде? Батыр болса – кез келген тымақты шоқпар ұстаған сотқар заманда екіленген есер болмай, еңіреген ер болуының, ақын болса – бардың алдында байпақтап, жоқтың алдында шайқақтап шыға келер өзге әріптестеріндей мақтаушы болмай, жоқтаушы болуының сыры неде?

Істеде, сөзде де шынайылық тек шындықтан туады. Махамбет өзінің батырлығын, ең алдымен, өз дәуірінің шындығына тура қарауға арнады да, өз ақындығын сол көзі көріп, көңіліне түйген шындықты еш қалтқысыз, еш бұлтақсыз айта білуге салды. Сөйтіп, мезгілмен бірге өлетін өтіріктің сөзін сөйлемей, халықпен бірге қимылдап, тарихты жасайтын ақиқаттың сөзін сөйледі. Сондықтан да Махамбет халықпен бірге жасап, бірге жаңғырып келеді.

Махамбеттің Махамбеттігі де сол шындық қуғандығында, әділет қуғандығында. Ол сөйлеген сөз бен ол істеген істің тарихи өміршең болып келетіндігі де осыдан. Махамбет ақын мен Махамбет батырдың осы қасиеттерін біз күйші Махамбеттен де анық байқағандаймыз.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған мына жеті күй соны айғақтайды. Егер біз Махамбет тағдырын ел кегін жоқтаған кесекті ердің ереуіл ғұмыры деп танитын болсақ, оның жырларын сол ереуіл өмірдің поэтикалық шежіресі деп білеміз. Мынау жеті күй бізге сол асқақ ақын, асқаралы азаматтың жүрек соғысы мен жүрек тынысының үнмен жазылып қалған кардиограммасындай көп жайды аңғартып, көп нәрсені түсіндіріп тұр. Мұнда да Махамбеттің сол таныс даусы, таныс шабыты, Махамбет жүрегінің сол таныс дүрсілі. “Исатайдың Ақтабаны-ай” баяғы ереуіл атқа ер салғандардың дегені болып, тастары өрге домалап тұрған қайран дәурендерін жарқылдатып көз алдыға тосса, “Шілтері терезе” сол өктем көңіл, өр жүректің торға түскен торғайдай бұлқынған, бірақ қиянатшыл тағдырға көнбей тайталасқан арпалыс халқынан зар төккендей. Онда да тауы шағылып, таусылған мүскінің мүсәпір жылап-сықтауы емес, намысына қыл бұрау түсіп, бұлқынған арыстың арпалысып буырқынғаны естіледі.

Біз осы хал, осы әуенді Махамбеттің “Өкініш” атты күйінен де жақсы аңғарамыз. Онда қалт жіберіп, қапы соққан кісінің ызасы тепсінгенімен, “мұны неге істедім” деп өксік жоқ. Күйдің әуен бітімі оның Исатайдан айырылып, көтерілістің дағдарысқа ұшыраған тұсында туғанын аңғартқан. Бірақ сондай жер жарылып, аспан шатынаған кездегі күйші жүрегі неткен сабырлы, күйші зар неткен мәнді, неткен ұстамды!

Махамбет күйінің бір бояудан ғана тұрмайтынын қапысыз таныта алатын шығармалар санатына “Жұмыр, Қылыш” пен “Қайран Нарынды” жатқызуға болады. Орындаушылар “Жұмыр, Қылышты” Исатайдан айырылып, жалғыз жортқан Махамбетті Баймағамбет сұлтанның қанды қақпанынан құтқарып қалған байбақты батырлары Жұмыр мен Қылышқа арнаған деседі. Осылай болуы ғажап емес. Күйде шалт қимылды батырлыққа лайық аршынды ырғақ, адуын серпін бар. Ол күмбірлей төгілген қоңыр сазбен ара жігі білінбей әдемі жымдасқан. Ал, “Қайран Нарын” Махамбеттің ақындық творчествосының басты арнасын айқындаған туған ел, туған елдің мүддесі мен мерейі жолындағы кесекті күрес тақырыбына арналған. Күйден “ah” ұрған зар, қайнаған ыза, езілген мұң, серпілген арман, ашылған күндей шуақты қиял қатар білінеді. Одан Махамбеттей кемеңгер азамат, кемел жанның басында бола берер тоқсан толғақ, сексен серпін, сергелдең сезімдердің кең тынысы табылады. Нарынның шағыл бұйраттарындай жонданып, бұратыла бүктеліп, кейде сүр бесіннің көк сағымына көкірегінен малынып тұрған Қараойдың қатқылындай көсіліп қоя берер шежіре күйлер азаматтық қарым, батырлық қайрат, ақындық шабыттың неден туып отырғанынан хабар бергендей. “Батыр болмақ адам-ды” – деп Махамбеттің өзі айтқандай, аламанды артыңа ертер ер болу да, қарымдас халқың аузыңа қарар ақын болу да, заманыңның батпан жүгін қара нардай қайыспай көтерер ұлы болу да, ең алдымен, сол ел қамына, оның болашағына теңселе тебіренген терең ойлы азамат болу екен.

1829 жылы Махамбет Ішкі Орда шаруаларының толқуына қатысып, бір тапсырмамен Жайық өзенінен өтіп келе жатқанда патша әскерінің қолына түседі. Әскер оны Калмыков қамалының абақтысына қамайды. Күй осы туралы дейді. Сонымен бірге «Тарланым» күйі – өзінің тұлпарына, «Жорық» күйі 1836-1837 жылдардағы шаруалар көтерілісіне арнап шығарғаны жазылады. Жалпы музыкатанушылар Махамбеттің күйлерін философиялық күй, оның ішінде жорық күйлеріне жатқызады. 1838 жылы Исатай өлгеннен кейін жалғыз қалған Махамбет тағы да күш жинап, ханнан кегін алу үшін Жайық бойындағы Байбақты еліне барады. Байбақтының Жұмыр (шын аты Садыр) және Қылыш деген батырларымен кездесіп, жолдас болады. Махамбеттің «Жұмыр, Қылыш» күйі сол кезеңде шыққан. Осылай жасырын жүрген Махамбет, жанында Жұмыр мен Қылыш бар, Байбақты елінің бір ауылында төрелермен отырған Баймағанбет Айшуақовтың үстінен шығады. Міне осы жерде Махамбет пен Баймағанбет сұлтан бірінші рет кездеседі. Баймағанбет Махамбетті ұстауға әрекет жасайды. Ал Махамбеттің жанындағы Жұмыр, Қылыш батырлар Махамбетті арашалап, ұстатпай топтан шығарып аман әкетеді. Осы оқиғаға байланысты Махамбет жанына ерген жігіттерге разы олып, «Жұмыр, Қылыш» атты күй шығарыпты.

Дүниеде Махамбеттей адамдардың болғаны өзінің адам деген нәсілдің төлі екендігінің заңды мақтанышын туғызады. Дүниеде Махамбеттей адамдардың жасауы топырақ жалаған жауын құрттай жер бауырлаған жебір пенделік пен сұңқардай саңқылдаған асқар азаматтықтың арасындағы шырқау айырмашылықты айқындай түседі. Ал, енді Махамбеттей асыл азамат қанын қиған халықтан туып, Махамбеттей адам адам күдіреттер аңсаған армандар мен мұраттарға өзінің де мүдделілігінді сезіну – өз алдына ғанибет, өз алдына сүйініш. Махамбеттер аңсаған адамгершілік мұратын ту етіп көтерген біздің дәуірде Махамбеттің аты өлуші ме еді, сөзі өлуші ме еді, тегі өлуші ме еді. Ендеше, сондай сұңғыла азаматтың сезімінің сергек дірілін өз үні, өз тынысымен жеткізгісі келген жүрекжарды сырларының күміс құймасы – күйлері неге ұмытылсын! Ұмытылмайды!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Сыдықов. Алматы: Жазушы, 1989, 144 бет
2. Өтемісов М. Өлеңдер құрастырған Б. Аманшин. Алматы: Жазушы, 1979, 136 бет
3. Досмұхамедұлы Х. Исатай мен Махамбет. Алматы, 1991, 256 бет

ДУХ СВОБОДЫ В ТВОРЧЕСТВЕ МАХАМБЕТА ОТЕМИСУЛЫ

Майлыбаева Галия Калдыбековна
Астана қаласы
Құрылыс-техникалық колледжінің
тарих пәні мұғалімі

Актуальность: определение особенностей и своеобразие творчества

Махамбета Утемис улы через изложение исторических, теоретических и практических вопросов, а также ее интеграции в современном мире.

Цели:

- изучение и понимание сущности и роли духовного возрождения Казахстана через призму творчества исторических личностей;
- Повышать патриотические чувства молодежи Казахстана;
- Развивать знания о культурном развитии нашей Родины в разные исторические периоды;

Задачи:

- Рассмотреть актуальные вопросы современности в творчестве Махамбета Утемис улы

- Определить важность значения изучения исторических личностей 19 век

В начале XIX века часть населения Младшего жуза кочевала в междуречье Волги и Урала. На этой территории указом императора Павла I от 11 марта 1801 года была создана Внутренняя Орда. *Ее также называют Букеевским ханством по имени ее первого хана Букея.*

Букей Нуралыулы (1748/49–1815 гг.) был одним из влиятельных султанов Младшего жуза, одно время возглавлял Ханский совет. По его инициативе была образована Букеевская Орда. В 1803 году на новые земли переселилось около 5 000 семей. В ханском звании Букей был утвержден только в 1812 году. Давая возможность племенам Младшего жуза свободно заселять междуречье Волги и Яика, Российское правительство намеревалось ослабить борьбу казахов за землю.

Сын Букея Жангир провел преобразования в системе управления Внутренней Ордой. С привлечением средств царского правительства в местности Жаскус стал возводиться ханский дворец (ханская ставка). В 1827 году был создан Ханский совет из 12 биев, ставший составной частью администрации Букеевской Орды.

Система общеханского управления Внутренней Ордой была расшатана несовпадением политики хана Жангира и интересов народа, самоуправством феодалов. Лучшие земли в Орде принадлежали русским помещикам. В 1818 году царским правительством был издан указ, запрещавший казахам переселяться на территорию Букеевской Орды. Положение усугубилось в 1834 году в результате джута, когда погибло 40 000 голов скота.

Хан Жангир (1825–1845 гг.) рассматривал территорию Орды как свое собственное владение, защищал интересы колонизаторов. Произвол, который творили родственники Жангира в отношении народа, оставался безнаказанным. Все это вызывало недовольство и подтолкнуло народные массы к восстанию.

Анализ исторических событий того времени показал, что проводимая Жангир ханом реформа земли не отвечала интересам простого народа. Эта политика частично отражала интересы русских помещиков, татарских землевладельцев и казачьего ополчения, однако большая часть плодородных земель была распределена между ханом и его приближенными. В результате плодородные земли были розданы, а простой народ попал в зависимость от них.

Это привело к усилению социальных разногласий и распространению взяточничества. В ханстве наметился рост воровства, стала проявляться нестабильность. Все это стало причинами народно-освободительного восстания в Букеевской Орде под предводительством И. Тайманулы и М. Отемисулы в 1836–1838 годы.

Ни один из авторов, которые писали о восстании, не оставили отрицательных мнений о Махамбете Отемисулы. Например Е.П. Ковалевский в своем труде сообщает о короткой беседе с Махамбетом, характеризуя его как умного человека и оратора. «Он доказывает свои слова по Корану не как в медресе Бухары и Самарканда, а доводит мысли своими соображениями и глубокими познаниями». Вот за таким умным человеком с блестящими ораторскими способностями могли пойти социально уязвимые слои казахского общества.

Махамбет Отемисулы был не только организатором освободительного движения, но и великолепным акыном, удивлявшим языковедов. В его пламенных стихах нашли отражения все стремления восставших. Вот эти строки стихов поэта:

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім,—

и такие строки являются доказательством наших слов. Отметим, что не только Махамбет, но и все сыновья Отемиса смолоду были под присмотром Исатая Тайманулы. Поэтому в годы освободительного движения некоторые из потомков Отемиса подержали Исатая, став активными участниками освободительного движения.

Отемисулы был не только организатором освободительного движения, но и острым на язык акыном, мастером-кюйши. В годы независимости проводится широкая пропаганда богатого наследия батыра. Однако и в советские годы в 1951 году вышел в свет сборник стихов Махамбета Отемисулы, в 1982 году кюи батыра под названием «Шашақты найза, шалқар күй». Несомненно, после 1991 года работы в этом направлении велись активно: в рамках государственной программы «Культурное наследие» сборник стихов поэта под названием «Бабалар сөзі» («Слова предков») вышел в свет в составе стотомника, были опубликованы стихи М. Отемисулы «Жалған дүние: Өлеңдер» («Обманчивый мир: стихи»), «Жорық жырлары» («Предания о военных походах»), его академический четырехтомник «Өлеңдері мен күйлері» («Стихи и кюи»), «Жыр-жебе», сборник «Махамбеттің күйлері» («Кюи Махамбета»), составителем которого был К. Ахмедияров.

Махамбету повезло: он родился в эпоху героев. Его песни были нужны, их подхватила степь, где уже слышались раскаты восстаний.

Не печальтесь, друзья мои!
Хан стал злее. Родины, стад
Он лишил тебя, азамат!
Но коль с кличем бросимся в бой,

Тело крепкой покрыв броней,
Вражьей кровью омыв булат, —
Мы посмотрим, кто победит!
Не печальтесь, мои друзья! (пер. А. Никольской)

Исатай Тайманов на сходе выступил против хана. И Махамбет, еще, возможно, не думавший о борьбе, но уже наслаждавшийся свободой, примыкает к Исатаю, они вместе носятся по степи, протестуют против поборов. Обличают самого злого вора, ханского тестя Караул-ходжу Бабаджанова.

Перед Махамбетом открывается новый мир, которой ему нравится, Ему нравятся люди, с которыми его сводит судьба — простые, мужественные казахи — сколько в них достоинства!

...И человек...

Порой такого встретишь-
Ни в грош его паршивая душа, —
Хотя отцы и славились нередко.

И вдруг:

Такой хороший от плохого!

Не веришь даже собственным ушам, услышав имя предка.

Махамбет сочиняет не только стихи, призывающие к борьбе, но и стихи-размышления. Для чего живет человек, народ?

Какой в этом прок?

Сына в доме взлелеял ты,
Как яйцо свой хранит желток, —

Но коль он копья не возьмет

И, как прадед, как дед, как ты,

На врага не пойдет в поход,

То какой в этом сыне прок?

Пусть богат и велик народ,

Но коль славный герой в пути,

Воротясь из безлюдных стран,

Где живет лишь дикий кулан,

Ни участия, ни забот

У своих не сможет найти

Хоть на малый ночлега срок,

То какой в том народе прок?

Если хан не стыдится зла

И на пышном троне жесток,

И творит лихие дела,

То какой в этом хане прок? (пер. А. Никольской)

Махамбет Отемисулы был глубоко почитаемым человеком в Казахской степи. Поэтому в 1841 году, когда отряд во главе с султаном Узбеккалиевым арестовал Махамбета Отемисулы, оренбургский военный суд оправдал его. Вот и в это время русские чиновники поддержали и пытались оправдать Махамбета. В результате Махамбет Отемисулы был освобожден и предупрежден, что, если перейдет на территорию Внутренней Орды, то будет жестоко наказан. Если

иметь ввиду то, что царское правительство жестоко наказало организаторов освободительного движения, то к Махамбету Отемисулы преследования не применялись. Интересен факт о том, что постановление об освобождении Махамбета вышло в тайне от Жангир хана, даже и после освобождения Махамбета Жангир хан не прекращал писать письма Пограничной комиссии о том, что освобождение поэта особо опасно для спокойствия в округе.

Еще 5 лет за ним будут следить, пытаться его образумить, а потом был отдан приказ — покончить с Махамбетом

Тогда по степи прошел слух, что к Махамбету направляется делегация для переговоров. Гости для казаха — святое. Пришло 20 человек. Они сказали: забудем вражду, хан Жангир умер, султаны прощают тебя. Махамбет пригласил гостей в юрту. Нападения он не ожидал. А когда увидел, что гости замышляют убийство, было поздно. Он боролся, но силы были не равны, а когда он упал, обливаясь кровью, ему отрезали саблей голову. До 1958 года не было известно, где похоронен Махамбет Утемисов. Его искали академик АН КазССР Кажим Жумалиев и поэт Таир Жароков, уроженцы Уральской области, Тайпакского и Фурмановского районов. На поиски откликнулся 59-летний Курак Бектурганов, который знал могилу Махамбета. В 1951 году его отец Динмухамбет показал могилу сыну: указав место, он воткнул в землю рукоять кнута - тобылгы, которая не разрушается со временем. Динмухамбету показал могилу его отец Ташен. В свою очередь, Ташену могилу показал его отец, Бектурган, участник крестьянского восстания Махамбета Утемисова. В 1959 году общественность Гурьевской области решила установить памятник на этом месте.

Махамбет достиг всеобщего почтения не только красноречивым поэтическим мастерством, а своей мудростью и человечностью, эти качества акына все время проявлялись в его произведениях. В своих стихах он обращал внимание на процессы, происходящие с простым народом, на справедливость и обман, на доброту и зло. В своем творчестве он развивал традиции героических акынов, создавал новые образы, усиливая социальные мотивы. Махамбет Утемисов, стихи которого были гражданской лирикой, писал: песни-обращения к друзьям и врагам; речи, призывы и обличения; песни-плачи; элегии. Когда же он успел их создать? Произведение под названием «Решетчатое окно» автор сочинил во время заключения в Калмыковской крепости. Такие стихи и песни, как «Проклятие Жангиру», «Война», «Исатай — сын Таймана», «Великая мечта», он создавал во время повстанческой деятельности. Их простота и конкретность оказывала на восставших воодушевляющее действие. Всего в творческом наследии Махамбета насчитывается примерно 100 стихотворений. Сам поэт их не записывал. Этим позже занялись его последователи, благодаря которым живое слово Утемисова сохранилось до наших дней.

Памятники, посвященные Махамбету Отемисулы, возведены в крупных городах нашей страны и в его родном городе Атырау. В 2018 году в Махамбетском районе был установлен памятник в честь батыра, в сентябре 2019 года в городе Уральске поставили огромный памятник батыру Махамбету Отемисулы. Улицы с именем нашего предка батыра Махамбета именуются во

многих городах нашей республики.

Список литературы и источников:

1. История Казахстана 11 класс ч.2 З.Е.Кабульдинов
2. <https://adebiportal.kz/>
3. <https://ie.kz/>
4. www.tarih-begalinka.kz/
5. <https://blog.karlib.kz/>
6. <https://natalya-telezhinskaya.ru/>
7. <https://culturemap.kz/>
8. <https://nomad.su/>

МАХАМБЕТ – ҚАЗАҚТЫҢ ДАУЫЛПАЗ АҚЫНЫ

Кенжебеков Жамбыл Аралбекович

Астана қаласы, «Жоғары көлік және коммуникация» колледжі,
тарих пәні мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі

Қазақтың дауылпаз ақыны Махамбет Өтемісұлының жауынгерлігі туралы XIX ғасырдың басынан-ақ белгілі бола бастады. Көрнекті тарихи тұлғалардың бірі, Исатай бастаған көтерілістің қатысушысы, туған жерінің және өз халқының бостандығы үшін күрескен жалынды батыр Махамбет Өтемісұлы– ұлттық мәдениетімізде даңқты импровизатор ақын ретінде жарқын із қалдырған тұлға. Оның отты да өткір, дана әрі адамгершілік өлеңдерімен тыңдаушыны таңғалдырады. Еркіндікті аңсаған жалынды өлең жолдары арқылы билеушілер құрған озбырлықты, заңсыздықты айыптайды

Махамбет өткір өлеңдерімен бірнеше рет әділдік орнатуға талпыныс жасады. Еркіндік жолында күреске бел буған ақын жәңгір ұрпағын жойып, ежелден көшпенділердің атамекені болған жерлерді казактарға берген Ұлы далада өз билігін орнатқан патшалық Ресейдің жергілікті хандары мен отаршылдық саясатына қарсы бас көтерген Исатай Таймановқа қосылды

Махамбет көзі ашық, орыс және татар хаттарын меңгерген адам ретінде Исатай мен халықтың атынан қазақ ханы мен орыс билігіне үндеу жолдады. Билікке қойылған әділ талаптарға тиісті жауап қайтарлымағаннан кейін батыл, бостандықты сүйетін Махамбет ауылдарды аралап, халықты өз құқықтары мен бостандығы үшін қарулы күреске шақырды.

Исатай мен Махамбет бастаған Бөкей Ордасындағы көтеріліс тарихын хронологиялық тұрғыдан үш кезеңге бөлеміз:

- 1) 1836–1837 жылдар – көтерілісшілер отрядтарын құрған кезең;

2) 1837 жылдың екінші жартысы 1838 жылдың басы – қозғалыс күшейіп, алғашқы жеңіске қол жеткізіп, жеңілістерге де ұшыраған кезең;

3) 1838 жылдың ортасы – Ақбұлақ өзенінің бойындағы патша әскерлерімен соңғы шайқастабатыр Исатай Тайманов қаза тапқан кезең .

Қатардағы қазақтар жазалаушылар мен Жәңгір хан отрядының саны мен күшінің артықшылығына қарамастан, Исатай мен Махамбетке адалдықтарын соңына дейін сақтап қалды, ал би, байлар мен старшиналар халық көтерілісінің аяқталуын жылдамдатып, жаумен сөз байласты.

Махамбет Өтемісұлы сұлтан Қайыпғалимен бірге жаңа көтерілісшілер күшін жұмылдыру мақсатында Хиваға кетеді. Алайда 1841 жылдың наурызында Жәңгір хан мен сұлтан Баймағанбет Айшуақов жіберген жазалаушы тобы Махамбетті ұстап, 1846 жылы өлтіреді.

Жақсы қаруланған стратегиялық дайындалған жаумен шайқаста жеңіліске ұшырап, адам шығынына ұшыраса да, өмірінің соңғы минуттарына дейін батылдық пен еліне деген адалдықты жоғалтпаған Исатай мен Махамбеттің ерлігі қазақ халқының тарихының айшықты беттерінің бірін құрайды.

Махамбет батырдың патриоттық және еркін идеялары ақын бойындағы табиғатына да тән келеді. Ақын шығармашылығындағы азаттыққа ұмтылыс, Отанға деген сүйіспеншілік, туған халқының бақытына деген талпыныс ерлік даңқымен астасып жатыр.

Сондықтан Махамбеттің бай рухани әлемі, шығармашылық мұрасы Х. Досмұхамедов, В. Шахметов, Е. Бекмаханов, З. Алдамжар секілді тарихшы ғалымдар мен І. Жансүгіров, Г. Сланов, Қ. Әбдіқадыров, Ә. Әлімжанов, М. Шаханов, Қ. Жұмалиев, Е. Исмаилов, З. Ахметов, Х. Сыдықов, З. Қабдолов, Ж. Тілепов сынды ақын-жазушылар, әдебиеттанушылардың зерттеу нысандарына айналды. Ал А. Жұбанов, Н. Тілендиев, Е.Рахмадиев, Г. Жұбанова, К. Ахмедияров, Т. Мұхамеджанов, С. Абдинуров секілді композитор-музыканттар және М. Кисамединов, А. Исамабетов, Т. Мұхатов, Қ. Құлмұхамбет сынды суретшілер аты аңызға айналған, қаһарман тұлғаның табиғи бейнесін өзінше жеткізді.

Махамбет – жауынгер ақын да, импровизатор музыкант та, көзі ашық, көкірегі ояу хат таныған оқымысты да, жан-жақты талантты әрі ұшқыр ойлы, отты жүректі тұлға. Сондай-ақ көптеген әндердің, толғау және термелердің авторы, күйші-домбырашы. Өзі де 200 жыл бойы халық әндерінің, күйлерінің, поэмаларының, дастандарының басты кейіпкеріне айналып, халық жадында даңқ пен ерліктің жарқын бейнесі болып қала береді.

Ақынның рух бостандығына, шығармашылық еркіндігіне шақырған отты өлеңдері бүгінгі күнге дейін өткірлігін жоғалтпай жетіп, ауызданауызға тарап, бүгінгі күнге дейін жетті. Олар өнер мен әдебиет қайраткерлерінің көптеген ұрпақтарының көркемдік-құндылық және дүниетанымдық көзқарастарына әсер етті. Бұл жағдайда Махамбет поэзиясының О.Сүлейменов, М. Шаханов, Ф. Оңғарсынова және т. б. шығармашылығына әсері туралы айтуға болады, бұл әртүрлі және мәдени дәуірлер мен дәстүрлер арасындағы байланыстырушы негізге айналды.

Махамбеттің ерлікке толы өмір жолы халық ауыз шығармашылығында, халық әндерінде, дәстүрлерде, әдебиет пен өнер туындыларында өмір сүруін жалғастыруда. Жаңа ғасырдың басында «Махамбет» академиялық басылымы жарық көрді, ол ақынның өлеңдерінің өміршеңдігі мен жүріп өткен қиын жолын, яғни кітап болып басылып шыққанға дейінгі кезеңді сезінуге мүмкіндік береді. Бұл кітапқа 1908 жылғы өлеңдердің негізгі басылымы, күйлер, түпнұсқа шығармалар мен аудармалардың кейінгі нұсқалары, сондай-ақ М.Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, А. Ержановтың еңбектері, Махамбет дәуірі мен оның қаһармандық тарихын жаңғыртатын құжаттар мен мұрағат материалдары енді.

Аталмыш іргелі төрт томдық еңбек бұрынғы Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының және М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бірлескен күш-жігерімен құрастырылған. Онда көрнекті тарих және әдебиет ғалымдары мен қоғам қайраткерлері – З. Ахметов, А. Егеубаев (жауапты редактор), Ш. Елеукенов, З. Қабдолов, С. Қасқабасов, С. Қирабаев, М. Құл-Мұхаммед, Қ. Құрманғали, И. Тасмағамбетов, Ж. Ермағұлов және басқалар Махамбеттің өмірі мен шығармашылығы туралы тарихи, әдеби және ғылыми шындықты жеткізе отырып, келер ұрпаққа тарихи мұра ретінде ұсынады.

Махамбеттің тарихи мұрасы қазақ мәдениетінің көрнекті құбылысы ретінде танылды. Бұл халықтың тарихи өткенін көрсетіп қана қоймай, патриоттық, ұлттық сезімдер мен азаматтық сананы тәрбиелейді. Бүгінгі таңда Махамбеттің азамат, жауынгер және ақын ретінде танылған тұлғалық бейнесі де өзекті, сондай-ақ патриоттық, гуманистік жалынды өлеңдері де өзекті болып табылады. Мысалы:

*Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай.
Еңку-еңку жер шалмай
Қоңыр салқын төске алмай,
Құбыланы төрткүл оңға алмай*

Ерлердің ісі бітер ме? – деген өлең жолдарында қазақ халқының өшпес рухы жатыр, ал бұл өлең жолдарының қанша жылдар өтсе де мәні мен мағынасы жоғалмайды.

Сонымен қатар, Махамбеттің «Атадантуғанардақтыер», «Мұнаркүн», «Тарланым» атты отты өлеңдерін де кез келген қазақ жатқа біледі деп сенемін. Кез келген қазақтың баласы Махамбеттің даңқты бейнесін, ақындық өнерін, рухты өлеңдерін, жалынды өсиетті сөздерінерекше бағалайтыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1998. – 220 б.
2. Кенжалиев И. Махамбет. – Орал, 2003. – 201 б.
3. Шамғонов А. Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтерілістің соңғы кезеңі // Отан тарихы. – №3 (83). – Алматы, 2018.
4. Есмағамбетов К. Азат рухтың күрескері. – Алматы, 2003. – 106 б.
5. Кузембаев С. Идеал героического в национальной музыке / Национальная идея и художественная культура. – Алматы, 2009. – 110 с.

МАХАМБЕТТІҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫН ЖАС ҰРПАҚҚА НАСИХАТТАУ

Жукенова Камшат Сейлбековна

Астана қаласы, Б. Момышұлы атындағы
№53 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі

Қазақ тарихында ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, жұртының амандығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен, бар өмірін халқы үшін сарып еткен ұлы тұлғаларымыздың болғаны белгілі. Осындай біртуар халқымыздың азаттығы мен бостандығын аңсаған, қазақ даласының дара тұлғасы, ержүрек қайсар тұлғаларының бірі - Махамбет Өтемісұлы болып табылады.

Махамбет Ресей отаршылдығының барша ауырлық тауқыметін көзімен көріп, оның барша зорлық зомбылығын басынан өткеріп, өмір кешкен адам. Махамбет баршаға аян, ғұмырын да, жырларын да халық, көпшілік теңдігі үшін күреске арнаған, осы ұлы мақсат жолында мерт болған батыр, ақын. Өмірінің соңғы кезеңінде жауларынан қатты қуғын, қысым көрген, елден, көпшілік ағайыннан жырақ жүруге мәжбүр болған. Елінің тәуелсіздігін аңсаған, жалынды жырларымен халқының көңіліне үміт сыйлай білген Махамбеттің атын өшірмей, балаларға оқытып, таныту, құрметтеуге баулу бүгінгі күні біздің парызымыз деп білемін. Білім алушыларға тарих сабақтарында азаттық қозғалыстың ұйымдастырушысы- Махамбеттің өмірі мен азаттық жолындағы елі үшін аянбай, қасық қаны қалғанша күрескен қайсарлығын, өшпес ерлігімен таныстыра отырып, оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, оларды батыр өмірінің үлгісіне, оны құрметтеуге тәрбиелеу қажет.

Махамбет көтерілісі тақырыбын оқытуда балаларға топтық жұмыстарды қолдану тиімді болып табылады. XIX ғасырдағы тарихи оқиғаларға шолу жасай отырып, оқушыларды топтарға бөліп, мынадай сұрақтарды зерттеуге беруге болады:

1. Махамбеттің өмірі:

- а) Махамбеттің туған жылы, жері.
- ә) Махамбеттің Орынборда оқуы.
- б) Махамбеттің балалық шағы.

2. Махамбеттің шығармалары:

- а) Махамбет өлеңдерінің мазмұны.
- ә) «Ерулі атқа ер салмай», «Хан емессің қасқырсың»,
«Баймағанбет сұлтанға айтқаны» өлеңдеріне талдау жасау.

3. Махамбеттің көтеріліске қатысуы:

- а) Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға қарсы шығуы
- ә) Көтерілістің себебі, мақсаты ,
- б) Көтерілістің барысы
- в) Тастөбедегі шайқас.
- г) Көтерілістің қозғаушы күші
- д) Көтерілістің кезеңдері
- ж) Көтерілістің бәсеңдеуі , жеңілуі.

3) Көтерілістің тарихи маңызы.

XIX ғасырдың I – ші жартысында өмір сүрген ақын өмірімен, сол кездегі келеңсіз оқиғалардың байланыстыра түсіндіріп, Махамбет шығармаларындағы таптық күрес, бостандық идеяларын аша отырып, шаруалар қозғалысымен байланысын, ерлік күресін, өткірлігін, Исатай Тайманұлымен қарым – қатынасын оқушыларға меңгертіп, диалог құрғызу мақсатында «Қарлы кесек», «Брейн – ринг», «Тарихи таным » сияқты ойын әдістерін қолдануға болады.

«Қарлы кесек» ойыны

Ойынның шарты: Сынып оқушыларын 5 топқа бөліп, 5 партаға отырғызамыз. Әр топқа 5 сұрақ беріледі. Оқушыларға осы сұраққа дайындалуға 10 минут уақыт беріледі. Сұраққа дайындалып болған соң, бірінші тур басталған кезде кезде қолдарына берілген «жүру бағыты» парағы мен соның нөміріне сәйкес оқушы сол топқа барып, реті бойынша сөйлейді. Осылайша 5 турда 5 топқа барып, жауап беріп, тыңдап шығады. Ойынның соңында «жүру бағыты» қағазы жиналып, әр топтың, әр оқушының жинаған ұпайы есептеледі.

Ойын сұрақтары

«Қайсар» тобына

1. Махамбет Өтемісұлына сипаттама
2. «Ереулі атқа ер салмай» өлеңін талда
3. Көтерілістің тууына не себеп болды, көтерілістің кімдер басқарды?
4. Махамбет жырларының ерекшелігі

«Батыр» тобына

1. Махамбеттің өмірі туралы айт.
2. Махамбет қоғам өмірі мен әдебиет тарихына қандай жаңалық әкелді.
3. «Хан емессің қасқырсың» өлеңін талда.
4. Махамбеттің қандай патриоттық, реалистік шығармаларын білесің.
5. Махамбет бастаған көтерілістің мақсаты қандай?

«Сұңқар» тобына

1. Бөкей Ордасының құрылуы.
2. «Баймағанбет сұлтанға айтқаны» өлеңі туралы айт.
3. Махамбеттің Орынборда оқуы.
4. Махамбет кім?
5. Тастөбе түбінде көтерілісшілер неге жеңілді?

«Қыран» тобына

1. Көтерілістің жеңілу себептері.
2. көтерілістің алғашқы кезеңі.
3. Жәңгір хан Орынбор генерал – губернаторына жолдаған хатында не деді?
4. 1827 ж. ұйымдастырылған «хандық кеңес».
5. Хан сарайына өткізілуге тиісті алым- салық.

«Алғыр» тобына

1. Көтерілістің ақырғы кезеңі туралы айт.
2. Исатай қазасы туралы айт.
3. Орынбор губернаторы көтерілісшілерді қалай жазалады?
4. Көтеріліс жеңілгеннен кейінгі қазақ руларының жағдайы.

5. Көтерілістің тарихи маңызы.

«Брейн –ринг» ойыны.

Ойынның шарты: Сынып оқушыларын 7 оқушыдан топқа бөлеміз. Әр топтың оқушыларына бірден алтыға дейін сан жазылған үлестірмелер беріледі, жетінші оқушы жүргізуші болады. Әр топқа алтыға бөлінген дөңгелек сектор, әр секторда 3 сұрақ және кубик беріледі. Жүргізуші кубикті тастағанда қай нөмер шықса, соған сәйкес нөмердің оқушысы сол нөмердегі сектордың сұрағына жауап береді. Жүргізуші бағалайды.

Меңгерткен тақырыпты білім алушының санасында бекіту, алған білімін қолдануға дағдыландыру, шығармашылық қабілетін дамыту, тарихи тұлғаны кеңінен насихаттау мақсатында «Мен...» әдісін жүргізу оңтайлы болып табылады. Мысалы:

«Мен- ақын Махамбет»,

«Мен- батыр Махамбет»,

«Мен- күрескер Махамбет»,

«Мен- күйші Махамбет»,

«Мен- ел жанашыры» деген тапсырма беріледі. Бұл тапсырмада жас өрен өзін Махамбет ролінде ойын жеткізеді. Яғни Махамбет Өтемісұлын әр қырынан еңбегін бағалап, берілген нұсқа бойынша тұлға бейнесін ашып сипаттау қажет. Мысалы, «Мен- ақын Махамбет» дегенде оқушы ұлы тұлғаның ақындық шығармашылығы, өлеңдері туралы сипаттап, ақындық бейнесін ашып жазуы керек.

Өскелең ұрпақ сабақ барысында осындай түрлі тапсырмаларды орындау нәтижесінде еліміздің болашағы үшін күрескен халқы үшін ерліктің, өрліктің, батырлықтың белгісіне айналған, өшпес өнеге, өлмес туындылар қалдырған, ел намысын ту еткен батыр, халық арманын жырлап өткен азамат ақын ретінде естерінде мәңгі сақтайды, Махамбет бабамыздың рухына бастарын иіп, әрқашан мақтан тұтып, құрметтейді деп сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Ерлік пен елдіктің өшпес рухы. «Егемен Қазақстан», 7 тамыз, 2001.
2. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж.
3. Сарай Ә. Исатай мен Махамбеттің тарихы. Зерттеу. Алматы, "Өлке", 1997.
4. e-history.kz

МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ - СИМВОЛ МУЖЕСТВА И ОТВАГИ : ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Абулхалыкова Мариям Жолаушиновна

Учитель истории, педагог-исследователь
ГКП на ПХВ «школа-лицей №53» акимата г.Астана

Махамбет Утемисов - легендарная фигура казахской истории, олицетворяющая мужество, отвагу и непоколебимую верность идеалам свободы. Его жизнь и творчество стали символом борьбы за свободу и независимость казахского народа в период царской колонизации.

Колониальная политика, тяжело отражавшаяся на народе, заставила Махамбета встать в ряды оппозиционных групп, проявив себя достойным сыном своего народа.

XIX век ознаменовался активной экспансией Российской империи на восток, которая привела к поглощению новых территорий, в том числе Казахстана. Царское правительство проводило политику принудительной ассимиляции, отнимая земли у коренного населения, нарушая их права и традиции. Эта

политика вызвала недовольство среди казахов, которые не хотели терять свою независимость и свободу.

Махамбет Утемисов родился в 1804 году в семье знатного рода в районе современного города Атырау. С детства он проявил яркий ум, жажду знаний и стремление к справедливости. Он получил традиционное образование, обучился верховой езде, стрельбе из лука и другим необходимым навыкам степной жизни.

В раннем возрасте Махамбет проявил талант к поэзии, создавая стихи о красоте казахской степи, любви к родине и трагической судьбе своего народа. Его стихи отражали социально-политические реалии времени и стали гимном свободы и независимости. Роль Махамбета Утемисова в национально-освободительном движении велика. Махамбет был не только отважным воином, но и талантливым оратором, способным вдохновить людей на борьбу за свободу. В своих речах он осуждал несправедливость царского режима, призывал людей к сопротивлению и отстаивал права казахского народа. Его патриотические речи зажигали сердца людей и давали им силу для борьбы.

По мнению ученых-исследователей, М. Утемисов был выдающимся представителем освободительного движения казахов против колониальной политики первой половины XIX века, а также пламенным рупором освободительного движения под руководством Исатая Тайманулы. Исторический образ Махамбета Утемисова стал примером любви к Родине и олицетворял героические качества казахского народа. Махамбет писал свои произведения в разных жанрах, был поэтом, мастером древнего искусства кюев, пропагандировал идеи свободы и единства народа, вопросы государственности.

Махамбет Утемисов - не просто историческая личность, он -

живой символ мужества и отваги, вдохновляющий казахский народ на борьбу за справедливость и свободу. Его история напоминает нам о важности и сохранения исторической памяти и уважения к героям своего народа.

События освободительной борьбы в 1836–1838 годах в Букеевской Орде доказывают, что Махамбет Отемисулы был исторической личностью, ставившей интересы народа превыше всего.

Активное участие простого народа Букеевской Орды в восстании под главенством Исатая и Махамбета указывает на то, что обе личности преследовали интересы народа. Об этом в своем труде Амангелды Шамгонов писал: «Исатай и Махамбет летом 1836 года начали сплачивать вокруг себя недовольных царским правительством и угнетателями крестьян. Обиженные баями и биями крестьяне по одиночке, иногда группами или всем аулом начали присоединяться к ним. Если задаться вопросом, что повлияло на резкое увеличение численности восставших в Букеевской Орде – прежде всего, это нерешенность насущных вопросов, во-вторых, это пламенность стихов Махамбета, его авторитет в обществе.

Очень рано в нем стал формироваться и собственный гражданский взгляд на судьбу народа, и все свои мысли он стал перекладывать в поэтическое слово и музыкальные творения, как никто другой умел обобщить степную мудрость и заечь своими речами. Пламенные стихи и кюи Махамбета полюбил народ, передавал их из уст в уста.

В его пламенных стихах нашли отражения все стремления восставших. Вот эти строки стихов поэта:

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім,—

в полной мере отражает идею свободы. Не было бы ошибкой сказать, что поэт воспевал правду, не оглядываясь на высокие чины, не воздерживаясь в словах –

Махамбет Утемисов остался в памяти казахского народа как один из главных символов борьбы за свободу и независимость. Его стихи и воинские подвиги вдохновляют казахов на борьбу за справедливость и свободу и напоминают им о важности сохранения своих исторических традиций и культурных ценностей. Его жизнь является образцом патриотизма, бесстрашия и любви к Родине.

Список использованных источников:

1. Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С. Современная история Казахстана / Под общей ред. Б.Г. Аягана – Алматы - Раритет.- 2010.- 432 с.
2. Кенжалиев И. Махамбет. Орал, 2003, с 201
3. Кенжалиев И. Исатай- Махамбет. Алматы, 1991, с 92
4. Кузнецова Е. Махамбета читают в Париже // Казахстанская правда. – 2003, 25 октября.

5. Макалаков Т.Ж., Касимова С.С., Тлеугабылова К.С. Историография национально-освободительных движений в Казахстане в XVIII – начале XX вв. в трудах представителей казахской интеллигенции // Научное обозрение. Реферативный журнал. – 2017. – № 1. – С. 22-26

5- секция
ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ...

БАС
(Рахымжан Отарбаевтің «Бас» роман желісінде)

Съезхан Нұршаш

Астана қаласы, Қайым Мұхамедханов атындағы
№90 гимназиясының тарих пәні мұғалімі

Нағыз ақын әр кезеңде өзін қағып үлестен,
Ұлттық рухи мүдде шыңы – шындық үшін күрескен.
Шындық кәусар ақындыққа болу керек асыл ән,
Шындықты айтып ер Махамбет айырылған басынан.

Қазақ түсінігінде бас – символикалық тұрғыдан билікті, еркіндікті білдіретін ұғым болып табылады. Бассыз қалу дегеніміз ол - еркіндігінен айырылумен бірдей. Қазақтың «Бассыз, баусыз кетпендер» деген сөзінің өзі осындайда айтылған болса керек. Әлемдік әдебиетте денесіз қалған басты, яғни басы жоқ денені сөйлету кең таралған тәсіл. Бұл үрдіс шығыс дастарындағы "қубастан" бастап, Абайдың "Ескендір" поэмасындағы қубас, Акутагаваның "Бассыз қалған жайындағы әңгіме", А. Мердектің "Кесілген бас" шығармаларына дейін жалғасып кете береді. Шығыстық үлгідегі дастандарда бас адамның тойымсыз нәпсісін, жан мен тәннің майданын бейнелесе, отарланған халықтың әдебиетінде бас еркіндік пен отарлық езгіні көрсететін символ. Адамның басы Алланың добы дейміз, ал кеңестік отарлау кезінде Алланың емес адамның добы болып кеткен бе? деген ойға келесің. Қазақта сөз бар алыс көшіп бара жатса «ол жерде нең бар еді? Әкеңнің басы қалдыма? дейді, демек Бас киелі ұғым, ол әр елдің, рудың рухы. Тәрдегі басымды есікке сүйреме дейміз. Ендеше неге біздің батырларымыздың басы осыншалықты ойыншыққа айналған? Осынша жазаны көретіндей олар не істеп қойды? Олардың басын алғанымен үнін, атын өшіре алды ма? Соңғы ханымыз деген Кенесарының басы қайда? Іздеу салар болсақ іздейтін бас көп. Біз неге батырларымыздың басының құнын сұрамаймыз?

Бүгінгі тілге тиек ететініміз халқының бостандығы үшін басын оққа тіккен, өмірін қиған, жүрек жұтқан батыр, от жалынды ақын Махамбеттің басы. Батыр бір жырында: «Жау іздеген ерлердің басы қайда қалмаған?» – деп тебіренген еді. Батыр бабамыздың бұл пәниден өткеніне 220 жыл өтсе де, батырдың ерлікке, рухқа толы үні өшпегені, керісінше бостандықты аңсаған ұрпақтары

батыр өлеңдерін жатқа соғып, әлі күнге атойлатып, батыр үніне үн қосып жүргені әлемге аян. Ол үн әлі талай ғасырларға жете берер базына үн, базына жыр бола берері даусыз. Себебі, ол тәуелсіздікті аңсаған тұтас бір елдің рухани қазынасы іспетті дүние. Ал, рухани қазынаны көзінің қарашығындай сақтау, қорғау, насихаттау – алдаспан ерліктің, елдіктің нышаны, айбынды елдің сақталып тұрған абыройы.

Осы тұрғыда белгілі жазушы-драматург, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері- Рахымжан Отарбаевтің «Бас» романына тоқтала кетсек.



Роман желісі бойынша Мәскеуден білім алған Ноэль есімді антрополог ғалым ХІХ ғасырда Ресейдің отарлау саясатына қарсы шығып, еркіндік үшін күресіп, бассыз қалған Махамбеттің зиратын қазу үшін қазақ даласына келеді. Автор мұнда Махамбеттің басын ғана емес, ұлттың отарлықтан жоғалтқан мінезін, рухын іздейді. Ақынның жоғалған басына миллион доллар қаражат

берілетіндігін естіген арам пиғылды жандардың жан ұшыра Басты іздеуге кіріскен оқиғасы арқылы автор ұлттық құндылықтар аяққа тапталған, кие ұғымы, әруақ, баба секілді қасиетті түсініктер ысырылып қалған нарықтық қоғамның бейнесін ашып көрсетеді.

Атырау облыстық Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының Рахымжан Отарбаевтың тұңғыш 2015 жылы өткен Халықаралық театр фестивалінде премьералаған «Бас» тарихи драмасы – Махамбеттің басын ғана іздеп қоймай, көпшілікке жоғалған баспен бірге рухын да табуға, бет-бейнесін ғана емес, жадын да қалпына келтіруге дабыл қағып, сананы жұлқытып оятардай ойлы дүниені сахнаға жұлып шығарған еді. Ол жәй спектакль емес, постмодернистік бағыттағы нағыз перформанс спектакль болып дүниеге келген.

Бұл жайлы « Махамбеттің басынан айырылғаны, расымен – бүкіл бір елдің бассыз қалғанымен пара-пар, рухы өшкенімен тең құбылыс еді. «Бас» романында үндістердің жаралы жолдасын жау қолына тастамай, басын кесіп өзімен бірге алып кететіні жайында ащы ақиқат айтылады. Өйткені, «бас» сол тайпаның рух символындай сипатталады. «Аманатқа қиянат жасауға болмайды» десек, біздерге, бізден кейінгі ұрпақтарға рухани жаңғыру жолында мүлде енжарлық танытуға болмайтынын осы Рахымжан.Отарбаевтың трагедияға татырлық «Бас» тарихи драмасы айтып тұрғандай. Тарих сыры – сандар, дүние сыры – ойлар – бұның бәрі иығында басы барларға ғана мәлім...»



деп жазған Атырау облыстық Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының бас суретшісі Темірбек Мажитұлы

Ал енді Махамбеттің өмірі және өлімі туралы қысқаша айта кетер

болсақ елінің азаттығы жолында асау жырымен де, ержүрек ерлігімен де күреске түскен Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында дүниеге келген. Махамбеттің әкесі - Өтеміс шешен, би адам болған екен. Оның төрт әйелінен Тоқтамыс, Бекмұхамбет, Махамбет, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен, Ысмайыл, Сүлеймен, Досмайыл атты 10 ұлы болыпты. Махамбеттің:

Өтемістен туған он едік,

Онымыз атқа қонғанда,

Жер қайысқан қол едік, - деп жырлауы осыдан болса керек.

Жалпы Махамбеттің өмірі қандай трагедияға толы болса, өлімі де сондай қайғы-мұңға толы болған. Исатай батыр өлгеннен кейін Махамбеттің соңына шам алып түскен Баймағамбет Айшуақов арнайы жасақ құрып, батырды тірідей ұстап әкелген адамға 1000 сом, басын әкелгенге 500 сом сыйақы тағайындаған. Махамбеттің өлімі жайлы Баймағанбет сұлтан ұстау барысында қорғаныс іретінде жұмсалған шоқпардан өлді деп, қате мәлімет берген болатын. Оған дәлел Махамбеттің екі әйелінің біреуінің 1846 жылдың 31 қазанында берген жауабы. Ол былай баяндайды: “Осыдан 12 күн бұрын тама руының старшинасы Ы.Төлеев, беріштің Есенғұл бөлімінің азаматы Ж.Өтеулин және өз ағайынымыз М.Нұралиндер және тағы 12 адам жайық беріш М.Өтемісовтың үйіне келіп, адай руының биі Мауыттың төрт жылқысын немесе олардың құнын қайтаруын талап етті. Махамбет бұл талапты орындай алмайтып қарсылық танытты. Осы жөнінде әуелі дау туды. Келген адамдар Махамбеттің Б.Айшуақов алдында жауап беру үшін олармен бірге жүруін талап етті, бірақ Махамбет одан бас тартты. Киіз үй ішінде бірінші керіс, одан кейін опыр-топыр алыс-жұлыс басталды. Жанжалдасумен барлығы ұмар-жұмар алысып, сыртқа шықты. Осы кезде М.Нұралин Махамбеттің қолын қапсыра ұстады да, Ж.Өтеулин оның басын қылышпен төбе тұсынан қатты ұрды. Махамбет мерт болды. Жасақшылар оның басын қылышпен шауып алды. Махамбеттің басын алып, Хасен мен Бітімбайды тұтқындап, Елек өзенінің бойындағы Баймағамбет Айшуақовтың ставкасына кетті.» деген. Тек Орынбор шекара комиссиясы Айшуақовтың жазған хатына сүйеніп, Махамбет қорғаныс ретінде жұмсалған шоқпар соққысынан қаза тапты деген шешім шығарады да, өлтірушілер жазадан құтылып кетеді. Махамбеттің туыстары ақынның қанша сұрап барса да, Баймағамбет оны бермей қояды. Тіпті Исатай мен Махамбет көтерілісін басып-жаншып, көтеріліс басшыларының бірі Махамбеттің көзін жойғаны үшін патша үкіметінің шақыртуымен Петербургке барып, “Қасиетті Анна” орденін алып қайтады. Іштеріне кек қатқан ақынның туыстары, патшадан қайыр жоқ екенін түсініп, сұлтанның кекті өздері алмақ болады. Махамбеттің бажасы Асаубай Құдайкеұлы Петербургтен қайтып келе жатқан Баймағамбетті 1847 жылдың 30 наурызында Елек өзенінен пароммен өтіп келе жатқан жерінен күтіп алып, паромның арқанын қиып жібереді. Суға құлаған бес адамның біреуі ғана тірі қалып, етжеңді Баймағамбет суға бірден батып кетіпті. Және батырдың түбіне жеткен жауыздың сүйегі қанша іздесе де табылмапты деседі. Ал Махамбеттің басын туыстары Баймағамбет сұлтанның жылқышысынан сұрап жүріп, қайда көмілгенін тауып, денесінің жанына жерлейді.

Патшалық Ресейге түгелдей отарланған, кейін Кеңес үкіметінің құрамына кірген Қазақстанның Батыс өңірінде уақыт өте келе Махамбеттің жерленген жері ұмытылады. Тек 1958 жылы Орал облысына шығармашылық іссапармен барған Тайыр Жароков пен Қажым Жұмалиев “Орал өңірі” газеті арқылы “Махамбеттің қабірін білетін жан бар ма?” деп ел ішіне сұрау салдырады. Сонда қабірді білетін Тайпақ ауданының тұрғыны Құрақ Бектұрғанов деген азамат шығады. Оның үшінші атасы Бектұрған Исатай мен Махамбеттің қарулы көтерілісіне қатысқан достары екен. Ол баласы Тәшенге, Тәшен өз ұлы Дінмұхамедке Махамбеттің бейітін көрсетіп кетіпті. Ал Дінмұхамед ақсақал баласы Құраққа: “Махамбеттей адамдар еш уақытта ұмытылмайды, ұмытылуға тиісті де емес. Күндердің күні оның жерленген жерін іздейтін адамдар табылар. Сондықтан балам, мен Махамбеттің басына тобылғы тігіп кеткелі тұрмын”, - деп, Дінмұхамед ақсақал өз қолындағы және Құрақтың қолындағы қамшылардың сабын қайысынан ажыратып, тобылғысын Махамбет зияратының бас жағы мен аяқ жағына көмеді. Баласына тобылғының шірімейтінін ескертеді. Осыны Қ.Жұмалиев пен Т.Жароковқа әңгімелеп берген Құрал ақсақал Қаройдағы ескі қабірлер арасынан Махамбеттің бейітін тауып, басындағы 1951 жылы көмілген қамшының тобылғы саптарын тауып көрсетеді. Солай Махамбеттің қабірі 1958 жылы ғана табылады.

Ал 1966 жылы Ноэль Шаяхметов атты антрополог бет-бейнесін жасау мақсатымен Махамбеттің бет-бейнесін жасаймын деп, қабірін қазуға барады. Ноэль Шаяхметовтің басшылығымен қазу жұмыстары басталып кетті. Қазу барысында табылған бассүйектен төрт терең жарақат табылған. “Денеден бөлек жатқан бассүйектегі жарақаттарға және тістерінің санына қарағанда бұл, біріншіден, айуандықпен мерт болған адамның басы, екіншіден бұл бас денесінен шабылып алып. Кейін жерленген, үшіншіден, жасы шамамен 40 пен 50 арасындағы адамның басы. Осыған қарап бұл Махамбеттің бассүйегі деп айтуымызға болады”, - дейді Ноэль Шаяхметов. Сонымен не керек, Ноэль Шаяхметов Махамбет сүйегін Алматыға алып кетіп, 1967 жылы оның скульптуралық мүсінін жасайды. Ал ғалым Мәскеуге көшерінде Махамбеттің сүйегі салынған қорапты Алматыда тұратын апасының үйінің жертөлесінде қалдырып кетіпті. Сұрауы болмай, сүйек 17 жыл бойы қағаз жәшікте, жертөледе жатқан. Тек 1983 жылы ғана Атырау жұртшылығы Махамбеттің сүйегін алдырып, бұрынғы орнына қайта жерлейді.

Ең басты, «Бас» өз мекенінде, өз жерінде, ол дегеніңіз рухы сынбаған ел екеніміздің айғағы десек те болады.

Ақын аңсаған тәуелсіздікке жеткен бүгінгі ұрпақ әлі күнге дейін Махамбет жырларын оқып бойына қуат алады, жігерін жаниды... Бостандықтың жолында қандай қиыншылық көрсе де, тәуелсіздік – Махамбеттің орындалған арманы.

Кім таныса Махамбетті шындығынан танысын.

Халқын мұңға қалдырғанмен,

Сатқынға бас алдырғанмен,

Еңкейтпестен сақтай білді ол ұлтының өр намысын.

Жұрт сондықтан пір тұтады Махамбеттей арысын!..

.....

Күрес әлі жүріп жатыр шындық үшін, ар үшін...

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рахымжан Отарбаев «Бас» романы
2. Егемен Қазақстан газеті Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты Алмаз Мырзахмет мақаласы
3. «Бас» романының саяси астары қандай? <https://ult.kz/post/bas-romanynyn-sayasi-astary-kanday>
4. <https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/suiegi-17-jyl-jashikte-jatqan-mahambet-batyr-1567/>

ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Жанабаева Гүлназ Мейрамханқызы

Астана қаласы, Жоғары көлік және коммуникация
колледжінің тарих пәні мұғалімі

Махамбет Өтемісұлы ішкі Бөкей Ордасының құрамында (қазіргі Батыс Қазақстан облысына қарасты қазіргі Жәңібек ауданында, Нарын құмында 1803 жылы дүниеге келген) Бала кезінен Ұлы Далаға аты мәшһүр ақындар мен жараулардың шығармаларына қанық болып өскен. Заманына сай мұсылманша сауатын ашы, орыс тілімен қатар татар және араб тілдерін меңгеріп алды.

Биыл отарлау саясатына қарсы азаттық қозғалыстың жарқын өкілі, қазақ халқының біртуар тұлғасы, ақын, күйші Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толып отыр. Ақын шығармалары азаттықты, еркіндікті сипаттайды.

Иә, халықтың қадір тұтары-«жауды көрсе шыдамай көзін қияға салатын» батыры мен «арғымақтың баласы»-арқалы ақыны.

Махамбет-делебенді қоздыратын рухты сөзбен, серпінді сазбен сомдалған сұлу сарайдың патшасы.

Ол өзін:

Дулығалы бас кескен,

Ту түбінен ту алған,

Жауды көріп қуанған,

Мен Өтемістің баласы

Махамбет атты батырмын,-деп таныстырады.

Хас жақсының баласы,

Арада тұрып сөйлемес,

Жауым таба қылар деп.

Хас патшаның баласы

Жапанда жалғыз тұрмайды,

Дұшпандар көзін салар деп-ау арқылы өзінің «арада тұрып сөйлемейтін» ақын екендігін таныды.

Еңселігім екі елі,
Егіз қоян шекелі,
Жараған теке мүшелі.
Жауырыны жазық, мойны ұзын,

Дұшпанына келгенде
Тартынбай сөйлер асылмын,-деп суреттеуі іс пен сөзі бір ер екенін танытқандай.

Ер жігіттің жаман – жақсы қасиеттерін екшей келе:

Атадан туған аруақты ер,
Жауды көрсе жапырар,
Үдей соққан дауылдай.

Жамандарға қарасаң,
Малын көрер жанындай...

Немесе:

Жаманды байқай қарасаң,
Күндердің күні болғанда,

Өз басына өзі жау-деп, сертті бұзып, жақынының жағасына жармасатын жамандарды сынайды.

Намысын қолдан бермеу- Махамбеттің басты ұраны. Сондықтан батыр соңына ерген сарбаздарды да намысқойлыққа, өжеттікке, бірбеткейлікке баулиды.Қиын-қыстау кезеңде қиындыққа мойымай, еңсесін тік ұстауды сұрайды.Елге еркіндік тілейді, Тәңірден басқаға тәуелді болмауды аңсайды, теңдікке қол жеткізуді армандайды.

Ақынның:

Бізді тапқан ананың,

Асыраған атаның.

Ризалықпен жайласып,

Қолын алар күн қайда?-дегені ата-ана алдында аласа болу,оларды құрметтеуге баулиды.

Махамбет ездерді еркек қатарына қоспайды.Мұны ақынның :

Қарайғанның, жігіттер,

Бәрін кісі деменіз.

Көпе-күндіз тайраңдап,

Түзге шықпас ерлер бар,- деуінен байқауға болады. Ал еркек кіндіктің басты қасиеттері - бірсөзділік, өжеттілік, намысқойлық деп біледі.

Меніңше, Махамбеттің Махамбет атануы –жалынды жырларымен жастарды жалындата білуінде;

Махамбеттің Махамбет атануы –халқының сөзін сөйлеп, сойылын соға білуінде;

Махамбеттің Махамбет атануы –ісі мен сөзінбір арнаға тоғыстыра білуінде;

Махамбеттің Махамбет атануы –шынайылықтың, шындықтың шыңын бағындыруында;

Махамбеттің Махамбет атануы – адамдықты, адалдықты бағалай білуінде;
Махамбеттің Махамбет атануы – ез емес, ер болуында;
Махамбеттің Махамбет атануы – көңіліне түйгенін
кібіртіктемей, қалтқысыз, бұлтақсыз айта білуінде;
Махамбеттің Махамбет атануы – достыққа адал болуында;
Махамбеттің Махамбет атануы – өнегесімен өзгені тәрбиелей алуында;
Махамбеттің Махамбет атануы – «қаумалаған» қазаққа қорған бола
білуінде.

Сағаттар сырғып, күндер, айлар, жылдар жылжып, уақыт өтіп, дәуір озар. Ал Махамбет мұрасын оқыған ұрпақ азбас. Өйткені, Махамбеттей батырдың ерлігі, Махамбеттей ақынның сөзі-таптырмас тәрбие құралы.

Пайдалаған әдебиеттер тізімі:

1. Махамбет Өтемісұлы туралы бірер сыр. Қазақстан тарихы журналы.
2. Кенжалиев И. Махамбет. – Орал, 2003. – 201 б.
3. ҚР ОММ, 4 қор, 1 тізбе, 2006 іс

МАХАМБЕТ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ - ӨРШІЛ РУХ

Бегеева Салтанат Косаровна

Астана қаласы, Мұстафа Шоқай атындағы
№51 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,

Ерлердің ісі бітер ме?!- демекші ел басына күн туған қиын шақтарда қолына қалам мен қаруды қатар алып, жауға қарсы тұрған ер-азаматтар аз болмаған. Солардың бірі де бірегейі – Махамбет Өтемісұлы. Ақындығы мен батырлығы, көрегендігі жүйрік, азулы тұлғаны тарихи тұрғыдан зерделеу және жасөспірімдер санасына патриоттық идеологиямен тәрбиелік негізде ұғындыру бүгінгі заманның талабы. Еліне, жеріне деген сүйіспеншілік әр қазақстандықтардың бойынан табылса мемлекеттің болашағы айқын. Әділеттілік пен бірліктің туын биік ұстаған қоғамның да мәртебесі биік. Сабақта және сыныптан тыс шараларда Махамбеттей қайталанбас тұлғаның өнегелі ісін оқушы жадында мәңгі сақталып, құндылығын алуда басты назарда ұстаған жөн. Менің іс-тәжірибемде ақынның өлең шумақтары мен күйлерінде бейнеленген тарихи оқиғалардың мән-мағынасын аша отырып, оқушының білім, білік дағдысын функционалдық сауаттылық пен құндылыққа бейімдеу. Нарынның топырағында өскен Махамбеттің идеялық негізгі ұстанымы – азаттық сарын, ұлттық рухтағы өлең шумақтарын оқыту арқылы, бүгінгі күнде тәуелсіз Қазақстанның «Мәңгілік ел» идеясымен сабақтастыру. Азаттық рух, Тәуелсіздік, бірлік, берекенің негізін ақын өлеңдері бейнесімен сомдау өнімді де, нәтижелі болары анық. Даңқтылық пен даралық бір күнде келмейтінін,

оқушыға тұлғалық тәрбие қалыптасуын Махамбеттің жас кезіндегі зейінділігі мен еңбекқорлығы туралы

«Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім»

деген өлең шумақтарынан оқушылардың қабілет деңгейін ескере отырып, М.Чиксентмихай «Өзіндік мақсат» сызбасын пайдалану арқылы еркін ағымға енуі мемлекеттің болашағына үлес қосар ой арманына жетелейді, бейіндейді. Ақын өлеңдерінің жалпы сипаты азаттықты жырлағанмен, терең талдау барысына бірнеше үлгі- өнегелік бағыттылықтарды байқауға болады. Педагог көрнектіден, көлеңкені таба білуі арқылы оқушының танымын қалыптастырады. Исатай мен Махамбеттің арақатынасын сипаттайтын достық пен үлкенді құрметтеуде

«Мен - мен едім мен едім-ау!

Мен нарында жүргенде,

Еңіре жүрген ер едім.

Исатайдың барында,

Екі тарлан бөрі едім.

Қай қазақтан кем едім?

Бір қазақпен тең едім» - десе келесі шумақта Исатайды пір тұтып

«Исатай – басшы, мен – қосшы,

Исатайдың сол күнде

Ақтабан аты астында,

Дулығасы басында

Зығырданы қайнайды,

Астына мінген Ақтабан

Ақбөкендей ойнайды» деп дәріптейді. Қазақтың ертеден кележатқан болмыстар мен ұлттық ерешеліктеріміз ақын өлеңдерінен мұрағат, дәлел екендігін байқауға болады. Зерттеуші А.Ф.Рязанов: «Әрі батыл, әрі жалынды Махамбет көтерілістің жаны тәрізді болды және Исатайды батыл түрде құралды күрес жолына сілтеген бірінші адам сол еді» деп рухты өлең жырларына жоғары баға берген. Ғылыми тұрғыдан алсақ, адам санасы рухани идеяның тұтқасы. Ақын халқын рухани тұрғыдан қоғамы сауаттылыққа тарта білді. Көтерілісшілердің қарқындылығын:

«Әскер жиып аттандың,

Бекетай еді тұрағың.

Айқайлап жауға тигенде

Ағатай, Беріш ұраным.

Бекетай құмға ел қонып,

Байбақты Жүніс аттанды.

Қосылуға дем болып,

Құдайлайды хан ұлы» деп, Жәңгірдің үрейін ұшырғанын, тәңіріне сиынғанынан байқауға болады. Махамбет заманындағы батырлық пен рухты ақындық болса, бүгінгі қоғамның қаруы білімді ұрпақ пен өрелі еңбек.

Әлемдік деңгейдегі білім, ғылымға бағыттау. Патриоттық сезім барлық адамзат қауымында бірдей, тек заманына қарай өзгерісте болатынын оқушы санасына жеткізуде «өзгеріс пен сабақтастық» концептісін пайдалану оқу тиімділігін арттырады. Ақын жырының ерекшелігі тарихи шындық, болған іс баяндалады. "Соғыс" атты өлеңінде өрілген желіге зер салар болсақ, соғыстың басталуынан қалай өрбігені, адамдардың мұңы, сағынышы, қайғысы рет-ретімен тізбектеле баяндалады. Ол жерде суреттелетін дүниенің негізге арқауы – шындық. Тарихи деректердің барлығы дерлік ақиқат.

Цифрлық технологияны жаңа мүмкіндіктерін қолдану арқылы «Махамбет туған киелі жер» іс шаралар желісін ұйымдастыру, білім алушылардың оқу-танымдылығын арттырады. Махамбеттің « Ереуіл атқа ер салмай », «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», « Ерлердің ісі бітер ме?», «Қызғыш құс» деген өлеңдері балалардың ойына қозғау салатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым. Ер Махамбеттің өршіл өлеңдері өскелең ұрпақ үшін әке қанымен, ана сүтімен бойға дарыған рух күшіндей әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия-Алматы: «Арыс» баспасы 2002 ж.
3. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж.
4. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті. -12.09. 2003
5. Қазақстан тарихы.очерктер- Алматы.1994ж

МАХАМБЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК ОРНЫ

Әбдікәрімұлы Бауыржан

Астана қаласы, Мұстафа Шоқай атындағы
№51 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі

Махамбет Өтемісұлы (1910-1987) – көрнекті қазақ халқының ақын, жазушысы және қоғам қайраткері. Оның жұмысы терең философиялық түсінікпен, жарқын эмоционалдылықпен және ұлттық бояумен ерекшеленеді.

Махамбет Өтемісұлы Қазақстанның ұлттық қазынасына айналған өлеңдерімен, прозаларымен және әндерімен танымал. Ол махаббатты, туған жердің табиғатының сұлулығын, және патриотизм тақырыптарын толғады.

Әдеби қызметтен басқа, Махамбет Өтемісұлы Қазақ елінің қоғамдық өміріне белсенді қатысып, өз халқының ұлттық мүдделері мен мәдени мұрасын қорғады.

Оның шығармашылығы Қазақстанда да, одан тыс жерлерде де көптеген ұрпақтар үшін маңызды және шабыттандырушы мирас болып қала береді. Ол өзінің терең поэтикалық күшімен және эмоционалды ашықтығымен назар аударады.

Әрине, Махамбет Өтемісұлы өзінің тәрбие беретін, терең ойлы шығармаларымен Қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырды. Мұны толығырақ қарастырайық.

Махамбет Өтемісұлының шығармашылығындағы тәрбиелік ерекшеліктері:

1. Патриотизм және ұлттық мақтаныш.

Махамбет Өтемісұлы қазақ ұлттық қозғалысын жарқын өкілдерінің бірі және патриотизмнің символы болып саналады. Ол өз өмірін Қазақстанның тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күреске арнап, қара халықта өз елі мен мәдениеті үшін мақтаныш сезімін оятты. Махамбет Өтемісұлының патриотизмі оның белсенді азаматтық ұстанымында, отаршылдыққа қарсы батыл күресінде, сондай-ақ қазақ даласының табиғатының сұлулығын, тарихы және ұлттық құндылықтарын дәріптеген поэтикалық шығармаларында көрініс тапты.

Мысалы,

"Қиқулай ұшқан қырғауыл,
Күніне құлан да басып өткісіз,
Күндіз келген қонағы
Кешке үйіне кеткісіз."

Бұл "Нарында" өлеңінен үзінді.

Ел-жерінің табиғатына ғашық екенін көрсеткен.

"Мен-мен едім, мен едім" жыр жолдарында Махамбет бабамыз жерінен айырылған байғұс, қара халыққа жаны ашып, олардың жағдайын жақсартып, жерін қайтару үшін әйгілі Баймағамбет сұлтанға толғаулатқанын анық байқаймыз.

2. Даналығы мен философиясы:

Махамбет Өтемісұлының шығармашылығында терең философиялық компонент байқалады. Оның философиясы қазақ халқының өмірі мен мәдениетінің көптеген аспектілеріне өз әсерін бермей қоймады. Оның ойлары ұлттық сана мен азаматтық жауапкершілік идеяларын қалыптастыруға айтарлықтай көмек берді. Ол тәңірінен ғана қорққан, әділ шешімді жаны сүйген.

Өтемісұлының философиясы-көзқарастары мен идеялары философия тарихында терең із қалдырған. Ол өзінің өткір ой қабілеттерімен және адам өміріндегі қиындықтарға стандартты емес көзқарастарымен танымал болды. Ол әр адамның ерекше көзқарасы бар және әлемді өз түсінігімен көреді деп сенді. Ол ерік, руханият және адамгершілік мәселелерін белсенді түрде қарастырды. Оның еңбектерінде стереотиптер мен ойлау үлгілерін жеңуге деген тұрақты ұмтылысты, сондай-ақ өмірдің мәні мен адам болмысы туралы терең түсінікті іздеп табуға болады. Тұтастай алғанда, Өтемісұлының философиясы-адамның ақыл-ойы мен руханилығын терең зерттеу, шындықтың мағынасын іздеу және үйлесімділік пен бақытқа жету үшін өзін-өзі тануды дамытуға шақыру.

3. Батырлық және рухани биіктік:

Махамбет Өтемісұлы өз шығармашылығында батырлық пен батылдық тақырыптарына жиі тоқталды. Оның шығармалары өз пікірін айтудан, шындық пен әділеттілік үшін күресуден тайсалмайтын, өзінен әлсіздерді қорғай білетін адам.

Сұлтанға тікелей,бетпе-бет келіп,өлең жолдары арқылы өз халқының мұңын жеткізген сәті Махамбет атамыздың қайтпас қайсарлығы мен шыншылдығын көсетеді.Сол күні ол өзінің бостандығына,тіпті өз өміріне қауіп төндірді,бірақ жан қазағы қиналғанына көз жұмып,қуысқа тығылып отыра алмады.Яғни,ол өз сөзіне сай,жастарға үлгі,батыл кісі болған.

Ер адам түзде жүріп піседі,қиыншылық көрмеген адам - ер жігіт болып толмайды.Қиыншылық көрмеген ер-жігіт тәжірбиелі,шапшаң бола алмайды:

Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

4. Отбасылық құндылықтар және адамгершілік :

Оның шығармаларында отбасылық құндылықтар,балалар мен қоғамға деген қамқорлық маңызды орын алады. Махамбет Өтемісұлы оқырмандардың отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін моральдық нормалар мен қағидаттарды насихаттады.

Оның шығармаларында отбасылық және әлеуметтік байланыстарды сақтаудың маңыздылығы,сондай-ақ ата-ана мен аға буындарды құрметтеу тақырыбы бас алады.

Махамбет өзінің көптеген шығармаларында ұлының әкесіне ұқсау тақырыбын қозғайды.Ұлдың әкесінің үлгісіне сәйкес келуге тырысуы керек екенін баса айтады. Бұл әрбір жас адам өз отбасы мен қоғамының лайықты өкілі болу үшін өтуі керек ізгілік пен ар-намыс жолына нұсқаудың бірі.

Махамбет үшін отбасының ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтау ерекше маңызды. Ол жас жігіттерді ата-аналарын ұятқа қалдыратын немесе туған үйіне жаман атақ әкелетін әрекеттерден сақтандырады.Оның өлеңдерінде бедел мен отбасылық қадір-қасиетті сақтау туралы алаңдаушылық бар.

Махамбеттің мұндай қағидаттары тек қазақ мәдениетінде ғана емес,сонымен қатар отбасылық құндылықтар мен үлкендерге деген құрмет адамгершілік пен адамгершіліктің негізі болып табылатын көптеген басқа қоғамдарда да өзекті:

"Ақ жұмыртқа, сары уыз,
Әлпештеп қолда өсірген,
Туған ұлдан не пайда,
Қолына найза алмаса,
Атаның жолын қумаса?!"

Қорытынды

Өтемісұлының шығармалары оқырмандар арасында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған терең патриоттық мәнімен ерекшеленеді. Автор өз шығармаларында әділдікті және батылдықты жоғары бағалайды, бұл әр оқырман үшін маңызды сабақ, ол терең шындықтарды ашып, толеранттылықтың, жанашырлық пен түсіністіктің маңыздылығын көрсетеді.

Оқырман Өтемісұлының шығармалар әлеміне еніп, оқудан ләззат алып қана қоймай, жеке тұлғаның дамуына негіз бола алатын даналық сабақтарын алады. Әр әңгімеде автор қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау, тағдырдың сынақтары кезінде адамгершілік пен мызғымастықты қалай сақтау керектігі туралы құнды сабақтар береді.

Осылайша, Өтемісұлының шығармалары әдеби шығарма ғана емес, сонымен қатар оқырмандарға өздерінің рухани тереңдігін, даналығы мен шыншылдықтарын дамытуға көмектесетін өмірдің нағыз оқулығы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ш.А.Шортанбаев. Махамбет поэзиясындағы сөздердің стильдік –мағыналық қолданысы. Вестник Карагандинского университета ЭОЖ82-1.
2. Махамбет Өтемісұлы туралы бірер сыр. Қазақстан тарихы журналы.
3. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕЛДІК ПЕН ҚАҺАРМАНДЫҚ

Сағындықов Темирлан Камалович

Астана қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы
№83 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі

Әдебиеттің басты объектісі адам, адам тағдырын бейнелеу арқылы әр дәуірдің сан қилы сыр-сипатын көрсететін көркем әдебиеттің даму кезеңдеріне көз салғанда, оның нақтылы тарихи адамдар мен тарихи оқиғаларды бейнелеу ерекшелігі, яғни әдебиеттегі тарихилық мәселелері айрықша назар аудартады.

Белгілі бір дәуірдің сөз өнеріндегі шындықтың тарихи ақиқатқа арақатынасы – тарих пен әдебиеттің келелі мәселесімен тікелей байланысты. «Шындық – жалпылама түсінік емес, ол нақты нәрсе. Және қай заманда да көркем сөз өкілінің өзі жырлап отырған кезеңнің шынайы шындығы талап етілген, сол шындықты көрсету қабілетіне қарай бағаланған [1,4].

Тарихи шындық пен көркем шындықты бөле жарып қарамайтынымыз ақиқат. Қайшылыққа толы тарихи тұлғалардың болмыс-бітімі, заманына деген көзқарасы, елінің жарқын болашағы жолындағы күрестері көркем шығармалардың өзегіне айналғаны шындық. Айтып отырған күрестің бел ортасында өзі жүріп, сол жолда жанпидалық жасаған халқымыздың ұлы перзенті Махамбет Өтемісұлының тұлғалық, адамилық қасиетін біз өзінің

туындыларынан көреміз. Оның шығармашылығына арқау болған тақырыптар туған жер, атамекен, жерді қорғау, елді азаттыққа шақыру.

«Әскер жиып аттандық,
Бекетай еді тұрағым.
Айғайлап жауға тигенде
«Ағатай беріш!» ұраным.
Бекетай құмға ел қонып,
Байбақты Жүніс аттанды,
Қосылуға дем болып.
Құдайлады хан ұлы,
Іздеген жауы біз болып.
Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер бүлінді.
Исатай - басшы, мен – қосшы
Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында.
Зығырданы қайнайды,
Астына мінген ақтабан
Ақ бөкендей ойнайды.
Қасына ерген көп әскер

Маңыраған қойдай шулайды [2,46], жырды оқып отырып, автордың баяндауындағы батырдың келбетін, оның ерлігін байқамай қалу мүмкін емес.

Көне түркі заманынан бастап, жыраулық поэзиямен жалғасқан қазақтың сөз өнері Махамбет дәуірінде толғау, жыр, дастан түрінде тарап жүрді.

Ақын тұлғасы тек ақындықпен шектелмейді, атап айтар болсақ, батырлық, қаһармандық, қайраткерлік, азаматтық яғни, ер азаматқа тән ізгі қасиеттерді көре аламыз.

Батырдың ақындық тұлғасы жайлы көрнекті әдебиеттанушы ғалым ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор Зейнолла Қабдолов «Махамбет өлеңі – қазақ сөзінің қайталанбас құдыреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза, қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең жырында жоқ. Оның өзге тілге оңай аударылмайтыны да сондықтан.

Ақын болу – бір бар; ал оның үстіне батыр болу ше? Және де, ақын – ақын, батыр – батыр қалпында бөлек-бөлек тұрып қалмай, ақындық пен батырлық бір тұлғаның табиғатында ару әйелдің әдемі бұрымындай өріліп, баяғы бабалар дәуірінен бермен қарай тек қана азаттық аңсаған асыл ерлердің азап пен қорлыққа қарсы ашулы дойырына айналса... – о, бұл енді әр ғасырда бір кездесетін аса сирек құбылыс. Осыдан келіп өмірдің өнерге яки өнердің өмірге айналуы секілді ғажайып «жұмбақ» процесс туады да, оны туғызған уақыт пен кеңістік» [3,18]. Профессор З. Қабдоловтың пікірін құптамаудан басқа жол жоқ. Шын мәнінде де бір бойында бірнеше өнерді игерген тұлғалар халқымызда көп, солардың ішінен ерекшелеп, биіктетіп тұратын Махамбеттей тұлғалардың орны

ерекше, олардың есіме уақыт тезінде қалып қоймай, заман көшімен бірге көшетіні ақиқат.

Еліміз Тәуелсіздік алып, етек-женімізді жинай бастаған кезде тарихқа, яғни өткенімізге көз жүгірте бастадық, зерттей бастадық. Әрине, ауқымды идеологиялық жұмыстар мемлекет тарапынан қолдау таппаса нәтижесі болмайтыны тағы бар. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәдени мұра», «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларында қозғалған түйінді ұсыныстар мен пікірлердің, қолға алған іргелі зерттеулердің нәтижесін еліміз енді көре бастауы керек.

Ата-бабаларымыз армандаған Қазақстанда өмір сүріп жатқан сіздер мен біздер. Сондықтан аманатқа қиянат жасамау бүгінгі ұрпақтың міндеті.

Мақаламызға арқау болып отырған Махамбет Өтемісұлы шығармалары өз заманының шындығын көркем жеткізген классикалық қазақ поэзиясының негізі.

«Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім...», қандай асыл арман, абыройлы мақсат! Алайда Махамбет өмір сүрген дәуірде бұл арман – арман қалпында, мақсат – мақсат қалпында қалатын бұл арман мен мақсат жолыдан ерлік елдің елдігіне, еркіндігіне әкелмейтін. Елдің еркіндігін аңсаған ерлердің айбаты мен қайраты бұлтты тілген найзағайдай жарқ етіп жанатын да сөнетін [3,23].

Тарихты, әдебиет тарихын зерттеу мен зерделеу тек тарихшы мен әдебиеттанушы үшін ғана керек емес. «Өнер – өнер үшін емес, өнер өмір үшін» екені рас болса Махамбет шығармашылығын бүгінгі ХХІ ғасыр талғам мен талап тұрғысынан талдауымыз керек.

Пайдаланылған әдбиеттер:

1. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 376 бет.
2. Өтемісов М. Жыр семсер. Өлеңдер. – Алматы: «Жазушы», 1979. – 136 бет.
3. Өтемісұлы М. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. 1-том. Өлеңдер мен күйлері. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. 448 бет.

МАХАМБЕТ МҰРАСЫ-ЕЛ РУХЫ

Авдхалым Асия

Астана қаласы, Б. Момышұлы
атындағы №53 мектеп-лицейінің
тарих пәні мұғалімі

Қазақтың күрескерлік тарихының ажырамас бөлігі саналатын Исатай мен Махамбет бастаған қозғалыстың шынайы себеп-салдары, маңызы жылдар бойы бұрмаланып келді. Шын мәнінде көтеріліс неден туындады?! Дауылпаз ақын Махамбет-арыстан еді деп сипаттаған Исатайдың Жәңгірхан саясатына көңілі толмауына не себеп? Сан-сауалдың жауабын әртүрлі деректерге сүйеніп тарқатып көрейік.

Бөкей ордасына қатысты том-том құжаттар орталық мемлекеттік архивтің №4- қорында Орынбор шекаралық комиссиясы құжаттар құрамында сақталған. Онда Жәңгірханның Исатай Тайманұлының, Махамбет Өтемісұлының өз қолымен жазып, мөр басқан хаттары бар.

Кезінде Бөкейханмен сыйлас болған Исатай бастапқыда Жәңгірмен де жақсы қарым-қатынас ұстанған. Жәңгір де оған ел ағасы батыр-деп ілтипат білдірген. Ол оның ұлы Зұлқарнайынның тәлімгері болған. Қазақтың ханы, орыстың генералы Жәңгір Бөкеев - өз заманының үлкен қайраткері. Аңыз болсын, ақиқат болсын, бәрібір, әйтеуір о баста Исатай мен Жәңгір, Жәңгір мен Махамбет қазақтың қашанғы халықтың қасиеті – ағайыншылықтан ажырамаған адамдар. Жәңгір ел бастаған хан болса, Исатай сол ортадағы ақылды көсем би, Махамбет от ауызды, орақ тілді шешен болған. Жәңгір олардың екеуін де екі аймаққа старшын етіп тағайындаған. Одан бөлек ақындығымен хан сарайының сәнін келтірген Махамбет те билеуші қауым арасында беделі өсіп, салмағы артқан тұлға еді.

Ал осы ынтымақ қалай бұзылған? Араздық жауласуға қалай жеткен?. Жәңгір таққа отырған соң билікті нығайтып, басқару жүйесін өзгертті. Жәңгір билікке келген соң бұрыннан қазақ арасында қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесі Ресей империясы ықпалымен өзгеріске ұшырады.

Ел басшылары халыққа қорған болудан қалды. Керісінше, отарлаушылармен ауыз жаласып, Ресей империясының отаршылдық саясатын нығайтуға күш сала бастады. Жәңгірдің жерге, салыққа, билікке қатысты енгізген «жаңалықтары» ежелгі тіршілік үрдісіне қайшы келген-ді. Ақсүйектер мен бұқараның алшақтауы күшейген еді. Бұны Жәңгір өз мақсатында пайдаланып, билікке жағымпаз, өзіне жақын адамдарды әкеле бастады. Қайын атасы Қарауылқожа Бабажановты старшын етіп тағайындауы Исатайға ұнамады. Исатаймен арасындағы салқындық осыдан басталды. Хан мен батырдың арасы шиеленіскенін аңғарған Махамбет отты жырларымен Жәңгірге тоқтау айтуға тырысады. Исатайдың ауылы теңіз жағасындағы жайлы жерлерінен Мыңтөбеге ығыстырылады. Бұның соңы қысастыққа, әділетсіздікке көз жұмып қарай алмайтын Махамбеттің де хан сарайынан кетуімен түйінделеді.

Мен ақсұңқар құстың сойы едім,
Шамырқансам, тақсыр, кетермін.
Кетпей де нешік етермін?
Бұл барғаннан барармын,
Қиядан орын алармын.
Еріскендей ер болса,
Соғысқандай жер болса,
Бірме-бірге келгенде,
Әлі де болса бір тәңірге жылармын,
Дұшпанға қылыш ұрармын.
Жазға бір ай қалғанда,
Аласапыран болғанда,
Бөліне көшкен еліңді
Бөріккен қойдай қылармын,
Жарыла көшкен еліңді
Жаралы қойдай қылармын.
Мен кеткенмен тек кетпен –

Сізден артық табармын, деп әділдіктің жолын таңдаған Махамбет өзінің отты жырларымен халықты рухтандырып, хан озбырлығына тоқтау болатынына сенді. Отарланған елдің бұғаудан құтылу жолындағы күресі тынымсыз жүріп жатты. Қоғамға қызмет ету — әр адамға, оның сезіміне әсер ету, оның бойында рух көтеру, сөйтіп көпшілікке ықпал ету деп түсінді.

Махамбет ақын тебіренгенде:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп,
Түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,

Ерлердің ісі бітер ме?! Осы жыр арқылы ақынның жалған дүниедегі миссиясы анық байқалады. Өмірінің ширек ғасырға жуық шырғалаң шағын осы жолда өткерді. Әйткенмен артында қалған мол мұрасы өлімнен кейінгі өміріндей жалғасып ,бүгінгі күнге дейін жетті. Әрине, ондай дауылпаз жыр, отты өлең мен тасқын терме тек Махамбетте ғана бар. Бұларсыз Махамбетті елестету мүмкін де емес.

Батырдың осылайша ел жадында сақталған сипаты арқылы тұлғалық болмысына қаныға түсеміз. Махамбет портретін тануда тарихшылар тұжырымы түрлі тарапқа бөлінеді. Мысалы Халел Досмұхамедұлы : « Махамбет

мықты агитатор, жақсы бастықтың қолында ыңғайлы қолбасшы» десе, шығыстың шынары М.Мәметованың әкесі Ахмед Мамытұлы керсінше, дәтке берік, байсалды да тегеурінді кісі ретінде кейіптейді. Қалай болғанда да Махамбет ол біз үшін, ерліктің үлгісі, елдіктің бастауы. Ал оны тап басып танып түсу, артында қалған мол мұрасына үңілу арқылы ғана болмақ. Ол үшін Махамбет хақындағы мәселелер әлі де болса зерттеле түсуі ләзім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әнес Сарай «Екі тарлан»
2. Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет – Алматы, 1991, 125 б.
3. Ә.Кекілбаев «Шандоз»
4. Ш.Сариев “Махамбет – ұлт тәуелсіздігінің жаршысы

ӨРШІЛ ТҰЛҒА-РУХТЫ ЖЫР

Тлебалганова Динара Нурмухамедовна

Астана қаласы, Б. Момышұлы
атындағы №53 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Махамбет Өтемісұлы-қазақ халқының азаттығы жолында ақ найзасымен, азаткер асқақ жырымен қасық қаны қалғанша күрескен, тіпті сол жолда құрбан болған әрі ақын, әрі батыр. Исатай Тайманов бастаған шаруалар қозғалысын ұйымдастырушы тарихи қайраткер тұлғалардың бірі.

Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы -теңдік пен бостандық, әділдік үшін күрес. Оның отты жырларының бағыты қанаушы, отаршылдық жүйеге қарсы болып келеді.

Ел басына күн туғанда «Ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алған ерлердің ісі» Махамбет поэзиясында көрініс тапты. Ақынның жалынды жырлары ұлтының ұранына айналып, жауынгерлердің намысын жаныды. Үзеңгілесі Исатайдан айырылған Махамбет Бөкей ордасында қолға түсіп Орынбор түрмесінде отырып шығады. Сонда да ақын рухын сындыра алмаған патша үкіметі оның басына мың сом тігеді. 1846 жылы Махамбет қастандықпен өлтіріледі.

Махамбеттің алдында екі торап жол жатқан еді. Бірінде - Жәңгір ханның сарайында бай-шонжарлардың сойылын соғып, әділетсіздікке көз жұмып, байлыққа кенеліп, сол сарайдың бұлбұлы болу мүмкіндігі болса, екінші торапта қым-қуат, кедір-бұдыры көп қиыншылыққа толы жол - халықтың мұң-мұқтажын, қасірет-қайғысын арқалайтын ауыр жол “тәуекел” жолы жатқан еді. Иә, Махамбет сол, екінші жолды, Алланың ақ жолын, әділет жолын таңдайды.

Ат-жігіттің майданы
Қылыш-жанның дәрмені
Өлім-хақтың пәрмені
Атақты ермен бірге өлсе,

Жігіттің болмас арманы.

Өте шыққан қызық гүл-

Бұл дүниенің жалғаны-деп, замандастарын жалған дүниенің қызығына малданбай, елім,жерім -деп еңіреген ердің соңынан еріп,өз мүддесінен елінің мүддесін биік қоюға үгіттейді. Өзі де сол жолды таңдап, Исатайдың сенімді серігіне айналады.

Махамбет бірнеше толғауында «алтын сөздермен» майдандас ағасы – «ақ кіреуке жағасы» Исатай Таймановтың – ол басшы, бұл қосшы боп қасында бірге жүрсе де ұсынса қолы жетпес алыс «арманының – таудан мұнартып ұшқан тарланының, кермиығы – кербезінің, керіскедей шандозының, құландай ащы дауыстының, құлжадай айбар мүйіздінің, қырмызыдай ажарлының, Хиуадай базарлының, теңіздей терең ақылдының, тебіренбес ауыр мінездінің» тастан қашалғандай сом тұлғасын әуелі осылай мүсіндеп, мінездеп алады да, асқақтата, аспандата шырқап әкетеді:

Жұртына құрбан болсам деп,
Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен,
Атқанын қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан –
Арыстан еді-ау Исатай!

Бұл фәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен?!» деп, өзі пір тұтқан тау тұлғаның образын жасайды.

Махамбеттің шеберлігі өзінің өлеңдерінде Исатайдың образын ғана беріп қойған жоқ, ұлттың асқақ рухын берді. Оның өлеңдерін аударуға көнбеуінің себебі де осында жатқан сияқты. Махамбет өлеңдерінің тылсым сырын ұғу үшін қазақтың жаны бола білу керек.

«Бұзбай құлан пісірмей,
Мұз үстіне от жақпай!»
Қу найзағай сүйеніп,
Құр далада зар қақпай,
Жалғыз жүріп ат бақпай,
Қабағыма қарыс сүйем мұз қатпай,
Қапыда қалған қасқамын,
Қақ жүректен найза түйретпей!
Жалғыз қалдым,

Адасып қалған үйректей...» деген жолдардан Махамбеттің өз образын табамыз. Бір оқып қарағанда тобынан “адасып қалған үйректей” көңілінің көгін мұң басып, пессимизмге берілгендей көрінгенмен “Бөрілі байрақ” деген өлеңінде:

«Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,

Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,

Ерлердің ісі бітер ме!!!» - қатын -баладан жырақта ,мұз жастанып,саз кешіп, халықының азаттығы мен бостандығы жолында қилы заманды басынан кешірмей ерлердің ісінің бітпейтініне сендіреді. Тек сендіріп қана қоймайды, жігерінді жанып,қайраттандырады,рухыңды оятады.

Махамбет - энергетикасы аса қуатты ақын. Біз сол энергетиканы тасымалдаушылар қызметін атқаруымыз қажет. Өйткені адам ондай қуатқа қашанда зәру. Орыс ақыны Е.Евтушенко «ақын дегеніміз - бұл ұлттық идея» дейді. Ендеше Махамбет біздің ұлттық идеямыздың ең басты идеалды тұлғасы болып,ғасырдан ғасырға асып, өмір сүре береді.

Адамдықты алға тартқан кез-келген кісінің мағаналы Мән табудағы сенімді серігі жүрегі болса, жолбасшысы ар мен ұят. Хикмет кеудесі құндылықтармен байыған адам ғана жарқын идеяларға ұмтылып, ғайып әлемінің сырын тануға талпынып ,жанкешті әрекетке баратынына тарих тізбегі куә. Тарих тізбегінде ойып тұрып орын алған, ұрпағына идеал бола алатын тұлғалардың бірі - Махамбет. Бізді Мәнмен жалғайтын алтын көпір құндылықтар. Пенде бойына құндылықтарды жиған сайын өмірден Мәнін табатын мүмкіндігі молайып, ішкі жан-дүниесі рухани байи түспек. Ендеше біз, ұстаздар қауымы мектепте Махамбеттің тұлғасын танытуда ары мен намысын сақтап, дүниені тәрк еткен, ұлтының болашағы үшін жанкештілікке барған Махамбеттің мол мұрасын ұлтымыздың баға жетпес құндылығы ретінде, ұрпақ бойына сіңіруде,насихаттауда, өнегелі өмірін үлгі етуде сергектік танытуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

5. Әнес Сарай “Екі тарлан”
6. Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет – Алматы, 1991, 125 б
3. Санжар Керімбай "Логотерапия немесе өмірге құштарлық"
4. Сариев Ш. “Махамбет – ұлт тәуелсіздігінің жаршысы”

МАХАМБЕТ - ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ТӨР ТҰЛҒАСЫ

Молдабаева Мархабат Маратқызы

Қызылорда қаласы, Қ.Мұхамеджанов атындағы
№1 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі

Құндылықтар жеке тұлғаның көзқарасын, ой-өрісін дамыта отырып, жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруға себеп болады. Осы орайда,

Махамбет тұлғасының ұлттық құндылықты сіңіруде маңызы зор болып табылады. Олай дейтініміз, XIX ғасыр жастары мен XXI ғасыр жастарының қажеттілігі, талғамы, дүниетанымы екі бөлек. Сондықтан бейбіт елдің жастарын батыр бабамыздың өмір жолы мен тұлғалық қасиеттерін таныта отырып ұлттық рухта тәрбиелей аламыз. Махамбет шығармалары ұлттық идеяны насихаттай отырып, тәуелсіздікті, еркіндікті аңсап өткен халықтың арманын жеткізеді, әділеттілік үшін күреседі.

Махамбет бала кезінен өжет болған. Алғашынды мұсылманша хат танып, орыс тілінде де сауатын ашады. Жәңгір хан шешендігімен, ақындығымен көзге түскен Махамбетті өз жанына тартуға тырысады, өз сарайының ақыны етуді мақсат етеді. Бірақ әділетсіздікті, жауыздықты өз көзімен көрген Махамбет, кедей халықтың басындағы ауыр жағдайын жақсы түсінеді. Исатай өзінің ақылдылығымен, дәлелмен жүретіндігімен елді өзіне тәнті етсе, Махамбет ортасын қыздырып, назарын өзіне аударып алатын адам болған. Х.Досмұхамедов ақын туралы: «Өте қызулы адам екен. Әдіс-шеберлікке кем болса керек. Әдіс-шеберлікке кем болса керек. Бағыт алған жағынан тайынбайтын қарыспа ер екен»[2].

Өлкетанушы К.Есмағанбетов деректеріне сүйенсек, Махамбет өміріне, оның туып өскен еліне, бауырларына, олардың өмірлік ұстанымдарына, сонымен қатар ақынның Жәңгір хан мен оның жары Фатима ханыммен, ұлы Зұлқарнаймен өзара қарым-қатынасын аша түскен. Зерттеулерінде Баймағанбет сұлтан, Жәңгір хан, Қарауылқожаның да тарихтағы болмысына тереңінен талдау жасай отырып, қоғамдағы болып жатқан шиеленісті шеше алмау себептеріне жауап іздей отырып ғылыми негізделген [1]. Тәуелсіздік үшін елімен бірге күні-түні жорыққа шыққан батырдың кешегі тұлғасы бүгінгі күні де зор құрметке ие.

Махамбет өлеңдерінде Исатай қазасын бүкіл елдің қазасы етіп көрсетеді. Ақынның өлеңінде: «Ағайынның басы еді, алтын ердің қасы еді. Исатайды өлтіріп, қырсық та шалған біздің ел», «Серкесінен айрылып, сергелдең болған біздің ел» дегені де содан. Сонымен қатар өз дәуірінің ережелеріне сәйкес қолына найза алмаған балаға риза болмаса, байлықтың рахатын көрмесе халыққа одан не пайда дей отырып, «туралық ісі болмаса, хандықтан не пайда?» - деп халықтың әлеуметтік мәселелерін қозғайды.

«Исатай – басшы, мен - қосшы» деген өзінің «Соғыс» атты өлеңінде екеуінің арасындағы адалдық пен адамгершілік, ынтымақтастық пен достық қатынастар жайлы ойлары анық көрініп тұр. Махамбетті сөз қылғанда Исатайды қосып айтпау мүмкін емес. Дос адамды биікке жетелейтін, әрбір қуанышыңа ортақ болатын, ал қиындықта демеу болатын жан. «Ағаш тамырымен, ал адам досымен мықты», - дейді қазақта. Өз өлеңдерінде Исатайдың істерін, жасаған ерліктерін, сипатын айтқанда да Махамбеттің сөздері ағынан жарылып, арқасы қозып кетеді. Көтеріліс кезінде Исатаймен бірге бола тұра Махамбет өзін Исатайдың қасында әрдайым кіші санаған екен. Осыдан біз дос жанды азаматтың досқа деген адалдығын, ұлылығын көре аламыз. Махамбет пен Исатайдың шыққан тегі – Байұлының Беріш руы.

Махамбет Исатайды туған халқы үшін қайсар ер, батыр, елінің басшысы, қамқоршысы ретінде суреттейді.

Махамбет өлеңдері тек жауынгерлікке, ерлікке ғана арналған сөздерден тұрмайтыны, халқының тұрмыс-тіршілігін, өмірін, әртүрлі қарым-қатынастарын, өз заманының көріністерін суреттеу барысында да қазақ тілін еркін, молынан, сәтті қолдана білгенін білеміз.

Белгілі ғалым-зерттеуші Құлмат Өмірәлиевтің «ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі», «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» атты еңбектерінде қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінен Бұқар, Дулат шығармаларымен қатар Махамбет поэзиясындағы тілді, стильді, жанрды жан-жақты зерттеген[3]. Зерттеулерге қарағанда ел, халық, ерлік туралы сөздер көптеп кездескен. Демек, Махамбетті ұлт жанашыры ғана емес, тіл жанашыры ретінде де айта аламыз. Зерттеу барысында Махамбет шығармашылығының негізгі идеясы – қазақ халқының өз еркі өзінде тәуелсіз ел болуымен байланысып жатқандығы айқындалды.

Махамбеттің тілдік тұлғасының азамат моделі төмендегідей:

- ❖ азамат
- ❖ ақын
- ❖ батыр
- ❖ мұсылман
- ❖ саятшы
- ❖ күйші

Қорыта келгенде «Махамбетті - құндылықтың төр тұлғасы» деп ауыз толтырып айтуға толық негіз бар. Ақынның бойынан туған халқына деген жанашырлығы, бодандыққа наразылығы, елін тұсаудан аман алып қалу туралы ой жатса-тұрса есінен кетпеді. Нағыз отансүйгіш, патриот, жанашыр, ұлтжанды азамат ретінде қарап жатпады. Сондықтан ашық түрде күреске шықты. Көтеріліске қатысты анықтайтын мәселелер әлі де баршылық. Болашақ ұрпағымыздың саналы, ержүрек, отансүйгіш, елжанды азамат ретінде тәрбиелеуде басты құндылығымыз – Махамбеттің тұлғасы деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есмағамбетов К. Что писали о нас на Западе. - Алма -Ата: «Қазақ университеті», 1992.
2. Аңыз адам. №09.-2011, 5б.
3. Ш.А.Шортанбаев. Махамбет поэзиясындағы сөздердің стильдік –мағыналық қолданысы. Вестник Карагандинского университета ЭОЖ82-1.
4. Махамбеттің соңғы сөзі/Т.Құлыяс// Астана ақшамы.2003-29 наурыз
5. Ер Махамбет ұлтымыздың ұраны:Өлең/Т.Мықиев//Таң-Шолпан-2004-№3-88-90б
6. Махамбет және қазақ халқының қоғамдық-философиялық ойы/ А.Тайжанов// Ұлт тағылымы-2004-№3-222-232 б.
7. Махамбет ұлт атынан тіл қатады: М.Өтемісұлының 200 жылдық мерей тойында сөйлеген сөзі/ н.Ә.Назарбаев//Егемен Қазақстан-2003.-16 қыркүйек.

МАХАМБЕТ МҰРАСЫ-ЕГЕМЕН ЕЛДІКТІҢ ӨШПЕС РУХЫ

Бейсекеева Айгуль Толеуовна,

Таубай Зинагул

Астана қаласы, Бейінбет Майлин
атындағы №52 мектеп-гимназиясының
тарих пәні мұғалімдері

Азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен арыстан бабамыз Махамбет Өтемісұлының алатын орны ерекше. Рухы биік жырлары ақынның атадан туған аруақты ер екенін дәлелдей түседі. Тарихшы ғалым Тілекқабыл Боранғалиұлы өзінің «Ғасырдан тәбәрік» атты еңбегінде: «Қазақ жырының ой-санасы – Абай, ар-намысы – Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктеген әлеуетпіз. Бірі-рухани ұстазымыз, бірі-рухты ұранымыз» деп, Махамбеттің өзгеше жан екенін сөз етті. Жалынды ақын, намысшыл ержүрек жауынгер өзінің қысқа да жарық отты өмірін жан тәнімен халқына арнап, еркіндік идеясы мен әділеттілікті ұран етіп, найза ұшын, қалам құдыретін шебер ұштастырды. Махамбет көшпелілер өркениетінің осынау жарық дүниемен шарқырап тұрып қоштасқан соңғы үні. Жалына қол тигізбейтін көшпелілердің қыл сағағын тағдыр тұзағы қылқындырған сәтте асау рухы Махамбет болып тұяқ серпігендей. Қазақты ұлт ретінде даралап, тарих сахнасына шығарған көшпелілер мәдениетінің буырқанып келіп жартасты соққан ақжал толқыны Махамбет тәрізді. Егер, Қазақ халқының рухани үрдісін кең аяда тарихи құбылыс ретінде елестетер болсақ, онда Көне Түркі ескерткіштерінен Қорқыт пен Асанқайғыдан бастап, Шалкиіз бен Қазтуған, Ақтамбердіге дейін жалғасып, ақыр аяғында Махамбетке келіп тірелетін жорық жырауларының бір-бірімен ғасырлар ойнауынан сабақтасқан жалынды үнін анық естуге болады. Махамбет – жорық жырауы. Сол Ұлы бабаларының дәстүрін жалғастырған, рухын сөзімен емес ерлік ісімен көрсеткен батыр-жырау. Ауыз әдебиетінің тереңінен сусындаған, өзінің бойына халықтық дәстүрді терең сіңірген Махамбет Өтемісұлы Исатай Тайманұлы бастаған халық көтерілісінде маңызды рөл атқарды, ол өзінің өлеңдері арқылы халықты патша өкіметі мен хандардың езгісіне қарсы күреске шақырды. Махамбеттің өлеңдері бостандық пен әділдікті, халық көсемдерінің батырлығын қалың халық бұқарасына паш ету мақсатында жазылды. Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «*Мұнар күн*» жырында ол ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «*Ереуіл атқа ер салмай*», «*Ұлы арман*», «*Жайықтың бойы көк шалғын*», «*Атадан туған ардақты ер*» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «*Біртіндеп садақ асынбай*», «*Арғымақ, сені сақтадым*», «*Арғымақтың баласы*», «*Азамат ердің баласы*», «*Қара нар керек біздің бұл іске*», «*Еменнің түбі - сары бал*», «*Жалған дүние*», «*Еріскедей ер болса*», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы

суреттелген. «Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында» дейді ол отты жырларында. Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы Исатай батыр. «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды. Өз халқын, елін, жерін сүйген нағыз ердің басты мақсаты-ел басына күн түскенде «Ереуіл атқа ер салу, егеулі найза қолға алу...» еді. Бойына туа біткен қайсарлығы арқылы досы Исатаймен біріге отырып, тәуелсіздік туын алғаш көтерді. Елінің азаттығы үшін ақберен ақын қаһармандық қасиеттерін ұрпаққа үлгі етті, өзінің өткір тілді өрен жырларымен оларды күреске үндеді. Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбетті білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, бұл оның адами болмысы мен айбалта-жырын көзге елестетіп, тілге оралтумен шектелмейді. Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын таптатқан, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Әбіш Кекілбаев Махамбет туралы жазған «Шандоз» атты еңбегінде оның «табиғаттан қалаған уақытында табыла бермейтін асылдай аса сирек кездесетін құбылыс» екендігін айта келіп: «Ондай құбылыс тек қазақ түгіл, барша адамзаттың ғұмырында да көп кездесе бермеген. Махамбет - кәдімгі он екі жілік, бір мығым жұмырбасты пенденің ертегідегідей аңызға айналуының, тек ертегіде ғана кездесетін ғажайып ерлердің қайтадан шындыққа айналуының таптырмас бір мысалы», - деп жазған еді. Ал, Махамбеттің ақындығының ерекшелігі оның ақындығы күрескерлікке ойшылдық және философиялық сипат берді, оның үстіне Махамбет - мықты психолог ақын. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы — теңдік пен бостандық, әділдік үшін күрес, қанаушы отаршылдық жүйеге қарсылық болып келеді де әрқашан жігерлі асып-тасып жатқан асқақ рухпен көмкеріледі, оған көне дәстүр бойынша философиялық терең толғамдар, пайымдаулар сабақтасып отырады. Оның өлеңдері көтерілісшілер үшін бір жұтым ауа сияқты қызмет етті. Махамбет өлеңдерінің бір сыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Ерлікті дәріптейтін шығармаларды көп. Біз келешек ұрпаққа әрқашан патриоттық күш-қайрат беретін, өздерін жігерлендіре түсіру үшін осындай батыр аталарымыздың болғанын ұмыттырмауымыз керек. Қазіргі таңда біздің патриоттарымыздың еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық идеяға баулысын десек оларға Махамбет атамyzдың өлеңдерін, шығармаларын бойларына сіңірту керек. Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Қызғыш құс» деген өлеңдері балалардың ойына қозғау салатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым. Ер Махамбеттің өршіл өлеңдері өскелең ұрпақ үшін әке қанымен, ана сүтімен бойға дарыған рух күшіндей әсер етеді. Қазақ әдебиетінің Мұхтар Әуезовтей дарабозының төл шәкірті атанған сөз зергері Зейнолла Қабдоловтың «Махамбет деген ардақты, әрі аяулы есімнің өзі – өмірдегі қасіреттің синонимі, өнердегі қасиеттің символы», - деп алдаспан жырымен ел рухын оятқан ақын туралы толғануы да сол себептен. Махамбет ақынға арнап жазылған көптеген шығармалар бар:

алдымен қазақ поэзиясындағы Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастаны, Ж.Молдағалиевтің «Кек», Ж.Нәжімеденовтің «Жаңғырық», Ә.Кекілбаевтың «Махамбет», М.Шахановтың «Нарынқұм трагедиясы», Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш немесе Махамбетпен қалай кездестім», М.Неталиевтің «Арыстан еді-ау Исатай» поэмалары, Қ.Бекқожиннің «Махамбет қабірінің басындағы тебіреніс» атты толғауы. Қазақ әдебиетінің барлық жанрларында арынды ақын, алдаспан жырдың дарабозы әрі батыр, әрі ту ұстаған қолбасшы Махамбет Өтемісұлы туралы шығармалар аз жазылған жоқ. Сонау ақын Ығылман Шөрековтен бастап бүгінгі суреткер қаламгер Зейнолла Қабдоловқа дейінгі қалам ұстаған дарындардың барлығы бұл қасиетті тақырыпқа ат басын бұрмай өте алмаған. Бұл туындылар Махамбеттің күрделі тұлғасын көркемдік тұрғыдан жинақтауда, сол тұстағы қазақ басына түскен бодандық, патшалық Ресей империясының қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының қанқұйлы көрінісі, сонымен бірге ел ішіндегі, ағайын арасындағы зұлымдық пен сатқындық үстемдік құрған заман шындығын шынайы жеткізуде жазылған туындылар. Махамбет аңсаған азаттыққа қол жеткізген халқымыз үшін енді ақын мұрат еткен азат ойдың биігіне ұмтылу, шынайы демократиялық қоғам орнату парызымыз. Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын таптатқан, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Махамбет ұлттық тұлға оның батырлығын ақындығын күйшілігін азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп дәріптеу керек. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек. Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың рухына басымызды иіп, еліміз үшін күрескені үшін елімізді одан әрі көркейту керек. Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия-Алматы: «Арыс» баспасы 2002 ж.
3. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж.
4. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті // Қазақ әдебиеті. -12.09. 2003
5. Қазақстан тарихы. очерктер- Алматы. 1994ж

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ.

Жумагалиева Жадыра Сарыбаевна

Астана қаласы, №93 мектеп-лицей,
тарих пәні мұғалімі,

Мейрамбеков Сұлтан Мейрамбекұлы

Астана қаласы, №93 мектеп-лицей,
қазақ тілі пәні мұғалімі

Махамбет – өршіл ұлттық рухтың келбеті, жаңа заманның ақыны. Ол өз дәуірі талап еткен әдебиетті жасаушы, яғни Махамбет жаңа әдебиеттің басында тұр. Махамбет Ресейдің отарлау жүйесі күшіне мінген кезінде, ел басшылары халықты лайықты дәрежеде қорғай алмаған кезде өмір сүрді. Жәңгір ханның жерге, салыққа, билікке қатысты енгізген реформалары ежелгі тіршілік үрдісімен үйлесім таппады. Ақсүйектер мен бұқараның алшақтауы күшейген еді. Отарланған халықтың бұғаудан құтылу жолындағы күресі тынымсыз жүріп жатты. «Махамбет өз дәуірінің талабын дұрыс түсініп, көре білді. Сол себепті де ол әдебиетті жаңа бағытқа бұрды. Ең бастысы, көркем әдебиетті хан сарайынан шығарып, бұқара ортасына әкелді.

Мақаланың жаңашылдығы тарих пен әдебиет пәндерінің кіріктірілген сабақтары негізінде, Махамбет өлеңдерін насихаттау жұмысын оқушылардың комикстер салу тәжірибесі арқылы ұсынуында. Бұл жердегі мақсат – Махамбет өлеңдеріндегі Отанға, халқына деген сүйіспеншілігін, қасқайып тұрып хан-сұлтандарға халық үнін, өз пікірін өлеңмен өрбіткен қайсарлығы мен өр мінезділігін, биік рухын үлгі ету, осындай құндылықтар негізінде білім бере отырып жасөспірімдер бойынан сол қасиеттерді қалыптастыруға үлес қосу. Ал әдіс- тәсіл ретінде комикстерді алу себебімізді тарихи оқиғаны қысқа да нұсқа берудің бүгінгі күнгі тиімді, эстетикалық жағынан көзартымды, әрі оқушы үшін қызықты тәсілі болып отырғандығымен түсіндіре аламыз.

Біздің мектебімізде қазақ тілі бірлестігі мұғалімдерінің «Әдеби әдемі комикс» тақырыбындағы әдеби шығармалар мазмұнын комикстер арқылы меңгеруге бағытталған жобасы жүруде. Сол тәжірибені негізге ала отырып, 7 сыныптардағы қазақ әдебиеті сабағындағы М.Шахановтың «Нарынқұм зауалы» өлеңі және тарих сабағындағы «Бөкей Ордасындағы шаруалар көтерілісі» тақырыптары кіріктіріліп жоспарланды. Оқушылар Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс желісін Махамбеттің өлеңдерін қолдана отырып комикстер салу арқылы бейнеледі.

Жаһанданудың салқыны ескен заманда өскелең ұрпақ бойындағы ұлттық рухты, өр мінезді қалыптастыру, бәсекеге қабілетті, ұлттық мүдде мәселесінде есесін басқаға жібермейтін ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі таңдағы өзекті мәселе болып отыр. Махамбет өлеңдерінен оның болмысын тану арқылы, оның өр мінезді тұлғасын үлгі ете отырып жасөспірімдердің өзіндік көзқарасы бар, жан-жақты дамыған азамат болып қалыптасуына мүдделіміз. Бұл жерде назарда ұстау керек бір жайт, Махамбет отаршылдық заманында өмір сүрді, және оның

өлеңдері тәуелсіздік жолындағы күреске арналған, ал бүгінгі қазақ қоғамы тәуелсіз қоғам. Махамбетті оқытқанда жасөспірімдердің барлық күш-қайратын еңбек жолына бағыттаған дұрыс, ұлтымыздың мүддесін заманға сай ақылмен қорғауды үйрету керек.

Сабак барысында «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі оқылды:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей...
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей...
Ерлердің ісі бітер ме?! [2,27]

Бұл жерде ақын жігіттердің ханның озбырлығына, Ресей отаршылдығына қарсы күресте ынталандырушы, рухтандырушы бейнесінде көрініп тұр. Махамбет ер азаматтың Отаны, халқы үшін небір қиындықтарға төтеп беруге дайын болуы керектігін айтып тұр. Нақ осы ойды жасөспірімдерге түсіндіру арқылы олардың бойынан төзімділік, алдына қойған мақсатына деген адалдық сияқты құндылықтарды сіңіруге талпыныс жасалды.

Мына өлеңінде:

Атадан туған ардақты ер
Жауды көрсе жапырар

Үдей соққан дауылдай,- деп ер болмысын шебер сипаттаса, Жәңгірге айтқанында:

Хан емессің қасқырсың,
Қас албасты басқырсың,
Достарың келіп табалап,

Дұшпаның келіп басқа ұрсын,- деп қасқайып тұрып ел билеген ханға сын айту екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс [2,15]. Және бұның бәрі ел үшін, келесі бір жерде:

Атаның ұлы асылға,
Малыңды бер де басың қос,
Басыңа тарлық іс түссе,

Ол ардақтаған әділ жанын аяр ма! – деп елді отаршылдыққа қарсы бірігуге шақырады [2,69].

Келесі «Нарыңқұм зауалы» – ақын Мұхтар Шахановтың Махамбет Өтемісұлы туралы жазған жыры [3,141]. Бұл поэма Махамбеттің күрескерлік айбынын, ұлттық болмысын, ақындық тереңдігін, азаматтық парасатын танытатын бірегей шығарма саналады. Поэманың бірінші бөлімі «Махамбеттің соңғы сөзі» деп аталады. Өлеңнің сюжет желісі Махамбеттің өмірінің соңғы күндері туралы өрбейді. Өлеңдегі трагедиялық образ – Махамбет. Ол өзінің түсін айту арқылы ақындық пен батырлықты дәріштеп, өзінің ел болашағына деген зор сенімін білдіреді.

«Әке үкімі» тарауында әке мен бала арасындағы диалог берілген. Бұл тарауда баласының әкесіне батырды өлтіргенін мақтан етіп айтуы баяндалады.

-Ой, залым-ай.

Мұнша залым екеніңді жүргем қалай танымай,- деп әкесі өкінішін білдіргенде, баласы әкесінің қалауын орындағанын жеткізеді.

-Рас ұлым, айтылған сөз оқпен тең,

Мен кезінде Махамбетті жек көргем.

Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа

Тым кеш ұқтым, Махамбеттей батырға

Бүкіл қазақ ғашық болса айып па?! – дегенімен Махамбеттің халық сүйіспеншілігіне бөленгенін жеткізгісі келіп тұр. Шығарма соңында әкесінің әрекеті төменгі өлең жолдарынан көрінеді.

Балам, үміт- қызығымның өлшемі

Өзің едің,

Қайғым болдың еңселі.

Басына шық, кәне, мына төбенің,

Осы арада қалдырамын мен сені.

Қараладың қасиетті мекенді,

Жараладың тұрмастай ғып әкенді,

Мына жолмен өткен жұрттың аузынан

Махамбеттің жырын тыңдап жат енді.

Мүмкін, сонда ұғынарсың қатеңді.

Кім аяққа басса заңын даланың

Ұмытқаны қатал тарих сабағын.

Кешір мені,

Таусылды бар амалым.

Дала заңы - баба заңы, қарағым, -

Деп әкесі қолына алды садағын [3,142].

Кезінде Махамбетті жау санаған адам өзі баласын Махамбетті өлтіргені үшін өлімге қиды. Бұл әрекет Махамбеттің қазақ арасындағы беделінің өте жоғары болғанын көрсетіп, сол уақыттағы қазақ үшін Махамбеттің өлгені - нар түйеден айырылған ботаның күйіне теңестіріліп тұр. Яғни, бұл хикая өр мінезді ақынның мәртебесінің, ешкіммен алмастыруға келмейтін, ерекше екендігін баяндап тұр.

Боз ағаштан биік мен едім,

Бұлтқа жетпей шарт сынбан,

Ел құтқарар ер едім,

Жанбастай ақыры бір тынбан,

– дегендей, ақын мақсатына жете алмай, қапыда қаза тапса да, оның халық сүйіспеншілігіне бөленген ер тұлғасын, күрескер бейнесін, өлеңдерінің өміршендігін профессор Қ.Жұмалиев: «өз діттеген мақсатына жетті дей аламыз» – деп тұжырымдайды [1,34]. Бұл өте орынды. Бұған қоса айтарымыз, Махамбет қаза тапса да, өзінің ақын ретінде де, күрескер ретінде де өзінің тарихи міндетін орындап кеткен тұлға. Ол Исатаймен бірге жеңілген жоқ, қайта

Жеңіс жолына деген тарихи соқпақ жасады. Сол соқпақты жолмен халқымыз теңдессіз оқиға – Тәуелсіздікке қол жеткізді.

Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Себебі, арын тапталған, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Махамбет аңсаған азаттыққа қол жеткізген халқымыз үшін енді ақын мұрат еткен азат ойдың биігіне ұмтылу, шынайы демократиялық қоғам орнату маңызды, оның күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп дәріптеу – бізге парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия-Алматы: «Арыс» баспасы 2002 ж.
2. Өтемісұлы Махамбет Қызғыш құс. Шығарушы редактор Баян Хасанова. Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022.-152 бет.
3. Қазақ әдебиеті Ақтанова А.С., Жүндібаева А., Жүмекенова Л. Атамұра, 2017. -171 бет.
4. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж.

МАХАМБЕТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАТЫ – «АЗАТТЫҚ. ТӘУЕЛСІЗДІК. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

Еріш Ғалия Әділбекқызы
Қызылорда қаласы, №285 мектеп-лицей
интернатының тарих пәні мұғалімі

«Махамбет! Бұл есім – өмірдегі қасіреттің синониміне,
өнердегі қасиеттің символына айналған
аса аяулы әрі ардақты есім ... «ереуіл атқа ер салып,
егеулі найза қолға алып» жүрегіндегі мақсат – мүддесі –
елінің ертеңі, дәлірек айтқанда біздің бүгінгі күніміз – азат
Қазақ мемлекетінің егемендігі»
Зейнолла Қабдолов

Тақырыптың өзектілігі:

• Махамбет Өтемісұлы – қоғамдық күрескерлік жолы өзгелерден ерекшелігі, қоғамшыл күрескерден гөрі, халықшыл күрескер екендігін, өзінің жеке басынын, халқының ауыр тұрмысын жоғары қойған, жауға мейірімсіз, өжет, өр, батыр, ақын, ел қамқорын ойлаған Өр тұлға екенін көрсету;

• Қазақ даласының ақиқаты, қазақ баласының ар-ұжданы үшін күрескен, хан сарайы күрескері емес, халқының дала күрескері бола алған тұлға екендігін дәлелдеу.

• Махамбет Өтемісұлының – ұлттық тұлға, оның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп дәріптеу;

Мақсаты:

Махамбет шығармашылығын оқу арқылы – халық рухын жырлау, адам бойына ізгі қасиеттерді дамытып, халқының азаттығын көкसेген күрескер, ел бастаған батыр, асқақ рух пен болашаққа деген сенімнің ерекше үлгісі екендігін көрсету. Бар ғұмырын елінің азаттығы жолындағы күреске арнаған жанның өмір жолы мен шығармашылығын жастардың нағыз рухани азығына айналдыру.

Ұлт рухын асқақтатқан алдаспан жырдың семсері өр Махамбетті, ер Махамбетті ұлықтау ұрпақ парызы. Уақыт өткен сайын өткеннің қадірін асырып, бүгіннің мақсат – мүддесін анықтап, ертеңгі күннің ерік - жігерін бекіте түсер бір ақиқат бар, ол «қисынын тауып, қиуадан шауып, тағыны жетіп қайырар» ұлы Сөз өнерінің жасампаздығы, қазақ үшін ерлік пен елдіктің, азаттық пен асқақтың рухына айналған намыс пен жігердің үні – Махамбеттің ұлы поэзиясы.

Азаттық! Теңдік! Еркіндік! Адамзат баласының ғасырлық ұлы арманы! Махамбет көзінің тірісінде ғасырының күрескері, қазақ үшін азаттық пен еркіндіктің үлгісі болып өткен күрескер тұлға. Біздің болашақ ұрпақ үшін басты міндетіміз: Махамбеттің күрескерлігін танытатын үлкен мақсат – мұрат тұр, ол Махамбеттің күрескерлігін ұрпаққа ұрандау, қоғамға ой тастау.

Махамбет тұлғасы - тарихи тұлға. Тарихи тұлға – тарихтың өлшемі. Махамбетті жырлау - ұлт рухын жырлау. Махамбет өлеңдері – Алтын Орда, Ноғайлы дәуірінде Алтай мен Дунай арасын жайлап, жарты Жемді билеген көшпенділердің өкілдері – Доспамбет, Қазтуған, Ақтамберді жырларының заңды жалғасы. Жорықкеш жыраулар үнінде империялық өктемдіктің лебі ессе, Махамбет жырларында бағы тайса да рухы мұқала қоймаған сол баяғы көшпенділердің жауынгерлік ерлігі семсердей жарқылдайды. Олардың жігерін жанып, көңілдеріне желік бітіретін жансеріктері – «ертеден салса кешке озған, ылдидан салса төске озған» тұлпарлары еді.

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн,
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн,
Бұлықсып жүрген мырзадан,
Бұрынғы дәулет тайған күн ...- деп ұрыс даласында ел басына туған қасірет-көріністі жырлайды.

Арыстаным, көп болды-ау,
Саған да менің арманым,
Кермиығым, кербезім,
Керіскедей шандозым
Құландай ащы дауыстым!

Бұл - Исатай келбетінің суреті, «арыстаннан айырылған арыстанның» мұң, зары, орны толмас өкініші.

Махамбет қоғамның ауыр тұрмысын жақсы білді, оның себеп-салдарын хан билігінен іздеді және солардың кінәсі деп ұқты.

«Алтын тақты хандардың,

Хандығынан не пайда?

Қаріп пенен қасірге

Тұралық іс болмаса» - деп, Жәңгір хан тұсындағы қоғам билігінің қайшылықтарын айыра білді.

Махамбет күрескерлігінің келесі бір биігі, оның дер кезінде қоғамындағы қайшылықтарды жұртына жеткізіп, отыруы еді, Жәңгірдің қоғамдық қызметі мен халқына істеген қылықтарын күрескер Махамбет:

«Шыға алмаған далаға ай

Қара қазақ баласын

Атаңа нәлет Жәңгірхан

Көзінен тізіп жіберді –ау

Орынбор деген қалаға-ай»- деп момын да, жуас қазақты айбарымен қорқытқан ханның ісіне саяси баға береді.

«Еділ үшін елестік

Тептер үшін тебістік

Жайық үшін жандостық

Қиғаш үшін қырылдык»- деп келешек ұрпағына ұрандап кетуі, бүгінгі ұрпақ үшін жазылған өсиеттей болуы тиіс.

Дауылпаз ақынның дабылды жырларының бәрі дерлік қанатты сөздерден тұрады. Оған олардың жүрекке бірден жол тауып, жадында жатталып қалатыны айғақ. Болашақ ұрпаққа тарих сабағында Махамбет шығармашылығын оқыту арқылы – Рухани жаңғыру- ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі арманы екенін, Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек екенін ұқтыра аламыз.

Ал Махамбетті жырлау – халық рухын жырлау., адам бойына ізгі қасиеттерді дамытып, алдымен өзіне-өзін сыни көзқарасын қалыптастыру, сол арқылы өзгені танып, салыстыру нәтижесінде ұлттық құндылықтарымызды бағалау. Ереуіл атқа ер салған, егеулі найза қолға алған, еңку-еңку жер шалған Махамбеттей ақынның өмірі, жырлары қазіргі ұрпақтың да зерделік қаруы болып, тәрбиелік мәні зор, игілігіне айналуы керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан №104, 2 маусым 2017 жыл
2. Түркістан №33, 14 тамыз 2003 жыл
3. Кесел Тоқаев «Өнегелі өмір» Алматы баспасы 2018 жыл
4. «Жыр маржаны - қазақ поэзиясының антологиясы» Алматы баспасы 2014 жыл
5. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 4-том, Алматы 2005 жыл
6. «Жұлдыз» журналы №5 2003 жыл
7. «Ақиқат» ұлттық қоғамдық – саяси журнал №8, 2003 жыл.

МАХАМБЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ
(Исатай және Махамбет көтерілісін ұлттық сипаты:
арпалыс және шегініс)

Жайлаубек Гүлзира

Ақмола облысы, Қосшы қаласы
мектеп-гимназиясының
тарих-география пәнінің мұғалімі

Кіріспе бөлім. Қай халықтың да қадір тұтары - өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры. Екеуі де тек халықтың ғана бойынан табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Екеуі де жұртын елдікке бастаса, қайсыбір жұмыр басты пенденің болсын өресі жетпес ерен ерлікке, кемел кісілікке бастары хақ. Екеуі де тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кемсіз пішер кемеңгер ақылдың көрінісі [1,25 б]. Ал, осы екі қас қасиет те бір басына сыйып, бағына біткен қазақ елінің асылы,ақберен ақыны-Махамбет Өтемісұлы.

Азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен арыстан бабамыз Махамбет Өтемісұлының қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Рухы биік жырлары ақынның атадан туған аруақты ер екенін дәлелдей түседі. Тарихшы ғалым Тілекқабыл Боранғалиұлы өзінің «Ғасырдан тәбәрік» атты еңбегінде: «Қазақ жырының ой-санасы – Абай, ар-намысы – Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктеген әлеуетпіз. Бірі-рухани ұстазымыз, бірі-рухты ұранымыз» деп, Махамбеттің өзгеше жан екенін сөз етті.

Жалынды ақын,намысшыл ержүрек жауынгер өзінің қысқа да жарық отты өмірін жан тәнімен халқына арнап,еркіндік идеясы мен әділеттілікті ұран етіп,найза ұшын,қалам құдыретін шебер ұштастырды. Махамбет көшпелілер өркениетінің осынау жарық дүниемен шарқырап тұрып қоштасқан соңғы үні. Жалына қол тигізбейтін көшпелілердің қыл сағағын тағдыр тұзағы қылқындырған сәтте асау рухы Махамбет болып тұяқ серпігендей. Қазақты ұлт ретінде даралап, тарих сахнасына шығарған көшпелілер мәдениетінің буырқанып келіп жартасты соққан ақжал толқыны Махамбет тәрізді. Егер, Қазақ халқының рухани үрдісін кең аяда тарихи құбылыс ретінде елестетер болсақ, онда Көне Түркі ескерткіштерінен Қорқыт пен Асанқайғыдан бастап, Шалкиіз бен Қазтуған, Ақтамбердіге дейін жалғасып, ақыр аяғында Махамбетке келіп тірелетін жорық жырауларының бір-бірімен ғасырлар ойнауынан сабақтасқан жалынды үнін анық естуге болады. Махамбет – жорық жырауы. Сол Ұлы бабаларының дәстүрін жалғастырған, рухын сөзімен емес ерлік ісімен көрсеткен батыр-жырау. Ауыз әдебиетінің тереңінен сусындаған, өзінің бойына халықтық дәстүрді терең сіңірген Махамбет Өтемісұлы Исатай Тайманұлы бастаған халық көтерілісінде маңызды рөл атқарды, ол өзінің өлеңдері арқылы халықты патша өкіметі мен хандардың езгісіне қарсы күреске шақырды. Махамбеттің өлеңдері бостандық пен әділдікті, халық көсемдерінің батырлығын қалың халық бұқарасына паш ету мақсатында жазылды [2,132 б].

Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік

әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «*Мұнар күн*» жырында ол ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «*Ереуіл атқа ер салмай*», «*Ұлы арман*», «*Жайықтың бойы көк шалғын*», «*Атадан туған ардақты ер*» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «*Біртіндеп садақ асынбай*», «*Арғымақ, сені сақтадым*», «*Арғымақтың баласы*», «*Азамат ердің баласы*», «*Қара нар керек біздің бұл іске*», «*Еменнің түбі - сары бал*», «*Жалған дүние*», «*Еріскедей ер болса*», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. «*Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында*» дейді ол отты жырларында. Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы Исатай батыр. «*Исатай деген ағам бар*», «*Исатай сөзі*», «*Арғымаққа оқ тиді*», «*Тарланым*», «*Соғыс*», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды. Өз халқын, елін, жерін сүйген нағыз ердің басты мақсаты-ел басына күн түскенде «Ереуіл атқа ер салу, егеулі найза қолға алу...» еді. Бойына туа біткен қайсарлығы арқылы досы Исатаймен біріге отырып, тәуелсіздік туын алғаш көтерді. Елінің азаттығы үшін ақберен ақын қаһармандық қасиеттерін ұрпаққа үлгі етті, өзінің өткір тілді өрен жырларымен оларды күреске үндеді. Күрес-Махамбет поэзиясының негізгі тақырыбы болып табылады. Ол қазақ әдебиетінің ұлы мұхитындағы өзгеше бір сырлы арал. Өзінің «Мұңайма» өлеңінде хан әскерлерінің халыққа көрсеткен қиянатын айта отырып, жасымауға, берік болуға шақырады.

Ақ жұмыртқа сары уыз
Әлпештеп қолдан өсірген
Туған ұлдан не пайда-
Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір ақ тусайшы
Халықтың кегін қусайшы
Артымыздан біздердің
Ақырып теңдік сұрарға...

Міне, Махамбет ақынның осындай рухты, алмастай өткір жырлары халық санасына сахара тұрмысының мәңгілік алауындай шуақ беріп, жігерлендіреді, намысын оятады[3,145 б].

Негізгі бөлім. Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбетті білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, бұл оның адами болмысы мен айбалта-жырын көзге елестетіп, тілге оралтумен шектелмейді. Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын тапталған, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Әбіш Кекілбаев Махамбет туралы жазған «Шандоз» атты еңбегінде оның «табиғаттан қалаған уақытында табыла бермейтін асылдай аса сирек кездесетін құбылыс» екендігін айта келіп: «Ондай құбылыс тек қазақ түгіл, барша адамзаттың ғұмырында да көп кездесе бермеген. Махамбет - кәдімгі он екі жілік, бір мығым жұмырбасты пенденің ертегідегідей аңызға айналуының, тек ертегіде ғана кездесетін ғажайып ерлердің қайтадан

шындыққа айналуының таптырмас бір мысалы», - деп жазған еді [4,96 б]. Ал, Махамбеттің ақындығының ерекшелігі оның ақындығы күрескерлікке ойшылдық және философиялық сипат берді, оның үстіне Махамбет - мықты психолог ақын. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы — теңдік пен бостандық, әділдік үшін күрес, қанаушы отаршылдық жүйеге қарсылық болып келеді де әрқашан жігерлі асып-тасып жатқан асқақ рухпен көмкеріледі, оған көне дәстүр бойынша философиялық терең толғамдар, пайымдаулар сабақтасып отырады. Оның өлеңдері көтерілісшілер үшін бір жұтым ауа сияқты қызмет етті. Махамбет өлеңдерінің бір сыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Ерлікті дәріптейтін шығармаларды көп. Біз келешек ұрпаққа әрқашан патриоттық күш-қайрат беретін, өздерін жігерлендіре түсіру үшін осындай батыр аталарымыздың болғанын ұмыттырмауымыз керек. Қазіргі таңда біздің патриоттарымыздың еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық идеяға баулысын десек оларға Махамбет атамyzдың өлеңдерін, шығармаларын бойларына сіңірту керек. Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Қызғыш құс» деген өлеңдері балалардың ойына қозғау салатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым. Ер Махамбеттің өршіл өлеңдері өскелең ұрпақ үшін әке қанымен, ана сүтімен бойға дарыған рух күшіндей әсер етеді. Қазақ әдебиетінің Мұхтар Әуезовтей дарабозының төл шәкірті атанған сөз зергері Зейнолла Қабдоловтың «Махамбет деген ардақты, әрі аяулы есімнің өзі – өмірдегі қасіреттің синонимі, өнердегі қасиеттің символы», - деп алдаспан жырымен ел рухын оятқан ақын туралы толғануы да сол себептен. Махамбет ақынға арнап жазылған көптеген шығармалар бар: алдымен қазақ поэзиясындағы Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастаны, Ж.Молдағалиевтің «Кек», Ж.Нәжімеденовтің «Жаңғырық», Ә.Кекілбаевтың «Махамбет», М.Шахановтың «Нарынқұм трагедиясы», Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш немесе Махамбетпен қалай кездестім», М.Неталиевтің «Арыстан еді-ау Исатай» поэмалары, Қ.Бекқожиннің «Махамбет қабірінің басындағы тебіреніс» атты толғауы. Қазақ әдебиетінің барлық жанрларында арынды ақын, алдаспан жырдың дарабозы әрі батыр, әрі ту ұстаған қолбасшы Махамбет Өтемісұлы туралы шығармалар аз жазылған жоқ. Сонау ақын Ығылман Шөрековтен бастап бүгінгі суреткер қаламгер Зейнолла Қабдоловқа дейінгі қалам ұстаған дарындардың барлығы бұл қасиетті тақырыпқа ат басын бұрмай өте алмаған. Бұл туындылар Махамбеттің күрделі тұлғасын көркемдік тұрғыдан жинақтауда, сол тұстағы қазақ басына түскен бодандық, патшалық Ресей империясының қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының қанқұйлы көрінісі, сонымен бірге ел ішіндегі, ағайын арасындағы зұлымдық пен сатқындық үстемдік құрған заман шындығын шынайы жеткізуде жазылған туындылар. Заманымыздың дүлділ композиторы ұлы Нұрғиса Тілендиевтің Махамбет атты драматизмге толы миниятюралық симфониясында өршіл ақынның текті бейнесі, қайрат жігері, отты поэзиясы асқар шеберлікпен көрсетілген [5,275 б].

Қорытынды. Махамбет аңсаған азаттыққа қол жеткізген халқымыз үшін енді ақын мұрат еткен азат ойдың биігіне ұмтылу, шынайы демократиялық

қоғам орнату парызымыз. Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбетті білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, бұл оның адами болмысы мен айбалта-жырын көзге елестетіп, тілге оралтумен шектелмейді. Бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын тапталған, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Махамбет ұлттық тұлға оның батырлығын ақындығын күйшілігін азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп дәріптеу керек. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек. Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың рухына басымызды иіп, еліміз үшін күрескені үшін елімізді одан әрі көркейту керек. Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия-Алматы: «Арыс» баспасы 2002 ж.
3. Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы. Асем-систем. 2003 ж.
4. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті. -12.09. 2003
5. Қазақстан тарихы.очерктер- Алматы.1994ж

МАЗМҰНЫ

Хайыржанова Б.С. Алғы сөз.....	3
Шамғонов А.Ш. Орта оқу орындарында батыр және ақын Махамбет Өтемісұлының ғұмырнамасын оқыту.....	4
Мұстафаев Е. Ж. Махамбет – қазақ еліне бостандық сыйлаған тұлға	8
Қылышбаева К.А. Махамбет жырларының ұлттық мұраты – «Мәңгілік ел» жеке тұлғаға бағытталған сабақтардың ажырамас бөлігі ...	10
Сүлейменова Ы. Х. Махамбет Өтемісұлының музыкалық мұраларының жиналуы және баспа бетіне жариялануы.....	13
Баяхметбаева К. И. Шебер ұстаз тағылымы	17
1-секция	
АЗАМАТ - ЕРДІҢ БАЛАСЫ...	
Кішібай С. Қ. Махамбет Өтемісұлы – рухы биік ақын.....	20
Ахметова Ш. К. Махамбет өлеңдерінің ерекшеліктер мен мәні	24
Калмакбаева Г.Е. Махамбет Өтемісұлының халық арасында жиі қолданылатын афоризмдері	27
Жумабаева Г. Т. Махамбет жырларындағы сөз қуаты	29
Болат Ж. Махамбет шығармаларының тәрбиелік мәні және жас ұрпаққа насихаттау жолдары	31
Абдикалыкова Т. С. Қазақ поэзиясындағы Махамбет дәстүрі	35
Балапашева Г. Б. Жаңаша оқу үрдісінде Махамбет Өтемісұлының өлеңдері арқылы патриотизмге тәрбиелеу	43
Смагулова Г. К. Махамбет өлеңдеріндегі тарихи шындық және оны көркем бейнелеу	46
Жайылханова А. Б. Махамбет жырлары-ерлік пен елдіктің өшпес рухы.....	51
Хайрол А. Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінің тәрбиелік мәні	54
Жалгасбаева К. М. Махамбет жырлары – ерлік пен елжандылық тәрбиесінің негізі	56
Ғабдрахман Т. С. Қара қылды қақ жарған соңғы жырау	59
Бапишева К. Д. Ақын Махамбет өмірінің кейбір сырлары	62
Бижанова А.Ғ. Махамбет – ерлік пен намыстың ақыны	65
Алиева Д. Б. Махамбет шығармаларындағы адами қасиеттер мен құндылықтар.....	67
Мұхан А. С. Махамбет өлеңдеріндегі теңеулер.....	71
Бигожина Б. О. Махамбет өлеңдерінің тілі	74
2-секция	
АЗАМАТ - ЕРДІҢ БАЛАСЫ...	
Дуисенғалиева Ж. Г. Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы қайталау, аллитерация және ассонанстардың қолданылу ерекшелігі	76
Сайыпова З. М. Махамбет шығармашылығы – оқушыларды ұлттық құндылыққа тәрбиелеу көзі.....	79
Космагамбетова Н. З. Махамбет шығармаларының тәрбиелік мәні	82
Жаналинова Д. Т. Жизнь и творчество Махамбета Утемисова	85
Интыкпаева Б. Т. Махамбет өлеңдері – құндылықтың бастауы	89

Сейдилдаева Ж. С. Махамбет өлеңдеріндегі Исатай батыр бейнесінің жырлануы.....	92
Ібікен Ә. Б. Оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеуде Махамбет өліңдерінің маңыздылығы.....	95
Халмурзаева Ж. А. Махамбет жыраудың мұраларының патриоттық тәрбиедегі тәлімі.....	98
Карбозова А. Е. Махамбет шығармаларының көркемдік ерекшелігі.....	102
Джексенбаева М.М. Махамбет ерлігі мен өлеңдерінің күдіреті.....	111
Әлібекова А.А. Қазақ поэзиясының тауда туып, тасында өскен құлагері.....	113
Исабаева А. С. Махамбет Өтемісұлы «Қызғыш құс» өлеңі.....	117
Алиева А. К. Махамбет Өтемісұлы – күйші.....	120
Сарсембекова Л. Ж. Махамбеттің күй мұрасы мәңгілік.....	123
Жумабекова А. А. Махамбет өлеңдері мен күйлері – руханият жаңғыруы.....	126
Зиябекова Е. Д. Махамбет жырлары – ұлттық қазынамыз.....	129
Жакупова М. М. Махамбет өлеңдерінің тәрбиелік мәні.....	132
Жусупова М.М. Махамбет – жорық жырларының ақыны.....	135
3-секция	
МЕН - МЕН ЕДІМ, МЕН ЕДІМ...	
Иманмусаева А. С. Махамбеттің күйі «Жұмыр қылыш».....	137
Қабдуәлиев А. М. Махамбет мұрасы руханият жаңғыруы.....	139
Бейсенғали Б. Б. Махамбет өлеңдері мен күйлері.....	142
Мырзагалиева Н. А. Махамбет күйлері және оның ерекшеліктері.....	146
Мұханбетжан Ә. Ә. Махамбет өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі.....	149
Дарменшеев Е.А. Махамбет Өтемісұлының жалынды күйлерінің қазіргі ұрпаққа берер тағылымы.....	151
Таукелова Д. А. Музыка сабағы және Махамбет бейнесі.....	153
Төлеу А. А. Махамбет күйлеріне шолу.....	155
Каримова А. А. Махамбет монологы.....	157
Акажанова А.К. Махамбет шығармаларының тағылымдық маңызы.....	159
Балабеков Т. Ш. Махамбет шығармаларының тәрбиелік мәні.....	161
Махметова М. С. Махамбет Өтемісұлы күйлерінің ерекшеліктері.....	165
Мауленов С. С. Музыка сабағында Махамбеттің күйлері арқылы балаларды ұлттық рухта жігерлендіру.....	167
Ережепова Ұ. С. Махамбет жырларындағы ұлттық рух.....	170
Әлімбаев Н. Б. Махамбеттің күйшілік қыры.....	173
4- секция	
ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ..	
Ануар Б. Жас жеткеншектерді патриоттық рухта тәрбиелеуде Махамбет Өтемісұлы идеал боларлық тұлға.....	175
Карбоз Н. Е. «Ереуіл атқа ер салмай» тарихи қойылымының тәрбиелік мәні.....	178
Умарканова М. У. Махамбет Утемисов как символ национально - освободительной борьбы казахов: исторический аспект ..	181

Шакирова Г. Е. Махамбет шығармаларының тәрбиелік мәні.....	184
Кульбаева Т. А. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен ақындық қызметі.....	187
Нургазин О. Е. Исатай мен Махамбет – өлшеусіз ерліктің символы	189
Қаракеева Ұ. Қ. Махамбет-ұлт тәуелсіздігінің жаршысы.....	192
Зікірияева Г. Ж. Махамбеттің күй әлемі.....	196
Майлыбаева Г. К. Дух свободы в творчестве Махамбета Отемисулы ...	198
Кенжебеков Ж. А. Махамбет – қазақтың дауылпаз ақыны.....	203
Жукенова К. С. Махамбеттің тарихи тұлғасын жас ұрпаққа насихаттау	206
Абулхалыкова М. Ж. Махамбет Утемисов - символ мужества и отваги: Исторический аспект	209
5- секция	
ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ...	
Съезхан Н. «Бас» (роман желісінде)	211
Жанабаева Г. М. Тұлға қалыптасуындағы Махамбет өлеңдерінің маңызы.....	215
Бегеева С. К. Махамбет жырларындағы – өршіл рух	217
Әбдікәрімұлы Б. Махамбет және оның адам өміріндегі тәрбиелік орны.....	219
Сагандыков Т. К. Махамбет Өтемісұлы шығармашылығындағы елдік пен қаһармандық	222
Авдхалым А. Махамбет мұрасы – ел рухы	225
Тлебалганова Д. Н. Өршіл тұлға-рухты жыр	227
Молдабаева М. М. Махамбет – құндылықтың төр тұлғасы	229
Бейсекеева А. Т., Таубай З. Махамбет мұрасы – егемен елдіктің өшпес рухы.....	232
Жумагалиева Ж. С., Мейрамбеков С. М. Махамбет Өтемісұлының өлеңдері және ұлттық рух.....	235
Еріш Ғ. Ә. Махамбет жырларының ұлттық мұраты «Азаттық. Тәуелсіздік. Рухани жаңғыру»	238
Жайлаубек Г. Махамбет және ұлттық рух.....	241